

**Хұсаин Халқымаұлы**  
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

**ӘЛЕМДІК ӨНЕРКӘСІП САЯСАТЫ:  
Қазақстандағы реиндустрияландыру  
стратегиясы**

**Түркістан, 1999**

**ББК 65.5**  
**X 94**

**X 94 Хусанн Х.**

**Әлемдік өнеркәсіп саясаты: Қазақстандағы реиндустрияландыру стратегиясы. — Түркістан, 1999. 180 бет.**

**ISBN 9965-450-07-2**

Кітапта әлемдегі дамыған елдердің, дамушы елдердің, өсіресе серпінді даму жолындағы елдердің өнеркәсіп саясаты, импортты алмастыратын, экспортқа бағытталған индустрияландырудың ерекшеліктері, проблемалары, тәжірибелері, ғылыми негіздері қарастырылады.

Қазақстандағы реиндустрияландыру стратегиясының мақсаты, ерекшеліктері, оны жүзеге асыру жолдары, әлем елдерінің озық тәжірибелерін пайдалану мүмкіндіктері мен механизмдері зерттеледі.

Кітап студенттерге, аспиранттарға, оқытушыларға, өнеркәсіп саясатын, индустрияландыру мәселелрін қазақ тілінде оқып үйренуге қызығатын көпшілік оқырмандарға арналған.

**ББК 65.5**



Біз - өзіміздің белгілі тарихымыз бен өзіндік болашағымыз бар еуразиялық елміз. Сондықтан біздің моделіміз басқа ешкімнің моделіне ұқсамайтын болады. Ол өз бойына әр түрлі өркениеттердің жетістіктерін сіңіреді.

Алдымызға екінің бірін таңдап алу керек деген мәселені қоймаймыз. Біз екеуін де, іс жүзінде өзінің тиімділігін дәлелдеген барлық өркениеттердің ең соны жетістіктерін пайдаланып, диалектикалы боламыз.

(Ел Президенті Н.Назарбаевтың  
Қазақстан халқына Жолдауынан)

**X 0604000000-01**  
**00(05)-99**  
**ISBN 9965-450-07-2**

**© Хусанн Х.,**  
**1999**

## КІРІСПЕ

Бүгінде өлемдік экономиканың, ғылым мен техниканың даму процесінде ең қуатты үш топтастық - Солтүстік Америка, Батыс Еуропа, Азия-Тынық мұхит аймақтары алда келеді. Өлемдік кірістің үлкен бөлегі осы құрлықтардағы өнеркәсібі жоғары дамыған бірнеше ірі индустриалдық елдердің үлесіне тиеді. Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық прогрес жетістіктеріндегі озаттар да дәл осы елдер.

Ашық экономикаға өту, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін тиімді пайдалану, экономиканы іскерлікпен ұйымдастыру нәтижесінде серпінді даму жолына түскен елдердің қатары көбейе түсуде. Сонымен қатар экономикасы жоғары дамыған ірі бай елдер мен кедей елдердің арасындағы айырмашылықтар жыл өткен сайын алшақтай түсетін интеграциялық прогрестің оңтайсыз жақтары да жасырын емес. Өлемдегі әлсіз дамыған елдер индустриаландыруды өздерінің экономикалық тәуелсіздікке жетуінің, халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіндегі жаңа орын үшінгі күрестің, осы жүйені өздерінің мүддесіне сәйкес өзгертудің басты құралы деп көреді.

Сонда экономикалық өсуді ел қалай тездетуге болады? Бұның негізгі бір мүмкіндік жолы - өнеркәсіп саясатын дұрыс жолға қоя білуде. Онда үкімет экономикалық өсуде дұрыс деп жобалаған перспективтік, басымдық салаларға ресурстар жұмсауға ұмтылады.

"Өнеркәсіп саясаты" деген атаудың өзін алғашында жапондықтар шығарған екен. Қазіргі уақытта Жапония барлық елдердің алдында дамып келеді. Ол аз-ақ жылдың ішінде индустриалдық жүйеде секіріс жасау жолында қазіргі заманғы ғылыми-техникалық төңкерістің жетістіктерін аса іскерлікпен пайдаланды. Осы жолда ол таңғажайып жалпы ұлттық әдіс тауып, оны елдің экономикалық және интеллектуалдық ресурстарын тездетіп өсіруге бағындыра білді. Мұндай әдісте ғылыми-техникалық, өнеркәсіптік, қаржылық саясаттар өріліп өскен *инновациялық стратегия* шешімін тауып отыр.

Өнеркәсібі жоғары дамыған елдерде, соның ішінде Жапонияда мемлекет пен қоғам күш-қуатының үлкен бөлегі технологияны ғылымнан өнеркәсіпке *ұдайы айналдырып* отыруды қанағаттандыруға жұмсалады екен. Ел басы Н.Назарбаев ғылым мен технологияның осындай

байланысына ерекше назар аударып, Қ.Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты жиналыста сойлеген сөзінде: "Біз Ғылым академиясының басты рөлі ғылымды дамытудың және отандық өнеркәсіпті технологиялық тұрғыдан қайта жарақтандырудың стратегиялық болжамдарын жасау болып табылады деп пайымдймыз" - деді.

Қазақстан экономикасын бүгінгі дағдарыстан шығару, экономиканы дамыту мақсаттарын, реиндустрияландыру стратегиясын жүзеге асырудың тиімді жолдарын анықтаудың теориялық және практикалық маңызы зор. Бұл жөнінде әлем елдерінің өсіресе экономикасы серпінді даму жолына түскен елдердің тәжірибесі Қазақстан үшін өте құнды.

Кітапта әлемдегі дамыған елдер, дамушы елдердегі өнеркәсіп саясаты, индустрияландырудың негізгі принциптері, тәжірибелері, проблемалары зерделенеді. Қазақстан экономикасын реиндустрияландыру, экономикалық дамуды жеделдетуде оларды тиімді пайдалану мүмкіндіктерін анықтау көзделеді. *Тарихи-салыстырмалы өдіс* қолдану негізінде Қазақстан экономикасын дамыту саясатына сәйкес жүзеге асырылатын экономиканы реиндустрияландыру стратегиясың мақсаты, оны жүзеге асырудың негізгі жолдары, проблемалары, ерекшеліктері және механизмдері көрсетіледі.

Бірінші тарау дамыған елдердегі өнеркәсіп саясаты жөніндегі жалпылық ой-пікірлер, тереңдетілген дәлелдеулер, кейбір елдердегі өнеркәсіп саясатының нақты жайына арналған;

Екінші тарауда дамушы елдердегі өнеркәсіп саясаты, өнеркәсіпті дамыту мақсатындағы сыртқы сауда мәселелері, дуалистік экономиканың проблемалары жөнінде сөз болады;

Үшінші тарау дамушы елдердегі индустрияландыру саясатына арналған. Бұл елдердегі импортты алмастыратын және экспортқа бағытталған индустрияландыру амалдары, "жаңа индустриалдық елдердің" тәжірибесі жайында жан-жақты қаралады. Әлемдегі аймақтық ынтымақтастықтағы индустрияландыру мәселелері, трансұлттық корпорациялардың индустрияландыру процесіне тигізетін әсері, оның проблемалары, индустрияландырудың теориялық негіздері қарастырылады;

Төртінші тарауда индустрияландыру және ФТП мәселелері, индустрияландырудың эволюциясы, қазіргі

ерекшеліктері, информатика индустриясы, индустриалдық жүйе дамуындағы жапондық тәжірибе қарастырылады;

Бесінші тарау Қазақстандағы реиндустрияландыру стратегиясына арналған: "Қазақстан-2030" стратегиясына байланысты индустриалдық және ақпараттық дамудың өзекті мәселелері, индустрияландырудың қазіргі деңгейі, реиндустрияландырудың мақсаты, жолдары, ерекшеліктері мен механизмдері зерттеледі. Экономиканың бәсекелік қабілетін арттыру, экспорттық басымдықтар; құрылымдық-технологиялық өзгерістер басымдықтары; аймақтық дамудың индустриалдық негіздері; реиндустрияландырудың негізгі факторлары көрсетіледі;

Алтыншы тарауда серпінді дамудың факторлары мен механизмдері әлемдегі кейбір тұрақты даму жолына түскен озағ елдердің тәжірибесі негізінде қаралады. Жапондық іскерліктің басқару ерекшеліктері; Оңтүстік корейлік моделдің жоспарлы реттеу амалы; қытайлық реформаның әмбебаптық механизмі жайында сөз болады. Қазақстандағы өнеркәсіп саясатының механизмдері қаралады.

Кітапты дайындауда әлемдік өнеркәсіп саясаты, индустрияландыру мәселелері туралы Батыс елдерінде, Ресейде және Қазақстан экономикасын реформалау туралы Қазақстанда жарық көрген кейбір іргелі зерттеулер негізге алынды. Бұл мәселе жайындағы автордың көп жылдан бергі зерттеу жұмыстарының тәжірибесі пайдаланылды.

Қорыта келгенде кітапта әлемдегі дамыған елдер, дамушы елдер, өсіресе қазіргі кезде серпінді даму жолына түскен елдердің өнеркәсібі қалай дамып келді, олардың ұстанған саясаты қандай, бүгінде индустрияландырудың қандай амалдары бар, бұған тигізетін қазіргі заманғы ФТП әсері, тенденциясы қандай, Қазақстан үшін осыларды пайдаланудың мүмкіндіктері қандай екендігі қамтылады.

Өнеркәсіп саясатының, экономиканы индустрияландырудың осы заманғы талабына сай әлемдік тәжірибелерін, экономикалық, ғылыми-технологиялық ой-пікірлерін қазақ тілінде оқып үйрену қажеттілігі бүгінде даусыз.

Кітап студенттерге, аспиранттарға, оқытушыларға, өнеркәсіп саясаты, индустрияландыру жөніндегі мәселелерді қазақ тілінде оқып үйренуге қызығатын көпшілік оқырмандарға арналады.

## 1. ДАМЫҒАН ЕЛДЕРДЕГІ ӨНЕРКӘСІП САЯСАТЫ

Әлемдік кірістің үлкен бөлігі өнеркәсібі жоғары дамыған біраз елдерде - Батыс Еуропа, Солтүстік Америка мемлекеттерінде және Жапонияда өндіріледі. Әлемдік өнеркәсіп өнімінің 40% осылардың аса ірі индустриялық елдердің үлесіне тиеді. Осы елдердің гүлденіп дамыған табысы - былайғы барлық әлемнің оларды көре алмайтындығының негізгі арқауы болуда. Бай елдердің өзі экономикалық осу арқылы өз байлықтарын қосуды тілейді. Өнеркәсібі жоғары дамыған барлық елдердегі экономикалық осу 70-ші және 80-ші жылдары 50-ші және 60-шы жылдарға қарағанда баяу болды. АҚШ-та жұмыстылық үздіксіз өсті, бірақ өнімділік өсімі баяулады, халықтың үлкен топтарының ол-ахуалы 70-ші жылдармен салыстырғанда нашарлады. Осу жылдамдығы бойынша Жапония барлық елдердің алдында дамып келеді.

Дамыған елдердегі өнеркәсіп саясатын талдауды мына бағыттарда алып қараймыз:

1. өнеркәсіп саясаты жөніндегі жалпылық ой-пікірлер;
2. өнеркәсіп саясаты жөніндегі тереңдетілген дәлелдеулер;
3. кейбір елдердегі өнеркәсіп саясатының нақты жайы (Жапония, Франция, АҚШ).

### 1.1. Өнеркәсіп саясаты жөніндегі жалпылық ой-пікірлер

Өнеркәсіп саясаты дегеніміз - экономикалық осуге қатысты перспективтік деп көрген қандай бір салаларға ресурстар жұмсауға мемлекеттің ұмтылуы. Бұл дегеніміз басқа салалардан ресурстарды қозғалту болғандықтан өнеркәсіп саясаты әрқашан өнеркәсіптің олдақандай салаларын, оның басқа салалары есебінен дамытуды қоздейді. Бұл саясат үшін басты проблема - басымдық салаларды *сұрыптау тетігін* анықтау, яғни былайғыларының есебінен демеу алатын салаларды іріктеу болып табылады.

Окіметтен қандай салаларды дамытуды ынталандыру керек және қандай салаларда экономикалық осу болуы керектігін айыра білу маңызды. Рыноктық экономикада кейбір салалар дами береді, басқалары рынок заңдарының әсерінен қыспаққа түседі. Пәрменді өнеркәсіп саясатын жасау үшін өкімет болашақта перспективті деп есептейтін саланы

анықтап қана қоюы жеткіліксіз. Шаруашылықтың қандай салалары рынок күштерінің итермелеуі әсерінен жылдамырақ дамуы немесе қысқартылуы қажет екендігі жөніндегі маңызды сұраққа жауап беруге өкімет әрқашан дайын болуы керек. Мысалы бұл жайында талдаулар, негіздер жасайтын мамандар АҚШ-тың салыстырмалы артықшылығы дағдылы "түгінді труба индустриясы" - болат қорыту, автомобилдер жасаудан жаңа типтегі өндірістерге - компьютерлік индустрия және биотехнологияға оту қажеттігін дәлелдеуі керек. Бірақ бұл пікір Америка өкіметі осы салаларға берілетін инвестицияны және жұмыс күші солай отуін белсенді ынталандыруы керек дегенді көрсетпейді. Ойткені ресурстар оңсыз-ақ рынок заңдарының әрекетімен солай ағылады.

Ресурстардың осылай отуін ынталандыратын өкіметтің белсенді бағдарламасын негіздеу үшін бұл процес өте баяу жүргізіліп жатқандығын көрсету, яғни рыноктағы реттеуде орын алып отырған *ақауларды* жөнге келтіру үшін өкіметтің араласуы керек екендігін негіздеу қажет. Сауда саясатына байланысты алып қарағанда өндірушінің ұтымдары тауар өндірудегі пайданың олшемін бере алмайды деген сұрақ қойылады. Мұның себебі неде? Өндіріс орындарында, рыноктарда жұмыс күшін толық пайдаланбау орын алады, еңбек және капитал рыноктары жетілдірілмеген болады. Бұлар ресурстардың мол өнім беретін салаларға ағылуына мүмкіндік бермейді, жаңа технологиялық серпінді дамитын салаларға технология тартуға кедергі болады. Осы көрсетілгендер, рынок факторлары өз міндеттерін жеткіліксіз орындайтындығына мысал бола алады: еңбек рыногы жұмыс күшінің орналасуына әсер ете алмайды, капитал рыногы - капиталдың жеткілікті тиімді ресурстарын орналастырмайды т.б. Осындай себептерді бір *категорияға* жинастырып, жалпы *ішкі рыноктық реттеудің ақаулары* деп атайды.

АҚШ-та өнеркәсіп саясатын жақтаушылар мына салалардың дамуына өкімет демеу көрсетуі керек деп есептейді.

1. бір жұмысшыға келетін қосымша құны жоғары салалар;
  2. "байланыстырушы бөлек" ролін атқаратын салалар;
  3. болашақта осу потенциалы бар салалар;
  4. басқа елдерде басымдық ретінде іріктелген салалар.
- Осы бағыттарды қысқаша алып қарайық.



## *1. Бір жұмысшыға келетін қосылған құны жоғары салалар.*

Қандай бір салаға қосылған құн дегеніміз осы салада өндіріген өнімнің құндық мөлшері мен басқа салалардан алынған пайдаланылатын ресурстар құнының айырмасы болып табылады. Барлық салаларда қосылған құн елдің ұлттық кірісін құрайды. Әртүрлі салаларда бір жұмысшыға келетін қосылған құнның мөлшері әртүрлі. Сондықтан бір жұмыс атқарушыға келетін қосылған құны жоғары салаларға қарай ұлттық экономиканың салалық *бейінін* (профилін) өзгерту арқылы ел өзінің ұлттық кірісін көбейтуге болады.

Бұл аргументті жақтаушылар бір салада басқаларға қарағанда көрсетілген мөлшер жоғары болатынын түсіндіруге әрекет жасамайтындығы аргументтің өлсіздігі деуге болады. Қосылған құны жоғары салалар төменгі салалардан жоғары жалақы төлейді немесе жоғары пайда нормасын алады деп ойлайды. Егер бұл жағдайда нақты өмірге сәйкес келетін болса, рыноктық экономика заңдары ешқандай мемлекеттік араласусыз-ақ еңбек пен капиталды жоғары қосылған құнды салаларға қарай ығыстырар еді. Бірақ іс жүзінде осы жоғары қосылған құн бір жұмыс атқарушы пайдаланатын үлкен көлемдегі ресурстарды қажет етеді. Жоғары қосылған құнды салалар, қалыпты жағдайда, мысалы, мұнайхимия саласы сияқты көп мөлшерде капитал қажет етеді. Ондай салаларда бір жұмыс атқарушыға келетін жоғары қосылған құн, тек қана жоғары мөлшердегі капиталдық шығындармен өтеледі. Сонда, жалақының деңгейі де, пайда нормасы да бұлардан басқа салалардың есебінен бөлінбейді. Басқа жағдайларда жоғары қосылған құн адам капиталымен, яғни кадрлар дайындау деңгейі және олардың біліктілігімен сәйкес келеді.

Жоғары қосылған құнды салалар бір жұмыс жасаушыға шаққанда көп мөлшерде капитал пайдаланады деп ойлайық. Осы жағдайда бұл салаларды басқалардың есебінен кеңейту жолымен ел, өз ұлттық кірісін көбейтеді деп санауға бола ма? Хекшер-Олин моделі бойынша егер ел капитал қорын жинай берсе байлығы молай береді, оның салық құрылымында капитал қажет ететін салалар басым болып, еңбекті көп қажет ететін салалар азаяды. Бірақ ол үшін арнайы мемлекеттік саясат жүргізудің қажеті жоқ, өйткені мұның бәрі нарық заңдарына тән жұмыстардың нәтижесінде іске асады.

Окімет қаржы сақтау, инвестиция жасауға демеу көрсетуі керек, осы арқылы капитал қоры жиналады. Әрине салық құрылымында капитал көп қажет ететін тауарлар өндірісі үлесін қосу бағытында алға басу болады. Алайда, қаржы сақтауды ынталандыру индустрияландыру саясатына жатпайды. Онеркәсіп саясаты қолда бар капитал көлемінің негізінде ақшалай жәрдем көрсету немесе капитал көп қажет ететін салалардың өсуінің басқа нысандарындағы ынталандыруды қамтиды.

Мүндай өнеркәсіп саясаты ұлттық әл-ауқалды көтере ала ма? Ондай саясат рыноктық реттеудің қандайда - бір *ақауын* түзетуге демеу болған жағдайда ғана бұл сұрауға оң жауап беріледі. Егер ондай *ақау* болмаса, бастабында бөлінген ресурстар жеткілікті, оларды мемлекеттен қайта болу жағдайды жақсартпайды. Егер ондай *ақау* болған жағдайда, ол ресурстың жетіспеген мөлшерін міндетті түрде капитал көп қажет ететін салаға орналастыруға апарады, ал керісінше шамадан тыс ресурстар шықпайды деуге негіз жоқ.

Егер ел капитал көп қажет ететін салаға жәрдем ақша шығарса не болар еді? Қалыпты жағдайда, қолда бар капитал мөлшеріне есептегенде еңбекті көп қажет ететін салаларға қарағанда жұмысшыларды аз мөлшерде жалдайтын болады. Сөйтіп, экономиканың капиталинтенсивті саласына капитал ағылуы ең алдымен жұмыстылықты қысқартуға әкеп соғады. Соңынан нақты жалақы төмендеуден жұмыссыздықты жоюға болар еді, онда барлық салаларда капитал еңбекпен алмасады. Сонда бастабында жұмыссыздықтың өсуі өнеркәсіп саясатынан күтетін нәтиже бола қоймас деген қорытынды шығаруға болады.

## *2. "Байланыстырушы бөлек" ролін атқаратын салалар*

Окімет экономиканы материалдық-техникалық жабдықтауды қанағаттандыратын салаларға арнайы қолдау жасауы керек. Осы көзқарасқа сәйкес аралық өнім өндіретін өнеркәсіпті дамыту, осы өнімдерді пайдаланатын салалардың өсуін ынталандырып, мультипликатор эффектісін жасайды. Мысалы, болат құятын өнеркәсіп үшін жапондықтар беретін инвестициялық жәрдем ақша болатты арзандатады, сойтіп автомобильдер және кемелер жасайтын өндірістер типтегі болат тұтынатын салалардың дамуына серпіліс береді.

*Байланыстырушы бөлек* аргументінің көпке мәлімділігі кейбір салаларда пайдалануға болатын аралық өнім өндірісі, үй шаруашылығының қажетін қанағаттандыратын жай бір тұтыну тауарларының өндірісіне қарағанда экономикалық қызметтің іргелі түрі деп саналатын пікірмен түсіндіріледі. Шынында да, болат немесе компьютерлер бөлшектерін өндірумен айналысатындар тістің боры немесе ойыншық жасаушыларға қарағанда өте күрделі қызмет атқаратынын сезінбеске болмайды. Бірақ, егер рыноктық реттеуде ақау болмаса, аралық өнім өндірушілердің билігіне өте аз ресурстар қалдырады деуге негіз жоқ. Экономикалық ғылымның негізгі алғы шарты бәсекелік рынок жағдайында кіргізетін қандайда ресурстың кірісі оның соңғы өнімінің құнына тең.

*Байланыстырушы бөлек* аргументі өкімет кеме жасау немесе автомобильдер өндірумен салыстырғанда болат өндірісіне жекеменшік рыногынан артық көлемде инвестиция жасауы керек дегенді білдіреді. Бұл ұлттық кірісті көбейте ме? Рыноктық реттеуде ақау болмаса, бұл сұрауға қарсы жауап қайтарылады. Автомобиль өндіруден болат өндіруге ауыстырып бір доллар молшеріндегі капиталды пайдалану автомобиль шығару құнын бір долларға томендетеді, болат шығару көлемін сондай молшерге қосады. Қосымша шығарған болатты автомобиль шығаруды алғашқы деңгейінен жоғары емес молшерге дейін қайталап қосу үшін пайдалануға болады. Бұл ресурстарды алғашқы болу жарасымды болған дегенді дәлелдейді.

### *3. Болашақта осу потенциалы бар салалар*

Өнеркәсіп саясаты ресурстардың болашақта осуге үлкен потенциалы бар салаларға жұмсалыуына арналуға тиісті. Ғылыми-техникалық прогресс тұтыну тапсырысын және салыстырмалы артықшылықтарды өзгертеді, өртүрлі салалардың осу жылдамдықтары арасындағы үлкен айырмашылықтарға апарады. Қандай салалар жылдамырақ өсетінін әр уақытта біліп отыру мүмкін бола бермесе де алдын ала болжауға болады.

*Озық - салаларды* мемлекет өз қолдауына алудың, еңбек және капиталды осудің үлкен болашағы бар салаларға ауыстыруды ынталандырудың керегі бар ма? Жоғарыда

көрсетілгендей бұл сұраудың жауабы да рынок өз міндетін дұрыс атқарған жағдайда мемлекеттің бұндай ролі артық деп көреді. Фирмалар инвестициялық саясат жүргізеді, жұмысшылар жұмыс орнын өздері таңдайды. Соңтп олар өзііінен перспективті салаларды анықтауға тырысады. *Озық-салаларды* іріктеп таңдауды өкімет рынокқа қатысушылардан артық орындай алғанда ғана оның бұл іске араласуы орынды болмақ. Рыноктық реттеуде ақау болмаған жағдайда бұл салаға таратылатын қандай да қосымша ынталандырулар орынсыз болып шығады.

Өкімет салалардың осуін оуақытға қолдауы керек дейтін пікір олардың осу потенциалын рынок оуақытға толық бағаламайды деп қорумен тең мағынадағы ұғым. Бұл пікір жас салаларды қолдау туралы аргументпен тектес. Ол қатал сынға алынған, өйткені өлсіз дамыған елдер жағдайында оны дәлелдейтін рыноктық реттеудің ақауы бар екендігіне айқын куәландыру жоқ. Бұл сын өнеркәсібі дамыған елдердің жағдайы үшін тіпті де өділеттірек деуге болады, өйткені бұл елдердегі рынок қызметі артық жетілдірілгені белгілі. АҚШ-та жеке инвесторлар, мысалы Аляскада мұнай құбырларын салу немесе биотехнологияға қаржы енгізу сияқты салаларға демеу көрсетеді. Олар көп молшерде алғашқы капитал қажет етеді, ұзақ болашақта олардың беретін пайдасы да белгісіз болады. Бұл мысалдар рыноктық күштер алысты бағамдай алмайды дейтін пікірлер орынсыз екенінің куәсі бола алады.

### *4. Басқа елдерде басымдық ретінде іріктелген салалар*

Басқа елдер қандай бір тауар мысалы, тоқыма өнімі өндірісінде жоғары тиімділікке жетеді, нәтижесінде өлемдік рыноктағы тоқыма өнімінің бағасы түседі деп көрейік. Бұған, мысалы, АҚШ қалай қарар еді? Мұнда салыстырмалы артықшылық өзгертін болғандықтан, ресурстарды тоқыма индустриясынан басқа салаларға ауыстыру арқылы Америка бұған бейімделуі керек. Оның сыртында, рынок бұл өзгерісті автоматты түрде жүргізуге ұмтылады, өйткені баға түсуі осыны ынталандырады. Егер американдық экономикадағы рыноктық реттеудің қандайда бір ақауы болмаса, онда процесті тоқтату немесе тездету мақсатында мемлекеттен араласудың қажеті болмайды.

Тоқыма өніміне бағаның түсуі салыстырмалы артықшылықтың өзгеруінен емес, басқа елдер тоқыма өндірісіне жәрдем ақша беруден болады деп көрейік. Ондай жағдайда АҚШ басқаша қарауы керек пе? Бұған оң жауап берілмейді. Тоқыманың бағасы түсуі неден болды - шетелде технологияның өзгеруінен бе?, әлде шетелдерде тоқыма өндірісіне жәрдем ақша беруден бе? АҚШ үшін ешқандай айырмашылығы жоқ. Қандай жағдайда да өз әл-ахуалын жоғарылату үшін, АҚШ, тоқыма өнеркәсібінен ресурстарды шығару керек. Фермерлер бидай немесе жүгерінің қайсысын өндіруді шешу үшін олардың салыстырмалы бағасын білуі керек. Бұл шешім баға рынокта қалыптауы ма немесе баға деңгейін мемлекеттен демеу нәтижесінде белгілеуі мүмкін, бірақ тоуелді болмайды. Американдықтар Протекционизмнің көмегімен өз өнеркәсібін бүрмәлауға апаратын басқа елдердің тілегі жайында АҚШ-та да солай болуы керек деп көрмейді.

Осындай ой-жүгіртулердегі контраргумент бойынша егер салалық басымдықтар жөнінде басқа елдерде саясат жүргізуіне АҚШ жауап бермесе Америка өзекті салалардан ығыстырылып қалады деп көреді. Бұл әрине, шетелдерде басымдық ретінде іріктелетін салалар экономикалық осу үшін бірінші кезекте маңызды болмақ деп пайымдауға байланысты шығар. Әлбетте, әлде-бір ел қандай бір саланы басымдық ретінде белгілесе, бұл өздігінен мемлекеттік араласуды қажет ететін рыноктық реттеудің әлдеқандай ақауы бар екенін көрсетпейді. Өнеркәсіп саясатының қорғаныс ретіндегі түсіндірілуі қандай салаларды демеу керектігіне қатысты басқа елдердің пікірін американдықтар қабылдауын талап етеді.

Біз өнеркәсіп саясаты мәселелері бойынша қоғамдық пікірталастар барысына әсер ететін *критерияларды* алып қарадық. Бұл критериялар біршама тартымды екені байқалады, бірақ, олар дәлдікпен жасалған экономикалық талдауды көтермейді. Осындай жағдайда өкімет өнеркәсіп саясатын оны іске асыратын белсенділерге құнын төлеп, бірақ біреуі керек пе? Егер бұл саясатты жақтаушылар тандамалы артық аргументтер шығарып бере алмаса, нағыз аналитиктер оны неге шынымен мойындайды? Бұл сұрауларға екі түрлі жауап қайтаруға болады. *Бірінші* жауаптың практикалық жағы басымырақ, бұл идеялар экономистерді соншалықты сендіре алмаса да, олар саяси практикаға әсерін тигізеді. Өнеркәсіп саясаты өмір тіршілікте

қалай жүзеге асырылатынын түсіндіру өте маңызды. *Екінші* жауап, өнеркәсіп саясатына шынымен қарау мәселесі жайында. Өнеркәсіп саясаты мәселелері бойынша пікірлер бір-бірінен айырмашылықта болуы сын көтермейді. Соншама ұқыптылықпен салыстырылып жасалған аргументтер жеткілікті. Оларда қарапайым саяси жасырын сыр жоқ, керісінше анағұрлым интеллектуалды терең мағыналы ғылыми негізді болады.

## 1.2. Өнеркәсіп саясаты жөніндегі терендетілген дәлелдеулер

Белсенді мемлекеттік саясатты жақтаушылар оның сенімді негізделуін талап етеді. Ондай негіздеу рыноктық реттеудегі *нақты ақаулардың* болуына байланысты. Мұндай аргументтердің кемшілігі сонда, олар рыноктағы *нақты ақаулар мен* мемлекеттік араласу болған жағдайды ешқашан байланыстырмайды. Ойткені мемлекеттік араласпау орауқытта ұстанатын принцип болып келеді. Рынокты реттеудегі *ақауларды* анықтау қиын. Өнеркәсібі дамыған елдерді зерттейтін экономистер осы елдердің экономикасындағы өнеркәсіп саясатына байланысты екі түрлі *ақауды* көрсетеді. Оның *біріншісі*, жоғары технологиялы салаларда жұмыс жасайтын фирмалар жаңа білімді қабылдаудан бастап, оларды басқа фирмалар "аулауға" дейінгі жалғасатын пайданың бір бөлігін анықтай алмауына байланысты. *Екіншісі*, жоғары шоғырландырылған олигополистік салаларда монополдық пайда табу орын алатындығына байланысты болады.

*Технология және сыртқы пайда.* Рыноктық реттеудің білімге меншік тоқтатудағы қиындықтарға байланысты *ақаулар* болады. Белгілі саланың фирмасы білім жасап шығарады, оны басқа фирмалар бағасыз пайдалануға болады. Сонда, осы сала шын мәнінде белгілі қосымша өнім - білімінің соңғы әлеуметтік пайдасын өндіреді, сойте тұра бұл саланың фирмаларына ешқандай сыйлық әкелмейді. Білімді жасап шығарған фирмаға қарағанда сыртқы болып есептелетін басқалар білімді өнімді пайдалануын *сыртқы пайда* дейді. Осындай сыртқы пайда айқын болған жағдайда бұл салаға жәрдем ақша беруге негіз бар деп көреді. Қисындық абстракция деңгейімен алғанда бұл дамушы елдердегі жас салаларды, дамыған елдердегі қуатты



онеркөсіптен қорғау пайдасындағы аргументті еске түсіреді. Онеркөсібі дамыған елдерде бұл аргумент қосымша шекке (графика) ие. Ойткені мұнда өндіріс орнының басты міндетін орындайтын, яғни жаңа білім жасайтын салалар бар. *Жоғарытехнологиялық* деп аталатын осы салалардың қатарына аэроғарыштық өнеркөсіп, компьютерлер мен электроника өнімдерінің өндірістері жатады. *Жоғарытехнологиялық* салаларда фирмалар өз ресурстарының біршама бөлігін технологияны жетілдіруге пайдаланады. Бұны зерттеулер мен жасалымдарды тура қаржылау жолымен немесе алғашқы болып жаңа өнімдер өндіру, жаңа технологиялық процестерді игеру, оларға қажетті шығындарды өтеу арқылы жүзеге асырады. Әрине, мұндай іс-қызметтерді қандай да салаларда жүргізеді. Сондықтан *жоғарытехнологиялық* салалар және шаруашылықтың басқа сала-салбырларының арасын жақсы айыру қиын. Дегенмен, бұл салада жүргізетін процестерді олардың атқаратын роліне қарай айыруға болады. Ендеше, *жоғарытехнологиялық* салалар туралы айтудың мәні бар, оларда білімге жұмсайтын инвестиция олардың іс-қызметі үшін ең өзекті мағынаға ие.

Осы салаларға демеу қорсетудің себебі мынада. Фирмалар білімге жұмсаған өз инвестицияларының кейбір нәтижелерін игереді, олай болмағанда инвестиция жұмсамаған болар еді. Әдетте олар бұл жұмысты толық орындап шыға алмайды. Кейбір пайданы басқа фирмалар пайдаланады, олар озық фирмалардың идеялары мен техникалық жетістіктерін еліктеп ұқсатады. Мысалы, электроникада фирмалар бәсекелес компанияларға жету үшін айнымалы (реверсивті) инженерлік - жасалымдармен жиі айналысады: олардың өнімдерін демонтаж жасап бүлдіреді, сойтіп олар қалай жұмыс істейтінін, оның негізінде не бар екенін түсінуді мақсат етеді. Патенттік заңдылықтар фирмалардың жетістіктерін өте әлсіз қорғайды. Мемлекетпен араласпау принципін сақтаған жағдайда *жоғарытехнологиялық* фирмалар *инновациялық* қызмет жасағаны үшін алуға тиісті молшердегі ынталандыру сыйлығын толық ала алмайды деп пайымдауға әбден болады.

**Ситуация: жоғарытехнологиялық салаларды өкіметпен демеу**

Өкімет жоғары технологияға жәрдем ақша беруі керек пе? Бұндағы жағдай қолайлы сияқты көрінгенімен белгілі бір абайлылық (сақтық) қажет екен. *Біріншіден*, басымдылықты

дұрыс анықтауға өкімет қабілетті екендігіне сенім өте маңызды; *екіншіден*, бұған жұмсалатын қаржының көлемі үлкен рөл атқарады.

*Жоғарытехнологиялық* салаларда жаңа білімді генерациялау арқылы қосымша қоғамдық игілік өндіріледі. Мұнда мына жағдайларды ажырату қажет: *біріншіден*, тіпті *жоғарытехнологиялық* салаларда болып жатқан прогрестер кейде жаңа білім алумен қанағалықты байланысты екені белгісіз отіп жатады. *Жоғарытехнологиялық* салаларда жаңа технология, техникада қызмет жасаумен байланысы жоқ капитал тартуға, жұмысшы жалдауға жәрдем ақша берудің мағынасы болмайды; *екіншіден*, техникалық прогрес, техникалық жетістіктердің ауысқан ағымы кейде *жоғарытехнологиялық* салалардың санына қалайда жатқызуға болмайтын салаларда да отіп жатады. Басты принцип сауда және өнеркөсіп саясаты жалпы *жоғарытехнологиялық* салаларда емес, тек рыноктық реттеудің *ақауы* орын алған жерде белсенді жүргізілуі керек. Бұл саясаттың нәтижесінде меншік құқын белгілеуге мүмкін болмайтын жаңа білім түріне жәрдем ақша берілгені жөн. Жаңа білімдердің қозғалтушысы (генераторы) деп есептелетін жалпы салалар тобына жәрдем ақша берілсе, онда мүмкіндігі қойылған мақсатқа тең келмейтін құралға айналады, бұл мүмкін емес.

Оның орнына ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық жұмыстарға өкімет жәрдем ақша бергені жөн. Бірақ оларды анықтау проблемасы бар. Фирма жаңа білім алумен айналысатынын қалай білуге болады? Өте кең көлемдегі түсіндірілу әлдекімдердің теріс пайдаланып кетуіне апарады. Жұмыс бағытын керісінше өте қатал анықтаған жағдайда ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру ірі оралымсыз бюрократтық нысанаға айналады. Бұл жұмысты ұйымдастырудың ыңғайлы жағдайында қаржы шығындарының есебі, бақылауы қарапайым болып келеді. Мұндай істі қозғалтушылар теңдесі жоқ жаңа идеяларды неформалдық принципмен ұйымдастыратын шағын компаниялар болады.

АҚШ-та ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық жұмыстарға экономикалық қызметтің басқа түрлеріне қарағанда анағұрлым артық жәрдем ақша шығарады. Ғылыми-зерттеуге шыққан шығындар ағымдағы шығындар ретінде есептеледі де корпорацияның пайдасына түсетін

салыққа енгізілмейді. Машина, қондырғыларға жұмсалған инвестиция тікелей шығынға енгізілмейді, амортизация есебі арқылы біртіндеп шығарылады. Осындай жолмен ғылымды тиімді ынталандыру экономикалық саясат саласынан гөрі салық салу тарихына жатады екен. Бұл салада жиі кездесетін толық қаржыландырылмау мәселесі туралы және жоғарытехнологиялық салаларды ынталандыру қажеттілігі туралы қорытынды жасауға аталған көрсеткіштердің де қатысы бар. Мұндай қорытындыға келу үшін жәрдем ақшаға деген қандай да бір тапсырыс қаншалықты нағымды негізделгенін білу керек.

**Сыртқы пайданың қандай мағынасы бар?**  
*Жоғарытехнологияны* дамыту үшін берілетін жәрдем ақшаның көлемін анықтау өте маңызды империкалық сұрауға берілетін жауапқа байланысты. *Жоғарытехнологиялық* салаларды басымдық ретінде анықтау үшін техникалық жетістіктер аргументінің қаншалықты сандық мәні бар? Қандай жәрдем ақша жарасымды: 10, 20 ма немесе 100% пе? Шындығында бұны кез-келген адам біле бермейді. Сыртқы пайданың ерекшелік мәніне байланысты оларды олшеу қиын, олар рыноктық бағасыз пайда болып табылады.

Егер жоғарытехнологиялық салалардан туындаған сыртқы пайдалар үлкен болса, бір елдің шеңберінде оларды дөмеу үшін ынталандыру соншалықты ауыр болмас еді. Бір елдегі білімнен алған пайданың біршама бөлігі басқа елдердің фирмаларына да жетеді. Бір елдің деңгейінде меншіктік құқын мойындау мәселесі жеке фирманың деңгейіндегідей соншалықты откір қойылмайды, бірақ бұл қандай да ел үшін маңызды болмақ.

Қазіргі уақытта жетілдірілмегеніне қарамай техникалық, технологиялық білімнің ағымдық аргументі - өнеркәсіп саясаты үшін ең артық қисынды негіздеу болып есептеледі. Қандай бір салаларды іріктеудің қарапайым тетіктерін соншама қиналмай-ақ жоққа шығаруға болады. Олармен салыстырғанда ғылымды қажет ететін салаларды қолдау немесе қолдамау аргументтері ой толғауларға шақыруға тұрарлықтай.

**Жетілдірілмеген бәсекелестік және сыртқы сауда стратегиясы.**

80-ші жылдары өнеркәсіп саясатын жүргізу пайдасындағы жаңа аргумент ғылыми топтарда өзіне үлкен назар аудартты. Бұл аргументті бастапқыда Колумбия Университетінен

Британдық Барбара Спенсер және Джеймс Брэндерлер ұсынғаны. Олар жетілдірілген бәсеке жоқтығын мемлекеттік араласуды қажет ететін рыноктық реттеудің *ақауы* деп жариялады. Олардың пікірінше, кейбір салаларда бірнеше-ақ фирмалар бір-бірімен нақты бәсекелеседі. Осыдан болып жетілдірілген бәсеке туралы болжам жүзеге аспайды. Салаларда міндетті түрде *қосымша кірісі* алынады, яғни фирмалар алуға тиісті деңгейінен артық пайда табады, ол басқа салалардағы тәуекелдік дәрежесінде бизнестік сипатта болады. Ондай пайда табуда халықаралық бәсекелік болатыны айқын көрінеді.

Спенсер, Брэндер бұндай жағдайда *қосымша кірісті* шетелдік фирмалардан ұлттық фирмаларға жіберу мақсатымен өкімет үшін принцип бойынша ойын ережесін өзгертуі мүмкін деп есептейді. Ең қарапайым жағдайдың өзінде өкіметтің жәрдем ақшасы шетел бәсекелестерін саладан қорқытып шығарып, ұлттық фирмалардың пайдасын жәрдем ақшадан артық мөлшерге көтеруіне болады. Фирмалар тек шетел рыноктарында сауда жасайды деп ойлайық. Онда шетелдік бәсекелестерден пайданы осылай ұстап қалу, жәрдем ақша ұлттық кірісті басқа елдердің есебінен көтереді дегенді мойындауға тура келеді. Сөйтіп, жәрдем ақша бәсеке үшін ынталандыруды жоюдан болып, жәрдем ақшаның өзінен артық мөлшердегі пайда табады. Жәрдем ақша соншама эффект береді, өйткені ол белгілі өнімге стратегиялық артықшылықпен қатар қоюға болатын артықшылық жасайды. Осындай себептен жетілдірілмеген бәсекелікке негізделген өнеркәсіп саясаты пайдасындағы аргументті кейде *сыртқы сауда стратегиясының* аргументі деп те атайды.

Аталған зерттеушілердің келтірген гипотетикалық мысалдарына қарағанда *сыртқы сауда стратегиясының* аргументі өкіметтің іс-қимыл жасауына түп-тура міндет беретіндей ой туғызады. Еуропалық өкіметтердің жәрдем ақшалары шетел бәсекелестерінің есебінен еуропалық фирмалардың пайдасын күрт көтереді. Тұтынушылардың мүддесін еске алмағанда еуропалықтардың әл-ахуалы жоғарылайды, ал американдықтардікі төмендейді. Бұл аргументті американдық өкімет қарулану ретінде қабылдауы керек пе?

Іс жүзінде сыртқы сауда саясатын стратегиялық тұрғыдан негіздеу қызықты концепция, бірақ осал жері бар. Оны

сынаушылардың пікірінше, *біріншіден*, бұл саясатты практикада қолдану үшін кәдімгі алағындағыдан анағұрлым көп ақпарат қажет; *екіншіден*, ондай саясат шетел мемлекеттерінің қарсыластығын туғызады; *үшіншіден*, қандай жағдайда да өнеркәсіп және сыртқы сауда саясаты айналасындағы ішкі саяси күрес ондай сынайы аналитикалық құралды қабылдауға мүмкіндік бермейді.

Ақпарат жетіспеушілік проблемасы ең алдымен қандай да бір саланы басқалардан, тіпті былайғы барлық шаруашылықтан жеке алып қарауға болмайтындығында. Егер қандай бір сала дәрдем ақша алса, ол басқа салалардың ресурстарын өзіне тартады, сойтіп олардың шығынын көбейтеді. Сонымен, егер қандайда бір саясат қолдану нәтижесінде ұлттық фирмаларға стратегиялық артықшылық беретін мүмкіндік туса басқасының артықшылығын жоғалтып алуы мүмкін. Әр саладағы саясат қаншалықты дұрыс екендігін бекіту үшін әртүрлі саладағы әртүрлі эффектілерді өкімет жіктеп, салмақтап қоруды керек. Бір сала қалай қызмет жасайтынын білу жеткіліксіз, басқа барлық салаларда жағдай қалай екенін өкімет жақсы білуі керек, барлығына да ресурстар қажет.

Егер ұсынылған сыртқы сауда стратегиясы ақпарат жетіспеуіне байланысты қарсылықтардан өткеннің өзінде, бәрібір шетел қарсылықтарының проблемасы қала береді. Шын мәнінде сауданың шартты жағдайын жақсарту үшін кедендік баж салығын қолдануда осындай проблемаларды кездестіруге болады.

Сонымен, сыртқы сауда стратегиясы дегеніміз "қоршынды ойсырат" принципіне құрылған, бір елдің әл-ахуалын басқаның есебінен қосатын саясат. Ондай саясат сауда соғыстарымен қолайсыздыққа ұшыратады, барлық жақтарға зиян келтіреді (10). Осыған ұқсас саясатты қолдайтын экономистер көп шыға қоймайтыны түсінікті.

### 1.3. Кейбір елдердегі өнеркәсіп саясатының нақты жайы

Өнеркәсіп саясатының теориясы - бұл ішкі рыноктық реттеудің *ақауларын* талдаудағы ерекше жағдай. Мұның принциптері мейлінше қарапайым, өйтсе де кейбір нақты ситуацияларда мәселе күрделене түсетін сәттері бар. Өнеркәсіп саясатын іс жүзінде жүзеге асыру - тіпті де

күрделі іс. Әртүрлі елдердің алға қоятын мақсаттары, олардың соңғы нәтижелерін айтағанның өзінде, соншама қолжақтылығымен ерекшеленеді. Төменде кейбір елдердің өнеркәсіп саясаты салаларындағы оржақты мысалдар, шолулар, талдаулар, қорытындылар беріледі.

*Жапонияның өнеркәсіп саясаты.* Бұл елдің өнеркәсіп саясаты басқа индустриалды елдермен салыстырғанда ең айқын бейнеленген. Оның мәні неде? Зерттеушілер бұл елдің өнеркәсіп саясатында екі кезеңді айырып белгілейді. 50-жылдардан 70-жылдардың басына дейін Жапонияның өкіметтік ұжымдары ресурстарды болуді жоғары дәрежеде тура бақылауға алып отырды. 70-жылдардың ортасынан мемлекеттің ролі жіңішке, сыпайылау болып бүркемелене түсті. Жапония мемлекетінің бұл ролін компьютерлер, басқа да электрондық техникалар өндірісін реттеу, болат құймасы өнеркәсібі, кеме жасау, ауыр индустрияның басқа түрлерін дамытуды басқарып отырған бүгінгі таңда ешбір өзгеріссіз бұрынғы қалпында атасақ қателік болар еді.

*Жапондық өнеркәсіп саясаты бастапқы кезеңде.* Екінші дүниежүзілік соғыстың соңынан 70-жылдардың басына дейін Жапония экономикасы "тапшылық экономикасы" ретінде дамыды. Шетел валютасын айырбастау курсы да, проценттік ставка да тепе-теңдік деңгейінен төмен болды. Сондықтан валюталық және несиелік ресурстар өкімшілдік жолымен таратылды. Бұл ресурстардың орналасуын өкіметтің, ең алдымен Қаржы министрлігі және өйгілі Өнеркәсіп, сыртқы сауда министрлігінің қатал бақылауымен жүргізіп отырды. Аса маңызды ресурстардың таралуына бақылау жасау бұл министрліктерге ұлттық экономиканың даму бағытын анықтауға мүмкіндік берді. Олардың өкімі кейбір салаларды қорғау үшін қолданылатын баждар мен импорттық шектеулерді пайдалануда күшейе түсті. Бұл министрліктер 50-ші және 60-шы жылдары өз әрекеттерін, экономикалық осы стратегиясын жүзеге асыру үшін пайдаланды. Ол стратегия біз жоғарыда алып қараған қайшылық критерияларын жақтаушылардың ұсынғандарына ұқсас аргументтерге негізделеді. Өкімет қаржы ресурстарын ауыр индустрия салаларына жұмсады. Олар дағдылы тоқыма өнеркәсібі тәрізді еңбек интенсивтілік салалар есебінен көтерілген бір жұмыс жасаушыларға келетін қосынды құны жоғары деңгейдегі салалар болды. Мұндағы мақсат - Жапония сыртқы саудасының дәл сол кездегі құрылымын



бейнелеумен шектелмеді. Оның орнына болашақта саньстырмалы артықшылықты қанағаттандыра алатын салаларды демеуге тырысты. Болат бақыту тәрізді аралық тауар өндіретін салаларды ерекше ынталандырды. Мұның нәтижесі белгілі. Жапондық экономка теңдесі жоқ жылдам осудің үлгісін әлемге айқын көрсетті. Жапония мысалы жоғарыда көрсетілген қайшылықты аргументтерге соншалық сенімділік береді.

Жапондық өнеркәсіп саясаты 50-ші және 60-шы жылдары қоғамдық санада ескірген бейнелерді қолдан келді. Елді біріккен корпорация түрінде бейнелеп, ресурстарды тарту туралы барлық шешімдерді өнеркәсіп, сыртқы сауда министрлігі қабылдайды деп есептеді. Әйтсе де бұл жағдай уақыт алға жылжыған сайын өткен уақыт ісі болып қала берді. 70- жылдардан экономикалық реттеудің дағдылы тетіктері өз мағынасынан айрылды. Валюталық және несиелік ресурстар тапшылықтан шықты, сауда шектеулерін пайдалану, басқа елдерге қойылатын талапқа көшті, ендігі жерде Жапония ішкі рынокты ашуы керек. Шамамен 1975 жылдан Жапония өнеркәсіп саясаты біршама оралымды сипаттағы нысанаға ауысты.

#### *Қазіргі заманғы Жапондық өнеркәсіп саясаты.*

70-ші жылдардың ортасынан Жапонияның өнеркәсіп саясаты ғылымды қажет ететін, жоғары технологиялық салалардың жаңа кешенін дамытуды ынталандыруға бағытталды. Өнеркәсіп саясаты технология дамытуға аз молшердегі жәрдем ақша беруді жаңа технологиялар дамытуға бағытталған мемлекет пен корпорациялардың біріккен зерттеулік жобаларымен үйлестіру арқылы жүргізілді. Бұл шаралар жалпы халық шаруашылығына қатынасты алғанда өте шағын молшерде болады. Өнеркәсіпті дамыту саласындағы жапондық жаңа саясатты бұрынғы уақыттағы саясатқа қарағанда рыноктық реттеуде ақау орын алуымен түсіндіру оңай деп көреді.

Өнеркәсіптегі жаңа саясат беретін эффект қаншалықты үлкен? Басымдық ретінде таңдаған салалардың экономикада иеленетін орны 1975 жылдан көп өзгерген жоқ. Телевизор, аудио және видеотехникалар сияқты тұрмыстық электрондық тауарлар да, автомобильдер жасау да жоғары технологиялық салаларға жатқызылмайды. Бұлар негізінен біріккен жеке және мемлекеттік зерттеу жобаларымен жүзеге асырылады. Сондықтан Жапонияның экспорт саласында елеулі табысқа

жеткізген тұтыну тауарлары өнеркәсіп саясатының жемісі бола алмайды. Бірақ, Жапония сонымен қатар өндірісін дамытуда өнеркәсіп саясаты басты рөл атқарған кейбір өнімдердің ірі өндірушісі болып табылады. Олардың ішінде жартылай өткізгіш чиптер ерекше орын алады.

Батыста Жапондық артықшылықтардың өртүрлі қырлары көрсетіледі. Ондай артықшылықтарды жапондықтар көп жағдайда "модениеттік" фактордың бастамасымен түсіндіретіні белгілі. Бірақ американдық зерттеуші М.Портердің түсіндіруі бойынша жапондық "кереметтің" параметріне жатқызуға болмайтын экономиканың даму деңгейі төмен өндірістер де бар, яғни экономиканың екі түрін кезіктіруге болады: біріншісінде, өндірістің өсуі жылдам, өнімділік жоғары, бәсекелік қабілеті жоғары дәрежеде; екінші бөлігінде, бәсекелік жоқ деуге болады, өндіріс тиімділігі төмен. Жалпы алғанда экономиканың өнімділігі, халықтың тіршілік деңгейі американдықтардан әлдеқайда төмен (13).

Сонымен қысқаша тарихи шолу Жапонияның өнеркәсіп саясатының нақты жағдайын түсінуге мүмкіндік береді. Жапонияны зерттеушілердің көпшілігі экономикалық мақсатқа жету үшін өскери принципті ұстамай құрылған қоғам деп есептейді. Осы пікір өкіметтің ролін оның ең үлкен өсер еткен кезінде асыра бағалады, қазіргі уақытқа дейін ондай бағалауды жалғастырып келеді.

#### *Басқа елдердің өнеркәсіп саясаты.*

Басқа елдер де соғыстан кейінгі кезеңде белгілі өнеркәсіп саясатын жүргізді. Бірақ олардың ешқайсысы Жапония сияқты өнеркәсіпті дамытуда мемлекеттік бақылауды соншама кең көлемде қолданбады, ондай табысқа жеткен жоқ. Франция сондай саясатты өртүрлі кезеңдерде түрліше дәрежеде жүргізді. АҚШ айқын бейнеленген индустриялық стратегиясыз болса да белгілі саясат болды, ол негізінен ауыл шаруашылығы және өскери салаларды қамтыды.

*Француздық өнеркәсіп саясаты.* Алдымен француздық фирмалардың шетелдіктермен техникалық жарысын мемлекеттен демеуіне байланысты мәселеге назар аударуға болады. 60-шы жылдардан бастап Француз өкіметі технология саласында өлемдік озаттар санына американдық,



кейіннен жапондық компаниялар көтерілуіне мазасызданған болатын. Бұл үстемдікке француз өкіметі өлемдік рыноктардағы бәсекелікке тозуге қабілетті ұлттық озаттар деп аталатын француз фирмаларын қарсы қоюға тырысты. Ондай ұлттық озаттарды құру үшін өкімет шағын фирмалар ірілеу құрылымдарға қосылуын ынталандырады. Өкімет өзінің барлық өрекетін "жеңілдікпен пайдаланушы" рыноктар құруға пайдаланады. Мысалы, мемлекеттік телефон компанияларына компьютерлік қондырғылар, телекоммуникация құралдарын тек ұлттық фирмалардан алуды міндет етті. Кей жағдайда, мемлекеттік жәрдем ақшаны өзекті деп саналатын салаларды демеуге жұмсады.

Француздық өнеркәсіп саясаты қалай жүзеге асты? 70-ші жылдардың аяғына дейін экономиканың осу жылдамдығы бойынша Алманиядан алда болды, Ұлыбританияны ұзақ артта қалдырды. Бірақ Францияда ауыр жұмыссыздық басталды, ол Еуропаның дерлік барлық елдеріне зақым келтірді. Франция тәжірибесіндегі таңғаларлық жай табыстан табысқа жеткендері мемлекеттен жәрдем алған салалардан басқалары болып шықты. Француздық компьютер индустриясы бүгінге дейін қорғалған рынокқа тәуелді, ал оуе күштерін дамытудағы өрекеті көп қаржы жұмсау нәтижесінде технология саласында табысқа жетті. Бұл нәтижелер Франциядағы өнеркәсіп саясаты экономикалық осудің қозғалтушы күші болды деп есептеуге жеткіліксіз болатыны түсінікті.

*АҚШ-тың өнеркәсіп саясаты.* АҚШ еркін рынок идеологиясын ұстанатындықтан Жапониядағы алғашқы кезеңдегідей экономиканы мемлекеттен тікелей басқаруға болмайды. Осыған қарамастан америка өкіметі кейбір саладағы осуді ынталандыруда бірінші дәрежедегі рол атқарды. Нақты жағдайда ауыл шаруашылығында осылай болды. Бұнда америка үкіметі шындығында жүргізуге тұрарлықтай өнеркәсіп саясатына өте жақын келді, онда жоғарыда алып қараған тереңірек аргументтің бірін негіз болдырды. Ғылыми білімді меншіктенуді мойындау проблемасы қандай бір салаға мемлекеттен араласудың себебі бола алады. *Отбасы фермаларына* негізделген ауыл шаруашылығы жағдайында бұл проблема ерекше өткір: кез-келген жаңа жасалымдар мыңдаған фермерлерге жетуге болады, олар алғаш жасаушыдан өзгеше болатындығына немен де тәуелдік жасауға болмайды. Осы проблеманы

жеңілдету үшін америка өкіметі ауылшаруашылығының технологиясы саласында зерттеу жұмысын ұйымдастырып, ол туралы ақпарат таратыпты. Мемлекет көптеген кең ауқымды оқиғаларды ұйымдастыруда жетекшілік рол атқарады, олар суландыру ғимаратын салу пішіндес ұжымдық күш қосуды талап етеді. Ондай мемлекеттік араласу рыноктық реттеуде *ақау* бар екенін көрсетеді, өнеркәсіп саясатын соншама жақтамайтын экономистерден де қолдау тапты.

Америка өкіметінің екінші маңызды міндеті - *қорғаныс саласы*. Американың ұлттық кірісінің көлемі және қорғаныс шығыны өнеркәсібі дамыған басқа елдермен салыстырғанда өте ауқымды. Осының нәтижесінде АҚШ-тың мемлекеттік секторы өскери техниканың өлемдегі аса ірі рыногы болып табылады. АҚШ истребителдері сияқты соғыс өнеркәсібі өнімдерін өндіруде басымдық орында болуы өндіріс ауқымынан үлкен эффект өкелетіні таңқалдырмайды. Кей жағдайда америкалық соғыс шығындары АҚШ фирмаларына азаматтық арналымдағы тауарлар өндірісіне артықшылық береді. Мысалы, алғаш 1960 жылы өндіріле бастаған Боинг фирмасының азаматтық ұшақтары бұрыннан шығарылатын соғыс ұшақтарынан аз нәрсе қолданбағаны белгілі. Соғыс саласындағы зерттеулер мен конструкторлық жасалымдар АҚШ фирмаларына басқа мақсатта пайдалануына болатын көптеген ғылыми жұмыстар ауысатыны жасырын емес. Еуропалық аналитиктер өз елдері АҚШ және Жапониядан артта қалғандығын түсіндіре келіп, практика жүзінде Американың өнеркәсіп саясаты оның ауқымы, техникалық деңгейі жапондықтардан ешбір төмен және тиімсіз емес деп пайымдайтын көрінеді (10).

Біз алып қараған кейбір дамыған елдердегі өнеркәсіп саясатының жалпылық сипаттары бойынша мынадай қысқаша *қорытынды* жасауға болады:

\*Өнеркәсіп саясаты дегеніміз - мемлекеттің экономикалық осуді қанағаттандыру мақсатында ресурстар бөлінісін өзгертуге ұмтылуы. Әлем елдері ішінде өнеркәсіп саясатын белсенді жүргізіп елеулі табысқа жеткен елдердің бірі - Жапония.

\*Өнеркәсіп саясатын жақтаушылар экономикалық теориядан туындайтын аргументтер арқылы экономикаға мемлекеттен араласу қажеттігін дәлелдейді. Олардың ішінде ең жиі қолданылатындарға бір жұмыс жасаушыға келетін жоғары қосынды құнды басымдық салаларды негіздейтін

"байланыстырушы бөлек" ролін атқаратын, болашақта осы артық перспективті салаларды негіздейтін аргументтер жатады. Бұларды мемлекеттің өнеркәсіп саясатын жан-жақты негіздейтін, барлық жағдайда оң нәтижеге жеткізетін аргументтер ретінде үзілді-кесілді тұжырымдау қиын.

\*Өнеркәсіп саясатын талдауда қолданылатын тереңірек критериялар ішкі рыноктық реттеуде ақаулар болуына негізделеді. Өнеркәсіп саясаты саласында екі аргумент халықаралық экономистердің назарын ерекше аударады. *Бірінші, аргументтің мәні-технологиялық* білім тудырып, басқа салаларға сыртқы пайда әкелетін салаларды өкімет демеуі керек дегенге саяды. *Екіншісі,* сыртқы сауда стратегиясына байланысты, ол шетел бәсекелестерінің монополдық пайдасын ұлттық фирмалар аударып әкелуіне өкімет көмектесу керек деген мағынаны білдіреді. Бұл категориялар экономикалық теория тұрғысынан қызықты, алайда көптеген экономистер олардың практикалық құндылығына күмән келтіреді. Өйткені оларды қолдану өте көп көлемдегі ақпараттар қажет етеді, ал нәтижелерін өлшеу қиын.

\*Өнеркәсіп саясаты нақты өмірде өте күрделі, оның нәтиже, салдары алғаш ойлаған қозғалысқа сай келетін, анық бола бермейді. Бұл саясат әр елде өзінше ерекшеліктерде жүргізіледі. Жапониядағы өнеркәсіп саясаты экономиканы мемлекеттен бақылаудың тегіс қамтыған түрінен бастаған эволюция жолымен дамыды. Бұның бастапқы кезеңі 50-ші жылдар мен 60-шы жылдар болса, қазіргі кезде қаталдығы біршама жеңілдетілген әр алуан түрде жүргізілетін өнеркәсіп саясатының дәйектілігі төмен деп көреді. Американдық аналитиктердің пікірінше АҚШ-та өнеркәсіп саясатын тек ауыл шаруашылығына қатысты ғана мойындайды. Әйтсе де, кейбір шетелдік бақылаушылар АҚШ-тың қорғаныс бюджетін жоғары технологиялық салаларды демеудегі өнеркәсіп саясатының пәрменді құралы ретінде түсіндіреді.

\*Өнеркәсіп саясатының эффектісін бағалау тіпті де оңай болмайды. Ондай бағалауда қандай бір салалардың үлес салмағы немесе осы жылдамдығын салыстыру жеткіліксіз. Пайда және шығындарға талдау жасау қажет. Өнеркәсіп саясатында өкімет басымдық салаларды анықтауы барлық жағдайда сәтті бола бермейді. Ол аса ұқыптылықпен жан-жақты талдау жасауды талап етеді.

## 2. ДАМУШЫ ЕЛДЕРДЕГІ ӨНЕРКӘСІП САЯСАТЫ

Дамушы елдердің арасындағы айырмашылық аса ірі болғанына қарамай жалпы салыстырмалы артта қалғандығы олардың сауда саясатына кейбір жалпылық сыйнат береді. *Біріншіден,* дамушы елдердің көпшілігі сыртқы сауда саясатын олардың дағдылы қазып шығаратын және аграрлық салаларына қарсы қою ретінде өнеркәсіпті ынталандыру үшін пайдалануға тырысады. Олардың пікірінше, мұндай қозғалыс оларға бай елдерден артта қалғандықты жоюға көмегін тигізеді; *Екіншіден,* көптеген кедей елдер сыртқысауда саясатын біркелкі емес дамудың немесе ел ішіндегі экономика дуализмі делінетін проблемаларды шешу үшін қолдануға тырысады; *Үшіншіден* дамушы елдер кейде олардың артта қалғандығында ішкі себеп жоқ, одан гөрі халықаралық экономикалық тәртіптің әділетсіздігінің салдары деп көреді. Бұл тәртіпті олар халықаралық келісімдер көмегімен қайта қарауға әрекет жасап келеді.

Осы себептердің нәтижесінде пайда болған сауда саясатының кейбір ерекшеліктері жөніндегі мәселелерді алып қарайық.

### 2.1. Өнеркәсіпті дамыту мақсатындағы сыртқы сауда саясаты

Дамушы елдердегі сыртқысауда саясатының негізгі айырмашылығы ең алдымен ұлттық өнеркәсіпті ынталандыруға бағытталғандығында. Мұның мәні қандай бір дәрежеде өнеркәсіп ұлттық дамудың символы деп көретіндігімен түсіндіріледі. Бұл жөнінде сыртқы экономикалық саясатты дамытуды қоздеген өртүрлі теориялық аргументтер бар. Олардың ең маңыздыларының бірі жаңа жас салаларды шетел бәсекелесінен қорғаудағы дәлелдер. Оның себебі мынада: ондай жас салаларды аяғынан тұрғызып, шетел бәсекелестерімен қарсыласуға мемлекет тарапынан қолдау қажет. Ол үшін индустрияландырудың алғашқы кезеңінде импорттық салымдар, квоталар енгізіледі. Әлемдегі аса ірі экономикасы жоғары дамыған мемлекеттер АҚШ, Алмания, Жапония

кедендік кедергілер арқылы XIX ғасырда өнеркәсіпті қорғаумен оң дамуын бастағаны тарихтан белгілі. Жапонияда импортқа қойылатын бақылау осы ғасырдың 70 - жылдарына дейін сақталып келді.

Бұл аргументтің ақылға сиымды, соншалықты дәлелділігі жақсы жақтарына байланысты. Бірақ оның жағымсыз жақтары да аз емес. *Біріншіден*, салыстырмалы артықшылығы болашақта айқындалатын өнеркәсіп саласын ерте бастан дамыту орақшан орынды бола қоймайды. Елде жұмыс күші артық деп қорейік, бұған қоса капиталдың қорын жасау қажет. Бұл процес кемеліне келгенде капиталды көп қажет ететін салалардың салыстырмалы артықшылығы айқындалады. Осыған дейін мұндай салаларды бірден дамыту мүмкін болмайды. Мысалы, Оңтүстік Корея 80-жылдары автомобильді экспортқа шығара бастады. Сонда бұл ел автомобиль өнеркәсібін дамытыды 50-жылдардан қолға алғанын дұрыс деп қормейді. Ойткені ол кезде капитал және жұмыс күші жеткіліксіз болған еді. *Екіншіден*, нәтижесінде бұл сала бәсекелік қабілетті бола бастайтын кезде ғана өнеркәсіпті қорғау ел игілігіне айнала алады. Пәкістан, Индия оң өнеркәсібін ондаған жылдар қорғап келді, бірақ олар қазіргі уақытта ғана өнеркәсіп өнімдерін экспортқа шығара бастады. Олар кедендік қорғауда болып келген ауыр индустрия салалары емес, тоқыма өнеркәсібі өнімдерін экспортқа шығарады.

Экономистер "жалған жас" салалар кедендік қорғауға алынатындығы, соңынан олар мүлдем басқаша себептермен бәсекелік қабілетті болатындығы жайында жазатын қорінеді. Мұндай жағдайда кедендік қорғау табысты сияқты қорінгенімен іс жүзінде экономика үшін зиянды болады.

Кең мағынасында алғанда өнеркәсіпті дамыту үшін көп уақыт, қаржы қажет екені белгілі. Бұл жағдай ішкі рыноктық реттеуді кірістірмегенде өкіметтің араласуы қажет екенін қорсетпейді. Шындығында да егер өнеркәсіптің кез келген саласына жұмсалатын күрделі қаржы, еңбек және басқа да факторлардан тиімді пайда келетін жағдайда жеке инвесторлар мемлекеттің қолдауын күтпей-ақ оздігінен іске кірісуі байқалады. Жеке кәсіпкерлер ұзақ болашақты емес тек бүгінгі таңдағы пайданы ғана ойлайтындығы жөнінде пікірлер айтылып жатады.

Дамыған елдерде кәсіпкерлер жоғары дәрежеде айқындалмаған сипаттағы, ұзақ болашақта қайтарым беретін жобаларға инвестиция жасайды. Мысалы, АҚШ-та алдымен рынокта өлде-нелерді откізуден бұрын биотехнологиялық өнеркәсіпке миллиардтаған доллар жұмсалғаны белгілі.

Рыноктық реттеудің ақауларын (дефекты) жаңа салаларды қорғауды қолдайтын аргумент ретінде қарауға болады. Мұндай ақаулар жаңа саланы көздеген мақсатта жедел дамытуға демеу болатын рынок механизміне кері әсерін тигізеді. Жаңа салаға қолданалатын кедендік шараларға себеп болатын рыноктық реттеудің екі түрлі ақауын айыруға болады: біріншісі капитал рыноктарының жетілдірілмеуі, екінші меншіктің жетілдірмеуі.

*Бірінші* дамушы елдерде ауыл шаруашылығы, өнеркәсіптің жаңа салаларына тартуға болатын тиімді қорлар, банкілер сияқты қаржы ұйымдарының қазіргі заманғы торабы жеткіліксіз, өлсіз дамыған. Бұл салалардың кәсіпорындарының ағымдағы пайда беруі шектеулілігінен олардан осуі томен болады. Алғашқы пайданың мұндай төмендігі капитал енгізушіні қорқытады. Мұндайда жетілдірілген қаржы рыногын ұйымдастыру "бірінші артық" шешімі болады. Ал өнеркәсіптің жаңа салаларының пайдасын қосуға мүмкіндік беретін кедендік қорғау саясатының "екінші артық" баламасы ретінде есептеледі.

*Екінші* жаңа салалардың протекционизмін қолдайтын жетілдірілмеген меншік аргументі өртүрлі нысанда болуы мүмкін. Бірақ оның негізінде орақшан жаңа сала басқа ешқандай ынталандырумен алуға болмайтын қоғамдық артықшылыққа қол жеткізетіні туралы идея жатады. Мысалы, қандай бір салада алғаш іске қосылатын фирмалар технологияны жергілікті жағдайға икемдеу немесе жаңа рыноктар ашуға байланысты бастама шығын шығаруға тура келеді. Егер басқа компаниялар мұндай бастама шығын шығармай алғашқы пионер-фирмалардың артынан еретін мүмкіндік алса онда алғашқы жасампаз - фирмалар өздерінің шығындарын отейтіндей нәтижеге жететін мүмкіндіктен айырылады.

Сойтіп, жасампаз - фирмалар материалдық өнім өндірумен қатар білім немесе жаңа рыноктар ашу сияқты сезілмейтін игілік жасайды. Олар бұл игілікті меншіктену құқығын ала алмайды. Кей жағдайда жаңа өнеркәсіп



күрудан қол жеткізген пайда оны игеруге шығарған бастапқы шығынынан асады. Бірақ жеке фирмалар өзінің іс-қызметінің нәтижесін иемденуге мүмкіндік болмайтындықтан оған қаржы жұмсаудан бас тартады. Мұндай жағдайда жаңа саладағы істі бастаған фирмаларға сезілмейтін материалдық игілікті жасауға кеткен шығынды қайтарып өтеу "бірінші артық" шешім болар еді. Егер бұлай болмағанда бұл салаға қолданылатын "екінші артық" ынталандыру баж салығын салу немесе сауда саясатының басқа құралдарын қолдану болып табылады.

Жаңа салаларды кедендік қорғау үшін пайдаланатын аталған аргументтердің қай-қайсы да еркін саудадан бас тартуды негіздеудің түрлері екені түсінікті. Мұндағы ерекшелік жалпы өнеркәсіп туралы емес, оның жаңа салалары туралы сөз болатындығында. Бірақ іс жүзінде дәл қай салаға шынтуайтында тотенше назар аударылатындығын айыру қиын. Бұл салаларды дамытуға бағытталған саясат белгілі топтардың мүддесінен шығатындығына ор уақытта тәуекелдік жасауға тура келеді. Протекционистік шаралар енгізгеннен кейін "есейе" алмай ұзақ уақыт бойы тек осы шаралардың арқасында ғана өз жұмысын жалғастыра алатын өнеркәсіп салалары жайындағы мысалдар аз емес көрінеді.

## 2.2 Дуалистік экономиканың проблемалары

Дамушы елдердің сауда саясаты дамыған елдермен салыстырғанда олардың артта қалғандығын ғана көрсетіп қоймайды, демек олардың бірқалыпты емес даму проблемаларын бейнелейді. Қазіргі заманғы, капитал көп қажет ететін, кірісі жоғары қызметкерлері бар өнеркәсіп секторы кедей дағдылы аграрлық сектормен жиі қоршылес болып келеді. Біріккен экономиканың мүлде басқаша даму деңгейімен сипатталатын екі секторға бөлінуін *экономикалық дуализм* деп айтады, ал ондай белгілер бойынша бөлінген экономика - *дуалистік экономика* делінеді.

Сауда саясатына *дуализмнің* қандай қатынасы бар? Бұл сұрауға екі жағдайда жауап қайтаруға болады:

1. *Дуализм* орын алуы рынок өз міндетін орындамауының күсі деуге болады: тиімді қызмет атқаратын экономикада шаруашылық салаларындағы жұмыс

күшінің төлем ақысында үлкен айырмашылық болмауы керек. Рынок механизмі міндетін ойдағыдай атқара алмаса, рыноктық реттеуде кемшілік пайда болады. Бұл еркін саудадан шегінуге апарады. *Экономикалық дуализм*, әрине, тиімдірек өнеркәсіп секторын қорғайтын баж салығын енгізуді негіздеу үшін жиі пайдаланылады.

2. Сауда саясатының өзінің *экономикалық дуализммен* бірқатар ортақтастығы болуы мүмкін. Импортты ауыстыру саясатын сыңға алу барысында көптеген экономистер импортты алмастыру саясаты экономикада дуализм пайда болуына, ең болмағанда оның белең алуын күшейтуге өсерін тигізді деген пікірлер ұсынады.

### Дуализмнің белең алу ерекшеліктері.

Экономика ғылымында дуалистік экономиканың толық анықтамасы кезікпейді. Бірақ қазіргі заманғы секторы бар, экономиканы осылай түсінеді, ондай сектор одетте шетел бәсекелестерінен кедендік қорғау арқылы сақтанатын өнеркәсіп тауарын өндіреді. Бұл экономиканың басқа секторларынан мына бағыттар бойынша күрт өзгеше:

1. Қазіргі заманғы сектордың бір жұмысшысы өндірістің өнім құны экономиканың басқа бөліктерінікінен анағұрлым жоғары. Өлсіз дамыған көпшілік елде өнеркәсіп секторында өндірілетін тауар бағасы ауыл шаруашылығы өнімі болатын тауар бағасынан бірнеше есе артық. Кейде бұл айырмашылық 15 есеге жетеді.
2. Жұмысшының жоғары өнімі жалақының жоғары ставкасына сәйкес келеді. Өнеркәсіп жұмысшылары ауыл шаруашылығы еңбекшілерінен 10 есе көп жалақы алуына болады. Демек, өлсіз дамыған елдердің өнеркәсібінде жұмысшылар жалақысы Солтүстік Америка, Батыс Еуропа, Жапониядағы оның деңгейімен салыстырғанда анағұрлым төмен екені белгілі.
3. Өнеркәсіп секторында жалақы жоғары болуы, онда капиталға жұмсайтын кіріс те жоғары болатынын ешқашан көрсетпейді. Ситуация керісінше басқаша болуы мүмкін.
4. Қазіргі заманғы секторде бір жұмысшы өндіретін өнім құны жоғары болуы капиталды көп қажет ететін өндіріс болуына байланысты. Қалыпты жағдайда өлсіз дамыған елдерде өнеркәсіп өндірісіндегі капитал қажеттілігі ауыл шаруашылығынан артық болады. Өнеркәсібі дамыған елдерде, керісінше, ауыл шаруашылығында артық мөлшерде капитал қажет етіледі. Дамушы елдерде ауыл



еңбекшілері аса көп өндіріс құралдарын пайдаланады, ал өнеркәсіпте қолданылатын құрал саймандар дамыған елдердегіден соншама көп өзгеше болмайды.

5. Дамушы елдер үшін жұмыссыздық проблемасы тұрақты сипатта болады. Қалашық жерлерде жұмыссыз адамдар немесе өте төмен мөлшерде кездейсоқ жалақы алатындар көп кездеседі. Мұндай қалалық жұмыссыздар өнеркәсіптегі артық жалақылы жұмысшылармен қатар тірлік құрып жатады.

### *Индиядағы экономика дуализмі туралы ситуациялық талдау негізін көрсетеді ?*

Қазіргі Индия экономикасы экономикалық дуализмнің классикалық мысалы деп көреді. Елдің 800 млн. халқының 6 млн. ғана өнеркәсіпте қызмет жасайды. Бірақ осы өнеркәсіп жұмысшылары жалпы ұлттық өнімнің шамамен 15% -ін өндіреді. Олардың орташа жалақысы ауыл еңбекшілерінікінен 6 есе жоғары. Өнеркәсіптің капитал сыйымдылығы ауыл шаруашылығынан анағұрлым артық. Өнеркәсіптегі жұмысшы күшінің саны тым көп емес, соңғы 30 жылда бұл саланың құрал жабдықтарына жұмсаған инвестиция аграрлық сектордікінен көп артық. Өнеркәсіп және ауыл шаруашылық саласы арасындағы осыншама айырмашылық уақыт өткен сайын тереңдей түсуде. Мысалы, өнеркәсіп жұмысшыларының нақты жалақысы 1960 жылдан 80%-ке өссе, ауыл еңбекшілерінің кірісі 5%-ке ғана өсіпті.

Бұл салалардың арасындағы айырмашылық неге осыншама үлкен? Мұнда өкімет саясаты басты рөл атқаратын тәрізді. Индия өкіметтің ақшалай жордемі және протекционизм өнеркәсіпке, оның ішінде ең капитал сыйымды салаларына капитал ағымын ынталандырады. Сонымен бірге еңбек заңдылығы жұмысшылардың мүддесін қорғайды. Жалақы қосуда кәсіподақтың алатын орнын күшейтуді көздейді. Тәуелсіздіктің алғашқы қызу жылдарында Индияның экономикалық идеологтары өнеркәсіп секторы өзінің өсу барысында экономиканың дағдылы салаларын өзіне сіңіріп алар деп үміттеніпті. Бірақ 1960-1980 жылдары Индия өнеркәсібінде жұмыс атқаратындардың өсу жылдамдығы 3% -ақ болғаны жалпы халықтың өсу жылдамдығынан көп артық болмапты.

Индияда 90-шы жылдардың басынан экономикалық реформа жолында шешуші қадам басталды. Кейбір саудада кедергілерді және шетел инвестицияларына қойылатын шектеуді жойды. Түбегейлі өзгерістердің жүзеге асуын өмір көрсетеді.

Әлемдегі бірталай елдерге тән *дуализмнің* жағымсыз салдары өсіресе еңбек рыногындағы экономикалық механизмнің нашар қызметінің өсері деуге болады. Осы олқылықтардың сауда саясатымен байланысы туралы мәселе экономикалық даму саласындағы мамандар арасындағы таластың өзегі болып келеді. Көптеген ғылымдар 50-жылдары өнеркәсіп және ауыл шаруашылығындағы жалақы айырмашылығы тек жас салаларды қорғауды жақтау ғана емес, сонымен қатар кең мағынасында өнеркәсіп дамытуды ауыл шаруашылығы есебінен ынталандыруды негіздеу деп көрді. Бұл негіздеу жалақыны *дифференциялау* аргументі деген атпен белгілі болды. Бұны рыноктық реттеудің ақауларының тағы бір түрі ретінде бағалайды.

Сонымен дамушы елдердің үлкен бөлігі үшін *экономика дуализмі* бір негізгі сипат болып табылады. Бұнда капитал сыйымды өнеркәсіп секторы, жоғары төлемді еңбек, еңбекақысы төменгі деңгейдегі дағдылы секторымен қатарлас тірлік құрып келеді. Дуалистік экономика қала жұмыссыздығына үлкен проблемалар туғызып отыр. Жалақыдағы дифференциялау кейде өнеркәсіп секторына кедендік қорғау енгізудің сылтауы болады. Бұл теорияда жалақыдағы дифференциялаудан туындаған протекционизмнің түр-түрлерінің бірі деп есептеледі.

Бірақ бұл қозғалыс экономистер арасында көп тарамаған. Бұл салада жүргізілген зерттеулер негізінде кедендік қорғау ауыл халқы қалаға ағылуына себеп болады, осыдан жұмыстылық проблемасы шиеленіседі, *экономика дуализмінің* күшеюіне әкеп соғады деген қорытынды жасаған көрінеді.

Дамушы елдердің өкіметі және олардың жақтастары қазіргі заманғы халықаралық экономикалық тәртіп әділетсіз, артта қалған елдердің кедейлігі байлықтың дамыған елдерде шоғырлануына байланысты деп көреді. Бұл саладағы қозғалыстардың ең дәйкөті жүйесі біркелкі емес даму доктринасында қалыптасқан. Ол жас салаларды қорғау аргументімен арақатысты келеді. Бұл доктрина бойынша өнеркәсібі дамыған елдің алғашқы болып

көтерілуіне, осы жолға кейіннен шыққан елдер алдында олар әлдеқандай артықшылықта болуына ыңғайлы мүмкіндік туды. Бірақ нақты жағдайда жасалған талдау кедей елдердің есебінен басқа бір елдердің байлығына қор жасалғаны туралы қозғарасты бекітетін жеткілікті мәлімет бере алмайды.

Дамушы елдердің сауда саясатына өнеркәсібі дамыған елдердегі талдауға пайдаланған әдістемелердің көмегімен талдау жасауға болады. Сонымен қатар бұл елдердің өзіндік ерекшелік сипаттары бар. *Біріншіден*, бұл елдердің сауда саясаты басты үш мақсатты қоздейді: а) индустрияландыруды ынталандыру; б) ұлттық экономиканы дамытудағы бір келкісіздікті қалыпты жағдайына келтіру; в) олар әділетсіз қатынастар немесе дамыған елдер жағынан басымшылық деп есептейтін кедергілерге қарсы тұруға ұмтылу.

*Екіншіден*, индустрияландыруға бағытталған өкіметтік саясаттың негізі өнеркәсіптің жаңа салалары басқа елдердің қуатты бәсекелестерінен уақытша кедендік қорғауды қажет ететіндігін көрсететін аргумент қолдану. Жас салаларды қорғайтын мұндай аргумент, егер ол мемлекеттен кірісуді талап ететін рыноктық реттеудің ақауымен негізделгенде ғана құқылы бола алады. Рыноктық ақаудың қатарына мысалы, алғашқы өнімін өндірген жас өндіріс орындары игерген жаңа білімінен шығарған шығынын өтеп, кіріс алуға мүмкіндік бермейтін капитал рыноктарының және меншіктің жетілдірілмеген жағдайын атауға болады.

Дамушы елдер жаңа салаларды қорғау аргументіне сүйеніп импортты алмастыратын саясат жүргізді. Бұл баж салығы және импорттық квоталармен қорғау принципі негізінде отандық өнеркәсіпті дамыту болып табылады. Бұл саясаттың нәтижесінде өнеркәсіп біршама дамыды, бірақ экономиканы өсіру, тіршілік деңгейін жақсарту жағынан қойылған мақсаттың көпшілігі орындалмады. Қазір экономистер импортты алмастыратын саясаттың нәтижесін, ол арқылы тиімді емес, құны жоғары өндірістер орнатылғандығын қатал сынға алуға болады.

### 3. ДАМУШЫ ЕЛДЕРДЕГІ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ

Дамушы елдердің соңғы ондаған жылдар бойы жаңа халықаралық экономикалық тәртіп үндеуі айналасында жүргізіп келген күресі - ХЕБ теңдікке жетудегі олардың өлемдік майдандағы басты ұмтылысын бейнелейді. Бұл елдер өздерінің халықаралық экономикалық жүйедегі ролі мен алатын орны олардың экономикалық тәуелсіздігін, дербес дамуын қанағаттандыруды, сондай-ақ олардың қазіргі экономикалық потенциалына, ресурстарына, халқының санына сай келуін талап етіп отыр. Олар индустрияландыруды өздерінің экономикалық тәуелсіздікке жетуінің, ХЕБ жүйесіндегі жаңа орын үшін күрестің, осы жүйені өздерінің мүддесіне сәйкес өзгертудің басты құралы деп көреді. Өнеркәсібі дамымағаны қашанда осы елдердің артта қалғандығы мен өлсіз дамығандығының негізгі көрсеткіші болып келді.

Дамушы елдер саяси тәуелсіздікке жетуімен оларда өнеркәсіптің дамуы жылдамдай түсті. Сонымен қатар өнеркәсіп саясатының мақсаттарын анықтау қажеттілігі пайда болды. Сөйтіп, бұл тақырып батыстық саяси экономиясы және дамушы елдердің мамандары айналысатын даму концепцияларындағы негізгі бағыттың біріне айналды. Бұл концепцияларды дайындау дамушы елдердегі экономикалық даму процесінің талабы бойынша күн тәртібіне қойылды. Дамушы елдердің экономикалық өсуі өнеркәсібі дамыған елдердің осы жылдамдығынан жоғары болды. Бұндай өсудің негізі инвестиция көлемінің қосылуында еді. Барлық дамушы елдердің жалпы ұлттық өніміндегі оның үлесі 1961-1965 жылдары 20,2% болса, 1978 жылы 25,5% болды. Солтүстік және Таяу Шығыс елдерінде капитал қорын жинау 1978 жылы жалпы ұлттық өнімнің 31,7%-ін құрады. Бразилия, Мексика, Аргентина, Иран, Индияда инвестицияның жалпы сомасы 70-ші жылдардың екінші жартысында 15-30 млрд. долларға жетті. Дамушы елдердегі инвестицияның ауданды бөлігі индустрияландыру мақсатына жұмсалды, өнеркәсіп инфрақұрылымы біршама дамыды.

### 3.1. Импортты алмастыратын индустрияландыру

Дамушы елдердегі индустрияландыру концепциялары бойынша теориялық пікірталастарда батыстық зерттеушілер негізінен екі лагерге бөлінеді. Күрес мынадай екі жақтың арасында болады: *біріншісі*, еркін рыноктық шаруашылық идеясын жақтаушылар, мысалы, неоклассиктер, *екіншісі*, мемлекеттік реттеудің либералдық-реформаторлық идеясын жақтаушылар, мысалы, институционалшылар, тәуелді дамудың мектебі т.б. пікірталастардың ауданды бөлігі индустрияландыру стратегиясы және оның сыртқы сауда саясатымен байланысы жайында болады.

Индустрияландыру, яғни онеркәсіпті дамытуды ынталандыру стратегиясында екі әдісті айыруға болады: *бірі* индустрияландыру көпшілігінде бұрын импортпен өкелінетін тауарлардың жергілікті рыногына арналған өндіріске негізделеді, оны *импортты алмастыратын* индустрияландыру дейді; *екіншісі* - шетел рыногына арналған онеркәсіп тауарларын өндіру, оны *экспортқа бағытталған* индустрияландыру дейді. Индустрияландыру стратегиясын дамытатын онеркәсіптің типіне байланысты топтастырады. Онда *біріншіден*, жергілікті ресурстардан қаржыландыратын ірі немесе шағын, қалалық немесе ауылдық; *екіншіден*, капитал интенсивтік немесе еңбекке интенсивтік технологиялар пайдаланатын деп болуға болады. Бірақ бұл баламалар стратегияның негізгі таңдауымен анықталады. Мысалы, импортты алмастыратын индустрияландыру, одетте, ірі ауқымды, қалалық, капиталистентенсивті келеді, олар шетел капиталы мен технологиясына өте күшті тәуелді болады.

Импортқа шектеу енгізу арқылы ішкі онеркәсіпті ынталандыру стратегиясын *импортты алмастыратын* индустрияландыру деп атайды. Мұндай сипаттағы индустрияландыру бастапқыда Латын Америкасының артығырақ дамыған елдерінде басым болды, 30-шы жылдары, 40-шы жылдардың аяғынан басқа дамушы елдерге тарай бастады, ал 60-шы жылдардан индустрияландырудың негізгі қозғалғышы идеясына айналды. *Импортты алмастыратын* индустрияландыру көпшілік дамушы елдердің негізгі даму бағыты болды. Бұған мысалы, Гонконг, Сингапур кірмейді, өйткені жергілікті рыноктың шағын көлемі жағдайында бұл бағыттың болашағы болмайды. Ал, Малайзия жергілікті шикізаттарды өңдейтін экспортқа бағытталған саясатты

бірден таңдады. Онеркәсіптің дайын тауарларын жергілікті рынокқа басымырақ өндіретін концепцияны тіпті Сирия, Шри Ланка, Уругвай сияқты кіші елдерде де ұстанып келді.

Импортты алмастыру саясатында шетел валютасын пайдаланудың бірнеше *баламалары* болуы мүмкін: 1. Мысалы, киім сияқты тұтыну тауарларын өндіру үшін станок сияқты капиталдық тауарлар, шикізаттар, отын т.б. импорттауға; 2. Инвестициялық тауарлар (станоктар) өндіру үшін капиталдық тауарлар (ауыр құрал жабдықтар) импорттауға. Оларды өз кезегінде тұтыну тауарларын (киім), аралық тауарлар (болат) өндіруге және отандық шикізаттармен жабдықтауды дамытуға пайдаланады; 3. Капиталдық тауарларды импорттау. Оларды басқа капиталдық тауарлар шығару үшін өндіруші капиталдық тауарлар өндіруге қолданады. Көпшілік дамушы елдер бірінші баламаны таңдайды.

Бұл баламаны индустрияландырудың жалғасқан кезеңдері ретінде алып қарауға болады. Индустрияландыруды жүзеге асыра бастаған елдер алдымен тұтыну тауарларын өндіруден бастайды, кейін аралық өнім өндіруге өтеді, келесі кезеңде капиталдық тауарлар өндіруге көшеді. Бірақ практика жүзінде дамушы елдер үшін ондай кезеңдерден оту оңайға түспейді. Ең артық дамыған дамушы елдер ғана екінші сатыға көтеріледі, олардың бірнешеуі ғана (Индия, Бразилия, Аргентина, Мексика) өндіріс құралдарын өндіретін отандық салаларды құруда біршама табысқа жетті. Бірақ ауқымы кішірек елдердің көпшілігі аудандап жеңіл онеркәсібін дамыту жолымен кетті.

*Импортты алмастыру* саясатын түсініп қабылдау, оны жүзеге асыру өртүрлі елдерде түрліше болды. Оңтүстік Корея, Тайвань, Мексикада бұл концепцияны соншама ынталылықпен қабылдамапты. Бұларда импортты алмастыратын өндіріс негізінен жеңіл онеркәсіптің еңбекке интенсивтік секторына бағытталып, жұмыстылықты жоғарылату, ішкі рынокты кеңейту мақсатын қойыпты. Импортты алмастыру саясатында ауыр онеркәсіпке басымдық берген жағдайлар да болды. Оны елдің егемендігін сақтауға, өлеуметтік және саяси құрылымын жаңаландыруға бағытталған технологиялық даму ретінде алып қарайды. Осындай индустрияландыруды өтпелі шара ретінде емес, алайда ұзақ мерзімді стратегия деп көреді, оның теориялық негізделуі сыртқы қайшылықтарға,



диверсификацияның және өнеркәсіптің артықшылықтарына сүйенеді. Зерттеушілер *импортты алмастыратын* индустрияландырудың кезеңі негізінен 1938 жылдан 1960 жылға дейін созылды деп көреді. Алдымен жеңіл өнеркәсіп салалары және ұзақ мерзімде пайдаланылатын тұтыну тауарлары өндірістері дамыды. Соңынан машина жасаудың, ауыл шаруашылығы құрал жабдықтарының, өнеркәсіп өндірістері құралдарының көп мөлшерде шығаратын тауарларын және өнеркәсіптік жартылай өнімдерін өндіретін салалары дамыды.

Импортты алмастыратын индустрияландыру процесіне мынадай *әдіс құралдар* қолданылады: протекционист тарифтік сауда саясаты; импортты шектеу; жаңа салалар көсіпорындар үшін салықтық жеңілдіктер, валюталық саясат, оның ішінде өртүрлі айырбастық курстар, мысалы, шикізаттық материалдар, машина құрал-жабдықтардың импортына - төменірек, ал артықшылықта деп көрген белгілі тауарларына - жоғарырақ; импорттық квоталар; өкімшілік бойынша шектеулер. Бұл әдіс құралдар дамушы елдерде өнеркәсіпті дамыту үшін қосымша қорғаныс жасауға мүмкіндік береді. Дамушы елдерде импорттық тауарлар бағасы кей жағдайда 5-10 есеге дейін көтерілді. (7)

*Импортты алмастыратын индустрияландырудың нәтижелері:*

\*Өнеркәсіп, оның ішінде ауыр өнеркәсіп саласы, машина жасау тез даму нәтижесінде дамушы елдердің экономика құрлымында оңтайлы өзгерістер болды. Жедел дамыған 20-ға жуық дамушы елдерде өнеркәсіп ұлттық экономиканың жетекші саласына айналды, ол ұлттық кірістің шамамен төрттен бірін беретін болды. Өнеркәсіптің ішкі құрылымы да өзгерді. Осы елдерде 1960 жылы өнеркәсіп өнімінің төрттен үшін ондейтін өндірістер құрайтын болды. Ауыр өнеркәсіп саласының үлесі 34% болды. Латын Америкасы ең дамыған елдерінде 50%-ке дейін жетті. 60-шы жылдарға қарай Индияда машина жасаудың 50-дей, Бразилияда-45, Аргентинада-42 түрлері болды. Бұл елдерде сол жылдары ұлттық өндірістер дайын өнеркәсіп өнімдерінің сұранысының үштен екісіне жуығын қанағаттандыратын болыпты.

\*Индустрияландырудың ең маңызды нәтижелерінің бірі дамушы өлемінің дифференциациялануы жедел өсіп келе жатқандығы: тек аз ғана елдердің экономикасы тез жылдамдықпен өсті, олардың басым көпшілігі дағдылы

шикізаттарды экспорттаушы және дайын өнеркәсіп тауарларын импорттаушы қалпында қала берді.

Дамушы елдердегі индустрияландырудың тәжірибесі импортты алмастырудың *жарасымды мерзімі* немесе қанша уақытқа созылатындығы әрбір елдің экономикалық параметрлеріне байланысты екенін көрсетеді. Бұл елдің жергілікті рыногының сіңіргіштік қабілетіне, оның өндірісінің құрылымына, сыртқы экономикалық қатынасына байланысты болады. Индустрияландырудың осы кезеңінен өткен елдер, олардың ішінде өсіресе кішілеу елдерде импортты алмастырудың серпінді кезеңі 10-15 жылда бітетіндігі байқалады.

\*Батыстық және дамушы елдердегі зерттеушілердің талдауына қарағанда, барлық дерлік дамушы елдерде импортты алмастыратын индустрияландыруды жүзеге асыру ісіндегі проблемалар мен қиындықтар 60-шы жылдардың басынан көбіне түскенін белгілейді. Индустрияландырудың бұл кезеңінде процес жеңіл өнеркәсіп саласына қарай ауысады. Ол салалар ірі көлемді инвестицияларды, кешенді технологияларды, жоғары маманды кадрларды, жақсы ұйымдастырылған менеджмент және маркетингті талап етеді. Осыған байланысты ішкі және сыртқы біркелкісіздік көбейді, экономикалық дамудың өлеуметтік бағамы жоғарылады, экономикалық осудің жылдамдығы баяулады. Ал кейбір дамушы елде "осудің дағдарысы" басталды. Мысалы, Бразилия, Индия сияқты ірі елдерде жағдай қолайлырақ болды. Бірақ көпшілік дамушы елдерде импортты алмастыратын саясаттың *құрылымдық шектеулілігі* байқалды, олар болашақта экономикалық қиындықтармен қатар өлеуметтік және саяси кедергілерге апаратынын аңғартты.

Осы процестерге талдау жасаған Ф.Никсон, А.Багхи сияқты мамандар импортты алмастыратын саясаттың концептуалдық өлсіздіктеріне мыналарды жатқызады: шешім қабылдау барысында жалпы экономикалық ұлттық аспектілермен санаспау, рыноктың бәсекелік механизмін қыспақтау, өнеркәсіптің орналасуын тұтыну орталықтарының маңына шоғырландыру, ең соңғы өнімге бағыт ұстау, қажеттілігі болмағанда да капиталисттік өндірістерді таңдау, дамудың адам факторымен санаспау, өнеркәсіп өкімшілігі аппараты қызметкерлерінің саны шамадан тыс



артық және бюрократтануы, трансұлттық корпорацияларға тоуелділіктің күшеюі т.б.

\*Жаңа салаларды қорғауды қолдайтын аргументтерге қатысты сенімсіздік бар екеніне қарамастан көптеген өлсіз дамыған елдердің өкіметі ұлттық өңдейтін өнеркәсіпті дамытуға арнайы демеу ұйымдастыру үшін оларды жеткілікті мөлшерде тауып барынша қолдау жасап келеді. Ондай демеуді өртүрлі өдіс тәсілдерімен жүзеге асыруға болады екен. Мысалы, мемлекет жалпы өнеркәсіпті дамытуға ақшалай жәрдем беруге немесе келешекте салыстырмалы артықшылығы айқындалуы белгілі болған кейбір өнеркәсіп тауарларын шығаруға ақшалай жәрдем көрсетеді. Демек көпшілік дамушы елдерде өнеркәсіпті дамытуға бағыттаған стратегиялық бағдарлама ұстау басым болды. Онда ішкі рынокқа бағытталған квоталар мен тарифтер түрінде саудалық шектеулер енгізумен бөсекелес импорттан қорғалған салаларды дамытуды ынталандырады.

Бұдан еріксіз мынадай сұрақ туындайды. Бұлай сұрыптаудың қажеті не? Импортты алмастыратын, экспортқа бағытталған салаларды бірдей қатар дамытуға неге болмайды?

Американдық зерттеушілердің жасаған қорытындысына қарағанда (П.Кругман, М.Обстфельд) импортты қысқартатын қандай да баж салығы экспортты да тоқтаусыз қысқартады. Импортты алмастыратын салаларды қорғай отырып елдер болашақ экспорттық потенциалды құрайтын салалардан ресурстарды еріксіз қалыс қалдырады. Сондықтан импортты алмастыратын индустрияландырудың пайдасына жасалатын елдің таңдауы - бұл шынтуайтында экспортты "қыспақтау" саясатын таңдау болып табылады (10).

\*Экспортты ынталандыруға емес, импортты алмастыруға таңдау жасалуының себептері экономиканың да, политиканың да жағында болды. Біріншіден, өлсіз дамыған елдерде 70-жылдарға дейін өнеркәсіп тауарларының ұлттық экспортты мүмкіндіктеріне қатысты скепсизм орын алып келді. Индустрияландыру өнеркәсіп өнімдерін экспорттауды дамытуға емес, импортты отандық өндірістің өнімімен алмастыруға негізделуі керек деп есептелді; екіншіден, көпшілік жағдайда импортты алмастыратын индустрияландыру саясаты орын алып келген саяси қозғарастың шеңберінде болды.

Бұл саясат жөнінде мынадай белестерді белгілеуге болады. Латын Америкасы елдерінде амалсыздан импортты алмастыру

шикізаттарды экспорттаушы және дайын өнеркәсіп тауарларын импорттаушы қалпында қала берді.

Дамушы елдердегі индустрияландырудың тәжірибесі импортты алмастырудың жарасымды мерзімі немесе қанша уақытқа созылатындығы әрбір елдің экономикалық параметрлеріне байланысты екенін көрсетеді. Бұл елдің жергілікті рыногының сіңіргіштік қабілетіне, оның өндірісінің құрылымына, сыртқы экономикалық қатынасына байланысты болады. Индустрияландырудың осы кезеңінен өткен елдер, олардың ішінде өсіресе кішілеу елдерде импортты алмастырудың серпінді кезеңі 10-15 жылда бітетіндігі байқалады.

\*Батыстық және дамушы елдердегі зерттеушілердің талдауына қарағанда, барлық дерлік дамушы елдерде импортты алмастыратын индустрияландыруды жүзеге асыру ісіндегі проблемалар мен қиындықтар 60-шы жылдардың басынан көбейе түскенін белгілейді. Индустрияландырудың бұл кезеңінде процес жеңіл өнеркәсіп саласына қарай ауысады. Ол салалар ірі көлемді инвестицияларды, кешенді технологияларды, жоғары маманды кадрларды, жақсы ұйымдастырылған менеджмент және маркетингті талап етеді. Осыған байланысты ішкі және сыртқы біркелкісіздік көбейді, экономикалық дамудың өлеуметтік бағамы жоғарылады, экономикалық осудің жылдамдығы баяулады. Ал кейбір дамушы елде "осудің дағдарысы" басталды. Мысалы, Бразилия, Индия сияқты ірі елдерде жағдай қолайлырақ болды. Бірақ көпшілік дамушы елдерде импортты алмастыратын саясаттың құрылымдық шектеулілігі байқалды, олар болашақта экономикалық қиындықтармен қатар өлеуметтік және саяси кедергілерге апаратынын аңғартты.

Осы процестерге талдау жасаған Ф.Никсон, А.Багхи сияқты мамандар импортты алмастыратын саясаттың концептуалдық өлсіздіктеріне мыналарды жатқызады: шешім қабылдау барысында жалпы экономикалық ұлттық аспектілермен санаспау, рыноктың бөсекелік механизмін қыспақтау, өнеркәсіптің орналасуын тұтыну орталықтарының маңына шоғырландыру, ең соңғы өнімге бағыт ұстау, қажеттілігі болмағанда да капиталисттік өндірістерді таңдау, дамудың адам факторымен санаспау, өнеркәсіп өкімшілігі аппараты қызметкерлерінің саны шамадан тыс

артық және бюрократтануы, трансұлттық корпорацияларға тәуелділіктің күшеюі т.б.

\*Жаңа салаларды қорғауды қолдайтын аргументтерге қатысты сенімсіздік бар екеніне қарамастан көптеген әлсіз дамыған елдердің өкіметі ұлттық өңдейтін өнеркәсіпті дамытуға арнайы демеу ұйымдастыру үшін оларды жеткілікті мөлшерде тауып барынша қолдау жасап келеді. Ондай демеуді өртүрлі өдіс тәсілдерімен жүзеге асыруға болады екен. Мысалы, мемлекет жалпы өнеркәсіпті дамытуға ақшалай жәрдем беруге немесе келешекте салыстырмалы артықшылығы айқындалуы белгілі болған кейбір өнеркәсіп тауарларын шығаруға ақшалай жәрдем көрсетеді. Демек көпшілік дамушы елдерде өнеркәсіпті дамытуға бағытталған стратегиялық бағдарлама ұстау басым болды. Онда ішкі рынокқа бағытталған квоталар мен тарифтер түрінде саудалық шектеулер енгізумен бәсекелес импорттан қорғалған салаларды дамытуды ынталандырады.

Бұдан еріксіз мынадай сұрақ туындайды. Бұлай сұрыптаудың қажеті не? Импортты алмастыратын, экспортқа бағытталған салаларды бірдей қатар дамытуға неге болмайды?

Американдық зерттеушілердің жасаған қорытындысына қарағанда (П.Кругман, М.Обстфельд) импортты қысқартатын қандай да баж салығы экспортты да тоқтаусыз қысқартады. Импортты алмастыратын салаларды қорғай отырып елдер болашақ экспорттық потенциалды құрайтын салалардан ресурстарды еріксіз қалыс қалдырады. Сондықтан импортты алмастыратын индустрияландырудың пайдасына жасалатын елдің таңдауы - бұл шынтуайтында экспортты "қыспақтау" саясатын таңдау болып табылады (10).

\*Экспортты ынталандыруға емес, импортты алмастыруға таңдау жасалуының себептері экономиканың да, политиканың да жағында болды. Біріншіден, әлсіз дамыған елдерде 70-жылдарға дейін өнеркәсіп тауарларының ұлттық экспортты мүмкіндіктеріне қатысты скепсизм орын алып келді. Индустрияландыру өнеркәсіп өнімдерін экспорттауды дамытуға емес, импортты отандық өндірістің өнімімен алмастыруға негізделуі керек деп есептелді; екіншіден, көпшілік жағдайда импортты алмастыратын индустрияландыру саясаты орын алып келген саяси қозғалыстың шеңберінде болды.

Бұл саясат жөнінде мынадай белестерді белгілеуге болады. Латын Америкасы елдерінде амалсыздан импортты алмастыру

саясатына көшкен жылдар болды. Ол әлемде ұлы теңселіс өріс алған 30-жылдардың басы, сол сияқты әлемдік сауда шайқалысқа ұшыраған 40-жылдардың бірінші жартысы еді. Бұл елдерде импортты алмастыру саясаты аса қуатты және өз пайдасын тұрақты арттыра бастаған экономикалық топтарды қалыптастыруға өкеліп соқты. Импортты алмастыратын индустрияландыру 50-60-жылдары өз шыңына көтерілді. Қалыпты жағдайда әлсіз дамыған елдер кедендік қорғауды азық-түлік өнімдері немесе автомобильдерді құрастыру сияқты соңғы өнім өндіруден бастады. Ірі дамушы елдерде отандық өнім импортты дерлік толық ығыстырды. Оларда өндіріс қолына шоғырландырылған еді. Бұл елдер тұтыну тауарларының рыногында импортты алмастыру мүмкіндігі қысқару барысында кедендік қорғау шараларын автомобильдер корпусы, құрыш, мұнай өнімдері тәрізді аралық тауарларға ауыстырды.

\*Әлсіз дамыған көпшілік елде импортты алмастыру саясаты өзінің логикалық аяқталуына жетіп біртіндеп тоқтады. Сөйтсе де машина жасау өнімдері, компьютер сияқты жоғары технологиялық өнімдерді импорттау жалғаса берді. Импортты алмастыру саясатын ұстаған ірі елдер импортты аса төменгі деңгейге дейін қысқартты. Қалыпты жағдайда елдің экономикалық аумағы қаншама аз болса, оның ұлттық кірісіндегі экспорт және импорттың үлесі (1990 ж., %-пен): Бразилияда 7, Индияда 8, АҚШ-та 10, Жапонияда 11, Алманияда 32, Оңтүстік Кореяда 32, Гонконгта 137, Сингапурда 190 болды. (10).

Дамушы елдердегі өнеркәсіптік осуді ынталандыруға бағытталған стратегия ретінде импортты алмастыратын индустрияландыру өз ролін орындады деп көреді. Бұл елдердегі өнеркәсіптің дамуын ынталандыру - экономикалық дамуды қанағаттандыру құралы ретінде қолданылғаны түсінікті.

Сонда импортты алмастыру экономикалық дамуға оң әсерін тигізе алды ма? Бұл жөнінде айтарлықтай күмән да бар. Көптеген экономистер 50-жылдары және 60 жылдардың басында импортты алмастыру саясаты үшін белсенді ат салысты. Кейіннен импортты алмастыруға негізделген индустрияландыру қатал сынға алынды. Сөйтіп, академиялық және саяси топтардың қай-қайсысының да назары импортты алмастыру саясатындағы олқылықтар мен зиянды оңалту жағына қарай ойысты.

**Импортты алмастыратын индустрияландырудың проблемалары:**

\*Импортты алмастыратын индустрияландыру саясатын жүргізген көптеген елдер алдыңғы қатарда дамыған елдермен салыстырғанда даму деңгейін жоғарылатуда айтарлықтай табыстарға жете алмады. Индия 50-жылдардың басынан 70-жылдар басына дейін 20 жылда ерекше экономикалық жобаны жүзеге асырды, осы жылдары жан басына келетін кіріс деңгейі бірнеше процентке ғана жоғарылады. Аргентина экономикасы ондаған жылдар бойы өте бауу дамыды. Мексикада экономикалық осу болды, бірақ алдыңғы елдерге жете дами алған жоқ. Тек санаулы бірнеше елдер ғана кіріс молшерін күрт көтере алды. Бірақ бұл елдер импортты алмастыру саясатын жүргізбеген екен.

Импортты алмастыратын индустрияландыру одан күткен сенімді неге ақтай алмады? Мұның ең басты себептерінің бірі жас салаларды қорғау аргументі бастабында ойлағандай бірден-бір дұрыс болмай шықты. Егер іргелі негізделген себебі болған жағдайда бір кезде қолданған кедендік қорғау бөсекелік қобілетті индустрия құрып шыдамайды. Ондай себеп қандай да елде өнеркәсіп саласында салыстырмалы артықшылық болмағанына байланысты. Өнеркәсіпті дамыту саясатының күйреу себебі өнеркәсіп тәжірибесінің жоқтығынан гөрі, әлдеқайда тереңде жатқанын өмір көрсетті. Әлсіз дамыған кедей елде білікті жұмыс күші, басқару кадрлары, кәсіпкерлік тәжірибе болмайды; бұл елдердегі қоғамдық ұйымдастыру жайы өндірісті қосалқы болшектерден бастап электр энергиясына дейінгі барлық қажеттілікпен қанағаттандыруды ұйымдастыру өте ауыр жағдайда. Бұл проблемалар экономикалық саясатқа жатады, әрине оларды сауда саясатының көмегімен шешуге болмайды. Мысалы, импорттық квота өнеркәсіптің тиімсіз салаларын қозғалту мүмкіндігімен қанағаттандыра алады, бірақ оны тиімдірек болдыра алмайды. Жас салаларды қорғау аргументінің мәні - егер оларға баж салығы және квоталар берсе, онда әлсіз дамыған елдердің ондеу өнеркәсібі тиімді қызмет жасауды өздігінен үйренеді. Шынтауайтында бұл мүлде бұлай емес.

\*Импортты алмастыру саясаты күткен нәтиже бермегеннен кейін енді барлық назар индустрияландыру саясатына жұмсалған қаржыға аударылды. Әлсіз дамыған көптеген елдерде протекционистік саясат экономикалық

тәртіпте көп ауытқулар туғызды. Солардың бірі көптеген елдер өз өнеркәсібін ынталандыру үшін аса күрделі әдістер қолданды. Қарапайым баж салығын енгізу тәртібін бұзды. Шектен тыс күрделі, бір-біріне қабаттасқан импорттық квоталар, валюталық бақылаулар, талаптар енгізілді. Латын Америкасы, Оңтүстік Азияның кейбір елдерінде сауда саясатының әртүрлі шараларымен 200% тіпті одан да артық ставкалы бажға тең қорғау жасапты. Кейбір әлсіз дамыған елдердегі өнеркәсіпті кедендік қорғаудың нақты деңгейі (%-пен): Мексика (1960)-26, Филиппин (1965)-61, Бразилия (1966)-113, Чилия (1961)-182, Пәкістан (1963)-271 болды. Нақты кедендік қорғаудың мұндай жоғары деңгейі бұл салалардың қызмет жасай беруіне мүмкіндік берді, олардың өнімінің өзіндік құны олар алмастырған импорттық өнім бағасынан 3-4 есе артық болған еді. Рынокты реттеудің *ақауларына* байланысты аргументтің ең белсенді жақтастары да ақыр соңында кедендік қорғаудың осыншама жоғары деңгейін сақтау епсіз деп көрді.

\* Импортты шектеуге байланысты оңтайсыз жайдың бірі осыдан туындайтын шағын көлемді өндірістердің тиімсіз болатындығы. Әлсіз дамыған кішірек елде шағын рынокты квота қолданып қорғаған жағдайда жалғыз-жарым ғана фирма қызмет жасайды, ол монополиялық пайда табуға мүмкіндік алады. Кіші елдер өндіріс тиімділігін арттыру үшін өндіретін өнім түрін өте шектеулі болдырады да қалғанын импортпен алады. Импортты алмастыратын индустрияландыру бұл мүмкіндікті жояды, отандық өнеркәсіптің назарын түгелдей ішкі рынокқа аударады.

Сойтіп, импортты алмастыру қаншама сынға ұшырағанымен тек біраз ел ғана кедендік кедергілерді жойды. Көптеген ел бұл саясатты өзгертпеді. Бұның тағы бір маңызды себебі - кедендік қорғаусыз жұмыс жасаудан қалған салаларға ірі күрделі қаржы жұмсалатындығында. Бұл салаларға жалға қызмет жасайтындардың басым көпшілігі қамтылған. Кедендік қорғауды жою мұндай адамдардың тағдырына күшті әсер етеді. Сонымен импортты алмастыру саясатын сақтауда заңдылық мүлде қалыптасып келді.

\*Шетелдік кейбір мамандар дамушы елдерде индустрияландырудың көптеген проблемалары шешілмегендігін, оның аз емес жетіссіздіктері бар екендігін белгілейді. Ауданды елде өнеркәсіптің тиімсіз секторларын құрды, олар тұрақты қорғаныс жасамайынша өндірістік



жұмысты жүргізе алмайды. Ол секторлар құрылымы жағынан олигополистік, шамадан тыс диверсификацияланған, пайдаланылмайтын қуат молшері жоғары дәрежеде болып келеді. Көпшілігі капиталисттік технология пайдаланатындықтан жұмыстылықты кейңейтуге мүмкіндіктері болмайды. Сонымен қатар дамушы елдерде индустрияландыруға ерекше назар аударғандықтан ауыл шаруашылығы назардан тыс қалған, тіпті ол саланы алалаушылыққа дейін барған деп қорді.

\*Дамушы елдер жайындағы басылымдар халықаралық баяндамалар, ақпараттық материалдарда 70-ші жылдардың аяғынан сынға алынған бір мәселе - бұл елдердегі жедел өнеркәсіптік осу олардың көпшілігінде өлеуметтік жағдайлар - жұмыстылық, кірістер бөлінісі, азық-түлік, баспана т.б. жалпы әл-ахуал жақсарғандықтың әлде-қандай белгілері байқалмағандығы жөнінде болды. Көптеген дамушы елдерде халықтың үлкен топтарының тіршілік жағдайы төмендеді. Осыған байланысты экономистер дамушы елдерде өнеркәсіптік және өлеуметтік даму процестері нәліктен осыншама күрт айырмашылықта болды? Осы тенденция 80-ші жылдарда сақтала бере ме деген сұраулар қоятын болды. Осыған қатысты О.Крейненің "тәуелділікке тәуелсіз қозқараспен" деген түсініктемесі біршама нанымды деуге болады. Оның пікірінше дамушы елдердегі индустрияландыру халықаралық интеграциялық экономикалық жүйе жағдайында жүзеге асырылып жатыр. Ол капиталистік сипатта, соның ішінде жұмыс күшінің, капиталдың шикізаттың, технологияның, жартылай өнімдердің, дайын тауарлардың әлемдік рыноктары жұмыс жасайды. Ал осы рыноктар ондаған, кейбіреуі жүздеген жылдар бойы рыноктық қызметін жалғастырып келеді.

\*Халықаралық интеграцияланған экономикалық жүйе жағдайындағы индустрияландыру- халықаралық ұйымдастырылған өндіріс құру мүмкіндігін және қажеттілігін негіздейді. Осындай ұйымдастыруды негіздеу ретінде халықаралық кеңестік кәсіпкерлік жетекші ұйымдардың бірі "Бизнес интернейшнл корпорейшн" 70-ші жылдардың соңында "Worldwide sourcing" концепциясын ұсынды. Бұның мағынасы әлемдік ауқымды өндіріс факторларының және тауарлардың еркін қозғалу мүмкіндігін қанағаттандырудағы ірі батыстық бизнестің мүддесін бейнелейді. Оның негізгі принциптері - өнеркәсіп қызметінің қандайда процесін еркін

жүргізуде екен. Олар компанияның салалары арасында өндіріс компоненттерімен жартылай өнімдердің және даяр тауарлардың өндіріс орындарынан сатылатын нүктеге дейінгі еркін қозғалысы; тауарлар мен қызмет көрсетуді еркін сатып алу; негізгі жеткізушіні еркін таңдау; жұмыс күшін еркін сатып алу; өндіргіш күштерді аймақтық және әлемдік рынок қажеттілігі бар, қызмет көрсетуге ең ыңғайлы жерлерге еркін орналастыруды қамтиды. Дамушы елдердегі 60-шы, 70-ші жылдардағы индустрияландыру басым көпшілігінде дәл осы аталған ой-пікірлер бойынша қабылданған инвестициялық шешімдердің нәтижесі деп біледі. Бұл экспортқа бағытталған және импортты алмастыратын өндірістердің қай-қайсысына да қатысты көрінеді.

\*Енді бір экономистердің (О.Крейне, Дж.Хелайнеру т.б.) пікірі бойынша автомашиналар, электрондық тауарлар, болат сияқты өнімдерді дамушы елдер емес, олардың жерінде орнатылған өндірістерде өндіреді. Ал өндірістің мақсаты - бұл өндіріс пен рыноктың белгілі жағдайларына сәйкес келетін тиімді сұраныс пен пайда әкелетін жеке фирмалардың мақсаты. Басқа қандай да жеке экономикалық қызмет сияқты дамушы елдердің фирмалары жүзеге асыратын өнеркәсіп өндірісі олардың экономикалық мүдделеріне зиян келтіру есебінен ондағы қоғамның проблемаларын шеше алмайды, әлбетте шешпейді де. Осының нәтижесінде фирмалардың мүдделері кейде алатын елдің мүдделерімен ұштаса алады. Ондайда олардың өндірісі жергілікті экономикаға интеграцияланады. Көпшілігінде бұндай өнеркәсіп кешенді түрде емес, бүтіндей интеграцияланбаған жартылай өндірістік процесс болып келеді, оны "моноөнеркәсіп" деп те атайды. Сондықтан дамушы елдердің халықаралық өнеркәсіп өндірісіне осылай қатысу нысанын "өндіріске қатысу" дейді. Бұның мағынасы - еңбек бөлінісінің ондай нысаны бойынша "шешім қабылдауға қатысуды" қамтымайды немесе "тұтынуға қатысу" дегенді білдіреді.

Индустрияландырудың бұл қыры жөнінде мынадай қорытындыға келуге болады.

\*бұндай сипаттағы индустрияландыру өлсіз дамығандықтан көтерілудің осы арқылы даму деңгейі жағынан артта қалған елдердің өлеуметтік мәселелерін түбегейлі шешудің адекваттық базасын құра алмайды. Ойткені, халықаралық өнеркәсіп интеграциясына қатысудың



бұндай нысанында даму процесі негізінде ұлттық бақылаудан тыс қалады;

\*ориенталған жергілікті өнеркәсіп құрылымдары қолбеу интеграцияланбаған болады, ал оның орнына өлемдік рынокта өте жоғары дәрежеде тік интеграцияланады, сондықтан да сыртқы рынокқа жоғары мөлшерде тоуелді болады;

\*өнеркәсіптің осылай дамуы өлсіз дамыған елдердің қажеттігіне адекватсыздығына байланысты тоуелділік теориясының өкілдері оны "бұрмаланған", "кесірлі" немесе "тоуелді капиталистік даму" деп сынайды. Оның себебі ондай даму өзінің институциялық жаратылысында классикалық өнеркәсіп капитализмі жағдайындай өздінен туындатып, өздінен демеу жасап дамытуға кепілдік бере алмайды. Сөйте тұра көпшілік зерттеушілер классикалық өнеркәсіптің осуді қазіргі заманғы дамушы елдерде қайталау мүмкін емес екендігін ерекше белгілейді. Ғылыми-техникалық төңкерістің, өлемдік өркениеттің бүгінгі жағдайында өлсіз дамыған елдердің өнеркәсібін дамыту, экономикалық өрлеу жолына түсу мәселелеріне жаңаша қарау қажет екені түсінікті.

### 3.2. Экспортқа бағытталған индустрияландыру: "жаңа индустриялық елдердің тәжірибесі"

Дамушы елдер экономикасының даму барысындағы күрделі жағдайлардың нәтижесінде 60-шы жылдардан өнеркәсіпті дамытуды ынталандырудың тағы бір өдісі - *экспортқа бағытталған индустрияландыру* саясатына қарай бұрылу басталады. Бұл бетбұрыс мысалы, Аргентинада - 1962 ж., Бразилия, Мексика, Чилида - 1964 ж., Колумбияда - 1967 ж., Уругвайда - 1972 ж., Мысырда - 1974 ж., Индияда - 1975 ж. басталды (7).

Индустрияландырудың жаңа стратегиясына отуға халықаралық экономикалық қатынастарда болып жатқан өзгерістер де әсерін тигізбей қойған жоқ. ХЕБ қарқынды түсті. Бұл өнеркәсіптің қазіргі заманғы салаларын дамытуды тездетті. Өнеркәсіптің мұндай салаларындағы ірі кәсіпорындар кейде өндіріске және нарыққа қойылатын талап жағынан жергілікті рыногы шектеулі кішігірім дамушы елдер үшін де, тіпті ірі елдер үшін де соншалықты ыңғайлы

бола бермейді. ҒТП дамыған елдердің өнеркәсібінің құрылымын жедел және түбірімен өзгертті, өнеркәсіптің ғылымиинтенсивтік және еңбекинтенсивтік салаларының арасындағы айырмашылық өсті. Бұл елдерден сыртқа шығаратын капитал да өсті, мұның өзі өндірі жерде өскірген салалар мен техникаларды дамыған елдерден дамушы елдерге көптеп апаруға демеу болды. Дамушы елдердегі арзан еңбек, жақын шикізат, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдылықтардың болмауы немесе олардың қатал еместігі аналарды тартпаса өсі бар. Осы процесіте халықаралық ұйымдар - ГАТТ, ЮНКТАД, ЕЭС т.б. өз ролін атқарып келді. Тарифтік және кедендік стратегиялар мен саясаттар дамушы елдердің өнеркәсіп импортының бұрынғы шектеулерін жартылай алды, тіпті оларға басқа экспорттаушылармен салыстырғанда жеңілдіктер де берілді.

*Экспортқа бағытталған индустрияландыру* дамудың мақсаттарын қысу, яғни даму саясатын үлкен сұрыптау жасау арқылы анықтауды қажет етеді. Бұл саясаттың теориялық базасы-салыстырмалы артықшылық концепциясы болып табылады. Даму бағыттары мен тапсырыстар салыстырмалы артықшылықтарды бағалаумен үлкен осу үстінде сипатталады. Оларға мысалы, төлем ақымен жұмыс күші біліктілігінің өртүрлі сәйкестіктерін, шикізатты өңдеудің тиімділігінің баламаларын жатқызуға болады.

*Импортты алмастыратын индустрияландыруды* жақтаушылар өнеркәсібі дамыған елдердің ерекшелігімен сипатталатын, құрылымдық конвергенция деп аталатын құрылымға жетуді мақсат ететін. Олар экспортқа бағытталған индустрияландыруды құрылымдық өзгерістердің төменгі деңгейін қанағаттандыратын салаларға мамандандырылатындығы үшін сынайды. Ал бұларға қарсы пікірлестер импортты алмастыратын индустрияландыру нәтижесінде өнеркәсіптің құрылымы экономикалық тиімдікпен санаспай, импорттың нақты жағдайына ішкі себептермен пайда болады деп көреді. Сөйтсе, экспортқа бағытталған индустрияландыру жасалынатын өнеркәсіп құрылымына тигізетін елдің табиғи және адам ресурстарының нақты және потенциалдық роліне артық мағына береді.

Дамушы елдерді *экспорт жетелейтін* осуға отумен бірге оларға кейбір халықаралық ұйымдар көмек көрсетуге уәде береді. Олар бұл елдердің ішкі рыноктарының тар шеңберін

кеңейтеді, ақша сақтаумен инвестициялық жоғары деңгейіне жеткізеді, жаңа технологиялар алуға мүмкіндік жасайды, еңбек өнімділігін арттыратын болады, сойтіп, біріккен экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылым жасалады, осындай жол барлық жағынан дамудың негізін қалайды деген кеңес береді. Шындығына келгенде экспортқа бағытталған индустрияландыру импортты алмастырудан гөрі көбірек дәрежеде инвестицияның деңгейін, рыноктар мен технологияға жетуді, өнімділік деңгейін елдер емес, фирмалар анықтайтынын көрсетеді. Дамушы елдердің өкіметтері жаңа рыноктарға жету тұрмақ өз рыноктарына бақылау қоя алмайды. Қазіргі заманғы технологияға жетудің орнына отандық технологияны дамытуға жасалатын ынталандыруды жойып алады; кең ауқымды әлеуметтік және экономикалық инфрақұрылымдар салудың орнына өнеркәсіп инфрақұрылымын қаржыландырады, онысы даму жолындағы экономиканың талабына сай келмейді, көбінде даму процесіне кедергі болады.

Бұл мәселені зерттеуші мамандардың жасаған қорытындыларынан бір аңғарылатын жай 70-ші жылдары олар әлемдік рынокқа бағыт ұстаған индустрияландыру саясаты бойынша бұл процесте мемлекеттің ролін жоғарылату, индустрияландыруды жоспарлы түрде жүзеге асыру жөн деп қорғені байқалады. Мұндай пікір 60-шы жылдардағы зерттеушілер үшін оғаш көрінер еді.

Индустрияландыру саясатын ауыстыруға байланысты процестер бұл елдердің индустриалдық даму типін өзгертіп қана қойған жоқ. Алайда олар халықаралық экономикалық қатынастарға да өз әсерін тигізді. Экспортқа бағытталған индустрияландырудың ең елеулі нәтижелері өнеркәсіп саласындағы дамушы елдер мен дамыған елдер арасында халықаралық экономикалық қатынастардың серпіні, олардың кеңеюі, соның ішінде дамушы елдердің, экспорттық құрылымының өзгеруінен айқын көрінеді.

Дамушы елдердің экономикалық өсуі және олардың 30-шы және 60-шы жылдардағы өлсіз дамушылығындағы қиындықтарды жеңу мәселелерін зерттеушілердің көпшілігі бұл елдердің шикізаттық экспортқа мамандандырылуы ұзақ мерзімге алдын-ала белгілі болған тарихи шектеулік ретінде алып қараған еді. Дамушы елдердің тауарлық экспортының құрылымы жайындағы бұл түсінікті соңғы жылдары түбірімен қайта қарауға тура келді, әлемдік рыноктағы

дамушы елдердің жаңа орны да анықталды. Жалпы әлемдік экспорттағы шикізаттың үлесі 1953 ж. -50% болса, 1980 ж. -25%-тен аспады, барлық экспортталған шикізаттың 7,6%-і ғана (мұнайды қоспағанда) дамушы елдерде өндіріліпті, бұл көрсеткіш кейінгі жылдары тұрақты төмендей берді. Әлемдік өнеркәсіп экспортындағы дамушы елдердің үлесі 1953 ж. 4% болса, 1980 ж. 9% болды, өнеркәсіп экспортының жыл сайынғы өсімі 70-ші жылдары дамыған елдерде 6%, дамушы елдерде 10% болды. Осы жылдары бұл елдердің өнеркәсіп өнімі екі есе артты. БҰҰ мәліметі бойынша олардың өнеркәсіп экспортының жалпы көлемі 1960 ж. 2 млрд.долл. болса, 1980 ж. 90 млрд. долл-ға жетіпті. Бұл елдердің экспорт көлемінің өсуі тұрақты, ұзақ мерзімдік тенденцияда болуы олардың ХЕБ кірісуін ұлғайтуға бағытталады. Дамушы елдерден өнеркәсіптің дайын тауарларын экспорттау өзінің даму серпінділігі белгілерімен ғана маңызды халықаралық процесс ретінде бағаланбайды, ол кейбір аймақтар үшін де, жекелеген тауарлар бойынша да маңызды.

Экспортқа бағытталған индустрияландыру дамушы елдер ішінде ортүрлі қарқында жүргізіледі. Индустрияландыру процесі негізінде бұл елдердің даму деңгейі жағынан дифференциалануы ерекше айқын байқалады. Әрине, өнеркәсіп өндірістерінің өсуі аздаған елдерде ғана болды. Мысалы, 1978 ж. дамушы елдердің өнеркәсіп тауарларының жалпы өнімінің 73%-ін тек 10 елде ғана өндіріпті. Солардың ішінде Оңтүстік Корея, Тайвань, Гонконг, Сингапур - осы төрт елдің үлесіне өлгінің 52%-і келіпті.

Дамушы елдердің өнеркәсібінің өсуіне аз ғана елдер тобы басым үлес қосыпты. Бұл елдердің өңдейтін өнеркәсібі 1966-1975 жылдары 73,2%-ке өсіпті. Оны Бразилия (23,9%), Мексика (10,7%), Аргентина (9,4%), Оңтүстік Корея (8,2%), Индия (5,9%), Түркия (5%), Иран (2,9%), Индонезия (2,5%), Гонконг (2,4%), Тайланд (2,3%)- осы 10 ел (7) қанағаттандырыпты. Осы елдердің халқының саны дамушы елдердің жалпы халық санының 60%-ін құрайды екен. Өнеркәсіптің дамуына ең аз тартылғандары кіші және кірісі төмен елдер болыпты. Барлығы 8 ел ғана - Гонконг, Тайвань, Оңтүстік Корея, Сингапур, Бразилия, Мексика, Аргентина, Индия дамушы елдер экспорттайтын өнеркәсіп тауарларының үштен екісін, соның ішінде машина өндірісі тауарларының 90%-ін, электрлік емес машина жабдықтардың 96%-ін, транспорттық жабдықтардың 88%-ін өндірген.

Африкалық елдердің басым көпшілігі өнеркәсіп өнімдерінің экспортына қатыса алмайды.

Дамушы елдердегі индустрияландырудың ұзақ уақыттық тенденциясы және осы елдер мен дамыған елдер арасындағы сауда дамуы жайында жасаған талдаудан мынадай қорытынды жасауға болады: аталған процесс шектеулі ғана елдер үшін осудің қозғалтушысы болды; таяудағы онжылдықтарда жағдай соншама өзгере қоймайды; бірақ уақыт өткен сайын бұл елдердің көбірек тобы халықаралық саудаға тартыла береді.

Бүгінде импортты алмастыру жолымен индустрияландыру идеясы экономистер арасында біршама томендеді. Демек өлсіз дамыған елдерде өнеркәсіп дамыту өрекеті барлық жағдайда сәтсіздікпен аяқталған жоқ. Кедей елдердің аздаған тобы 60-жылдардың ортасы кезінен өндіріс және тіршілік деңгейінің жылдам осуін индустрияландырумен ұштастырып шығады. Бұл елдердегі индустрияландыру басым көпшілігінде ішкі емес, сыртқы рынокқа, яғни экспортқа бағытталған еді. Бұл елдерді көбінде “*жаңа индустриялық елдер*” (ЖИЕ) деп атайды. ЖИЕ-нің алғашқы ең айқын өкілдері - азиялық төрт ел: Оңтүстік Корея, Гонконг, Тайвань және Сингапур.

ЖИЕ-дегі индустрияландырудың бір ерекшелігі - оларда экономиканың жылдам осуімен қатар сыртқы саудаға жоғары дәрежедегі ашықтығы. Бұны ол елдердің ұлттық кірісіндегі экспорт үлесінің салыстырмалы деректерінен айқын көруге болады. Мысалы, 1990 ж. ұлттық кірістегі экспорттық үлесі Гонконгте 137%, Сингапурде 190% болыпты. ЖИЕ сияқты экономикасы жылдам дамып келе жатқан елдерде импортты алмастыру саясатын жүргізетін мемлекеттермен салыстырғанда олар өздерінің сыртқы сауда практикасында төменгі мөлшердегі біріккен кедендік баж ставкасын қолданады.

ЖИЕ-де басқалардан айрықша жылдам даму жолына түскендегі басты *сиқырлық* неде? Олардың табысын басқа елдер қайталауы мүмкін бе? Оңтүстік Кореяның табысы кедендік қорғанудың төменгі деңгейімен емес, басқа факторлармен түсіндірілмей ме, деген сияқты көптеген сұрақтар туындайды.

Әлбетте, елдер бір-бірінен өзгеше екендігі түсінікті, ЖИЕ-нің табыстары халықтың білімге деген күшталлығы, еңбек этикасының ерекшеліктері тәрізді әлеуметтік факторлармен де түсіндірілуі өбден мүмкін. Екінші жағынан қарағанда

осыдан 30-дай жылдар бұрын Оңтүстік Корея экономикалық күрт секіріске соншалықты сайма-сай келетін ел екенін кімдер айта алған еді! Корея экономикалық шайқаста тек қана өзінің сауда саясатын өзгерту нәтижесінде жеңіп шықты. Сонда оның сауда саясатының табысы кездейсоқ емес екен. ЖИЕ-нің айрықша табыстарға жеткен себептері туралы үзілді-кесілді соңғы қорытынды жасау оңай емес. Сөйтсе де *экспортқа бағытталған* индустрияландыру моделінің елеулі табыстары индустрияландыру ішкі рынокқа бағытталуы керек деп келген сенімді барынша шайқалтты.

Индустрияландырудың жоғарыда көрсетілген өдістері негізінде экономикалық осудің халықаралық эффектісі қандай болмақ? Бұл жөнінде мынадай қысқаша *қорытынды* жасауға болады. Ел экспорттайтын тауарлар бағытында өндірістік мүмкіндіктерді тұрақты арттырып отыратын осуді экспортқа бағытталған деп атайды. Елге импортпен өкелетін тауарлар өндірісінің осуі импортты алмастыру дейді. Экспортқа бағытталған осу жалпы алғанда экономикасы өсіп келе жатқан елдің сауда жағдайын нашарлатады, ал басқа елдер яғни оның сауда өріптестеріне тиімді келеді. Импортты алмастыратын осу жалпы жағдайда экономикасы осу процесіндегі елдердің сауда жағдайын жақсартады. Мұны мысалы, АҚШ-тың халықаралық сауда қатынастарына қатысты алып қарасақ: басқа елдердегі экспортқа бағытталған осу АҚШ-тың сауда жағдайын жақсартуды және тиімді, ал басқа елдердегі импортты алмастыратын осу - АҚШ-тың сауда айырбас жағдайын нашарлатады; АҚШ-тағы экспортқа бағытталған осу, сауда жағдайын нашарлатады, осудің тура тиімділігін азайтады, ал ондағы импортты алмастыратын осу, керісінше, сауда жағдайын жақсартады, осудің екінші эффектісіне айналады.

Өлсіз дамыған елдердің көптеген экономистері 50-жылдары олардың елдері негізінен шикізат экспорттайды, осыдан барып сауда жағдайын нашарлатып азап тартады деп есептеді. Олар дамыған елдердегі осу табиғи ресурстардың орнына *синтетикалық ауыстырғыштар* пайда болуына байланысты, ал өлсіз дамыған елдердегі осу индустрияландырудың орнына экспорттауға арналған өртүрлі табиғи шикізаттар өндіретін салаларды кеңейту процесіне айналып отыр деп пайымдады. Басқаша айтқанда, олар дамыған елдер үшін осу импортты алмастыратын, ал өлсіз дамыған елдер үшін - экспортқа бағытталған деген ой



түйіндеді. Кейбір зерттеушілер бүгінгі таңда да экономикалық осу әлсіз дамыған елдер үшін оңтайсыз салдарға апаруы мүмкін деп біледі. Олардың ойынша экспорттық салалардың осуі сауда жағдайын соншалықты нашарлатады, ондайда кедей елдердің ол-ахуалы экономикада томенден кетеді. Бұл жағдай одебиетте *қирауға жеткен* осу жағдайы ретінде белгілі.

Оңтүстік Шығыс Азия елдері *экспортқа бағытталған индустрияландыруды* басқалардан бұрын және қарқынды жүзеге асыра бастағаны елеулі құбылыстардың бірі болды. Олардың ішінде экономикасы серпінді дамыған "төрттік" - Сингапур, Гонконг, Оңтүстік Корея, Тайвань - басқалардан айрықша бөлінді. Бұлардың осылай айрықша дамуы факторларды тотенше сөйкестендіргендіктің нәтижесі ме? Осындай *модель* басқа дамушы елдерге сөйкесе ме? Бұл жайында ортүрлі пікірлер баршылық.

Кейбір зерттеушілер бұл *модель* басқа дамушы елдерге мынадай себептерден *жарамайды* деп біледі (9).

\*өлемдік рынок шектеулі, мысалы Индия сияқты елдер ЖИЕ-нің жолын қайталауға мүмкіндік бермейді;

\*осудің белгілі моделін сол бір тарихи кезеңде бір немесе бірнеше - "*озат*" елдерде ғана жүзеге асыруға болады;

\*ондай "*озаттарды*" іріктеп жолға шығару ұлттық шаруашылықтың даму нәтижесінде жүрмейді. Ол өлемедік жүйе шеңберінде жүзеге асырылады; ЖИЕ-нің экспортқа негізделген осуі өлемдік деңгейде капитал қорын жинаудың бір бөлігі. Бұл кейбір дамушы елдерге еңбек және капитал сиымдылықты өндірістерді апарып орналастыру жолымен дамыған елдердің өндіріс шығындарын қысқарту, артық жетілдірілген техникалық осуіне мүмкіндік алу мақсатын орындау болып табылады;

\*классикалық ЖИЕ моделінің артықшылықтарына куә келтірушіліктер де айтылады: Ол валюталық кірістердің осуіне, төлем балансының жақсаруына, жұмыстылықтың қосылуына, технологиялық дамудың жылдамдауына, экономикалық осудің жалпы тездеуіне қатысты. Ойткені, "жүргізуші экспорт" ("экспортведомый") экономикалық осу тұрақты қайталанып отыратын төлем баланстарының дағдарыстарына ұшыратады, оны Оңтүстік Кореяның, Бразилияның, Мексиканың т.б. мысалдары көрсетті;

\*Экспорттық өндірістер үшін шикізаттарды, технологияларды, түрлі компоненттерді, білікті мамандарды

сатып алу қажет, ал бұлардың бағасын монополистер орауақытқа өсіріп отырады;

\*кейбір тауарларды, өсіресе азық-түлік тауарларын импорттау қажет;

\*сыртқы заемдардың қажеттілігі өседі, берімсек көбейеді, ал заемдардың шартты жағдайы қатая түседі;

\*жұмыстылық шынында да өседі, бірақ ол тұрақты болмайды, құрылымдық жұмыссыздық көбейеді;

\*технологиялық даму бұл елдердің ХЕБ-дегі тәуелді интеграциялануын күшейте түседі.

\*ақыр соңында бұл модельді жүзеге асыруда үнемдеудің қатал программалары және азаматтық еркіндікті басу жағдайы болатындығын саяси жетесіздіктер деп көреді.

ЖИЕ-нің ішінде Оңтүстік Корея, Сингапурдың дамуын шетел инвесторларын арзан, төртіпті жұмыс күшімен қанағаттандыруға, еңбек қатынастарында авторитарлық корпоративті сөйкестендіруге және экспорттық бағыт ұстауға негізделген индустрияландыру стратегиясының мысалы деп есептеді. Ондай даму шынында жұмыстылықты қосуды, халықтың өртүрлі топтарының тіршілік деңгейін жоғарылатуды қанағаттандырады. Бірақ ол шетел капиталының күш көрсетуін, ұлттық шенеуніктердің оған тәуелділігінің осуін, жалдамалы жұмысшылар санының осуі мен жұмысшылар қозғалысының бытыраңқылығын, экономикалық ресурстарымен жұмыс күштері аздаған салаға шоғырлануын, жалпы алғанда авторитарлық төртіптің күшеюін бірге ала келді. Бұндай қозқарасты жақтаушылар ЖИЕ-нің экспортқа бағытталған индустриалдық тәжірибесін басқа дамушы елдер қайталауы мүмкін емес, немесе тілемейтін іс деген пікірде болды.

Бұны керісінше бағалауды жақтаушылар, мысалы, О.Гаврилишин, Дж.Алихандар бұны басқа дамушы елдерде ЖИЕ-нің табыстарын қолдану мүмкіндігіне күмөндік туғызған, 70-ші жылдарда өндірістің томендеуіне өсер өткен "экспорттық пессимизм" деп көрді. Олар өздерінің аргументтерін өндігі жерде, тіпті, "*өкініші ұрпақ*" - "*жаңа экспорттаушы елдер*" (ЖЭӨ)-ден және "*бірінші ұрпақтың*" ЖИЕ-ден экспортқа шығарған өнеркөсіп тауарларының осу жылдамдығына жасаған салыстырмалы талдаумен негіздейді. Олар "өкініші ұрпақ" немесе ЖЭӨ-ге Шри Ланка, Кипр, Тайланд, Индонезия, Перу, Иордания, Уругвай, Малайзия, Тунис, Филиппины, Колумбия, Марокко - осы 12

елді жатқызыпты. Ал "бірінші ұрпақ" немесе ЖИЕ-ге Аргентина, Бразилия, Греция, Гонконг, Индия, Израиль, Мексика, Португалия, Сингапур, Оңтүстік Корея, Испания - осы 11 елді кіргізіпті (7).

Дамушы елдердің экспортындағы ЖЭЕ-нің үлесі, ЖИЕ-ні кірістірмей есептегенде 1970 ж. 7% болса 1979 ж. 24% болыпты. Экспорттың жылдық осу жылдамдығы 1975-1979 жж. ЖЭЕ-де 35.6%, ЖИЕ-де 28.9%, барлық дамушы елдерде 17% болыпты.

Сонымен, бұл авторлар ең бері айтқанда өлемдік сауда баяу өскен және дамыған елдер рыногындағы қолайлы жағдай томендеу болған жағдайды дамушы елдер ЖИЕ-нің тәжірибесін қайталауға қабілетті дегенді дәлелдеуге тырысады. ЖИЕ-нің экспорттық құрылымына жасаған талдаудан мынадай қорытынды жасауға болады:

\*бұл елдерде негізінен ЖИЕ шығарған тауарларды экспорттаудан бастайды, яғни "дағдылы триодан" - тоқыма, киім, кеңінен тұтынылатын өртүрлі тауарларды экспортқа шығара бастайды.

\*Сонан соң машина жасаудың тұтыныстық тауарларын экспорттауға көшеді. Сонымен олар ЖИЕ тәжірибесіндегідей дағдылы өнеркәсіп тауарлары ендігі кезде экспорттың серпінді осудің негізі бола алмайды деген пікірдің жалған екеніне нандырмақ болады. ЖИЕ-нің экспорттық рыноктарына жасалған талдау осы айтылғандарды бекіте түседі, дамушы елдердің күшейе бастаған экспорттық бағытының тенденциясы бойынша олар басқа дамушы елдерден гөрі дамыған елдермен көбірек сауда жасайтын болды;

\*дамушы елдердің ішінде артық молшерде капитал жинақтағандарының үлес салмағы және ЖЭЕ-нің экспортындағы ЖИЕ үлесі жеткілікті дерлік жоғары, бұл көрсеткіш осы түсуде. Осыдан ЖИЕ өнеркәсіптік дамуы барысында олар салыстырмалы артықшылықтан ХЕБ "жоғарырақ қабатындағы" еңбек сыймды өндірістерге көтерілетіндігі байқалады. ЖИЕ рыноктары басқа дамушы елдердің, соның ішінде ЖЭЕ экспортын кеңейтуге өсерін тигізуде. Бұл талдауға байланысты мынаны ескерген жөн: ЖЭЕ ЖИЕ -нің экспорттық тәжірибесін қайталағанымен оны экономикалық жылдам осу деңгейіне жетуге пайдалана алмады, экономиканың осу жылдамдығы ЖИЕ-ден төмен болғанымен басқа дамушы елдерден жоғары болды.

ЖИЕ-нің *индустриялық даму деңгейі*, аймақтық және өлемдік экономикада олардың алатын орны арта түсуде. Осы түста мынадай *ерекшеліктерді* белгілеуге болады:

\*дамушы елдердің басым көпшілігі өнеркәсіп саясатын жүзеге асыра отырып, өз қажеттерінің орта есеппен үштен екісін қанағаттандырады, олар өнеркәсіп өнімдерінің потенциалдық экспорттаушылары болып табылады. ЖИЕ-ге дамыған елдермен дамушы елдер арасындағы экономикалық қатынастарды кеңейтуде белгілі рөл беріліп отыр. Олар кейбір зертеушілердің пікірінше дамыған және дамушы елдердің қазіргі заманғы қарама-қарсылығын жонге келтіре отырып, жаңа халықаралық экономикалық тәртіп тоқтатуда *жалғастырушылық* (делдалдық) рөл атқаруы керек екен;

\*ХЕБ-тегі ЖИЕ алатын орны жайында мынаған назар аударылып отыр. Өзінің даму барысында ЖИЕ-нің *бірінші толқыны*, соның ішінде "төрттік" елдері уақыт өткен сайын өнеркәсіптің салалық құрылымын өзгерте берді. Сөйтіп, олар жоғары білікті жұмыс күшін пайдаланатын техникалық күрделі өндірістерге отуде. Онда өте жіңішке жасалымды машина жасау, электроника, аэроғарыштық техника, биотехнологиямен айналысады, ғылыми және тәжірибе-конструкторлық мекемелердің торабын кеңейтеді. ЖИЕ-нің өнеркәсіптік құрылымының өзгеруі ХЕБ қайта құрудың маңызды бір жағы ретінде байқалып отыр. Оның *мәні* мынада: дамыған елдер ғылыми сыймды және басқа өте перспективтік жаңа салаларды өздеріне сақтап қалады; ЖИЕ-ге кейбір салаларды ғана қалдырады, олар біліктілік еңбекті талап ететін күрделі өнімдерді өндіруге мамандандырылады; киім, тұрмыс электроникасы өндірістері, машина жасау, т.б. еңбексыймды өнімдер, өз кезегінде, өзінің өнеркәсіптік деңгейі бойынша ЖИЕ-ні жалғастырушы келесі толқын елдеріне жылжытылады. Сонымен, өлемдік капиталистік шаруашылықтағы өрбір топтағы елдерге олардың өрбіреуіндегі салыстырмалы артықшылықтарға сәйкес өздерінің *рөлі* белгіленетін жаңа халықаралық экономикалық тәртіп осылай көрінетін болмақ;

\*Оңтүстік - Шығыс Азия "жолбарыстары" құрамына кіретін аймақтық экономикалық одақ - АСЕАН елдері аса ірі табиғи және адам ресурстарын біріктіреді. Өлемдік экономикалық кеңістіктің маңызды тораптарының бірінде орналасқан бұл аймақтық одақтың жылдық тауар айналымы

шамамен 600 млрд.долл. жетеді. Рыноктың мұндай ауқымы АҚШ, Жапония, Еуропа Одағынан кейінгі төртінші орында.

Жалпы ішкі өнімнің жылдық орташа осу жылдамдығы 1989-1993 жылдары Тайландта 8,8%, Малайзияда 8,7, Сингапурде 7,5%, Индонезияда 6,8%, Тайванда 6,6, Оңтүстік Кореяда 6,4% болыпты. Бұл елдерді кейде "серпінді азиялық экономикалар" деп те атайды. Шағын ғана Оңтүстік Кореяның жалпы ішкі өнімі 1993 жылы 330,8 млрд. дол. болыпты, сойтіп ол осы көрсеткіш бойынша Қытай (364,9 млрд.дол.) сияқты алыптарға таяп қалды (18). "Жолбарыстар" мен "айдаһарлар" жоғары деңгейде өңделген тауарларды экспортқа шығаруды негізгі мақсат етіп қойды. Олар жапониядан кейінгі болып, алдымен ішкі рынок үшін өнім өндіріп, оны толық игергеннен кейін ғана сыртқа шығаруды жобалайтын экономикалық саясаттан бас тартты. Оларда жеке кәсіпорындар ғана емес бүтіндей сала, тіпті салалар кешені экспортқа тауар өндіру үшін құрылады. Әлемдік рынокты осылай нысанаға алу жұмыс күшінің арзандығынан теңіздік коммуникациялардың ыңғайлы орналасуымен және басқа да факторлармен үйлестірілетіндігі түсінікті. Бұндай саясаттың нәтижесі айқын көрініп тұр. Жапонияны қоса есептегенде Азиядағы ЖИЕ АҚШ рыногында автомобильдер мен электрондық техникалардың шамамен 30%-ін, тоқыма және тігіндік тауарлардың 50%-ін иеленді.

\*Бұл елдердегі негізгі өнімдердің өндіріс молшері елдің ішкі сұранысынан ондаған есеге дейін артық болады. Өндіріс ауқымы, әдетте, жарасымды молшер бойынша құрылады, онда өнім бірлігіне келетін шығынды ең аз болдыруды қоздейді. Бұлардың "ескі" индустриалдық елдерден айырмашылығы олар басым көпшілігінде сырттан өкелетін шикізаттар мен жартылай өнімдер пайдаланады. Бұл да олардың, сыртқы экономикалық байланысқа тәуелділігін күшейтеді. Бірақ негізгі үрдіс базалық салаларды біртіндеп дамыту, сонымен қатар ішкі рынокты кеңейту болып отыр.

ЖИЕ дамуындағы бір ерекшелік экономикалық және өлеуметтік дамудың тығыз байланыстылығы. Жалпы ұлттық өнім өрбір адамға шаққанда 1992 жылы Оңтүстік Кореяда 6799 дол., Тайванда - 9876 дол., Гонконгте-16063 дол., Сингапурде - 16539 дол. болды.

Сонымен бай табиғи ресурстардың жоқтығы бұл елдер арасындағы белгілі бір ұқсастық болып келеді. Осындайда теңізге тура шығатын географиялық қолайлы жағдай бірінші

дәрежедегі маңызға ие, бұл қажетті шикізаттар енгізуді, өндірген өнімдерді экспортқа шығаруды анағұрлым жеңілдетеді. Ауа райының қолайлылығы халықтың біршама бөлігі азық-түлік қажеттілігін өз өнімдерімен қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Азық-түлік салыстырмалы арзандығы капитал қорын жасау нормасына, оның шоғырлануын жылдамдатуға, шетел инвестицияларын тартуға оңтайлы әсерін тигізеді. "Айдаһарлар" өз арасынан және олар Жапониямен, Қытаймен, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен бірлесуі, әсіресе реформаның бастапқы кезінде бұларда арзан жұмыс күшінің біршама потенциалына байланысты болды. Ол тағы да бұндағы халықтардың модени ерекшеліктерімен, еңбек сүйгіштік, тәртіптілік, тозімділік, ұстамдылық, жанын аямауға дайын болатындығы сияқты дағдыларымен ұштаса келіп, реформалық жаңартуларды көп жағынан айқындайтын күшті факторға айналды.

\*ЖИЕ экономикалық дамудың қор жинау моделін жүзеге асыруға ерекше мән береді. Азиялық "кіші айдаһарлардың" капиталдық қорлану нормасы 70-ші жылдары 30%-ке таяу болса, 80-ші жылдары бұдан жоғарылап, Сингапурде 1990 жылы 44,2%-ке жетіпті. Капитал қорын жинаудың жоғары нормасы сонымен қатар шетел инвестицияларын тартуға, экспортқа бағытталған саясатқа отуға мүмкіндік туғызады. Бұл елдер экспортты ынталандыруға ерекше назар аудартады, онда салық демалысы (налоговые каникулы) және жеңілдіктер беру, жеңілдікті несиелер болу, баж салығынсыз экспорттық аймақ құру, экспорттық өнімдер өндірушілер үшін шикізаттар мен құрал-жабдықтар сияқты шаралар қолданады. Сойтіп "кіші айдаһарлар" өлемдегі жетекші экспорттаушы мемлекеттердің қатарына қосылғанын көреміз. Женевадағы дүниежүзілік сауда ұйымының деректерінде дүниежүзілік саудадағы үлесі бойынша (1994 жыл, %) алдағы бестікте АҚШ (12,3), Алмания (10,1), Жапония (9,5), Франция (5,7), Ұлыбритания (4,9) болса, Гонконг (3,7) 8-ші, Қытай (2,9) 11-ші, Сингапур (2,3) 12-ші, Оңтүстік Корея (2,3) 13-ші, Тайвань (2,2) 14-ші орында екен (9).

Прогреске ұмтылған серпінді секірістері үшін ол елдерді бүгінде "айдаһарлар", "жолбарыстар" деп атайтын болды. Елдерді бұлай болу поэтикалық шартты ғана атау. "Айдаһарларға" Шығыс Азия елдері - Оңтүстік Корея, Тайвань, Гонконг, Сингапурды жатқызады. Бұған соңғы кезде "үлкен айдаһар" деген атпен Қытай Халық



Республикасын да қосатын болды. "Жолбарыстар" - Оңтүстік - Шығыс Азия елдері: Малайзия, Тайланд, Индонезия, Бруней, Фидиппин, Вьетнам. Қазір бұлардың қатарында Индияны да атайды. Ғылыми әдебиетте бұларды да "жаңа индустриалдық елдер" (ЖИЕ) деп атайды. Бұл елдерді осылай біріктіретін ұғым және олардың экономикалық моделінің толық анықтамасы әдебиетте әзірге кезікпейді. Бұл топқа жататын елдер дамушы елдер мен экономикасы дамыған елдердің арасында *аралық* орында тұр.

БҰҰ *методикасы* бойынша қандай бір мемлекетті ЖИЕ қатарына енгізу үшін мына *критерияларды* пайдаланады: жан басына келетін жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) мөлшері; оның жылдық орташа осу жылдамдығы; ЖІӨ-дегі өндіріс өнеркәсіптің сыбағалы салмағы, ол 20%-тен артық болуы керек; экспортқа шығаратын өнеркәсіп өнімдерінің көлемі; сырттағы инвестицияларының көлемі. Осы көрсеткіштер бойынша ЖИЕ басқа дамушы елдерден жекеленіп қана қоймайды, кей жағынан олар өнеркәсібі дамыған елдердің көрсеткіштерінен де артылып кетуі мүмкін. Мысалы, Оңтүстік Корея, Гонконг, Тайвань, Сингапур және Израиль жан басына келетін кіріс, қаржы рыноктарының тұрақтылығы, экономиканың жан-жақты құрылымы, қызмет көрсететін салалардың жедел осуі сияқты маңызды көрсеткіштер бойынша экономикасы дамыған елдердің қатарына жетті.

Бұл елдерді ендігі жерде "Экономикасы дамыған елдердің" (бұрын "үлкен жетілік" немесе "өнеркәсібі дамыған елдер" дейтін - АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Алмания, Франция, Италия, Жапония, ) қатарына қосатын болды (9).

### 3.3. Аймақтық ынтымақтастықтағы индустрияландыру

Дамушы елдердің теорияшылдары ХЕБ жайындағы өз концепцияларын жасай келіп, индустрияландыру прогресі жолындағы *екі мақсатты* көрсетеді: *біріншісі* , ұзақ мерзімдік - бұл экономикалық тәуелсіздіктің және ХЕБ-ке тең құқықпен қатысудың идеалдық ситуациясы; *екіншісі*, таяудағы - бұл нақты өмірде өз күшіне сүйеніп дамуға қол жеткізу. Олардың барлық *концепциялары* дамушы елдердің дамыған капиталистік елдерге тоталдық экономикалық тәуелділігі тәуелсіз іс-қимыл жасауға және

индустрияландыру саясатын өздігінен таңдауға үлкен шектеу жасап отыр деген идеядан бастау алады. Концепцияның авторлары осы тәуелсіздікке қарсы тұратын жол ретінде дамушы елдердің дамуын, соның ішінде индустрияландыру процесін *интернационалдандыру* идеясын ұсынады. Оны осы елдердің өз күшіне сүйенуіне және өзін-өзі қанағаттандыруына *ұжымдық көмек* көрсету, сүйемел жасау жолымен жүргізсе, осы бағытта дамушы елдердің *аймақтық, субаймақтық* ынтымақтастығын күшейтсе, соның ішінде өнеркәсіпті дамыту мақсаты алдыңғы орындардың бірі болса деген пікір айтады.

Дамушы елдердегі өнеркәсіптің дамуын шектеп отырған негізгі фактор- олардың ішкі рыноктарының өте тарлығы. Сондықтан бұл елдердегі ынтымақтастықтың *регионалдық және субрегионалдық ұйымдығын* құру өте маңызды іс болып отыр. Ондай ұйым ортақ рыноктың міндетін атқарады, адамдардың, қызмет көрсетудің, капиталдың топтасқан елдер арасындағы қозғалысына еркіндік береді, аграрлық саясатты келіседі, дамудың жалпы жобаларын жүзеге асырады, жалпы валюталық және экономикалық саясатты таразылап жасайды, мүшелердің даму деңгейіндегі айырмашылықты азайтуды көздейді. Ондай ұйымға мысалы, Оңтүстік Шығыс Азия елдері Ассоциациясы (АСЕАН), Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық ынтымақтастығы ұйымы (ОЭСЭКО), Батыс Африка елдерінің экономикалық қоғамдастығы (ЭКОВАС) сияқты халықаралық аймақтық одақтастықтар болуына әбден болар еді.

Регионализмнің қайта орлеуі 80-ші жылдардан жаңа жағдайда күшті қозғалысқа түсті. Мұның жаңа мағынасы - дамушы елдердің экономикалық және техникалық *аймақтық ынтымақтастығы* (ДЕАЫ) - бұл елдердің даму стратегиясының өзекті элементі болуға тиісті. Бұл тек аймақтар арасындағы ынтымақтастықты ғана емес, сонымен бірге дамушы елдердің аймақтық блоктары ассоциацияларын да өзара біріктіруіне болады, ондай ынтымақтастыққа аймақтық блоктардағы ірі дамыған мемлекеттер де тартылатын болады.

ДЕАЫ дамушы елдер үшін басты маңызға ие бола алады. Ойткені, экономикалық жүйедегі өзара тәуелділік және ары қарай тереңірек интеграциялану бұл елдердің даму проблемаларын толық шеше алмайды. Кейбір зерттеушілер бұл жерде "тең еместердің өзара тәуелділігі" өдетте өлсіздің

күштіге тоуелділігін арттыра түседі" деп тұжырымдайды. ДЕАЫ мынадай себептерден өлемдік экономика прогресінде елеулі орынға ие болуы керек:

1. Дамыған елдердегі экономикалық осу жыл откен сайын төмендей түсуде, бұл корсеткіш дамушы елдердегі осудің қозғалтушысы бола алмайды;

2. Солтүстік - Оңтүстік келіссоздерінің жүргізу кезіндегі дамушы елдердің бірлігі Оңтүстік - Оңтүстікпен тығыз ынтымақтастық түріндегі демеу жасауды қажет етіп отыр. Бұндағы жасалатын демеу онеркөсіпті, қаржыларды ғылым мен технологияны, маркетингіні шикізаттық, энергетикалық, еңбек ресурстарын дамытуды және өлеуметтік даму мәселелерін қамтиды;

3. Дамушы елдердің берешегі, мұнайдың бағасы, азық-түлік мұқтаждығы, дамыған елдерден алатын импортқа тоуелділік жыл откен сайын осе түсуде. Осындай жағдайда "үшінші өлемді" дамытуды бірігіп қаржыландыру, өсіресе осы топтағы өте кедей, өлсіз дамыған елдердің экономикалық төлем қабілеттілігін, өлеуметтік-экономикалық даму деңгейін арттырудың императивіне айналып отыр;

4. Дамушы елдерді ресурстармен қанағаттандыруда, экономикалық, өлеуметтік және мәдени даму мәселелерінде олардың мүмкіндіктерін бір-бірімен толықтыру, мүдделерін біріктіру олардың экономикалық мүдделерінің шешуші элементі болып табылады.

Аймақтық ынтымақтастықтың жобалары "үшінші өлемнің" дерлік барлық аймақтарында жасалады екен. Бірақ олардың көбісі саяси лозундардың немесе көсіпкерліктің салалық жасалымдарының деңгейінде қалады, саяси экономикалық деңгейге жете бермейді. ЭСКАТО елдері *индустрияландырудың* саясатын және стратегиясын *реориентациялаудың* кешенді программасын жасапты. Ол негізгі төрт элементтен тұрады (7).

1. Онеркөсібі және ауыл шаруашылығы салаларының арасында байланыс тоқтату және оны нығайту;

2. Халықтың кедей тобының негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруға ондірісті реориентациялау;

3. Ірі және қазіргі заманғы онеркөсіпке байланысты онеркөсіптің шағын салаларын дамыту;

4. Көсіпорындарын ірі қалалардан тысқары орналастыру.

Мұнда қабылдаған шешімдердің импортты алмастыру саясатынан айырмашылығы - жергілікті ресурстарға

негізделген, жұмыстылықты біршама қосуға қабілетті, шағын көсіпорындарын құруды қоздейді. Жергілікті ресурстарды пайдалану процесінде инновация үшін және жергілікті ерекшелік жағдайларды қанағаттандыратын технологиялық инфрақұрылымдар үшін онеркөсіпке *жаңа серпін* беру керек екен. Онеркөсіптік жобалар мен кешенді программаларды өлсіз дамыған аймақтарға қарай апару жұмыстылықты қосу, шеткері ауданды дамытуда үлгі боларлықтай эффект окелуге тиісті. "Ең өлсіз дамыған елдер үшін алғашқы қозғалтушы онеркөсіп салалары" *жобасын* жасапты. Онда алдымен көптеген түрлі қосымша ондірістер түріндегі кішігірім көсіпорындар пайда болдыру, осы арқылы бұл елдерді ары қарай дамытуға серпін беру мақсатын қойыпты.

ЭСКАТО индустрияландырудың аймақтық саясатын соңынан екі жаңа аспектімен толықтырыпты: *біріншіден*, индустрияландырудағы энергетика проблемалары - энергияның жаңа және желдің, күннің энергиясы сияқты қайталап пайдаланатын қоздерін пайдалану, қайталап пайдаланылмайтын қоздерін сақтау, үнемдеу, онеркөсіпте энергияны аз қажет ететін технологиялар қолдану; *екіншіден*, ондейтін онеркөсіптің ондірістік күш қуатын қосу.

Әр аймақтағы регионалдық индустрияландырудың мақсаты ондағы елдердің даму деңгейіне байланысты. ЭСКАТО-да қойылған мақсаттар біршама күрделі. Бұған қарағанда Африка елдері үшін жасалған *Лагосс жоспарының* мақсаты басқаша. Онда өзіндік онеркөсіп құруды жаңадан бастады, ішкі қажеттілікке бағытталған, ондірістің осу жылдамдығын адам санының осу жылдамдығынан 2-3% артық болдыру мақсатын қойды. Бұл негізінен ішкі ұлттық, регионалдық және субрегионалдық бағыттағы, яғни *импортты алмастыратын* индустрияландырудың мақсаты еді. Осындай жоспар бойынша *регионалдық, субрегионалдық* ынтымақтастықты күшейту интеграцияланған рынокты дамытуға жол ашады, қамтыған аймақтардағы ресурстарды үйлестіріп жарасымды пайдалануға мүмкіндік береді.

*Лагосс жоспары* ауыл шаруашылығын дамытуға жоғарғы басымдық береді, бұл сала басқа экономикалық мақсаттарды шешудің *кілті* болуы керек деп кореді. Олардың ішінде жалпы экономикалық осу, индустрияландыру, кірістерді жарасымды болу, жұмыссыздық пен адамдардың қалаға ағылуын қысқарту, сыртқы дисбаланстарды жонге келтіру сияқтыларды атауға болады. Бұл жоспардың басты

мақсаты - *өзін-өзі қанағаттандыруға* жету. Оны ішкі сұраныстың осуі ұлттық осудің негізгі көзіне айналған жағдай деп түсінеді.

Осындай ынтымақтастықтың ортүрлі регионалдык жоспарларында козделген басты мақсаттардың бірі - ұлттык деңгейде күшті өрекет жасайтын дамушы елдерді индустрияландыру жолындағы кедергілерді азайтуға ұмтылыс жасау, осы арқылы ұжымдық *өзін-өзі қанағаттандырудың* жоғары деңгейіне көтерілу болып табылады.

Аймақтык топтар мысалы, мұнай шығаратын ОПЕК елдері мен Азия - Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы ұйымы (АТЭС) елдері арасындағы ынтымақтастықтың мүкіндіктерін зерттеу аймақтык ынтымақтастықтың жобаларын жасаудың жаңа бір қырына айналды. Онда "үшінші өлем" елдерінің *ұжымдық өзін-өзі қанағаттандырудың* мағынасын Оңтүстік - Оңтүстік ынтымақтастығының ауқымды программасының бөлігі ретінде алып қарайды. Бұнда "үшінші өлем"-дегі ресурстар мен технологиялар қозғалысын тездету, сауданы кеңейтуді бірінші кезекте қанағаттандыру козделеді. Өнеркөсіп секторын болашақта ресурстар мен тауарлардың тиімді айырбастарын жасауға ең тартымды сала деп көреді, оған алдымен АТЭС елдерінің оңдейтін өнеркөсіп тауарларын жатқызады, оны алуға ОПЕК елдері мүдделі болуы мүмкін. Сойтіп АТЭС елдерінің өнеркөсібін дамытуға ОПЕК елдері қатысуына болады. Мұндай ынтымақтастык ОПЕК елдерінің мұнайы есебінен біріккен көсіпорындар механизмі, аймақтык қаржы институттары және сауда арқылы жүзеге асырылады.

АТЭС елдеріне байланысты ОПЕК елдерінің шығындарын өзгерту бағытында жабдықтау коздерін диверсификациялау, ондірістік күш қуаттарды қосу, ондағы адам және материалдық ресурстарды толық пайдалану мақсатын коздейді. Бұл саясатта елдердің өзара мүдделерінің сөйкестігі, барлық елдер экономикасының болашағын еске алу, елдердің саяси егемендігін күрметтеп сақтау негізінде құрылады. Ондай өзгерістердің теориялық мүмкіндігі АТЭС елдерінің жоғары диверсификацияланған өнеркөсіптік базасы ОПЕК елдерінің көптеген қажеттілігін қанағаттандыратындығында болып отыр. ОПЕК елдері өз кезегінде дамушы елдердің рыноктарын қанағаттандырып қана қоймай, олардың жаңа ресурстарын дамытуға демеу

жасайды. Мұндай ынтымақтастықтың өзара мүмкіндіктері ауқымды, олар дамушы елдердің *ұжымдық өзін-өзі қанағаттандыру* мақсатын жүзеге асыруға өсерін тигізеді. АТЭС елдері ОПЕК елдеріне өнеркөсіп тауарларын экспортқа шығарады, құрылыс контракттарына, өнеркөсіп орындарын салуға қатысады, жұмыс күшін пайдалануға береді.

Бұл топтардағы елдер арасында көпжақты біріккен көсіпорын құру жобалары бар. Мысалы, киім ондіруде: ОПЕК елдері рынок және капиталмен кіріседі, Индия, Корея - машина қондырғыларымен, Корея, Сингапур - киімді конструкциялау және маркетингімен, Бангладеш, Шри Ланка - арзан жұмыс күшімен кіріседі;

Электр тауарларын ондіруде үш жақты біріккен көсіпорында: ОПЕК елдерінің капиталын, Оңтүстік Азиядан еңбек, жапондық құрал-жабдықтар мен технологияларды пайдаланады.

Машина және транспорттык құрал-жабдықтар ондіру, экспорттаудағы бірлестік маңызды орын алады. Бұл бірлестікте ОПЕК капитал сиымды тауарлар ондіретін *экспортқа бағытталған* өнеркөсіп құрудың катализаторы ролін атқарады. Ондай көсіпорындарына стандартталған ондіріске мамандануды ұсынатын көрінеді. Олар кең сұраныстағы тұтыныстык және аралык тауарлардың белгілі түрлерін ондіретін фабрикаларды жабдықтауға арналған машиналар, стандартталған двигательдер, кемелер, қозғалыстағы теміржол құрамдары болып келеді.

Ерекше қызықтырарлық жай көпұлттык бірлескен автомобиль ондірісін құрмақ. Онда өрбір ел көп молшердегі ондірістің белгілі құраушыларын дайындауға *мамандандырылады*: Индия, Оңтүстік Корея - конструкциялау және күрделі инженерлік болшектер; Пәкістан, Бангладеш, Филиппин, Шри Ланка - кіші болектерді ондейтін жеңілірек инженерлік қызметкер; Малайзия, Индонезия - каучукке негізделген доңғалақтар және басқа болшектер. Автомобиль қарапайым, көп молшердегі сұраныста, азиялық және африкандык рыноктарға арнамақ. Бастапқы күш қуаты 1 млн. машина, автомобильдер, жеңіл тракторлар және автобустарды қамтиды.

Сонымен, АТЭС пен ОПЕК елдерінің сауда, өнеркөсіп, қаражат саласындағы аймақтык ынтымақтастык программаларының базалык негізі индустрияландырудың оржақты процестері болып келеді. Регионализм дамушы



елдердегі даму стратегиясының негізі концептуалдық бағыттарының бірі, жергілікті ресурстарды тиімді пайдалану негізінде индустрияландырудың практикадағы нақты жолы болып табылады. Ендеше бұл дамушы елдердің ұлттық және аймақтық потенциалын жұмылдырудың және олемдік рыноктағы олардың алатын орнын жоғарылатудың маңызды бір құралы болатыны анық.

Дамушы елдердің өнеркәсіптік потенциалын дамытудағы жаңа құбылыстарға байланысты тағы бір бағыт - бұл елдердегі көпұлттық корпорациялар мәселесі. Соңғы жылдары олардың саны, ауқымы, іс-қызмет жүргізетін географиялық орісі кеңейе түсті. *Көпұлтты корпорациялардың* (КҰК) тауарлық мамандандырылуы тұтыныстық тауарларды да капиталинтенсивтік тауарларды да қамтиды. Олар жоғары білікті еңбек талап ететін аралық (газет қағазы, жасанды жібек, болат, мұнай өнімдері, т.б.) және дайын (жүк таситын құралдар, станоктар, шағын компьютерлер, дизельдер, т.б.) өнімдер болуы мүмкін. Олардың бәрі бәсекелік қабілетті болуы керек.

КҰК-тің өзіндік ерекшеліктері бар:

\*Индиялық КҰК ең көп түрлілігімен және өнеркәсіп қызметтерінің диверсификацияланғандығымен өзгеше;

\*Гонконголық КҰК - дамыған елдердегі КҰК ішіндегі ең ірілерінің бірі ;

\*Бразилиялық КҰК - өз еліндегі ең дамыған ондеуші өнеркәсіптерге сүйенеді.

Әдетте КҰК-тердің іс-қызметі өз елінде өнеркәсіпті дамыту саясатының жалғасы ретінде танылады. Бұл әсіресе индиялық КҰК-тердің мысалында байқалады. Жеткізілетін технологиялар, білікті кадрлар деңгейі бойынша және іс-қызметінің ауқымы бойынша кейбір индиялық КҰК-тер дамыған елдердің КҰК-теріне таяу келеді. Дамушы елдердің КҰК перспективтік бағыттары әртүрлі: кейбір мамандардың пікірі бойынша бұлардың көпшілігі құрып жоғалады, тек біразы ғана олемдік бәсекелікке тозе алады; енді бір мамандардың пікірі бойынша, шындығында да кейбір жоғары технологиялық салаларда олар құрып жоғалуына қарамастан технологиялық деңгейі баяу көтерілген кәсіп орындарында, олар өз позициясын нығайта беруі мүмкін.

Дамушы елдерді 80-ші жылдары дамыту стратегиясының анықтаушы бағыты ретінде *негізгі қажеттілікті қанағаттандыру* мақсатын қабылдады. Осы стратегияның

және индустрияландыру мен жалпы экономикалық осудің мақсаттары бір-біріне сай келетіндігі туралы мәселені кеңінен талқылады. Басында олар бір-біріне сай келмейтіндігі жөнінде пікірлер айтылды, соңынан бұлар жалпы концептуалдық мақсаттар қояды, өйткені негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру қандай бір дамудың ең соңғы мақсаты болады деген ой түйіндеулер пайда болды. Сондықтан ЛИМ декларациясының тапсырмаларына қол жеткізуді халықаралық деңгейдегі, ал негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыруды-ұлттық деңгейдегі даму ұғымы ретінде алып қарады.

*Негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру* саясатының өнеркәсіптік даму тұрғысындағы басты элементтері ретінде мыналарды көрсетеді: дамушы елдер халқының ең кедей топтары қызметпен айналысатын экономиканың дағдылы салаларын дамытуға ресурстарды жұмсау; технологияларды, жұмыстылықты қосатын салаларға пайдалану; білім беру жүйесін қайырымдылықтың мүддесін ескеру негізінде ұйымдастыру; әлеуметтік программаларды қала мен ауыл арасында жарасымды жағдайда сәйкестендіріп болу, т.б. Негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру концепциясы үшін экономиканың жылдам осуі алдыңғы кезектегі міндет емес. Бірақ ең артта қалған салалардың жедел дамуы уақыт өткен сайын жалпы экономиканың тез көтерілуіне жеткізеді дейтін сенімдер баршылық. Экономиканың осуін тек күрделі қаржыны көбейтумен ғана емес, алайда жұмыс күшін, капиталды, жерді және қазіргі заманғы технологияны тиімдірек пайдалану арқылы қанағаттандыруға болатындығы белгілі. Осыны негізге алсақ, елдің ең кедей тобының жағдайын жақсартудың және оның экономикасының осуін қанағаттандырудың арасында қарама-қайшылық жоқ деуге болады.

*Негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру* концепциясын жақтаушылар импортты алмастыратын және экспортқа бағытталған индустрияландыру дамушы елдердің еңбекші халқының негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруға септігін тигізбеді, керісінше осы проблеманы өткірлендіре түсті деген қорытындыға келеді. Олар бұл проблеманы шешуде шағын өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, дамушы елдер арасындағы әсіресе өнеркәсіптің дайын тауарлар саудасын дамыту көп дәрежеде демеу болатындығын көрсетеді.

*Негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру* стратегиясын 80-ші жылдары көптеген дамушы елдерде, өсіресе, өте өлсіз дамыған елдерде қабылдады. Индустрияландыру барысындағы бұл жаңа бағыт ұсақтауарлы, ұсақкапиталистік секторларды дамыта түседі, біліктілігі төмен еңбек қолдану негізінде ең мол тұтынылатын еңбексыймдылықты тауарлар өндірісін кеңейтеді. Индустрияландырудың бұндай жаңа бағытын жүзеге асыру - жұмыстылықты қосады, өндірісті өлсіз дамыған шеткері райондарға қарай қозғалтады, жергілікті ресурстарды өңдеуге демеу болады. Сөйтіп өнеркәсіп өндірісіне өте шашыраңқы, пайдалану деңгейі өте төмен ұлттық ресурстардың "төменгі қабаттарын" тартады. Осындай даму кедейшілікті азайту, жұмыстылықты жоғарылату, кірістерді біркелкілік жағдайында болу сияқты өлеуметтік қарама-қайшылықтардың откірленуін өзгертіп жөнге салуға көмек болады.

Дамушы елдердегі индустрияландыру процестеріне жасалған зерттеулер бұл елдердің материалдық-өндірістік базасы, ондағы өзгерістер туралы бай материал береді. Ол елдердің дамуының орқилы күрделі процестері туралы, жаңа ХЕБ-ке оларды кірістірудің ортүрлі және қарама-қайшылықтағы одіс-амалдары туралы, олардың даму стратегиясы айналасында болып жатқан идеологиялық күрестер туралы түсініктер алуға мүмкіндік туғызады.

Әлемдегі интернационалдану процесі жылдамдай түсуі дамушы елдердегі индустрияландыру процесінің нәтижесіне де тығыз байланысты. Шынында да индустрияландыру процесі дамушы елдер мен дамыған елдер арасындағы, сондай-ақ дамыған елдер арасындағы байланыстардың кеңеюі, олардың әрқилы болып өзгеруіне айтарлықтай әсерін тигізеді. Осы негізде дамушы елдердің даму деңгейіне қарай дифференциялануы, дамыған елдер мен дамушы елдер арасындағы айырмашылықтар өзгеру процестері жүріліп жатыр. Ең артық индустрияландырылған дамушы елдердегі өлеуметтік қарама-қайшылықтар, индустрияландыру процесінің шешімін таппаған мәселелер көбейе түсті. Бұл елдердің дамыған елдерге тәуелділігінің жаңа типі күшейіп, олардың арасындағы қарама-қайшылықтар жаңа деңгейде ұлғайды. Дамушы елдердегі индустрияландыру процесіндегі осындай қарама-қайшылықтардың шешімін табу, индустрияландыру саясатын дұрыс жолға қою негізінде ұлттық экономиканы жарасымды дамыту, халық

шаруашылықтарының интеграцияланған жүйесін құру т.б. кешенді шараларды жүзеге асыру негізінде экономикалық артта қалушылықты жою, өлеуметтік проблемаларды шешу мәселелері бүгінгі таңда күн тәртібіне қойылып отыр.

#### 3.4. Трансұлттық корпорация: индустрияландыру процесі

Дамушы елдердегі индустрияландыру процесіне трансұлттық корпорациялардың ролі күшті. БҰҰ эксперттері осы халықаралық экономикалық алыптарды "өлемдік экономиканы қозғалтушылар" деп атайды. 90-шы жылдардың ортасында 40 мыңдай ұлтаралық корпорациялар жұмыс жасайды екен. Олар өз елдерінен тысқары 250 мыңдай салалық кәсіпорындарға (дочерных предприятий) бақылау жасайды. Трансұлттық корпорациялардың негізгі бөлігі АҚШ, ЕҚ елдері және Жапонияда шоғырландырылған. Трансұлттық корпорациялар өлемдегі өнеркәсіп өндірістерінің 40%-іне, халықаралық сауданың жартысына бақылау жасайды. Олардың кәсіпорындарында жылына өндіретін өнімнің молшері 1 трлн.дол.-дан асады, оларда ауыл шаруашылығын қоспағанда 73 млн. қызметкерлер жұмыс жасайды.

Дамушы елдердің, соның ішінде ЖИЕ-нің индустрияландыру процесіндегі Трансұлттық корпорациялардың ролін мысалы, мына көрсеткіштерден байқауға болады: 500 алып трансұлттық корпорацияларда электроника және химия өнеркәсібінің барлық өнімдерінің 80%-ін, фармацевтиканың -95%-ін, машина өндірудің 76%-ін өткізеді. Трансұлттық корпорациялар халықаралық ауқымдағы күрделі қаржы, ғылыми-зерттеу салаларында түбегейлі саясаттарды жүзеге асырады. Олар дүние жүзіндегі жеке сектордың өндіргіш капиталдарының үштен біріне, шетелдік тікелей инвестицияның 90%-тен астамына бақылау жасайды.

*Халықаралық корпорация* деңгейінсіз іс-қызметі өзі орналасқан елдің шекарасынан алысқа кететін олардың өндірісіне, өнім өткізуіне тауарлар сатып алуына, қызмет көрсетуіне қолайлы позиция жасайтын өнеркәсіптік, саудалық, транспорттық немесе банкілік фирмалар мен компаниялардың ірі бірлестіктері болып табылады. Халықаралық бірлестіктер алғаш XIX ғасырдың 60-80-ші жылдары минералдық шикізаттарды қазып шығару, сатып

алу, өткізу саласында пайда болды. Капиталистік қатынастардың даму барысында олар өлемдік шаруашылықтың өртүрлі секторларында құрылып дамыды.

Халықаралық өндірістік құрылымдардың пайда болуы еңбек бөлінісі және өндірістік коорпорация дамуының заңдылық нәтижесі. Кәсіпорындарының еңбек бөлінісіне кірісуі олардың мамандануына өкеледі, сонымен қатар өндіріс пен капиталдың шоғырлануы өседі, яғни кәсіпорындарының ауқымы үлкейеді. Рыноктық экономика жағдайында өндірістің шоғырлануы бөсекелестік күреске тотеп берудің, өндіріс шығындарын томендетудің, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің маңызды факторына айналады. Оз елінің шеңберінде өндірісті үлкейте келе ірі кәсіпорындар енді шетелдерде тауар өндіруге үмтылады. Сөйтіп, халықаралық өнеркәсіптік бірлестіктер құру проблемасы пайда болады.

Кәсіпорындардың өлемдік рынокқа көптеп шығуы олардың арасындағы бөсекелікті күшейте түседі, енді кәсіпкерлер өз капиталы мен өндірісін халықаралық ауқымда шоғырландыруға тырысады. БҰҰ статистикасы бойынша алғашында жылдық айналымы 100 млн. дол. артық, өлемнің алтыдан кем емес елдерінде бөлімшелері немесе салалық компаниялары бар ірі фирмаларды ғана *халықаралық корпорациялар* ретінде алып қарайтын. Қазіргі уақытта фирмалардың халықаралық мәртебесін сипаттайтын осы көрсеткіштерге өзі орналасқан елден тысқары жүзеге асырылатын оның саудасының проценттік деңгейін және активтерінің жалпы құрылымындағы шетелдік активтердің үлес салмағын қосатын болды.

Зерттеушілер халықаралық корпорацияларды *үш топқа* бөледі. *Біріншісі трансұлттық корпорация* -бұл басым көпшілігінде бірұлттық акционерлік капиталды және корпорацияның барлық қызметіне бақылау қоятын сипаттағы ірі компаниялар. Олар басқа елдердегі қызмет белсенділігін онда өндіріс, өнім өткізу, ғылыми-зерттеу орталықтарының дербес аппараттары бар бөлімдер мен салалық компаниялар ұйымдастыру арқылы іске асырады.

*Екіншісі, көпұлттық корпорациялар.* Олар тек өзінің іс-қызметінің бағыты бойынша ғана емес, оларға бақылау қою жағынан да халықаралық фирмалар болып табылатын трестілер, концерндер және басқа өндірістік бірлестіктер. Бұлар өндірістік және ғылыми-техникалық негізде

компанияларын біріктіреді. Көпұлттық бірлестіктер трансұлттық корпорациялардан бұрын пайда болса да олар сияқты дамып соншалықты өсер ете алмаған. *Үшінші* топты *халықаралық корпоративтік одақ* деп атайды, олар көпшілігінде ұйымдастыру нысанында консорциумдар болып келеді. Бұл құрылымдар өндірістік, ғылыми-техникалық, коммерциялық негізде ұйымдастырылады, олар ірі экономикалық міндеттерді шешу үшін құрылған өнеркәсіптік, банкілік және басқа концерндердің арнайы бірлестіктері болады.

Қазіргі заманғы халықаралық концерндердің сипаттамалық маңызы олардың шығу тегінде емес, қайда капитал жұмсауында болып отыр. Осыған байланысты экономикалық әдебиетте және практика жүзінде халықаралық өнеркәсіптік бірлестіктердің барлық топтарын бірдей көбінде *трансұлттық корпорациялар* дейді.

*Трансұлттық корпорациялардың* экономикалық артықшылықтары ең алдымен өздерінің қызмет жасайтын территорияларын кеңейтуге байланысты. Бұл оларға мынадай *артықшылықтар* өкеледі:

\*олар басқа елдің табиғи және адам ресурстарын, ғылыми-техникалық потенциалын өздеріне қызмет етуге тартады;

\*басқа елдердің рыноктарына "іштей" кіреді, шетелдердің кедендік кедергілерін "аттап өтіп" өз капиталын енгізеді;

\*өртүрлі елдерде өндірістік салалар орната отырып, ішкі рыноктың шектеулі жағдайын өзгертеді, кәсіпорындарының күш қуаты, өндірістік өнім көлемін ең тиімді деңгейге дейін қосады.

*Трансұлттық корпорациялар* сонымен қатар өз капиталын енгізген елдердің экономикалық жағдайының айырмашылықтарынан пайда табады. Өртүрлі елдерде өндіріс бөлімшелері мен салалық кәсіпорындар орнатудан трансұлттық компаниялар мынадай *мүмкіндіктерге* қол жеткізеді:

\*шикізатты арзан, еңбекақы ставкасы томен елдерге өндіріс орындарын орналастыра отырып, шаруашылықты тездетіп жұмылдыруды іске асырады;

\*салық салу деңгейі томен болатын елдерден жоғары пайда табуға үмтылады;

\*өртүрлі ұлттық рыноктардың ерекшелік жағдайларына сәйкестіре отырып, өзінің өндірістік және тауар өткізу программаларын жарасымды болдырады;



\*шетелдердегі оздерінің ондіріс бөлімшелері мен салалық кәсіпорындарының кіріс-шығыс саясатын орталықтың мүддесіне сәйкестіре отырып, олардың баланстары арқылы реттеу жұмысын жүргізеді.

Сонымен трансұлттық корпорациялар ұлттаралық ондірістік кешендерді қалыптастыра отырып, ХЕБ және халықаралық ондіріс кооперациясының артықшылықтарын кеңінен пайдалануға мүмкіндік алады. Осының бәрі халықаралық экономикалық қатынастардың барлық сипатына, соның ішінде әлемдік сауда жағдайына, әсіресе дамушы елдердегі индустрияландыру процесіне терең әсерін тигізеді.

#### ***Трансұлттық корпорациялар әлемдік экономикаға, индустрияландыру процесіне қалай әсер етеді?***

Трансұлттық корпорациялардың дамуы әлемдік экономикаға, соның ішінде дамушы елдердің экономикасына терең әсер етеді. Халықаралық алыптар бұл елдердің шаруашылық құрылымына өте терең араласады. Олар осы елдердің өкіметтері және кәсіпкерлерімен өнеркәсіп салаларын дамыту бойынша ынтымақтастық жасайды. Дамушы елдердің экономикалық артта қалғандығын жою мүдделеріне сәйкес халықаралық корпорациялар алдымен осы елдерде ондейтін өнеркәсіптің ондіріс бөлімшелері және салалық компанияларын орнатады. Онда трансұлттық корпорациялар өз мүдделеріне сәйкес дамушы елдерге еңбексыйымды, энергиясыйымды, материал сыйымды, ондірістерді апаратыны күпия сыр емес.

Трансұлттық корпорациялардың дамушы елдерде орнататын ондіріс бөлімшелерді және салалық компанияларды бірнеше түрге бөлуге болады, олардың әрқайсысының өзіндік *ерекшеліктері* бар.

\*дамушы елдерде орнатылған трансұлттық корпорацияларға тәуелді ондіріс бөлімшелері мен салалық компаниялар шикізат ресурстарымен айналысады. Олар одетте шикізатты қазып шығарады, оларды алғашқы ондеуден өткізеді. Ал бұларды тасымалдау, тереңірек ондеу, өнімдерді өткізу процесімен халықаралық корпорациялардың технологиялық тізбегіндегі жоғарғы бөлімдер айналысады. Дамушы елдер шикізаттық салаларда трансұлттық корпорациялардың активтерін ұлттық меншікке айналдыру ісін жүргізіп отырады. Дегенмен халықаралық корпорациялар

бұрынғысынша отын-шикізаттық ресурстардың әлемдік ондірісі және өткізуінде билеуші жағдайды сақтап келеді. БҰҰ мәліметі бойынша тек 15 трансұлттық корпорация каучук және мұнайдың әлемдік экспортының 70%-іне, мыс және қалайының 80%-інен астамына, ағаш, темір рудалары және бокситтердің 90%-інен астамына бақылау жасайды (20).

\*дамушы елдердегі *импортты алмастыратын* ондірістерді дамытуға бағытталған ондіріс бөлімшелері мен салалық компаниялар. Олар осы елдердің ұлттық экономикасын индустрияландыру стратегиясы бойынша дұрыс бағыт ретінде танылғандықтан ерекше маңызға ие. Онда өртүрлі құрал жабдықтар ондіруді біршама ұлғайту қажет деп көреді. Халықаралық корпорациялар қажетті машина, құрал жабдықтарды өздері орналасқан өнеркәсібі дамыған елдерден импортпен әкелуді көздейді.

\**экспортқа бағытталған* ондірістер дамуды көздеген ондіріс бөлімшелері. Жергілікті шикізаттардың бағасы төмен, еңбекақы мөлшері өте аз болатын жағдайды ескере отырып, халықаралық фирмалар дамушы елдерде өздері орналасқан елдерге немесе басқа мемлекеттерге экспортқа шығаруға арналған өнімдер ондіретін кәсіпорындарды іске қосуды көздейді.

Трансұлттық корпорациялар дамушы елдерді жоғары салалы жеке өнімдерді ондіруге *мамандандыру бағытына* көше бастады. Мысалы, Жапония электрониканың жоғары сапасы бойынша әйгілі; АҚШ-жақсы фильмдер мен компьютер ондіруде артық; Алмания-машина жасау, химия өнеркәсібі саласында жоғары стандартқа ие т.б. Халықаралық фирмалар осы сияқты белгілі орталықтардың айналасына өз бизнестерін топтастыруды әлемдік рыноктарда өз қызметтерін табысты жүргізудің ыңғайлы амалы ретінде таниды. Сонымен трансұлттық корпорациялар өздерінің міндет, мақсаттарын тиімді жалғастыруға ұмтылыс жасауда. Олар өздерінің барлық қаржылық ресурстарын, технологиялық және конструкторлық мүмкіндіктерін жұмылдыра білсе әлем елдерінің халықтарына қажетті өнімдер ондіруге өбден қабілетті деп көреді. Бұл әсіресе, көпшілік дамушы елдер көздеп отырған экономиканы индустрияландыру мақсатын жүзеге асырудың маңызды факторларының бірі болып табылады.

Трансұлттық корпорациялар ЖИЕ-нің экспорттық *мамандануына* үлкен рөл атқарады. Трансұлттық

корпорациялардың ЖИЕ-ге бағытталған сыртқы экономикалық қызметі дамыған елдердің құрылымдық өзгерістерімен, әлемдік шаруашылық байланыстарының интеграциалануымен, ХЕБ өзгерістермен тікелей байланысты. ЖИЕ-нің экспорттық потенциалының құрылуы Трансұлттық корпорациялардың ұлттық шекара шеңберінен белсенділікпен шығып, дамыған елдердегі өмір циклі біткен өнімдерді жылжытып орналастырумен шарттасып жатады. Бұл жерде *экспорттық типтегі индустрияландыру* ЖИЕ үшін тіпті де бір мағыналы құбылыс емес. Біржағынан, бұл корпорациялардың күшпен ұсынған бірінші кезектегі бастамасы, және ірі бизнестердің мүдделерін жүзеге асырудың нәтижесі. Екінші жағынан, ЖИЕ өздерінің өнеркәсіп потенциалын дамыту үшін осындай жолға баруға мәжбүр болды.

Соңғы нәтижелерге қарағанда *экспортқа бағытталған модель* импортты алмастырудан тиімдірек болып шықты. Барлық ЖИЕ-де шетел капиталдары, Трансұлттық корпорациялардың қызметін реттейтін, экспорттық өндіріс дамытуды ынталандыратын заңды ақтылар шықты. Сыртқы рынокқа бағытталған кәсіпорындар салық, қаржы, кеден жағынан кейбір жеңілдіктер алды. Экспорттық-өндірістік аймақтар құрылды, олар сыртқы рынокқа бағытталған өнеркәсіп дамытудың негізін қалады. Мұндай еркін экономикалық аймақтарды экспортқа шығаруға арналған әртүрлі өнімдер өндіретін *"әлемдік фабрикалар"* деп те атайды. Онда құрылған өндіріс орындарының көпшілігі трансұлттық компаниялардың сала салбырлары болып келеді.

ЖИЕ-нің негізгі ерекшелігі олар үшін сыртқы экономикалық қызметтің осуі ішкі дамудың қисындық нәтижесі болмауында. Сыртқы экономикалық байланыстың дамуы олардың ішкі экономикалық осуінің *катализаторы* міндетін атқарады деуге әбден болады. Бұл трансұлттық корпорациялардың басымшылығы экспорттық өндірісті дамытуға жұмсалған коммерциялық заим, несиелерге байланысты.

Қазіргі заманғы еңбек бөлінісінің ерекшелігі Трансұлттық корпорацияларға өзінің кәсіпорындарын, фирмаларын өте шағын сала салбырларға бөлектеп, оларды бүкіл әлемге таратуға мүмкіндік тудырады, сонда олар глобалдық құрастыру конвейрі тәрізді ұйымдастырылады. Мысалы, микроэлектрониканың өндірістік зауыттары Калифорнияның

кремни даласынан бастап, Тайвань, Сингапур, Малайзия, Шри Ланкадағы т.б. экспортқа арналған өнімдер жасайтын аймақтарына дейін таратылып орналастырылады.

Трансұлттық корпорациялар өз елінде жаңа ғылыми сыйымды салаларды сақтап қалады. Құрыш, кеме өндірістері тәрізді ескі салаларды, тоқыма, ойыншық, етік сияқты жеңіл өнеркәсіп салаларын, біліктілік қажет етпейтін микронұсқаларды құрастыру, тексерудің механикалық жұмыстарын ЖИЕ-ге жылжытып отырады.

ЖИЕ-де тоқыма және тігін өнеркәсібі біршама табысты дамып келе жатқанын белгілеу керек. Бұл жағдай бір кезде мақта-матадан өнеркәсіп тоңкерісін бастаған Англияны еске түсіреді.

Кейде ЖИЕ-нің алдыңғы қатардағы елдері дамыған елдермен бөсекелесе бастағаны туралы пікірлер кездеседі. Шынында бұл олай емес. Дамыған елдер мүлде жаңа ойынға кірісе отырып, өздерінің ескі орындарын ЖИЕ-ге жақсы көңіл жолымен беретін болды. Дамыған елдер өндірістің мүлде жаңа салаларына көшті. Олар - электроникамен, лазерлермен, биогенетикамен, ядролық энергиямен, синтетикалық "шикізаттық" материалдармен, мақтаны, құрышты, мысты алмастырушылармен байланысты салалар. Сөйтіп, дамыған елдер мен ЖИЕ арасындағы айырмашылық көп жағынан тереңдей түсуде.

#### *Трансұлттық корпорациялардан тікелей инвестиция енгізудің проблемалары*

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін дамушы елдер барлық дамыған елдер өздерінің сыртқы сауда саясатын өзгертуге бағытталған өрекет жасады. Нәтижесінде Солтүстік-Оңтүстік деп аталған келіссөздер үшін көптеген пікір ұсыныстар келіссөздер үшін көптеген пікір-ұсыныстар дайындапты. Келіссөздердің бұлай аталуы барлық дамыған елдер (Австралия және Жаңа Зеландияны қоспағанда) жер шарының қонырсапқын ауа-райлы Солтүстік белдеуінде, ал көпшілік дамушы елдер орналасқан аймақтар тропикалық Оңтүстікте болуына байланысты екен. Келіссөздердің негізгі мағынасы кедей елдер дамыған елдердің басымшылығына ұшырап отыр ма? Олардың дамуында шетелдік капиталдар

мен копүлттық корпорациялардың ролі қандай? деген сұрақтарға жауап іздеу болды.

Қазіргі заманда кедей елдер мен дамыған елдердегі олардың жақтастары, дамыған елдердің байлығы басымшылыққа байланысты деп көреді. Олардың пікірі бойынша басымшылық Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы мөміле арқылы жүзеге асырылуы керек. Бұл мөміленің дамушы елдер үшін пайдасыздағы жөнінде екі түрлі қозқарас бар: біріншісі - *"тепе-теңдік емес айырбас"* ("неэквивалентный обмен") қатынастары; екіншісі - *біркелкі емес даму доктринасы*.

*Бірінші* қозқарас бойынша дамушы елдер өнеркөсібі дамыған елдерге экспортқа шығаратын тауарларды өндіру үшін оларды айырбастауға ана елдерден келетін тауарларға қарағанда анағұрлым көп еңбек факторын жұмсайды. Бірақ халықаралық сауда проблемасын ондай өдіспен алып қарау рикадинадық модель бойынша табысқа жеткізбейтіні белгілі. Өйткені, дамушы елдердегі өнімділік өнеркөсіпте де, ауылшаруашылығында да төмен. Тепе-теңдік емес айырбастың болуы шарасыздан өлденені жоғалтады дөудің негізі бола алмайды.

*Екінші* қозқарас бойынша дамыған елдердің басымшылығы жөніндегі мәселеде жас салаларды қорғау аргументін көтерген ғылыми мектептің ұсынысы дәлелдірек саналады. Мұның өкілдері егер өнеркөсібі жақсы дамыған елдердің жетілген индустриясы жағынан бөсекелік болмаса дамушы елдер өздеріне де қазіргі заманғы өнеркөсіпті дамытар еді деп көреді. Солай десек, өлемді бай өнеркөсіпті жөне кедей аграрлық елдер деп болу тарихи кездейсоқтықтың нәтижесі болып табылады. Басқаша айтқанда бірінші топтың елдері осы жолмен ерте жүрді, сөйтп олар барлық өлемде алға шықты. Мұндай қозқарасты *біркелкі емес даму доктринасы* деп атайды. Мұның бірінші қозқарастан айырмашылығы, өнеркөсіптің жаңа салаларын қорғау концепциясы ретінде белгілі мағынасы бар.

Бірақ соңғы онжылдықтардың тәжірибесіне қарағанда біркелкі емес даму концепциясын дәлелдеу өте қиын. *Бір жағынан*, бұл доктрина жаңа салаларды қорғау туралы аргументтің орынды сипатына сүйенеді. Осылай бола тұра дамушы елдер қазіргі заманғы индустрияны дамыта алмағанын ондаған жылдар бойы отандық өнеркөсіпті кедендік қорғаумен қанағаттандырып келген импортты

алмастырудың тарихы көрсетті. *Екінші жағынан* кейбір дамушы елдер жас салаларға кедендік қорғау қолданбай-ақ өлемдік рынокқа экспорт жасау мақсатын табысты жүзеге асырып шыдады. Сонда қорғанған салалардың өндіріс тиімділігіне жетудегі табыссыз өрекеті де, қорғанбаған өнеркөсіптің айқын табысы да көрініп тұр. Осылардың өзі дамыған елдердің жетілген өнеркөсібі жағынан болатын бөсекелік дамушы елдерді индустрияландыру процесіне кедергі келтіретін негізгі фактор емес екендігін дәлелдейді.

#### *Оңтайсыз эффект. Технологиялық проблемалар.*

*Біркелкі емес даму* доктринасы экономикалық дамуға халықаралық сауданың жасайтын өрекетін зерттейді. Дамушы елдердің көпшілігі шетел инвестицияларынан, солардың ішінде трансүлттық корпорациялардың тікелей инвестицияларынан қамданады. Бұл корпорациялар дамушы елдердің экономикасына *оңтайсыз эффект* келтіреді деген қауіп бар. Трансүлттық корпорацияларды қабылдау туралы түсінік белгілі деңгейде үлттық егемендік жағынан негізделеді. Бұрын көпшілік елдер егер шетелдіктер экономикаға үлкен өсер ететін болса, олар саяси мәселелерге де белсенді кірісетін болады деп келген. Карикатуралық күлкі ретінде атаған "банан республикасы" іс жүзінде "Юнайтед Фрутс" компаниясының меншігі болғаны көп жағынан шындыққа жанасады екен. Тіпті Мексика сияқты үлкен елдің өзінде ХХ ғасырдың бастапқы жылдарында шетел компаниялары экономикада басты ролде болды, саясатқа да үлкен өсерін тигізді. 1910-1920 жылдардағы мексикалық төңкеріс кей жағынан шетел басқыншыларына қарсы патриоттық қозғалыс ретінде түсіндіріледі.

Дамушы елдердегі тікелей шетелдік меншік жайына келсек, онда ол біртіндеп азая келе соғыстан кейінгі уақытта үлттық егемендікке күшті қауіп төндірген жағдай болмапты. Бірақ трансүлттық көсіпорындарының операциялары өсе түскен 50-ші, 60-шы жылдары заңды түрде қамданушылық туғызды. Трансүлттық көсіпорындар қызметінің айналасында көрініс алған алаңдаушылықтың негізгі мөні технология мәселелеріне байланысты болды. Ол біріншіден, траснүлттық көсіпорындар пайдаланатын технологиялардың сипаты - *жарасымды технология* мәселесі; екіншіден, оларды барлық басқа көсіпорындарда пайдалануға болатын өдіс амалдары - *технологияны игеру проблемаалры* жөндеуінде болады.



*Жарасымды технология* концепциясын жақтаушылардың пікірі бойынша трансұлттық кәсіпорындар капитал көп керек ететін, жұмыс күші жетіспейтін өндiрiсiн орналасқан елiнде қолдануға ыңғайлы, ал олар қызмет жасайтын кедей елдер үшін соншама жарасымды бола бермейтiн технологиялар өкеледi деп көредi. Даму теориясы бойынша белгiлi маман И.Ф.Шумахер ұсынған "кiшi кәсiпорын- бұл тамаша" дейтiн лозунг, өлсiз дамыған елдерге трансұлттық компаниялар ұсынатын капитал көп қажет ететiн iрi өндiрiстер емес шағын, жоғары еңбекiнтенсiптi кәсiпорындар қажет дегендi насихаттайды (9).

*Технология сабақтастығы.* Онеркәсiптiң қандай жаңадан құрылған салалары тәжiрибе және бiлiм нысанында қосымша пайда бередi, соңынан олар экономиканың басқа секторларының игiлiгiне айналды. Трансұлттық корпорацияларды сынаушылардың көрсетуiнше: жаңадан құрылған салалар дамушы елдерде орналасады, ал технологиялар басқа елдерде дамиды, олар алатын елдiң шаруашылық салаларына берiлмейдi деп кiнәлайды. Олай кiнәлау корпорациялар және ұлттық фирмалардың технологияны игеру амалдарының арасындағы айырмашылықтар айқын еместiгiне байланысты (10). Жаңа технологияларды шетел компанияларының ерекшелiктерiне сәйкестiрiп игеру мәселелерi ЖИЕ-де бiр-бiрiне ұқсамайтын өртүрлi екендiгi байқалады: Оңтүстiк Корея, Гонконг ұлттық өнеркәсiптi дамытуда ұлттық капиталға сүйенедi; Тайвань, Сингапур халықаралық фирмалардың тәжiрибесiн еске алды; Жалпысынан бұл елдер халықтың өл-ахуалын жақсартуда айтарлықтай табысқа жеттi.

Трансұлттық корпорацияларды жақтаушылардың пiкiрiне қарағанда олар жоғарыда белгiленгендей қолайсыз технология өкелуi жергiлiктi фирмалардағыдан көп болмайды, кейде ондай жағдайдың болуы корпорациялар үшін жасалатын ынталандыруға байланысты екен. Халықаралық компаниялар дуалистiк экономика жағдайларында өнеркәсiп өнiмдерiн өндiруi жоғары еңбекақы, өкiметтiк саясатқа сәйкес қымбат техника импорттауға тура келедi, осындай себептерден трансұлттық кәсiпорындар өз елдерiнде қолданылатын капитал көп керек ететiн технологиялар пайдаланатын көрiнедi.

Бұл мәселе жөнiнде мынадай көзқарастың дұрыс екенiн дәлелдейдi. Мысалы, Мексика 80-шi жылдарға дейiн

импортты алмастыратын стратегия ұстанып келдi, экономикасы дуалистiк сипатта, өнеркәсiбi капиталсыйымды болды, онда қалалық жұмыссыздықтар үшін өте аз мөлшерде жұмыс орындарын ашатын едi. Мексиканың солтүстiк бөлiгiнде 1966 жылдан американдық фирмаларға АҚШ-қа экспортқа шығару мақсатымен зауыттар ашуға рұқсат берiлiптi. Екiжақты кiсiм бойынша импортқа баж салығы және басқа шектеулер қолданбай шикiзатты АҚШ-тан алады. Ал АҚШ Мексикадан экспортпен алатын тауарлардың жалпы құнына емес, тек өндiрiсте өңдеудiң қосымша құнына ғана баж салығын салуға келiсiптi. Бұл зауыттарда импортты алмастыратын кәсiпорындарға қарағанда еңбекақыны төменiрек мөлшерде белгелейдi; бұл кәсiпорындар үшін жоғары бағалы құрал жабдықтарды импортпен өкелуге ешқандай ынталандыру енгiзiлмедi. Нәтижесi айтарлықтай: бұған шамалы ғана инвестициялар тартыпты, жаңадан салынған кәсiпорындарының капиталсыйымдылығы дағдылы өндiйтiн өнеркәсiп салаларындағыдан 10 есе төмен, осындай "оффшорлық" кәсiпорындар қазiр мексикалық өнеркәсiп жұмыс күшi жұмыстылығының төрттен бiрiне жуығын қанағаттандырады.

Трансұлттық корпорациялар сыртқы саудалық жеткiзулерде ең алдымен монополияның штаб-үйлерi орналасқан елдiң параметрлерiне өзiнiң сипаттары жағынан ең жақын келетiн елдерге мүдделi келедi. Рыноқтың осыған ұқсас типтерiн олар артық игерген болады. Әдетте сыртқы сауда алдымен экономикасы жоғары дамыған елдер арасында тез өрiс алады, оларда аса iрi трансұлттық корпорациялар орналасқандығы белгiлi.

Тiкелей инвестиция жасау немесе шикiзаттар сатып алу мақсатындағы халықаралық монополиялардың iс-әрекетi жеке жағдайларда салыстырмалы артықшылық доктринасына қарама-қайшы келуi мүмкiн. Мысалы, капиталсыйымдылықты өндiрiстердi өлсiз дамыған елдерге қарай ығыстыратын жағдай осыған кәу. Салыстырмалы артықшылық доктринасы үшін мұндай ығыстыру өлсiз дамыған елдерде капитал мөлшерi аз және проценттік ставка жоғарырақ болатындығынан ғана дұрыс болып танылады. Бiрақ капиталды дамыған елдерден дамушы елдерге орын ауыстыруына болатын халықаралық фирмалар үшін алатын баламалы көздер iздеуi, жартылай өнiмдер келуiне кепiлдемелiктер болуы анағұрлым маңыздырақ болады.

Осы тәрізді шикізаттар кәзірін таңдауда фирманың бас бөлімі қымбаттырақ болса да фирмаға толық төуелді жағдайда болатын жеткізушілерді артық көреді. Барлық жағдайда тауардың бағасы немесе өндіріс факторларының бағасымен салыстырғанда бақылауда болу дәрежесі төуір салмақтылау болып келеді.

Дамушы елдердің халық шаруашлығын игере келіп *трансұлттық корпорациялар* ұлттық экономиканың негізгі салаларында *жетекші позицияға* ие болады. Олар өздерінің іс-қызмет жүргізетін салаларына көптеген жергілікті компанияларды, соның ішінде шағын және орташа кәсіпорындарды тартады. Сөйтіп жергілікті кіші бизнестердің трансұлттық корпорацияларға төуелділігі арта түседі, бара-бара ол тура міндеттілік байланысқа айналады, яғни өндіріс технологиясын, мамандандыруды, кооперациялауды дамыту, өнім өткізуді ұйымдастыру ноу-хау беру т.б. қызметті осындай тікелей міндет негізінде жүргізетін болады. Трансұлттық алыптар ең алдымен материалдық өндіріс саласында өрекет жасайды, олар жеке елдерде, аймақта, өлемдік шаруашылықта бүтіндей өндірістік салаларды өздеріне бағындырады, қазірде олар өлемдік өнеркәсіп өндірісінің үштен бірінен артығына бақылау жасайды.

Қазіргі кезде трансұлттық корпорациялардың қызметінде оңды нәтижелер байқалады. ЮНКТАД мәліметтері бойынша дамушы елдердегі олардың өндіріс бөлімшелерінде жұмыс орындарының саны 1985-1992 жылдары екі есе өсіп 12 млн. адам қамтылыпты. Мұндағы өндіріс бөлімшелері жоғарырақ еңбекке төлеуге, өлеуметтік артық жағдай қалыптастыруға, жергілікті еңбекшілердің білімін көтеруге кепілдеме береді.

Зерттеушілер кейінгі уақытта трансұлттық корпорациялардың экономикалық шамасыздығы, жуықта олардың күйрейтіндігі жөнінде сынайтын болды. Сондықтан олар өз қызметінің тиімділігін жоғарылату, құрылымдарын өзгертуді тездетіп түскен көрінеді. Американдық "Дженерал моторс" корпорациясы 1992 жылы өзінің бюрократиялық аппаратын 13-тен 2 мың адамға дейін, "Форд" басқару деңгейіндегілер санын 10-нан 7-ге дейін қысқартыпты. Жапондық "Тошиба" корпорациясы 1997 жылы қызметкерлерінің санын 30%-ке қысқартып, үлкен міндетті тікелей өндірісте қызмет атқарушыларға беруді дұрыс көріпті. Корпорациялар қызметкерлердің кәсіби

дайындығына артық назар аудару, компанияның алдында тұрған стратегиялық міндеттерді орындауға үлкен төмеу алуды көздеп отыр.

Халықаралық фирмалар барлық басқару жүйесін жетілдіру мақсатын жүзеге асыруда. 90-шы жылдары трансұлттық корпорациялар бұрынғы басқарудың *бір штаб-үйінен* енді АҚШ, Батыс Еуропа, Жапонияда орналасатын *үш басқару орталықтарын* құруға көшті. Мысалы, Жапондық "Макусита", "Тошиба" компанияларын үш аймақтық штаб-үйлері бар компаниялар дейтін болды. Ондағы өрбір басқаратын орындар корпоративтік орталықтандыруға қарсы келмейді, сөйте тура өзінің салалық кәсіпорындары мен өндіріс бөлімшелерін басқарады, жеке рыноктар мен жергілікті тұтынушылардың өрекшеліктерін ескеріп отырады. Халықаралық компаниялар кіші құрылымдарға бөліну байқалады. Мысалы, машина жасау, электрондық-инженерлік салаларына мамандандырылған көпұлтты швейцарлық-шведтік АВВ корпорациясы 1100 жергілікті компанияларға бөлінеді. Осындай кіші құрылымдар қаржыландыру есебі, салық салу т.б. нақты міндеттерді атқаруды ыңғайлы болдыру үшін аймақтық өрекшеліктерге қарай топтастырылуы мүмкін. Бұрын барлық шешімді трансұлттық корпорациялардың тек жоғарғы элитасы қабылдайтын болса, енді маңызды өкілеттіліктерді тікелей жұмыс атқарушыларға беретін болды.

### 3.5. Салыстырмалы артықшылық теориясы - дамушы елдердегі индустрияландырудың теориялық негізі ретінде

Сауда теориясында неге ұлттар саудаласады? Неге тауарлар мен қызметтер ұлттар арасында ауыстырылады? Деген сұрақтар қойылады. Бұл сұрақтарға берілетін жауап: шешім қабылдаушы ұлт емес, өдетте коммерциялық кәсіпорын болады. Шынтуайтында халықаралық рынокта елдер емес фирмалар бәсекелесетіні түсінікті. Мұндай әдістің объективтік негізі көпшілікке мәлім экономикалық ғылымның дәрегі бойынша сыртқы саудалық фирма ішіндегі айырбас болып келетіндігінде. Шамамен алғанда фирма ішіндегі байланысқа барлық өлемдік сауданың 70%, сатылатын лицензия және патенттердің 80-90%, капитал экспортының 40% келеді екен (11). Сондықтан фирмалар

бәсекелік артықшылықтарды қалай жасайтындығына және оларды қалай ұстап тұра алатындығына мән беру керек.

Сонда, фирма ішіндегі сауданы дағдылы сыртқы саудадан айырып қорсететін ерекшелік неде? Ол қазіргі заманғы сауда айырбасының *сапалылық сипаттарында* бейнеленеді. Фирма ішіндегі сауда өлемдік рынокқа арналған өнімдерді құрастыруға пайдаланатын жартылай өнімдер, қосалқы бөлшектер айырбасына негізделеді. Дәл осындай салааралық айырбас сыртқы сауданың қазіргі даму тенденциясында ең қарқынды осы үстінде көрінеді.

Фирмалар өз артықшылықтарын жасау үшін өз саласында бәсекенің жаңа амалдарын тауып сол арқылы рынокқа шығуы керек. Ондай жаңа әдіс амалдарды бір сөзбен "жаңалық енгізу" дейді. Бұл кең мағынасында технологияны жаңарту, өндірісті ұйымдастыру әдіс амалдарын жетілдіру, өнімді, оның сапасын өзгерту, маркетингтік жаңа әдістерін, бәсекенің жаңа түрлерін қолдану т.б. болуы мүмкін. Өзгерістердің көпшілігі эволюциялық сипатта болады, ірі технологиялық секірістен гөрі кішігірім ыңғайлы өзгерістерден үлкен табысқа жетуге болады. Осының бәрі іс жүзінде "жаңа-жақсы ұмытылған ескі" деген шындықты дәлелдей түседі. Жаңалық енгізу дегеніміз ұйымдастыру құрылымын жетілдірудің, ҒЗТҚЖ нәтижесі. Фирма ісіне нақ *артықшылықтар* беретін әдеттегі жаңалық енгізулерге мысалы, мыналарды атауға болады:

\*технологияны жаңарту-тауар өндірудің жаңа мүмкіндіктерін ашады, маркетингтік жаңа амалдар береді, қызмет қорсетуді жақсартады;

\*сатып алушылардың сұраныстарын жаңалау немесе өзгерту;

\*салада жаңа сегменттер пайда болу, бұрынғыларын жарасымды түрде қайта топтастыру;

\*өндіріс факторларының оң өзгерістері, баға өзгеруі;

\*мемлекеттік реттеудегі өзгерістер.

Жоғары деңгейдегі артықшылықтарды қалыптастыруға технологияны патенттеу, теңдесі жоқ сападағы тауарлар мен қызмет қорсетулер негізінде өндірісті дифференциялау сияқтылар жатады, олардың негізінде өндіріс жұмысын ұзақ уақыт жүргізуге болады. Ондай артықшылықтардың кейбір ерекшеліктері бар. *Біріншіден*, мамандандырылып дағдыландырылған қызметшілер және техникалық жабдықтандыру қажет; *екіншіден*, ұзақ мерзімдік қарқынды

күрделі қаржыны, білікті мамандарды арнайы дайындауды, ҒЗТҚЖ талап етеді.

Бұл істе мемлекеттің ролі анықталған жоқ. Процес бәсекелестік стратегияның негізгі принциптерінен басталуы керек. Бәсекелік стратегия салалық құрылымдар, олардың өзгеру процесіне негізделеді. Бәсекеліктің мәні мына *факторлармен* бейнеленеді:

\*жаңа бәсекелестер пайда болу қаупі;

\*орын ауыстыратын тауарлар мен қызметтер пайда болу қаупі;

\*құрастырылатын бөлшектер, жартылай өнімдер т.б. жеткізіп берушілердің саудаласу қабілеті;

\*сатып алушылардың саудаласу қабілеті;

\*бәсекелестердің өзара өріптестігі.

Бәсекеліктің бұл факторлары саланың пайдалылығын анықтайды. Ойткені, олар фирмадан белгілейтін бағаға, шығындарға, күрделі қаржылардың мөлшеріне әсер етеді. Жаңа бәсекелестер пайда болу қаупі сала бойынша түсетін пайданың жалпы потенциалын төмендетеді. Бәсекелікке әсер ететін күштердің мәні салалардың құрылымымен, яғни олардың негізгі экономикалық және техникалық сипаттарымен анықталады. Бәсекелік қабілеті бар өндіріс сол саланың алатын орнын анықтайды. Ондай өндірісті шығындары төменірек және дифференцияланған деген екі түрге болуға болады. *Бірінші* түрінде бәсекелестерге қарағанда шығыны аз тауарлар өндіреді. *Екінші* түрінде теңдесі жоқ жоғары сапалы тауар өндіруге қабілетті, яғни сатып алушылар үшін тотенше құндылық жасайтын өндірістер туралы сөз болады. Бәсекелікке шығатын салалардың іс-қызметін екі деңгейде алып қарайды: *бірінші деңгейге* - тұрақты өндірісті, өнім өткізуді, жеткізуді қызмет қорсетуді, екінші деңгейге - технологиямен, адам ресурстарымен және инфрақұрылымдар міндеттерімен қамтамасыз ететін салаларды жатқызады.

Фирманы немесе халықаралық компанияны талдаудың объектісі ретінде алып қарағанда қандай жағдайда фирма сыртқы рынокқа шыға алады? Және оны қайтіп табысты игереді? Деген сұрау қойылады. Осы сұрауға бірінші болып жауап беруге тырысқандардың бірі американдық ғалым С.Линдер болды. Ол 40-50-ші жылдарда американдық фирмалар еуропалық рынокқа алып шыққан мұздатқыштар



мен телевизорлар сияқты жаңа технологиялық тауарлардың ерекшеліктерін алып қарады.

Зерттеуші бұл экспорттың мынадай *ерекшеліктеріне* (11) назар аударады:

\*тауарларды өндіруге негіз болған алғашқы ғылыми жаңалықты еуропалықтар жасапты;

\*бұл ғылыми жаңалықтар жаңа технологиялық тауар түрінде Америкада іске асырылады, содан соң Еуропадағы сыртқы рынокты жеңіп алады;

\*американдық тұтынушылар алғашында жаңа қымбат тауарларды тұтынуға дайын болды. Соңынан еуропалықтардың тіршілік деңгейі жоғарылай келе американдық жаңа тауарлар Еуропаға шығаруға жол табады.

С.Линдер мынадай қорытынды жасайды:

\*фирмалар технологиялық күрделі өнімдерді қазіргі бар қажеттілікке жауап ретінде, яғни ең алдымен ішкі рыноктың қажеттілігі үшін шығарады;

\*тек өндіріске кезекті кеңейту жасағаннан кейін, ішкі рынок өбден қаныққаннан кейін ғана фирма сыртқы рынокқа табысты шығуға ұмтылады;

\*фирманың шетел рыногына шығуы оның ішкі сатушылар үшін дайындаған тауарларының негізінде жүзеге асырылады;

\*импорттаушы елдің тұтыну құрылымы бас компания орналасқан елдің тұтыну құрылымына ең жоғарғы молшерде жақын болуы керек.

Егер Америкада бағасы 100 дол. тұратын жаңа балға шығарса оны кіріс деңгейі және оған сәйкес өндірістік тауарларды тұтыну құрылымы таяу келетін Алманияда игерілуге болады, ал 1 дол. 100 балғадан келуін артығырақ қоретін дамушы елдерде бұл мүмкін болмайды.

Бұл қорытындылар өндірістік және тұтынарлық тауарларға талап шамамен бірдей болатын кәсіпте дамыған елдердің арасында сыртқы сауданы кеңейтуді түсіндіреді. Бірақ С.Лидердің теориясы технологиялық күрделі тауарларды шетке шығарудың бір шектеулі ғана қырын қамтыған еді.

Салыстырмалы артықшылық теориясының осы бір қырын жалғастырып зерттеу барысында *"өнімнің өмір циклі"* теориясын жасаған. Бұл теорияны американдық ғалымдар Ч.Киндельбергер, Р.Вернон, Л.Уэлс және израильдік экономист З.Хирш негіздеп, американдық және әлемдік сауда процестерін түсіндіруге пайдаланған, соңынан дамушы

елдерге қатысты пайдалана отырып ары қарай дамытқан. Бұл 60-шы жылдарда АҚШ-та тұтынылатын тауарлар біртіндеп дамыған елдерге шығарыла бастаған американдық рынок үшін жасалған еді. Зерттеушілер мұндай американдық экспорттың бірнеше сатысын айырып көрсетеді:

\*АҚШ-та жаңа тауарлар жасап шығаруы оларға деген ұсыныстың жоғары болуына байланысты. Шетелдік ола-ахуалы жоғары топтар үшін осындай американдық фирманың жаңа тауарлары экспортқа шығады, бұл - экспорттың *бірінші сатысы*;

\*шетелде мұндай тауарларға сұраныс өсе келе жергілікті өндірушілердің бастамасымен ұлттық өндіріс дамиды. Жергілікті фирмалар артықшылықта болады, олар өз рыногын жақсы біледі, жұмысшы күшіне шығындары аз. Сөйтіп американдық экспорт баяулайды, импортты алмастыру ретіндегі ұлттық өндіріс американдық тауарды рыноктан ығыстырады, бұл экспорттың *екінші сатысы*;

\*АҚШ экспортының *үшінші сатысында* жергілікті өндіріс күш ала келе өз тауарларын енді Америкаға шығара бастайды, бұлардың шығыны төмен болғандықтан американдық тауарларды ығыстырады. Американдық компаниялар енді жаңа технологиялық өндіріс игеріп, жаңа қымбат тауарлар өндіруге өтеді;

\*Кейбір зерттеушілер американдық экспорттың *төртінші сатысын* қосады. Ол экспортты дамушы елдерге, әсіресе жаңа индустриялық елдерге шығаруға, олардан қайтадан АҚШ-қа экспортқа шығаруға байланысты болады.

"Өнімнің өмір циклінің" хронологиялық көрсеткіштері әртүрлі, олар бірнеше жылдан ондаған жылдарға жалғасуы мүмкін. Өндірісті сатыларға болу шартты белгілеу ғана, кейде тауар біріншіден бірден төртінші сатыға өтетін жағдай болады. Электрониканың даму тарихы тауардың сатылар бойынша өтуінің *классикалық* мысалы бола алады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі алғашқы жылдары АҚШ өндірушілері вакуумдық түтікшелер базасында жұмыс жасайтын радиоаппаратуралардың әлемдік рыногында үстемдік етті. Жапония, арзан жұмыс күшін пайдалана отырып, арзандау, сапасы жағынан төмен емес радиоқабылдағыштар өндіріп шығады. АҚШ өзі болшектер өндіріп, өнімнің өмір цикліндегі келесі *"орамды"* жасап шығарды. Бірнеше жылдардан кейін Жапония өзінде транзисторлардың жергілікті өндірісін ұйымдастырып АҚШ-

ты қуып жетті, халықаралық рыноктың бірталай бөлігін жеңіп алды. Келесі "орам" АҚШ-та қазіргі заманғы радио өндірісіне сай интервалдық нұсқалары мен миниатюрлендірудің басқа да нысандарын жасап өндіріп шығаруға байланысты болды.

"Өнімнің өмір циклінің" теориясы кеңінен таралды, өйткені ол тауардың үлкен топтары сыртқы сауда дамуының заңдылықтарын түсіндіруге арналды. Әлем елдерінде көптеген өнімдерді өндіру осы теорияға сәйкес түсіндірілді. Мысалы, мақта-мата өнімдерін Англияда өндіруден бастап оларды Индияда өндіруге дейін өнімнің өмір циклі ондаған, кейде жүздеген жылдарға жетті.

Бұл теорияны сыртқы саудада ең алдымен технологиялық күрделі тауарларды түсіндіру үшін пайдаланып келді. Теория АҚШ-тың жетекші ролін жалғастырып сақтай берді. Мұндай жағдай ХЕБ алатын орнын өзгертуге қол жеткізу жөніндегі дамушы елдердің жасап келген әрекетін болашақсыз қалдырып отырды. Екінші кезектегі рөл Еуропаның дамыған елдері мен Жапонияға қалдырылып келген. Бірақ кейінгі уақытта Жапония, Алмания сияқты елдер АҚШ-ты қуып жетіп, тіпті басып озып белгілі өндіріс түрлерінде мамандандырылатын болды.

"Өнімнің өмір циклінің" теориясына кейіннен қосымшалар енгізілді. Ондағы жоғары технологиялар мен техникалық жетілдірулер батыс еуропалық фирмалардың талабына сай келетін табиғи ресурстар, жапондық компаниялардың талабына сай келетін шикізаттар тұтынуды қысқартуға да көбінесе бағытталатын болды.

Қазіргі уақытта ұлттық кәсіпкерлікке демеу көрсетудің, оны әлемдік рынокқа шығарудың мемлекеттік программаларына қатысты нақты кеңестер талап етіледі. Осыған байланысты неоклассикалық теорияның элементтерін фирмалардың сыртқы саудалық қызметі теориясымен үштастыру қажет болды. Осы бағытта зерттеу жүргізгендердің бірі американдық ғалым М.Портер болды. Ол: "неге белгілі елдердің фирмалары жеке салаларда бәсекелік артықшылықтарға ие болды?" деген сұрауға жауап іздеді. 80-ші жылдардың аяғында әлемік экспорттың жартысын иеленетін ондаған ірі өнеркәсібі дамыған елдерде зерттеу жүргізді. Осы зерттеудің нәтижесінде ол "ұлттардың халықаралық бәсекелік қабілеті" теориясын талдап жасады. Теория әлемдік рынокта елдердің бәсекелік шыдамына

байланысты болатын негізгі төрт түрлі параметрлердің өзара байланыстылығын көрсетеді.

М.Портердің пікірі бойынша қазіргі заманғы сыртқы сауда дамуын анықтайтын негізгі параметрлер: 1. факторлық жағдайлар; 2. сұраныс жағдайлары; 3. өндірістік жағынан жақын және қызмет көрсететін салалар; 4. фирманың стратегиясы және бәсекелестігі-осы тәртібі болып табылады.

Бірінші параметр - факторлық жағдайлар, олардың саны жаңа факторлар енгізу жолымен қосылып отырады. Зерттеушілер М.Портердің бұл параметрдің маңызын тануы неоклассиктер теориясын толықтырғандығы деп көреді. Теорияны жасаушылардан тағы бір айырмашылығы - бұл факторларды ел мұра етпейді, өндірісті кеңейту процесінде пайда болады. Мысалы, Жапонияда жер факторы жетіспейтіндіктен ыңғайлы шағын технологиялық процестер жасайды, кейіннен әлемдік рынок осыны талап ететін болды.

Екінші параметр - сұраныс жағдайы ішкі рыноктың талабы болып табылады, ол фирманың болашақта дамуын және әлемдік рыноктың потенциалдық дамуымен өзара байланыстылығын анықтайды.

Үшінші параметр - өндірістік жағынан жақын және қызмет көрсететін салалар - тиімді өндірістік айнала болуын сипаттайды, олар фирманың іс-қызметіне тікелей әсер етеді. Мысалы, зергерлік бұйымдар жасайтын итальяндық фирмалар гүлденіп дами түсуде, Италия асыл тастар, металдар өңдеуге арналған машина, қондырғылар жасауда әлемде жетекшілік ролде екен.

Төртінші параметр - фирманың стратегиясы және бәсекелестігі - фирмалық стратегия және ұйымдастыру құрылымына байланысты болады. Бұл жерде барлығына бірдей қолдануға болатын басқарудың өлдеқандай біріккен, амбебаптық жүйесін ерекше боліп атаудың мүмкіндігі болмайды. Мебельдер, жарық техникаларының құрылғылары, буып-түюге арналған машиналар өндіру бойынша итальяндық фирмалар жетекшілік ролде көрінеді. Онда басқарудың қатал нысаны жоқ, тез арада жедел өзгеруге қабілетті болып келеді. Оптикалық бұйымдар, жіңішке күрделі жасалымды машинаға жасауға мамандандырылған қатал жүйесін талап етеді.

Ішкі рыноктағы өткір бәсекелік қабілет фирманы шетелге шығаруды ынталандырады, олардың шеттегі рыноктарды іздеуіне демеу болады. Ішкі бәсекелік шетелдік өріптестерімен

істес бола келе ұлттық фирмалардың мемлекеттен сүйеу іздеуіне мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар тауарлардың бәсекелік қабілеті жеткілікті болған жағдайда оларды шет рыноктарында откізу белсенділігі артады.

М.Портердің теориясы ресми түрде мойындалған. Ол АҚШ, Австралия, Жаңа Зеландия ұлттық тауарларының бәсекелік қабілетін арттырудағы мемлекеттік саясат бойынша практикалық кеңес талдап жасау жұмысына қатысқан. Осының өзі бұған куә бола алады.

Салыстырмалы артықшылық теориясын дамушы елдерді индустриаландырудың *теориялық негізі* деп көреді. Неоклассиктердің жақтайтын салыстырмалы артықшылық теориясының мазмұнын былай бейнелеуге болады: "егер А елге В елмен салыстырғанда у тауардан х тауарды өндіру артық жарасатын болса, онда А елі үшін х тауарды өндіруге, В ел үшін у тауар өндіруге мамандандырылып, осы тауарлармен сауда арқылы айырбас жасау тиімдірек болады". Салыстырмалы артықшылық туралы батыстық экономистердің айқындау ұғымын осы артықшылықтарды өнімнің өмірлік циклі теориясымен баяндау арқылы түсінуге болады. Бұл теория қнім өзінің шығып дамуында "өмірлік циклден" өтетіні туралы түсінікке негізделеді. Оны Р.Вернон үш сатыға, ал З.Хирш үш фазаға (7) бөледі. Р.Вернонның түсініктемесі бойынша *бірінші* саты - жаңа тауардың пайда болуы инновацияның және қарқынды ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі ретінде; *екінші* саты - өнімнің жетілуі; оған сұраныс өседі, өндіріс ауқымының өсуімен оның тиімділігі артады, шетел бәсекелестері пайда болады; *үшінші* саты - стандарттау, біліктілігі төмен жұмыс күшін пайдалану мүмкіндігі қалыптасады. *Бірінші* саты одетте АҚШ-та өтеді, онда өнімнің бағасындағы ғылыми ізденістер шығынының үлесі өте жоғары болады. *Екінші* сатыда өндірісті Еуропаға апару артығырақ болады. Ал *үшінші* сатыда өнім дамушы елдерге апарылады. Р.Вернон бұл нұсқаны ұлттық экономикалық жүйенің орнын ауыстыратын біріккен өлемдік экономикалық жүйенің негізі ретінде жасаған көрінеді.

З.Хирш тауардың өмірлік циклін өндіріс факторларының ара салмағы және олардың орналасуы тұрғысынан алып қарайды. Оның ұсынған циклі *үш типтік фазадан, тұрады: даму* фазасы, *өсу* фазасы және *жетілу* фазасы немесе дамудың әбден толықталып аяқталуы.

Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері, айналу шарты, бағасы, құны болады. *Бірінші* фаза - өнімнің техникалық дамуымен, жоғары білікті еңбек күшін қолданумен, өндірістің шағын ауқымымен, өнім сатудың шектеулі мөлшерімен сипатталады; *Екінші* фазада даму негізінен аяқталады, қызмет басым, көпшілігінде өндіріс өдісін жетілдірудегі және өнім сату көлемін ұлғайтуға бағытталады, өнімнің құны тез төмендейді, өнім шығару өседі, соншама жылдамдықпен өндіріс капиталинтенсивті бола бастайды; *Үшінші* фазада өндірісті стандарттау жүзеге асырылады, технология аздап қана өзгереді, осылар өндірісті автоматтандыруға жағдай тудырады, бұл процесс қызметкерлері сонша көп емес ірі кәсіпорындарында жүргізіледі.

Өзі ұсынған циклі негізге ала отырып З.Хирш өндіруші елдердің салыстырмалы артықшылықтарына байланысты барлық тауарларды топтастырады, сөйтіп осы тауарлармен жасайтын өлемдік сауданың құрылымына қатысты гипотеза жасайды. Аталған үш топтағы тауарды ол "Рикардо тауарлары", "Хекшер-олин тауарлары" және "өнім циклі тауарлары" деп атайды.

\*"Рикардо тауарларына" негізінен жергілікті табиғи ресурстардың үлес салмағы жоғары минералдар, ауыл шаруашылығы өнімдері және дайын тауарларды жатқызады. Бұл тауарлардың салыстырмалы артықшылықтары ресурстарының беретін үлесі және сол елдердің ауа райымен анықталады. Бұған мысалы, португалдық шарап, канадалық бидай, австралиялық қой жүні, кувейттік мұнайды жатқызады.

\*"Хекшер -Олин тауарларына" негізінен салыстырмалы артықшылығы капитал мен еңбектің ара қатыстық үлесімен анықталатын елдердің даяр тауарларын жатқызады. Олар мыс, тоқыма, металдар, құрылыс материалдары, транзисторлар т.б.. Олардың жалпылық сипатына келсек олардың технологиялары дерлік өзгермейді, кімдер тілесе, солар өндіруіне болады.

- "Өнім циклі тауарлары" - бұл толығымен инновацияның, ғылыми-зерттеудің информатикалық дамудың нәтижесі, өркімдер игере бермейтін жаңа технология, осылардың бәрі білікті еңбек күшімен біріге жаңа тауарлардың салыстырмалы артықшылықтарын анықтайды.



3.Хирштің пікірі бойынша: еңбек интенсивтілігінің дәрежесі жұмсалған ұлттық факторлармен түзетіліп отырады; мұнайға бай елдер оны мұнайға кедей елдерге экспортқа шығарады; капиталға бай елдер капиталинтенсивті тауарларды капиталмен нашар қанағаттанған елдерге шығарады, олардан еңбекинтенсивті тауарларды импортпен алады; жаңа тауарлармен жасайтын сауда экономикалық құрылымдары мен жан басына келетін кірістері бірдей жоғары елдерде ерекше қарқынды болады. Ол соңында мынадай қорытынды жасайды: дамушы елдердің экспорты шикізатпен еңбекинтенсивті тауарлардың жоғары үлесімен сипатталады; оларда негізінен тоқыма, болат, мұнай тазалау т.б. "дамудың жетілген фазасындағы" салалар орналасады; дамыған елдердің экспортында жаңа және капиталинтенсивті тауарлардың үлесі жоғары болады; ірі елдерде екінші фаза салаларын орналастырған артық, ал кіші индустриялық елдерде бірінші фазаның жаңа тауарларының өндірістерін шоғырландырған тиімділеу болады.

Сонымен, елдердің белгілі типтері (ірі индустриялық, кіші индустриялық және әлсіз дамыған) үшін олардың өрбіреуіне сәйкес келетін салыстырмалы артықшылықтардың үлгілері айқындалады. Онда дамушы елдерді біліктілігі төменгі еңбек мол деп алып қарайды, сондықтан "дамудың жетілген фазасы" тауарларының өндірісіне артықшылығы бар деп көреді.

3.Хирш білікті және біліксіз еңбек деген тарау енгізіп өндіріс факторларының ұғымын кеңейтеді. Сөйтіп ол ғылыми-техникалық дамудың сыртқы сауда үшін маңызы өсе түкенін ғана емес, алайда ғылым тікелей өндіргіш күшке айналуын есепке алуға тырысады. Сонымен қатар оның "тек өздеріндегі ұлттық ресурстар дамушы елдердегі индустрияландыруды анықтайды" деп көрсетуі ол елдердегі индустрияландыру саясатын негізсіз шектеу деуге болады. 3.Хирш дамушы елдерді ғылыми-техникалық прогрестен тыс қарайды, оларды жана тауарлардың, яғни жоғары технологиялық тауарлардың саудасына қатыстырмайды, өйткені олар ондай тауарларды экспортқа арнап өндірмейді деп көреді. Мұндай көзқарас "орталық" пен "шеткері" аймақтардың арасындағы айырмашылықты тек сақтауға ғана апарып қоймай кеңейте түсетіні белгілі.

Бұның сыртында, ондай даму дамушы елдерде артық күш қуаттар орнатуға апарады. Оның екі түрлі оңтайсыз салдарын

тауға болады: біріншіден "дамудың жетілген" салаларын капиталдың жоғарғы инвестициясына байланыстыру дамушы елдердің дамыған елдерге потенциалдық сатушы-елдер ретіндегі тәуелділігін күшейтеді; екіншіден моноқұрылым орнату, яғни белгілі топтардағы тауарларға мамандандыру олардың тәуекелдік жасау деңгейін біршама жоғарылатады. Өйткені ол халықаралық кәсіпкерліктің шеңберіне енеді, дамыған елдердің монополияларымен бәсекелік күресте жолығысады. Ондай сауда дамушы елдердің сауда жағдайын нашарлатады, себебі оған дамушы елдер экспортының потенциалдық тауар ретіндегі "дамудың жетілген" салларының өнімдері және осы елдердің негізгі импорттайтын тауарлары ретіндегі "дамушы салалардың" өнімдері бағаларының қарсы қозғалысының салдары әсерін тигізеді. Осы мағынасына қарағанда 3.Хирштің әлемдік сауда гипотезасы әлсіз дамыған және жоғары дамыған елдердің арасындағы айырмашылықты қысқартуды емес, керісінше кеңейтуді нысаналаған деуге болады.

Өнімнің циклдік теориясы ХЕБ тұрақты өзгерістерді түсіндіреді. Өйткені өнеркәсіп өндірістерін жоғары индустрияландырған елдерден тұрақты қайталанып жартылай индустрияландырған елдерге, ал олардан әлсіз дамыған елдерге жылжытып отырады. Бұл процесс дамушы елдердің экономикалық өсуінде тұрақты қарама-қашылықтар туғызады.

Талдаудың мұндай тәсілі бойынша әлемдік экономикалық кеңістікті біріккен біртұтастық ретінде алып қарайды, онда ұлттық шекаралар, олармен байланысты экономикалық, әлеуметтік процестердің күш жұмылдырылған кедергілері сондай-ақ өндіріс факторлары есепке алынбайды.

Ф.Айдалоның "технологиялық өсу" теориясы да осындай тәсілді негізге алады. Онда технологияларды таңдау атауларымен индустрияландыруды зертейді. Оның теориясы бойынша технология - белгілі саланың технологиялық алға басуы және прогресіне байланысыз динамикалық, қазіргі заманғы, жетілген, кері кетіруші түрлерінде болады екен. Қазіргі уақытта мысалы, тоқыма, мыс, мақта, минералдық шикізат, көмір, асыл тастар сауда циклінің кері кетіруші фазасында тұрған көрінеді. Кезінде осы тауарларды өндіретін технологиялар Англияда ұзақ уақыт бойында динамикалық фазада болыпты. Цемент, болат, жүннен жасалған бұйымдар

өндірісі жетілген фазада екен. Олар Алманиядағы жылдам өсу кезеңінде динамикалық болыпты.

Қазіргі заманғы фазада ұзақ уақыт пайдаланылатын заттар, капиталдық құрал жабдықтар каучук, қағаз, метал бұйымдар түр. Осы топтағы тауарлардың динамикалық бастамасын екінші дүниежүзілік соғыстан соң Жапония өзінің шарықтау жолын алғаш бастапты. Сауда циклінің динамикалық фазасында қазіргі уақытта химия, синтетика, ғылыми құрал саймандар, транспорттық құрал-жабдықтар, ғарыштық, ядрлік, авиациялық өнеркәсіп, электроника, компьютерлер т.б. түр екен. Кері кетіруші фазадағы тауарлар өндірісі уақыт өткен сайын орталықтан шеткері аймақтарға қарай орын ауыстыруда. Сөйтіп, әрбір кеңістік еңбектің сапалық құрылымы ретінде бағамдалатын өзіндік технологиясымен сипатталады.

Орталық ең алдыңғы қатардағы салаларды өзінде сақтайды, бірақ пайдасы шеткері аймақтардағыдан төмен болатындай, стандартталған салаларды шеткері аймақтарға қарай ығыстырып отырады.

Қорыта келгенде өнімнің циклдік теориясы технологиялық өсу теориясы басқа да осындай концепциялар бір-біріне ұқсас келеді. Кейбір зерттеушілер шеткері аймақтарды ХЕБ кірістірудің *үш сатылы* нұсқасын көрсетеді: *бірінші* саты - шикізаттық мамандандыру; *екінші* саты импортты алмастыру; *үшінші* саты - технологиялық тәуелділік. Онда тұтыну заттары өндірісі және өндіріс құралдары өндірісінің секторлары бар орталықтың құрылымына таяу экономикалық құрылым пайда болды. Олардың басым көпшілігі еңбек және энергияны көп қажет ететін және "лас" өндірістерді дамушы елдерге ығыстыруды негіздеуге арналады. Дамыған елдердегі технологиялық қайта жабдықтау экономиканың құрылымын жетілдіру жағдайында осы сияқты негіздеулер бұл елдерге келетін монополиялық пайданы сақтау, оны ұлғайта беруге бағытталады. Сонымен айталған теориялар мен концепцияларды ХЕБ-тегі объективтік өзгерістердің тек теориялық бейнеленуі ретінде алып қарауға болады.

биоиндустрия болады деп көреді. Бұл дегеніміз – *аграрлық* деп аталатын бірінші толқын, *өнеркәсіптік* деп аталатын екінші толқын төңкерістерін аяқтайтын *үшінші* толқын болады екен.

Жаңа техника экологиялық және әлеуметтік критерияларға сәйкестірілуі керек екені жөнінде О.Тоффлер ой толғайды. Әлеуметтік жаңа жасалымдар өртүрлі баламалардың ішінен сәтті таңдау жолымен анықтаған техникалық жобалар негізінде жүзеге асатындығын көрсетеді. Бірақ тарих технократтардың дегенінше негізсіз жасалынбайды, оның негізінде терең қоғамдық процестер болатыны белгілі. өндіргіш күштердің дамуы рухани процестерге тікелей немесе автоматты түрде емес әлеуметтік қатынастар арқылы өрекет жасайды. Дамудың бір формациясынан екіншісіне өту бұл ұзақ эволюциялық процес.

Техниканың дамуына қоғамның экономикалық, саяси және идеологиялық институттары жағынан қуатты өсер етуі керек. Ол қоғамдағы түрлі партиялардың экономикалық, саяси мақсаттарына сәйкес ғылыми – техникалық прогресті ынталандырады немесе оған бөгет болады. Американдық зерттеуші Д.Белл "интеллектуалдық жұмылдыру" проблемасын көтереді, яғни бірқатар субъективтік күштердің өсерінен теріс бағытқа икемделген рухани процестерді капитализмнің саяси әлеуметтік – экономикалық құрлымына сәйкестендіріп жөнге салу жайында сөз қозғайды (23)

"Информатикалық қоғамның әлеуметтік шеңбері" деген мақаласында "постиндустриалдық қоғамның белгілері қазірдің өзінде байқала бастағанын дәлелдеуге тырысады. Компьютер орталық рөл атқаратын ақпарат пен білімді ұйымдастыру, таразылап жасау эволюциясы танымал өлшемдер мен сипаттала бастағанын келтіреді.

Д.Белл тауар өндіруші қоғамнан қызмет көрсетуші қоғамға өту, теориялық білімді технологиядағы жаңа жасалымдардың орталық көзі ретінде кодификациялау, жаңа "интеллектуалдық технология" пайда болуы жөнінде белгілейді. Сөйтіп компьютерді кең өрістеу үстіндегі техникалық төңкерістің символы және оның материалдық жүзеге асуы ретінде алып қарайды. Кезінде электрлендіру қоғамдық өмірді қалай өзгертсе, болашақта компьютер мәдениеттік жаңа жасалымдардың доминанты рөлін атқаратын болады деп көреді.

Орыстың атақты ғалымы В.И.Вернадскийдің тұжырымдауы бойынша адам қажетіне үйлесімді өзгертілген биосфера жаңа сапаға ие болып ноосфераға айналады. Бүгінде электрондық - есептегіш техниканың көмегімен ұтымды глобальдық ақпараттық жүйе құрылуда. Қоғамды біріктіріп байланыстыратын коммуникациялық тораптарды, ақпараттық - технологияларды дамыту үшін өзгеше "инфрақұрылымдар" жасау мәселесі бүгінде күн тәртібіне қойылып отыр. Ондағы қоғамның *бірінші* инфрақұрылымы — адамдар мен тауарлар тасымалдайтын транспорт; *екінші* инфрақұрылым — энергия көздерін жеткізу, мұнайгаз құбырлары, электр тасымалдайтын желілер; *үшінші* инфрақұрылым — телекоммуникациялар, ең алдымен телекомпьютерлер, телевидение болмақ.

Постиндустриалдық қоғамға өтудегі *информатикалық секіріс* — бұл экспоненциалдық құбылыс, яғни ол шарықтау желісімен көтеріледі. Оған балама табу өте қиын. Ғылыми информацияға көз жіберейік. Әлемдегі ғылыми басылымдардың тек 1985 жылғы көлемі қайта өркендеу дәуірінен 1976 жылға дейінгіден артық болыпты. Адамның өдеттегі информация қабылдау қабілеттілігі шамамен күніне 80 мың бірлік мәлімет екен. Ал индустриясы дамыған елдерде адамдар күніне 200 мың бірлік мәлімет информация ағымына тап болатын көрінеді. Қазіргі компьютерлік техника өртүрлі ойлау операцияларын адам миының мүмкіндігінен көп есе артық аса ірі жылдамдықпен есептей алады. Ақпараттарды талдап жасау таңғарарлық нәтиже береді. Ақпараттық моделдеу, микропроцессорлар жасау экономикаға ірі өзгерістер әкеледі.

Сөйтіп, білімнің жаңа саласы "информатика" техника, технологияны дамыту үшін, энергия шығарып алу үшін принциптік тұрғыдан жаңа мүмкіндіктер ашып отыр. Ол технологияның қоғаммен, адаммен және табиғат пен ең тиімді байланысын қанағаттандыра алады. Мысалы, ғалымдар өсімдіктер мен жануарлардың генетикалық аппаратында болып жатқан ақпараттық процестерді зертейді деп көрейік. Онда қандай да бір өнімнің қарқынды өсуін қанағаттандыратын мақсат қояды делік. Бұны тірі организмнің даму заңдылықтарын бұзбай, табиғи механизмге сәл ғана араласу арқылы іске асыруға болады. Ақпаратпен "жүктелген" ген жаңа кеңістікке тап болады да жылдам өсіп көбейеді, клетка жаңа заттарды түзейді. Биотехнология шексіз

перспективаларды ашады. Ол өнімдер өндіруді көбейтеді, оларды жаңа сапаға шығарады.

"*Ақпараттық секіріс*" еңбекті ұйымдастырудың икемдірек жүйесін құру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Қазіргі өнеркәсіпте зауыт гуткасының даусымен барлық жұмысшылар өз орындарында болуға тиісті. Жүйе қарапайым, біріккен тәртіп іске асырылады. Есептегіш машиналарға келсек, олар "жекелеген тандаулар бойынша" өте икемді тәртіп жүйесіне немесе басқаша айтқанда, өсіп келе жатқан көптүрлілікке жол ашады. Осының арқасында көп уақыт бойы қалыптасып келген өлеуметтік жұмыс ырғағын өзгертуге мүмкіндік туады. Батыс елдерінде өндіріс орындары көптеп жылжымалы жұмыс ырғағына өтуде. Түнгі кезекте жұмысқа шығу, жартылай жұмыстылыққа өту өсіп отыр. Үйреншікті тұтыну дағдылары да өзгеруде, супермаркеттер түні бойы жұмыс жасайды. Тіпті тамақ ішетін дәстүрлі сағат та өзгереді екен. Банк басқа да мекемелер тәулік бойы қызмет жасайды.

Қазіргі заманғы техникалық төңкеріс тек технологиялық бетбұрыс емес. Осы негізде ең кең мағынасындағы мүлде жаңа өркениет басталады. Қоғамды ақпараттандыру — судан, күннен, геотермалдық, биомассадан алатын тасқындық, болашақта мүмкін термоядерлік энергия көздерін аса ірі мөлшерде кеңейтуге мүмкіндік береді. Информатика индустриясын прогрестің катализаторы деп атаудың мәні алдымен осыған байланысты болмақ.

Болашақ ұлы даму, үлкен өзгерістің *қозғалтушы күші* не болмақ? Англиядағы XVIII ғасырдағы өнеркәсіп төңкерісінің қозғалтушы күші *бу машинасы* болды. Ол өнеркәсіптің көп салаларын жедел дамытудың бастамасы ретінде екі ғасыр бойы даму, гүлденудің шоқтығында тұрды.

Қазіргі технологиялық төңкерістің қозғалтушы күші *информатика*. *Мегатенденция* деп атайтын бұл төңкерістің потенциал мүмкіндігі аса ірі. Тек осы тенденциямен жүріс қосып ілесіп шыдағанда ғана секіріс жасап дамитын жолға шығуға болады. Өнеркәсіп қоғамының категориясымен бұрынғыша айналысқан жағдайда өнеркәсіптің ескі құрылымын өзгертуге мүмкіндік болмайды.

Дамудың осы ұлы секірісіне ілесу үшін өнеркәсіптегі қызметтің басты мақсаты *мегатенденцияны* аса ұқыптылықпен оқып зерделеп, оның жұмбақтарын шеше білуді үйрену қажет. *Мегатенденция* информациялық қоғамға



апаратын жол, бұған жеткілікті назар аудармау, басқа бағытпен дамуды көксеу су ағымына қарсы жүзумен тең деп салыстырады екен.

*Мегатенденцияны* "ауыздықтап" пайдалану үшін "ҮШ К" технологиясын игеру керек. Олар ақпараттық қоғаммен тығыз байланысты компьютер, коммуникация және контроль (басқаруды бақылау). Негізгілердің негізгісі аталатын бұл "ҮШ К" жоғары технологияның негізгі қан тамырын құрайтын элементтері спеттес. Мұның мән мағынасын шамалап түсіну үшін компьютерді адамның ой-миымен, коммуникацияны-нерв жүйесімен, контрольді-қозғалыс мүшелерімен салыстырады. Көрсетілген негізгі "мүшелердің" осылай өзара тығыз үйлескен біртұтас басқарылған іс-қимылы жасалынады. "ҮШ К" технологиясы ақпараттық қоғамдағы белгілі кәсіпорын, компаниялардың бірқалыпты тиімді қызметіне қолайлы жағдай жасайды. Компьютерді басқару қондырғыларымен байланыстыру кибернетиканың мән мағынасын көрсетеді. Бұл технология дамуының жоғарғы деңгейін білдіреді.

"ҮШ К" технологиясын игеріп іске қосу нәтижесінде басқару процесінде жаңа жүйе жасау мүмкіндігі пайда болды. Жапонияда алғаш 1969 жылы ірі банкінің бірінде автомат кассир жабдықтады, 1971 жылы банкінің біріккен жүйесін осындай басқаруға көшірді. Сөйтіп 70-жылдардың басынан темір жол станциясы, жол қозғалыстары, банкі қызметі - осындай үш ірі жүйеде автоматтандыру жағынан алға шықты. Ақпараттық заманның алғашқы белгілері осылай басталды. Жапондық "Омрон" корпорациясы бүгінде *мегатенденция* толқынынан қалмай ілесушілердің бірі екен.

#### 4.3. Индустриалдық жүйедегі секіріс: жапондық тәжірибе

Екінші дүниежүзілік соғыста өбден қираған Жапония 1950 жылы бір адамға келетін кіріс бойынша өлемдегі ең артта қалған елдің бірі Сомалидің қатарында болыпты. Оның экономикасы 1960 жылы АҚШ экономикасының 8,3% -іне тең болса, жалпы ұлттық өнімнің көлемі 1992 жылы АҚШ деңгейінің 64%-іне жетті. Шикізаттық, энергетикалық материалдардың 90%-тен астамын шетелдерден алатын бұл ел экономикалық даму ауқымы жағынан қазір өлемде екінші орында. Дамыған елдердің өнеркәсіп өндірісінің жалпы

көлеміндегі Жапонияның үлесі 1989 жылы 17,9%, жалпы экспорта 13% болыпты. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі жағынан 1970 жылы Жапония АҚШ деңгейінің 43% ін құраса 1987 жылы 50%-ке жетті.

Жапония қазір өнеркәсіп роботтарының, санды програмдық басқару станогтарының, ірі интегралдық нұсқалардың, микропроцессорлардың жеке түрлерінің, таза керамика өнімдерінің, видеомагнитофондардың, түрлі-түсті, телевизорлардың, теңіз кемелерінің ірі өндіріушісіне айналды. Автомобилдер шығарудан АҚШ-пен 1-2 орынды бөліседі. Болат, пластмас сияқты қазіргі заманғы ФТП жетістігін анықтайтын өнімдер өндірісі бойынша екінші орында. ФТП Жапония экономикасын дамытудың негізгі факторына айналды.

Елдің алтын-валюта қоры (1966 ж., млрд.дол) 212,2 құрағаны өлемде бірінші орында (Қытай-90,8; Алмания-89,1 Тайвань-86,1; АҚШ-85,5) болды. Жапонияның сауда өнеркәсіп министрлігінің арнайы жасаған зерттеулері бойынша халықтың өмір сүру құны таяу болашақта АҚШ-тан 1,45 есе, Еуропадан 1,19 есе жоғары болатынын белгілейді. (9)

Жапония өте аздаған жылдар ішінде (10-12) өндіргіш күштердің *индустриалдық* жүйесінен *постиндустриалдық* жүйесіне секіріс жасады. Осындай таңғажайып табыс ФТП-тің жетістіктерін тиімді пайдалануды күрт кеңейтуіне негізделген деп көреді. Экономикасы жедел дамыған елдер, соның ішінде Жапония секірісінің ең негізгі факторы ғылыми-техникалық прогрес. Ол шикізат, энергия, жұмыс күші сияқты дағдылы факторларды ығыстырды. Жапондық ғалымдардың есептеуі бойынша ФТП кей жылдары экономикалық өсудің 80-90%-іне дейінгі мөлшерін қанағаттандырады. Онда ғылым мен өндіріс арасындағы өзара өрекеттің тиімді механизмі жасалған, ол технологияны ғылымнан өнеркәсіпке жалғастырады, одан өрі барлық халық шаруашылығына таратып отырады. Экономикасы дамыған елдердің ішінде Жапония өңдейтін өнеркәсіп өнімдерінің құнындағы жоғары технологиялық өндірістердің үлесі бойынша (80-ші жылдар ортасында 15%-тен артық) бірінші орынға шығыпты.

Күншығыс еліндегі мұндай жетістік өлемдік ғылыми-техникалық ойдан туындап отырған барлық жаңалықтарды жапондықтар көз ілестірмей дереу қағып әкетуді өбден

үйренгендігінде деп түсіндіреді. Осындай теңдесі жоқ ептілік жөнінде Алманияның ғылыми-зерттеу министрлігінен басылымға шығарған "Ғылым мен техниканы дамыту туралы есепте" немістер факс, лазерлік проигрыватель, видео, микропроцессорларды ойлап шығарғанын, бірақ оларды әлемдік рыноктарға жапондықтар шығарып, өздеріне миллиондаған жұмыс орнын тауып, миллиардтаған кіріс кіргізгендігін белгілейді. (9). Мамандардың есептеуі бойынша өте жаңа модельдерді уақыт өткізіп рынокқа шығару пайданы ең аз дегенде 30%-ке төмендетеді екен.

Шетелдік технологиялар игеруде жапондықтардың өзіндік ерекшеліктері бар. Алынған технологияны жоғары деңгейге дейін жетілдіреді, жергілікті ерекшеліктерге өздері игерген халықаралық рыноктардың талаптарына сәйкестіріледі. Осылай "жапондандырылған" технологиялар оларды өндірісте игеруді, техникалық аса күрделі ғылыми жаңалықтарды тез арада заттық түрге айналдырып, ғылыми сиымды өнімдер шығаруды анағұрлым тездетеді. Озат технологияларды тездетіп игеру өз кезегінде сұранысты ынталандырады. Жаңа технологиялар енгізуде барлық деңгейде жеткілікті қамқорлық жасалады, оларға қол тарпай ақысын төлейді. Сөйтіп Жапония жоғары технологиялық дамудың үлгісін көрсетіп отыр.

Жапония мемлекеті технологиялар импортына ең қомақты өсер етеді. Жапондық экономистердің белгілеуінше бұл саладағы өкіметтік бақылау мынадай бағыттарда жүзеге асырылады:

- Құны 100 млн иеннен төменгі технологиялар импортын автоматты түрде бекітеді. 1960 жылдан бастап импорттық технологияларды бағамдаудың мынадай критерияларын енгізген: олар ішкі технолоияларға оңтайсыз өсерін тигізбейді, өнеркәсіпте қалыптасқан тәртіпті бұзбайды, шағын фирмалардың дамуына кері өсерін тигізбейді; импорттаушы фирма техникалық және қаржылық салаларда бұл технологияларды қалай пайдалануды білуге міндетті. Бірақ бұл іске мемлекеттің араласуы экономикаға теріс өсерін де тигізінгі, кейде қажетті технологиялар алуға қиындық тудырып, өнеркәсіптің құрылымын жетілдіруге бөгет болыпты. Мемлекеттік аппараттағы шенеуніктен жеке капиталдарға қысым көрсететін, кейбір фирмалардың импортына рұқсат беруде монополистік тұрғыдан өсер ететін көрінеді;

- технологиялық импорт үшін пайдаланылатын жеңілдетілген салық салынады. Бұларға импорттық технологиялар бойынша төлемдерге келетін салықты азайту, іште өндірмейтін, бірақ экономикалық дамуға қажетті құрал жабдықтар үшін тарифтік жеңілдіктер жасау кіреді;

- сыртқы сауда комиссиясы халықаралық технологиялық контракттардың тиімділігі және артықшылықтарын бағамдайды. Контракт тиімсіз болған жағдайда комиссия Жапон жағына оны қайта қарау туралы мәселе қояды;

- технологиялық импортқа жанама түрде өсерін тигізетін кейбір шаралар қолданады, солардың ішінде қаржылық ынталандырулар жасайды, жаңа құрал жабдықтар технологияларға инвестицияжасауға төменгі процестегі несиелер береді. Макроэкономикалық саясат бойынша жүргізілетін өсуді ынталандыру озық технологияларға сұраныс жасауға қосымша жағдай тудырады. Жапонияда ғылыми техникалық прогрес, индустрияландырудың қуатты өсері негізінде агро-өнеркәсіптік интеграция процесі тез қарқын алды. Ауыл шаруашылығы өзінің бұрынғы дербестігінен айырылып агро-өнеркәсіптік кешеннің бір бөлігіне айналуға. Осы жағдайда өртүрлі салалардың кәсіпорындары арасындағы тікелей шаруашылық байланыстары нығаяды, агро-өнеркәсіптік, агро-саудалық бірлестіктердің торабы пайда болады. Онда ірі капитал және ауылшаруашылық кооперациясы интеграциялаушының рөлін атқарады. 2000 жылға қарай биотехнологиялық өдіспен ауылшаруашылық өнімдерінің жаңа сорттары соңынан биопестицидтер игеруді жоспарлапты

80-ші жылдардан көкөніс фабрикалары толық автоматтандырылған жылы-жайлар салынды, онда өнімдер тәулік бойы жарық беру, газдандырылған ортаны жылылықты, ылғалдықты тұрақты бақылау жағдайларында гидропоника өдісімен өсіріледі. Онда жасалған қолайлы жағдайлар өсімдіктер үшін олардың өсіп жетуілуін бірнеше есе тездетуге мүмкіндік береді.

Жапонияда ғылым мен техниканы 1998-2010 жылдарда дамыту прогнозы бойынша нақты іргелі зерттеулердің бағыты көрсетілген ("Токио бизнес тудей" журналы). Солардың ішінде 2010 жылы адам ДНК-тің барлық сыры ашылмақ. Адамның еске сақтау, тану, үйрену механизмдерін зерттеп зерделейді. Осыдан анықталатын білім компьютерлердің жаңа моделдерін жасаудың негізі болады. Адамның миына тән

қасиеті бар, қисынды құрылымдарда жұмыс жасай алатын нейрокөмьютер пайда болады. Жапондық ғалымдар ғарыштық зерттеулер биология, биотехнология, механотроника, океанология т.б. салаларда басымдықтарды анықтапты.

Әлемдік аренаға шығатын басты кейіпкер интеллект бола бастады. Сонда осы интеллектуалдық машинаны жіберу үшін, ең алдымен мемлекет және бизнес ғылымға, білім беруге, инновациялық қызметке капитал, ресурстар бөлуі керек. Бүгінде АҚШ және ЕҚ елдерінде ғылымға жылына шамамен 260 млрд. дол. жұмсайды екен. Сөйтіп, олар жобалау, менеджерлік, ақпараттық қажеттіліктерде интеллект тірлік құратын жоғары деңгейде дамыған орта жасамақ. Дүние жүзінде ғылымға жұмсалған барлық шығынның 15%-і Жапонияға, 15%-і АҚШ-қа, шамамен 1/3 ортақ рынок елдеріне келеді. Осы саладағы шығынның көлемі 90-шы жылдарда жылына ЕҚ-та 4% Жапонияда 6%, азиялық "жаңа индустриялық елдерде" 16%-ке өсіпті. АҚШ және Жапонияда ғалымдардың орташа еңбекақысы халық шаруашылығындағылардың орташа еңбек ақысынан екі есе артық екен. Жалпы ішкі өнімдегі ғылымға жұмсалған шығындардың үлес салмағы 1992 жылы Израильда 3,5% , Жапонияда 3,0%, АҚШ, Алмания, Швейцария, Швецияда 2,8%, Қазақстанда 0,8% (1991) Ресейде 0,57% болыпты (9)

Жапония және ЖИЕ өздеріне "үмтылу стратегиясын" күшті құрал болдырып келеді. Олар жаңа технологиялар пайдалану арқылы өріптестерінікінен арзанырақ, сөйте тұра бәсекелік қабілеті артық өнім игеруді көздейді. Жапония "Жолбарыстар" және "Айдаһарлар" мен қатар толқын бейнелі ғылым-техникалық дамудың төртінші толқын жетістіктерін пайдалануда, енді олар адамзат өмір кеше бастаған ғылыми-техникалық прогрестің жаңа бесінші толқынына белсенді дайындалуда.

Жапония, Сингапур, Тайвань сияқты елдер қазір іс жүзінде ХХІ ғасыр технологиясына шықта. Онда жаңа толқын жетістіктерін пайдалану негізінде қазіргі заман қоғамының өндіргіш күштерін мүлде өзгертпек. Оны микроэлектроника, информатика, биотехнология, гендік инженерлігі, бионика салаларының табыстарына және энергияның жаңа түлерін пайдаланудағы, жоғары өткізгіштік эффектісінің, ғарыш кеңстігін игерудегі жетістіктеріне күштеп сүйену негізінде жүзеге асырмақ.

Сөйтіп Жапония өзінің экономикалық даму жолында әлемдік ғылыми-техникалық төңкерістің қолайлы жағдайын аса іскерлікпен пайдаланды. Осы жолда ол таңғажайып жалпыұлттық әдіс тауып, оны ұлттық экономикалық және интеллектуалдық ресурстарын тездетіп өсіруге бағындыра білді. Бұнда ғылыми-техникалық, өнеркәсіптік және қаржылық саясаттар өріліп өскен *инновациялық стратегия* шешімін тауып отыр. Қысқасын айтқанда, мемлекет пен қоғамның біткен күш қуаты технологияны ғылымнан өнеркәсіпке удайы айналдырып отыруды қанағаттандыруға жұмсалады. Толық мағынада жүйелі, кешенді, инновациялық болып табылатын бұл саясат мынадай міндет, мақсаттарды жүзеге асыруды көздейді:

- Жаңашыл идеяны қанағаттандыру, әлемдік ғылыми-техникалық прогрес жетістіктері мониторингісі тұрақты қызмет жасайтын болу. Идея қалыптасудың алғашқы сатысы, оны таразылап жасаудың бастапқы кезектерінде ешқандай бағалы жаңалық көзі ескерусіз қалмауға тиісті;
- ҒЗТКЖ нәтижелеріне сұранысты ынталандыру;
- Қаржылық, неиселік құралдардың, ақпараттық ресурстардың кіші бизнестеріне кіруді қанағаттандыру;
- Дербес субъектілердің іс-қимылын мемлекеттен реттеудің өте үйлесімді дифференциаланған механизмнің көмегімен инновация үшін қолайлы жағдай жасау. Оны салықтар және инвестиция саясаты арқылы реттейді. Оларды басқа шаруашылық субъектілері және мемлекеттік құрылымдармен кооперациялауға болады, ол ҒЗТКЖ-ға біршама күрделі қаржы жұмсауды қажет етеді. Бұл міндеттердің барлығын тығыз бірлікте және бір-бірімен өзара өрекеттестік жағдайда жүзеге асыру төменгі деңгейде мүмкін емес. Сондықтан инновациялық салаға назар аударып жүзеге асыру "мемлекеттік аппараттың алдыңғы кезектегі міндеттерінің бірі" ретінде қойылды. Бұл міндеттерді жүзеге асыру таза рыноктық жүйеден гөрі мемлекеттердің пәрменді экономикалық рөлін қажет етеді, онда мемлекеттік және жеке құрылымдардың өзара тығыз байланыстығы қажет болады.

Осындай жағдай қазір көптеген елдерге, соның ішінде "айдаһарлар" мен "жолбарыстарға" тән. Дәл осындай әдіс Жапонияға қысқа мерзім ішінде әлемдік ҒТТ жетістіктерін игеріп қана қоймай, ғылыми-техникалық зерттеулерде жетекші орынға көтерілуге мүмкіндік туғызды.



Жапондық секірістің себебін тек техникалық, экономикалық факторлардан іздестіру жеткіліксіз. Мұның себебін рухани, мәдени және адам факторы бастауларынан да іздену қажет. Бұл жөнінде 6 тарауда жеке сөз болады.

## 5. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РЕИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ СТРАТЕГИЯСЫ

### 5.1. "Қазақстан-2030": индустриалдық және ақпараттық дамудың өзекті мәселелері

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұсынған "Қазақстан-2030" ұзақ мерзімді стратегиясында ел болашағы жайында объективтік, ғылыми негізделген есептер тұрғысынан үлгі жасады. Алға қойған стратегиялық кешенді өзгерістер экономиканы түбегейлі жаңартуды талап ететінін, онсыз халықтың өл-ахуалын арттырып, ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға болмайтынын белгіледі. Қазақстанда егемендік алған алғашқы жылдарда өндірістің жаппай құлдырауы байқалды. Кеңестік дәуірде қалыптасқан өнеркәсіптің жарамсыз құрылымы тәуелсіз елдің бүгінгі талабына ешқандай сәйкестенбейтіні түсінікті. Индустрия ішкі қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталмаған өте сынаржақ болды. Президент "Қазақстан-2030" стратегиясында елдің экономикалық қуатын күшейту жолын көрсетті. Онда: "Қазақстан үшін индустриалды технологиялық стратегияны қалыптастыру қажеттілігі дүниежүзілік тәжірибеден туындап отыр" деп атап көрсетті. Мұндағы "индустриалды технология" деген ұғымда жалпы ұлттық өнімде ауыл шаруашылығының, өндіруші өнеркәсіптің үлесін кеміту, өңдеуші өндірістің, ең алдымен ғылымды қажет ететін, қосылған құны жоғары өндірістерді, қызмет көрсету салаларының үлесін жоғарылату, басқаша айтқанда экономикада, оның ішінде өнеркәсіп саласында құрылымдық өзгерістер жасау көзделді. Шикізатқа бағдарланған құрылымды өзгертіп, жеңіл және тамақ өнеркәсібін, мұнай мен газ өндіруді, химия мен мұнай-химиясын, машина жасаудың жекелеген шағын салаларын, ғылымды қажет ететін түпсіздікті өндірістерді, инфрақұрылымды, қызмет көрсету саласын, туризмді қарқынды дамыту көрсетілді. Ауылды шағын

индустрияландыру, орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі, тұрғын үй құрылысы сияқты еңбекті қажет ететін салалар индустриалды технологияны дамытуда елеулі орын алады.

Әлемдегі барлық дамыған елдер индустриалды технологияны дамыту жолын алдымен ауыр еңбеті қажет ететін өнім өндіруден бастады. Кейіннен капиталдық, технологиялық кезеңдерден өтті. Бүгінде ғылыми сыйымды өнімдер өндіруге ұмтылуда. Қазақстанда индустриалды технологиялық стратегияны қалыптастырудағы өзекті факторлардың бірі – бай шикізат ресурстарын пайдаланып, ғылымды көп қажет ететін жоғары технология негізінде толық өңдеуден өтетін тиімді өнімдер өндіруге бағытталған қолданбалы зерттеулер жүргізу, преспективтік жасалымдар дайындау, оларды өнеркәсіпте игеру, инновациялық процестер дамыту болып табылады.

"Қазақстан-2030" стратегиясында: "Үкімет диверсификацияның пәрменді индустриалдық саясатына кірісіп, назарды макродеңгейден микродеңгейге аударуға тиіс"-деп көрсетті. Біздің ойымызша "диверсификацияның пәрменді индустриалдық саясатының" мәні-микродеңгейде, яғни кәсіпорындар, өндірістер, фирмаларда ең соңғы өңдеуден өткен, тұтынуға дайын өнім өндіруге, өнім сапасына, халықаралық стандартқа, жоғары технологияға, әлеуметтік мәселелерге қойылатын талаптарды қанағаттандыруда. Бұл қазіргі ұғымында экономиканы реиндустрияландырудың мағынасын білдіреді. Шын мәніндегі еркін рынок бәсекелік қабілеті бар жоғары сапалы өнім өндіретін өндірістерге негізделуге тиіс. Нарықтық экономикада ішкі рынокқа араласуға да, әлемдік рынокқа шығуға да қойылатын талап осылай. Қазақстанда алғашында ішкі мүмкіндіктерге онша назар аударылмай импортты жаппай қолдады. Осының салдарынан ұлттық кәсіпкерлік басым көпшілігінде сүйемелсіз қалды. Олар ішкі рынокта ешқандай бәсекесіз импортқа түсуге тура келді. Енді ішкі рыноктағы орын үшін олар шетел капиталымен бәсекеге түсу керек болды. Мұндай бәсекелік күресте өсіресе батыстық капиталдар ешкімді де өсіркемейтіні белгілі. Кедендік салық саясатын жүйелі түрде жүргізу, мүмкіндігінше өнімдерді іште өндіру үшін ұлттық кәсіпкерлерге барлық жағынан қолдау жасап ынталандырғаны жөн.

Пәрменді индустриалдық саясатта инновациялық сапаға көтерілудің маңызы өте зор. Қазақстан сияқты жас тәуелсіз

елдерге әлемдік рынок, әлемдік экономикалық қатынастарға бірден кіріп кету оңайға түспейді. Онда бос орын жоқ, дамыған елдердің үлесіне әлдеқашан бөлініп қойған. Оларды қатаң тосқауылдар күтіп тұр. Олар сапалы, арзан шикізат, немесе жоғары технологиялы өндірістерде өндірілген әлемде тендесі жоқ өнімдер алуды мақсат етеді. Қазақстанда мұндай әлемдік стандарт, жоғары сапаны қанағаттандыратын қабілет жеткіліксіз, имидж де жоқ. Бұл қиындықтан шығудың жолы-шикізаттың әралуан түрлерін толық цикл бойынша өндеп, өндірістің тиімді үрім-бұтақ салаларын жан-жақты дамыту, яғни, *диверсификациялау* болып табылады. Мұның әлемдік стандартқа сай келетін басты ерекшелігі-қазіргі заманғы ғылымды қажет ететін жоғары технологияны кеңінен игеріп, инновациялық сапаға қол жеткізуді көздейді көздейді. Микродеңгейге назар аударуды мақсат етіп отырған диверсификациялаудың *пәрменді индустриалық* саясаты осыған бағытталады. Бұл салады қойылған мақсатты жүзеге асыру ғылыми-техникалық прогрестің бүгінгі жетістіктерін Қазақстанның тарихи, ұлттық, гео-экономикалық, әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкестендіріп, іскерлікпен игеру-аса күрделі іс болып отырғаны белгілі.

Стратегияда Қазақстанның шетел капиталынсыз, технологиясынсыз және тәжірибесінсіз жедел экономикалық өрлеу мен жаңаруға қол жеткізуі өте қиын екендігін белгіледі. Бай табиғи ресурстарды игеру елдің экономикалық және әлеуметтік сасалаыри дамытуға ғана емес, ол Қазақсанның халықаралық қауымдастыққа кіруіне елеулі ықпал жасайды. Алайда экспортқа тауар шығару, әлемдік рынокқа кіру дегенді барлық стратегиялық тауарларды шетелге шығара беру деп ұғуға болмайды. Оған қатал тексеру қойылып, әлемдік рынокқа шығаратын қандай да тауар үшін нақ есеп жасалуға тиіс. Экспорттың жалпы көлемі емес, оның әлемдік рыноктағы *тиімділігіне* қарайды. Экспортқа бағытталған өндірістің тауарлық құрылымының жарасымды өзгерісі, артық сапалы, жоғары технологиялы, ең тиімді жоғары деңгейде өңделген өнім шығару көзделеді. МАГАТЭ материалы бойынша уран рудасы әлемдік қорының 45% Қазақстанда екен. Ураннан өндірілетін жоғары технологиялық скандий сияқты аса бағалы өнімдерді әлемдік рынокта граммен сататынын ескерейік. Қазақстан алтын, хром, вольфрам, молибден, мұнай, газ, марганец, фосфор, темір рудалары. қоғасын, көмір қорынан дүние жүзінде

алғашқы ондаған елдер қатарында. Бұған қарағанда "Қазақстан-2030" стратегиясын жүзеге асыру барысында қаншама бай ресурстар негізінде өте күрделі, әр алуан индустриалқ технологияларды игеру қажет болатыны түсінікті.

Нарықтық экономикаға өту жайында жеткілікті айтылып жатады. Сөйте тұра әлемнің алдыңғы қатарда дамыған елдерінде нарықтық қатынастар бүгінгі таңда қандай жағдайда екенін жеткілікті біле бермейді. Ол елдердегі нарықтық қатынастар соңғы бір жарым ғасырда аса ірі эволюцияға ұшырады. Өндірісте, қоғамның әлеуметтік құрылымында елеулі өзгерістер болды. Мұндай өзгерістердің бастыларының бірі-*индустриалдық даму ақпараттық дамумен ауысуына* байланысты. Индустриалдық даму ХІХ ғасырдың бірінші жартысында болған өнеркәсіп төңкерісімен басталғаны белгілі. Ол ғылыми-техникалық төңкеріс кең өріс алған ХХ ғасырдың 50-60 жылдарында батыстың экономикасы ең жоғары дамыған елдері біртіндеп өте бастаған ақпараттық дамумен ауысуда. Ақпараттық дәуірде қазір АҚШ, Жапония, Алмания, еуропалық басқа да кейбір елдер өмір кеше бастады деуге болады.

Индустриалдық және ақпараттық дамудың негізгі айырмашылықтарын алып қарайық. Ең алдымен бұл айырмашылық *өндіріс жүйесінде*. *Индустриалдық даму* басым көпшілігінде материалдық өндіріс, алдыңғы кезекте өнеркәсіпті дамытумен сипатталады. Экономикалық белсенді халық санындағы және жалпы ұлттық өнімдегі бұл саланың үлесін тұрақты өсіру мақсаты қойылады. Сыйымды рынокқа және мол сұраныс заттарын шығаруға бағытталған көп мөлшердегі өнім өндіріледі. Экономикалық тиімділікті арттырудың негізгі факторы әралуан түрдегі адам еңбегін үнемдеу болып табылады. Еткен еңбектің, яғни өндірістік қорлар, материалдық-энергетикалық шығындардың тиімділігін арттыруға өндіріс аумағындағы үнемдеулермен қол жеткізеді. Бұл әрбір технологиялық агрегаттардың күш қуатының өсуі, кәсіпорындардың іріленуі нәтижесінде дайын өнімнің бірлігіне келетін ресурстар шығынын азайту арқылы жүзеге асырылады.

*Ақпараттық даму* дегеніміз-басым көпшілігінде қызмет көрсететін салалардың өсуі. Ең алдымен ақпаратты өндеп жетілдіруге, оның барлық түрлерінде қызмет көрсетуге байланысты салаларды дамыту көзделеді. Өндіріс ең жоғары

дәрежедегі оралымдылыққа жетеді. Өнім жаппай көп мөлшерде өндірілмейді, жекелеген тұтынушылардың сұраныс табалына, сыйымдылығы шағын өткізу саласына, рыноктың белгілі бөліктері мен "қуысына" арналып шығарылады. Өндірістің тиімділігін арттыру негізінен еткен еңбектің және өнім өткізу шығындарын үнемдеу, үстеме шығындарды азайту жолымен жүзеге аырылады. Бұл өндіріс шығындарының құндық құрылымының өзгеруіне байланысты. Өнімнің жалпы құнындағы өндіріс жұмысшыларының жалақысына жұмсалатын шығынның үлесі төмен. Ол АҚШ, Жапония өнеркәсібінің көпшілік салаларында қазір 5%-тен төмен яғни амортизация шығынының үлесінен аз.

*Ақпараттық даму индустриалдық дамудан өлеуметтік салада біршама айырмашылықта болады.* Өндіріс жұмыскерлерінің саны жұмыс атқаратындар құрамындағы оның үлесі жедел өсуі индустриалдық дамуға тән. Ақпараттық дамуда экономикалық белсенді халық саны құрамында шағын және орташа кәсіпкерлердің, жалпы алғанда басқару мен ой еңбегі қызметшілерінің үлесі жедел жылдамдықпен өседі. Тіпті материалдық өндіріс салаларында ой еңбегі қызметшілерінің санының өсу жылдамдығы тікелей өндірісте қызмет атқаратындардікінен едәуір жоғары. Өнеркәсіп салаларының көпшілігінде жұмысшылардың саны, оның үлесі азаю үрдісі байқалады. АҚШ өнеркәсібінде жалпы жұмыс атқаратындар санындағы инженерлік-техникалық, өкімшілік-басқарудағы қызметкердер үлесі 1948-1987 жылдары 16%-тен 34%-ке дейін өсіпті.

Ғылыми-техникалық төнукерістің қазіргі кезеңі біздің дағдылы түсінігіміздегі жұмысшы табының жоғалуына өкеп соғатыны күмәнсіз. АҚШ-та 1990-2000 жылға жасалған жобалар бойынша қызметшілердің саны ең жоғары жылдамдықпен өсуге пайымдалған кәсіби мамандардың ішінде бірде-бір жұмысшы жоқ. Ал электроника бойынша инженерлер, техниктер, ЭЕМ программистреі, жүйелік аналитиктер, есепшілер, "ақ жағалылардың" басқа да категорияларының саны орташа есеппен 1,5 есе өседі. Бұлардың еңбегі ақпараттарды таразылап жасауға байланысты екені белгілі. Мұның керісінше осы ғасырдың соңына дейін саны ең жылдам қысқартылатын мамандардың дерлік барлығы жаппай жұмысшы мамандары болмақ. АҚШ, Жапонияның қазіргі өнеркәсіп саласындағы

кәсіпорындарында дене еңбегі ең аз мөлшерге жеткендіктен ой еңбегі мен дене еңбегі арасына шек қою өте қиын. Осы негізде еңбек міндеттерінің интеграциясы жүріліп жатыр. Бұрын американдық автомобиль құрастыратын зауыттарда жұмысшылар мен қызметкерлердің 150-ге дейін мамандығы болса, 80-ші жылдары құрылған кәсіпорындарында олардың саны 5 болып қысқартыпты. Бұлар негізінен ағымындағы шаруашылық жағынан өзін-өзі басқаратын жеке бригадаларға біріктірілген кең ауқымды операциялар мен міндеттер екен.

Ақпараттық қоғамда қызмет жасайтын өндіріс орындары *өлемдік сапаға* жетуді басты мақсат етіп қояды. Бұрын өндіріс орындары жаппай көп мөлшерде өнім өндіретін. Технологиялық тәртіпте айтарлықтай өзгерістер өте аз болатын. ұзақ уақытқа дейін көптеген шаруашылық ұрпақтары үшін өндіріс шығынын азайтудағы күрес рыноктағы бәсекелік табысқа жетудегі жетекші ұстам болып келді. Сөйтіп ұзақ уақыт молынан өндіретін жаппай өндіріс жағдайында бағадағы бәсеке рыноктағы бәсекелік күрестің басты нысаны болды. Кәсіпорындарда шығарылатын өнім түрлерін толық ауыстыру бірнеше жылға созылатын жағдайда басқаша болу мүмкін емес еді. Бүгінгі таңда, мысалы электрондық өнеркәсіп саласында өнімнің өмір циклі бірнеше-ақ ай болып қысқарды. Жапондық жетекші фирмалар кез-келген радиоэлектрондық құралдарды қолданылатын микронұсқалардың жаңа түрлерін орташа есеппен өрбір үш айда рынокқа шығарады.

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғам өндірістерін өлемдік сынып өндірістері деп аталатын ақпараттық қоғам өндірістерінде өндіретін өнімдердің өмір циклі бұрын-соңды болмаған мөлшерге қысқарады, өнім түрі молаяды, бір рет шығаратын өнім көлемі азаяды. Осыларға сәйкес өндіріс орны шығаратын өнім түрлерін сұранысқа сәйкес жедел ауыстырып шадайтын жоғары дәрежеде оралымды, аса күрделі жоғары технология игеруге дайын болуы тиіс.

Стратегияда Қазақстанда ең алдымен, болашақта өлемнің дамыған елдерінің инфрақұрылымдарымен бәсекелесуге қабілетті дербес тәуелсіз және тиімді телекоммуникациялық қызмет көрсету жүйесін құру міндеті көрсетілді. *Ақпараттық даму* деңгейіне жеткен, өнеркәсібі жоғары дамыған елдерде алдағы уақытта материалды заттай өнім өндірудің орнына ақпарат өндіру мақсаты басты мәселе ретінде қойылады. Ондай қоғамның материалдық және



техникалық базасы ретінде компьютер техникасына негізделген жүйелер дүниеге келеді. Мұндағы адамдардың басым көпшілігі ақпараттың ең жоғары формасы-білімді жинау, өңдеу, сақтау, тарату мәселелімен айналысатын болады. Осыған байланысты ақпараттандыру технологиясын ұйымдастыру-әдістемелік және бағдарламалық-ақпараттық жағынан қамтамасыз ету басты міндет болып қойылады.

Қазақстан болашақта дүниежүзілік ақпарат нарығынан беделді орын алып, ақпараттық мәдениеті жоғары елдер қатарына қосылу үшін алдымен компьютер шығарудағы озық үлгілерден қанық білім алу, тәжірибе жинақтау, сөйте келе дүниежүзілік стандартқа жету керек. Бұл салада ұтымас үшін компьютерлік ұлттық білім қорлары, қазақтың ұлттық сөз байлығы, мәдениеті, тарихы, өдет-ғұрпы, салт-дәстүрінің озық қорларын жан-жақты қамти алатын компьютерлік туындылар жасау қажет. Бұл қазақ тілінің этнолингвистикалық, лексикалық ерекшеліктеріне жеткілікті мән берілетін аса күрделі жұмыс болмақ. Елдің болашағы-жастарды ақпараттық технологияны жетік білетін дәрежеде дайындау мақсаты тұр. Мектептерде білім беру саласында ақпараттық басқару жүйесін құруды Қазақстанда 2002 жылдарда аяқтау көзделіп отыр. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында техникамен жабдықталған мектептер Интернет торабына қосылады. Мұның өзі дүниежүзілік ақпараттық мәліметтер мен білім негізіне қол жеткізу, осы арқылы әлемдік ақпараттық кеңістікке ену қамтамасыз етіледі деген сөз. *Бүгінгі таңда әлемде көп қолданылатын "Microsoft" фирмасының ең соңғы Windows және Office бағдарламаларын қазақ тіліне аудару ең алдыңғы кезекте тұрған міндет деуге болады.*

Жаңа ғасыр табылдырығындағы әлемдегі тайталас экономикалық және ақпараттық бәсеке түріне ауысатыны белгілі болды. Қазақстан Батыс пен Шығыс аралығындағы геоэкономикалық, геосаяси орталыққа орналасқаны өлгі бәсекеге ерекше мән беруді талап етеді. Өйткені, бұл орталық ғаламдық ақпарат желілерінің болашақ торабына айналады. Компьютерлік техника жұмысты да, тұрмысты да мүлде биік жаңа деңгейге көтеретін өркениеттің озық жаңалығы екені белгілі. Бірақ мұның түпкілікті нәтижесін бағдарлағанда ұлттық болмыс, ұрпақтың ойлау машығын өзгертіп жіберетін қатерлі техника екенін жан-жақты зерделеген жөн. Компьютерлік бағдарламалар ұлттық ойлау машығына

негізделуге тиіс. Геоэкономикалық тұрғыдан алғанда Қазақстан әлемдегі ірі қаржы және ақпарат ағыстары арасында. Осы аласапыран ағыстармен ұлттық болмыс, қадір-қасиетті жоғалтып алу қауіпі бар екені де ұмтылмауы керек.

Жоғарыда алып қараған барлық үрдістер мен ерекшеліктер индустриалдық және ақпараттық даму арасындағы негізгі айырмашылықтарды сипаттайды. Бұларды қорыта келгенде, индустриалдық дамудағы қосымша күнның негізгі қайнар көзі өндіріс жұмысшыларының дене еңбегі болса, ақпараттық дамуда-қосымша инженерлер және басқару еңбегі болып табылады.

Бірақ ол ФТП жоғары "оралымында" болатыны белгілі.

Қоғамның экономикалық даму сатысын *индустриалдық* тұрғыдан анықтағанда индустриаландыруға дейінгі, индустриалды, постиндустриалды деңгеймен айырады. Олардың ішінде аграрлы, аграрлы-индустриалды, индустриалды-аграрлы, индустриалды, постиндустриалды деп бөледі. Дамудың мұндай деңгейлері макроэкономикалық құрылымдағы ауылшаруашлығы, өнеркәсіп, қызмет көрсететін салалардың арасалмағы, олардың экономикалық, техникалық, технологиялық даму деңгейі сияқты көрсеткіштерімен анықталады. Қоғамның экономикалық дамуын құрылым жағынан бұлай сатылып анықтау марксистік әдістемені басым қолданылатын. Бұрынғы социалистік делінетін елдерде осындай макроэкономикалық фанатизм кеңінен етек алып, әлеуметтік мәселелерге онша назар аударылмайтын. Экономикасы өлсіз дамыған елдерде жлғыз-жарым кәсіпорын бүтіндей макроэкономикалық саланы бейнеленді. Соның салдарынан макроэкономикалық құрылым, *индустриалдық даму деңгейі* дейтін ұғымдарға сандық жағынан көбірек мән беріліп, оларды өсіресе сапалық жағынан толық дәлелдей алмайтын.

Қазір экономикасы жоғары дамыған елдер өндіргіш күштердің *индустриалдық* жүйесінен адамзат өркениеті тарихында аса ірі кезең ретінде танылатын *постиндустриалдық* жүйеге өту айқындалып отыр. Бұл процес алғашқы өнеркәсіп төңкерісінің нәтижесінде индустриаландыруға дейінгі қоғамнан индустриалды қоғамға өту қандай жағдайда болғанына ұқсас келеді. Бірақ ол ФТП-гің жоғарғы "оралымында" болатыны белгілі. Қазіргі заманғы ғылыми техникалық төңкеріс жоғары дамыған

индустриалдық жүйеден постиндустриалдық жүйеге өту үшін жағдай туғызатын болады.

Өндіргіш күштің индустрияландыруға дейінгі жүйесі қоғамдық өндірістің ауыл шаруашылығы типімен, ал индустриалдық жүйесі өнеркәсіптік типімен сипатталды. Өйтсе постиндустриалдық жүйе басым көпшілігінде ақпараттық өндіріспен сипатталатын болады. Осыған үйлесе экономикалық өсудің негізгі факторлар жиынтығы өзгереді: индустриаландыруға дейінгі өндіргіш күштерде-жер және еңбек, индустриалдықта-еңбек және капитал, постиндустриалдық жүйеде-ақпараттық ресурстар және ғылыми білімдер. Өндіргіш күштердің постиндустриалдық жүйесінде экономиканың үшінші секторы деп аталатын материалдық емес өндіріс бірінші кезекке шығады.

## 5.2. Индустрияландырудың қазіргі деңгейі.

### Реиндустрияландырудың негізгі мақсаты.

Ел экономикасын дамытудың белгілі кезеңіндегі экономикалық саясаттың басты мақсаты, қоғамның материалдық-техникалық базасын құрудың негізгі жолы ретіндегі индустрияландыру - өлсіз немесе орташа дамыған елдер үшін дамудың заңдылығы болып есептеледі. Осы мақсаттарды жүзеге асырудың нәтижесінде қоғамдық өндіріс басым көпшілігінде индустриалдық негізінде ұйымдастырылуы керек.

БҰҰ өнер кәсіп дамыту бойынша комитеті индустрияландыруға мынадай анықтама берген (12):

“Индустрияландыру-дегеніміз әралуан салалы, техникалық тұрғыдан алғанда қазіргі заманғы экономикалық құрылым құруға ұлттық ресурстардың елеулі бөлігін жұмылдыратын даму процесі болып табылады. Мұнда қамтылатын өнеркәсіп секторы өндіріс және тұтынуға арналған тауарлар өндіруге қабілетті болады, экономикалық өсу қарқынын жоғарлатуды қанағаттандырады, сөйтіп экономикалық және әлеуметтік прогресті жүзеге асырады”. Бұл анықтамада индустрияландырудың мағынасын екі тұрғыдан алып қарайды: біріншіден, секторлық-аграрлық, индустриалдық, қызмет көрсету салаларын; екіншіден, технологиялық-тек өнеркәсіпті басым шаруашылықтың басқа салаларын да индустриалдық амал әдістерімен дамыту факторын қамтиды.

Сөйтіп индустрияландыру – дегеніміз кең мағынасында өндіріс әдісінің тұрақты өрекетінің заңдылығы, дәйекті жалғасатын процес болып табылады. Бұл тарихи процес, оның нәтижесінде құрылған машиналы өндіріс – индустрияны іс жүзінде шексіз дамытып жетілдіре беруге болады. Өндірісті тұрақты дамытып, оның салалық құылымын жетілдіру процесі ғылыми техникалық прогрес жетістіктері арқылы жүзеге асырылады. Индустриалдық даму процесі ретінде мысалы, постсоциалистік елдерде индустрияландыруды қазір де жүзеге асыру үстінде. ТМД едерінде, соның ішінде Қазақстанда қазіргі заманғы ФТП жетістіктері негізінде жүзеге асыру процесіне өтуге байланысты мұны бүгінде *реиндустрияландыру* деп атайды.

Индустрияландыруды тар мағынасында алғанда ел экономикасын дамыту мақсатының белгілі кезеңінде индустриалдық дамуды шектеуді уақытта жеделдету сатысы ретінде анықталған шаруашылық саясатын жүзеге асыру деп түсінуге болады.

Аз уақыт ішінде өнеркәсіп саясатын жеделдетіп жүргізудің көрнекті мысалы Кеңес одағында 30-шы жылдары жүргізген елді индустрияландыру саясаты еді. Капиталистік “қоршаудағы” бұл ел “социалист” индустрияландырудың барлық кешендерін өзінде толығынан орнатып өзін-өзі қанағаттандыратын елге айналу мақсатын қойды. Бірінші дүниежүзілік және азамат соғысында елдің өнеркәсібі өбден қираған, қаржыландырудың сыртқы көздері жоқ, өз ресурстары жеткіліксіз болды. Осыған қарамастан екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі аса қысқа мерзімде Кеңес Одағы, сол кездегі өлшеммен, бірінші сыныптық индустриалдық державаға айналғаны белгілі. Кеңес өкіметі соғыстан кейінгі жылдары өсіресе ауыр өнеркәсібін, ғылым мен техниканы дамытуда ірі табыстарға қол жеткізді, индустрияландырудың үлкен мақсаттарын жүзеге асырды. Бірақ ондағы саясаттың барлығы белгілі мүддені көздейтін, орталықтан қатал жоспарланған түрде іске асырылды. Әсіресе ұлттық республикаларды, шеткері аймақтарды индустрияландыру процесі төменгі деңгейде қала берді.

Қазақстанда ұлттық өндіргіш күштердің біртұтас тиімді жүйесі әлі қалыптасқан жоқ. Өндірістің сыңаржақ құрылымы республиканы сыртқы факторларға экономикалық жағынан тәуелді етіп отыр. Техноогиясы артта қалған салалары басым экономиканың өте ауыр құрылымы



технологиялық жаңалықтар енгізуге қабілеті төмендігінің басты себептерінің бірі деуге болады. Кеңестік дәуірде жүрізілген алғашқы индустриаландыру процесі өзінің кең мағынасында шын мәнінде аяқталмай қалды. Экономикада төменгі сатыдағы технологиялық укладтар басым, көп аймақтар өлсіз индустриалдық даму сатысында қалды.

Құрылған өндіргіш күштердің типі рыноктық қатынастарға өту жағдайындағы қажеттілікті қанағаттандыруға қабілетсіз. Оның болашақ өсуін қанағаттандыратын потенциалы өлсіз соңғы тұтынушыға бағытталмайды, ғылыми-техникалық прогресті игеретін мүмкіндігі шектеулі. Шаруашылықта қазір индустриаландыруға дейінгі дамудың элементтерін кеңінен қолданады. Оларға мысалы, өнеркәсіп, құрылыстағы қолмен істейтін және төменгі білікті еңбек, ауыл шаруашылығының дағдылы салаларындағы ауыстырылмаған байырғы еңбек құралдарын қолданатын еңбекті жатқызуға болады. Сондықтан Қазақстанда ТМД басқа елдеріндегі сияқты өндіргіш күштерінің индустриалдық дамуының мүмкіндіктерін жүзеге асыру анағұрлым төменгі деңгейде дейтін пікірмен келісуге тура келеді.

Қазақстан экономикасын реиндустриаландырудың стратегиялық мақсаты диверсификацияланған, бәсекелік қабілетті елдің өндіргіш күштерінің біртұтас кешенін қалыптастыру болып табылады. Мұндай кешен елдің экономикалық тәуелсіздігін және ұлттық қауіпсіздігін нығайтуды, халықтың лайықты өмір деңгейін, экологиялық жағдайды жақсартуды, әлемдік шаруашылық байланысына кіруін қанағаттандыруға тиісті (8). Бұл мақсатқа жету экономикалық құрылымды, өндірісті технологиялық жаңғыртуда, өсудің жетекші факторларының (табиғи – ресурстық, ғылыми – техникалық) арасындағы арақатынасты жарасымды болдыруда сапалы алға басумен байланысты. Осындай ірі өзгерістер жасау процесі әлемдік экономиканың даму бағытына қаншалықты нақтылықпен үйлестірілсе, болашақ мақсаттар, оған жету жолдарын анықтауда осы дамудың заңдылықтары мен үрдістері соншалықты толығырақ еске алынады.

Қазақстан және ТМД басқа елдерінде өндіргіш күштердің индустриалдық дамуының мүмкіндіктері өлі көп мөлшерде жүзеге асырылған жоқ. Бұларды әлемдегі басқа да көп елдердің қатарында индустриалдық жағынан

жетілмегендігін және әлемдік шаруашылықтағы аралық орнын белгілеу мағынасында *орташа индустриалдық* немесе өтпелі экономикалы елдер деп атауға болады. Қазақстан экономистерінің пікірі бойынша Қазақстан және ТМД басқа елдері индустриалды дамыған және дамушы елдер арасында аралық орын иеленді, олар өрі салыстырмалы жоғары дамығандықтың белгілерін өзіне қабылдаған көрінді.

Осындай *екіжақтылық* мыналардан байқалады(8):

- батыстық тұтыну стандартының озық өндірістері артта қалған дағдылы салаларымен қосарлануы;

- жұмыстылықтың жарамсыз құрылымы: бірінші және екінші өндірістік секторындағы жұмыстылардың үлесі үшінші сектордікінен 1,5-2 есе артық. Бұл дамыған елдердегі жағдайды елестетеді;

- ресурстық - шикізаттық салалары басым және экономиканың ресурстар сыйымдылығы жоғары;

- әлеуметтік – экономикалық даму деңгейінің ел ішіндегі дифференциациялануы едәуір, өзара байланысы өлсіз өнеркәсіптік урбанизацияланған, қалашықтандырылған және аграрлық аз игерілген бірталай аймақтар бар;

- екі еселенген экологиялық жүктеме: бір жағынан ескі индустриалдық елдердегі сияқты техногендік дамудың кері салдарынан, екінші жағынан, дамушы елдердегі сияқты табиғи ресурстарды экстенсивтік әдістермен пайдаланғандықтан;

- шаруашылыққа түбегейлі, тездетілген модернизация жасауға серпін беруге қабілетті инновациялық, креативтік міндеттер жеткілікті дамымағандығы, осының өркетінен дамыған елдерге тұрақты тәуелділіктің өлде қандай нысаны бар.

Орташа индустриалдық деңгейдің қазіргі өтпелі кезеңінде жоғарыда көрсетілгендей оңтайсыз процестер практикада орын алып отырғаны мүмкін, шарасыз шығар.

Зерттеушілер қазір “жаңа индустриалдық елдердің (ЖИЕ) экономиканы индустриаландырудағы тәжірибесін индустриалдық дамудың классикалық батыстық моделінен өзгеше бағалайтын болды. ЖИЕ классикалық моделден ең алдымен “лас” индустриаландыру кезеңін “алып тастағандай” болды. Олардағы индустриалдық өсу батыстық компаниялардың сонда орналастыратын еңбек сыймды салалар мен өндірістерге басым бағыт беруге негізделеді.



Қазақстан үшін индустриалдық дамудың қай моделі тиімді? ЖИЕ тәжірибесін Қазақстан қайталауы мүмкін бе? Қазақстандық экономистердің пайымдауынша ерте индустриаландрудың шығынына ұшыраған ауыр өнеркәсіптің бірталай потенциалы қорын жинаған қазақстан сияқты елдер индустриалдық өндіргіш күштер эволюциясының классикалық жолын жалғастырғаны дұрыс деп көреді (8). Сөйтіп бұл елдер жоғары индустриаландырған қоғам арқылы постиндустриалдық қоғамға өтеді.

Сонымен Қазақстандағы *реиндустриаландыру* стратегиясы - дегеніміз ұлттық өндіргіш күштерді қалыптастыру стратегиясы болып табылады. Басқаша айтқанда бұл - қазіргі заманғы ғылыми - техникалық төңкеріс жетістіктері негізіндегі индустриаландыруға өту деген сөз. *Реиндустриаландырудың* нәтижесінде өндіргіш күштердің жоғары индустриалдық жүйесі бекітілуін қанағаттандыру керек болады. Ондай жүйе экономиканың диверсификацияланған құрылымымен, оның технологиялық баланслауымен, дамыған индустриалдық тұтыну кешенімен сипатталады.

Ұлттық өндіргіш күштерді қалыптастыру мақсаттары ең алдымен оларды экономикалық тәуелсіздікті және қауіпсіздікті жоғарғы мөлшерде қанағаттандыру негізінде диверсификациялаумен байланысты. Осы бағытта сырттан алатын өнімдерді мүмкіндігінше іште өндіретін болу, азық-түлік өнімдерін, отын-энергетикалық ресурстарды өзінде қанағаттандыруды көздеу жөн болады. Бұлар көп жағдайда импортты алмастыру саясатына байланысты. Ол ұлттық мүддеге сәйкес келетіндей көрінгенімен барлық жағдайда сыртқы тәуелділікті жеңілдеті алмайды. Мұндай саясатты тандаған елдің көпшілігі өзін-өзі қанағаттандыратын жағдайға жетпегендігі жөнінде жоғарыда көрсетілді. Тұтынуға дайын болған тауарлары іште өндіруге байланысты көп жағдайда шикізаттарды құрал жабдықтарды импортпен алуға инвестиция жұмсалады. Инфрақұрылымды да өзгерту керек болады. Күшті протекционистік саясат әрқашан оңды нәтижеге жеткізе бермейді, экспортқа да теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Қазақстанда көпсалалы кешендер құруға бағытталған, стратегия ұстанудың субъективтік жағдайлары бар. Индустриалдық және ғылыми - техникалық дамудың қазіргі деңгейі, ұлттық шаруашылықтың ауқымы осыған мүмкіндік

береді. Бірақ *диверсификациялаудың* басты мақсаты қажетті өнімдердің ауданды бөлегін өзінде қанағаттандыруға жету емес, алайда ұзақ мерзімді болашақта экономиканы дамытудың құрылымдық негізін салуда. Бұл жаңа перспективтік салалар мен өндірістерді игеруге, оларды өлемдік шаруашылықпен интеграциялауды тереңдетуге, халықаралық еңбек бөлінісінің артықшылықтарын пайдалануға байланысты.

Қажеттілік факторын толығырақ есепке алу қазақстанның өндіргіш күштеріндегі салалық *диверсификациялаудың* перспективтік тенденцияларын анықтайды. Онда ең алдымен тұтыну тауарларын шығаратын өнеркәсіптің салаларын, қызмет көрсететін салаларды және үшінші сектор (материалдық емес өндіріс салалары) салаларының барлық кешенін қарқынды дамыту көзделеді. Перспективтік ең тереңірек құрылым түзілу процесіне қызмет көрсету салаларын жан-жақты, тездетіп дамыту үлкен әсер етеді. Оларға тұрмыстық және коммуналдық салалар ғана емес, байланыс, көлік, сауда білім беру, мәдениет салаларының көрсететін қызметтері де қамтылады. Бұған сол сияқты ақпараттық, консалтингтік, инжинирингтік, сақтық, қаражаттық қызмет көрсетулерді қамтитын іскерлік қызметтер индустриясы кіреді. Жеке кәсіпкерлік, кіші бизнес, крестьян шаруашылықтарын дамытуда қызмет көрсететін шағын делдалдық, агросервистік, машинасервистік формалар да еске алынады.

Республика экономикасының қазіргі ауқымы, ресурстары, ішкі және сыртқы рыноктарының көлемі көп салалы шаруашылықты ары қарай дамытуға, сонымен қатар жаңа салалар құру негізінде экономиканы диверсификациялауға жеткілікті деп көреді.

### 5.3. Экономиканың бәсекелік қабілетін арттыру, экспорттық басымдықтар.

Ел экономикасын *реиндустриаландырудың* маңызды бір жағы-экономиканың *бәсекелік қабілетін* арттыру болып табылады. Осы проблемаға рынокқа өту мәселесі де, өлемдік шаруашылықпен интеграциялану да, экономикалық өсу мүмкіндіктері де, халықтың өл-ахуалының көтерілуі де байланысты болатыны анық. Әлемде барлық жағынан

бірдей бәсекелік қабілетті және барлық уақытта да осындай артықшылықта болуға кепілдемелі бірде-бір ел болуы мүмкін емес. Мұндай артықшылықтарға жету, оны тұрақты сақтау ұзақ уақыттық күрес, қиындықтардан өту нәтижесінде қол жеткізетін аса күрделі іс екені түсінікті.

Бұл мақсатта табысқа жеткен көпшілік елдер бәсекелік қабілеттің потенциалын біртіндеп қор жинау жолымен бірнеше сатыдан өтуге болады екен. Осы жолды Қазақстан да қайталайтын болар. Осы мәселені зерттеген американдық ғалым М.Портердің пікірінің негізін алып қарайық (13).

Халықаралық экономикалық қатынастар тұрғысынан өртүрлі елдердің экономикалық даму деңгейін бәсекелік дамудың бірнеше сатысы түрінде алып қарауға болады. Ұлттық экономиканың бәсекелік қабілетін: 1. Өндірістік факторлар негізінде; 2. Инвестиция негізінде; 3. Жаңалықтар енгізу негізінде; 4. Байлық негізінде дамытуға болады. Осы сатылар бойынша қозғалтушы факторлар немесе ынталандырулар негізінде ұлттық экономиканың бәсекелік қабілеті өсу процесі жүріледі. Ол халықтың өл-ахуалының өсуіне үйлесімді келеді.

Өндіріс факторлары негізінде бәсекелікті дамыту сатысында өлемдік рынокта табысты қызмет жасайтын салалар бәсекелік күресте тек өндірістік негізгі факторлардың нәтижесінде ғана өзінің артықшылығына қол жеткізеді. Оған табиғи ресурстар, ауыл шаруашылық өнімдерін өсіру жағдайлары, өзіндегі артық және арзан, жартылай білікті жұмыс күші капиталды. Осы факторларды пайдаланудағы мүмкіндіктермен бәсекеде табысқа жетуге болады. Бұл жағдай халықаралық бәсекеге төзуге қабілетті салалар тобын күрт азайтады. Ондай экономикада ел ішіндегі фирмалар арасындағы бәсекелік өндіретін өнім бағасын төмендету негізінде жүріледі. Ондай салаларға күрделі емес, арзан игеруге ыңғайлы технология қажет болады. Басқа елдерде жасалған техника, технология пайдаланады.

Сыртқы рынокқа шығуды шетел фирмалары қанағаттандырады. Экспорттық өнімге сұраныс өте аз болады. Импортты алмастыратын тауарлар өндіру арқылы ішкі рынокты кеңейтуге болады. Ол үшін ішкі рынокты шетел бәсекелестерінен қорғайтын шаралар қолданылады. Бірақ өлемдік рынокқа шығу үшін әлсіз дамыған импортты алмастыратын салалардың мүмкіндігі жетіспейді. Оның үстіне импорттан қорғану шаралары экономиканың

тиімділігін төмендетуі мүмкін. Дамудың бұл сатысында ел экономикасы өлемдік экономиканың дағдарыстарына, валюта курстарының өзгерістеріне өте тез ұрынғыш келеді. Бұл сатыны өлемдегі ешқандай ел соқпай өтпейді, ол барлық дамушы елдерге тән сипат.

Инвестиция негізінде бәсекелікті дамыту сатысында экономиканың бәсекелік артықшылығы ұлттық фирмалардың белсенді инвестиция жасау қабілеттілігіне негізделеді. Фирмалар құрал, жабдықтар алады, жаңа технология игереді. Халықаралық бәсеке озаттары жетілдірілген соңғы ұрпақ техникаларын сатпайтыны жасырын емес, сырттан өкелген техника, технологияны жетілдіріп, жаңа сапалы өнімдер шығарудың өзіндік әдіс амалдарын талдап жасауы керек. Осы тұрғыдан алғанда "кілт беру" жолымен кәсіп орындар салуға керенаулық түрде инвестиция жасау жеткіліксіз.

Инвестицияның көмегімен бәсекелік қабілетті жоғарлату үшін өндіріс факторларын жаңа сапаға көтеру, фирманың стратегиялық бағытын айқындау, фирманы өлемдік рыноктағы өріптестердің қатарына шығару мақсаты қойылады. Бұл сатыда фирмалардың бәсекелік қабілетін арттырудың тұрақты базасы ретінде экономиканы дамытуға инвестиция жасау мүмкіндігіне жету көзделеді. Ол үшін бәсекелік қабілет сұраныс талабына қарағанда ұсыныс мүмкіндігі артық мөлшерде өсуі керек. Ішкі сұраныстың көлемі бәсекелік қабілет жоғарлауының ресурсына айналады. Бірақ сырттан алатын тауарға тәуелділік болмауы керек. Ондай жағдай жаңалықтар енгізуді алға бастырмайды, озат технологиялар игеруге мүмкіндік бермейді. Инвестиция жасауда мемлекет жетекші рөлде болады, бұл жерде фирмалардың белсенділігі артуы керек.

Бұл сатыдағы өлемдік тәжірибеге көз жіберетін болсақ, Алмания ХІХ ғасырда ағылшындық және француздық технологияларды зерделеуден бастапты; Америка соғыстан кейінгі кезеңде бұл сатыдан тез жылдамдықпен өтіпті; кейінірек осындай кенет көтерілуді Жапония, сонынан "жаңа индустриалдық елдер" т.б. жүзеге асырды.

Жаңалықтар енгізу негізінде бәсекелікті дамыту сатысында өлемдік деңгейде қызмет көрсете алатын салалар дамиды, бәсекелікке қабілетті жаңа салалар пайда болады. Елдің экономикалық даму деңгейі ілгерлеген сайын

факторлық шығындар негізінде бәсекелік артықшылықтарға ие болу сирек құбылысқа айналады. Күрт жоғарлау жолымен дамыған елдердің тәжірибесіне қарағанда мол факторларға ие болу емес, керісінше олардың жетіспеушілігі бәсекелік қабілеттің өсуіне, жаңа техника, технологиялар енгізіуді ынталандырады.

Жаңалықтар енгізу сатысында бәсекелік күрестің барлық қырлары *жасампаздық* даму үстінде болады. Университеттердің, ғылыми мекемелердің, инфрақұрылым ұйымдарының саны өседі, құрылымдары күрделене түседі. Осының бәрі еңбек өнімділігін арттыруға, қандайда іс-қызметте жоғары сапаға көтерілуге бағытталады. Осы мақсаттарда: фирмалар глобалдық стратегиялар талдап жасайды; жаңадан мамандырылған өндірістік факторлар құрылып дами береді; сұраныс құрылымының күрделене түсуі бәсекелік қабілеттің ресурстарына айналады; өзара байланысты және бірін-бірі демейтін салалар қарқынды дамиды; негізгі факторлардың тиімділігін пайдалануға сүйенетін салалардағы зияндылықтың өсуі бәсекелік қабілеттің жоғарлауын ынталандырады.

Сөйтіп қандай да ел бәсекелік артықшылықты өсірудің серпінді процесіне демеу беріп шыдаса, онда бәсекелікті дамытудың алғашқы үш сатысынан өтеді. Барған сайын артықшылықтың өзі күрделене береді, бәсекеге қатысатын салалар көбейеді. Бәсекеліктің келесі *байлыққа* негізделген төртінші сатысында экономикалық осудің қозғалтушы күші елдің қол жеткізген қазіргі байлығы болып есептеледі. Осыған дейін жинақтылып келген байлық ел экономикасын қозғалысқа түсіреді. Дамудың осы сатысының негізгі белгілеріне қарағанда Ұлыбритания, АҚШ, Швейцария бүгінде дамудың "байлық" немесе "молшылық" кезеңінде екен.

Қазақстан көп параметрлері бойынша көрсетілгендердің ішінде *бірінші сатыда* тұр. Экономикадағы дағдарыс реиндустрияландыру процесіне қауіп төндіруде. Ел экономикасын осы қиындықтан шығарып дамудың келесі сатыларына өткізу үшін мемлекеттің белсенді рөлі қажет. Бұл рөл ең алдымен *бәсекелік қабілет* факторларына қатысты көрінуі керек. Бүгінгі таңдағы Қазақстанға төн ерекшеліктер бойынша табиғи ресурстар, арзан жұмыс күші сияқты базалық факторларды тиімді пайдалану міндеті қойылды. Базалық

факторларға негізделген артықшылықтар өте сенімсіз, одан айырылып қалу оңай. Бұл қазіргі Қазақстанның ресурстарға бағытталған экспорттық стратегиясынан көрініп отыр.

Бүгінгі жағдайда қазіргі заманғы инфрақұрылым, жоғары білікті, білімді қызметкерлер сияқты перспективтік факторларға артық назар аударған жөн. Білім беру және ғылымның экономикалық ролін жете бағаламаушылық бар. Бұл бәсекелік қабілеттің болашақ потенциалын қалыптастыруға кері әсерін тигізетіні даусыз. Қолда бар барлық мүмкіндіктерді бүгінгі басымдықтарға дұрыс бағыттатып тиімділігін дер кезінде анықтап, келешегін жобалап көрсетіп отыру мемлекеттің белсенді реттеуші ролінің нәтижесі болмақ.

Барлығына да бірден қол жеткізу қандайда елде болмаған, бұл принцип Қазақстанға да қатысты. Бұндайда қолданылатын *селективтік* әдісті ең алдымен қазіргі заманғы қандай технологияны, қай саланың, қандай өндірісіне, қашан, қайдан, қандай инвестициямен алып игеру процесіне қолдану жөн.

Экономиканың салалық құрылымының өзгеруіне сыртқы экономикалық фактордың мынадай қыры теріс әсерін тигізуі мүмкін. Қазір Қазақстанға шетел инвесторлары көптеп келіп жатыр. Олардың көпшілігі бірінші кезекте шикізаттық потенциалға мүдделі екені байқалды, өндіріске жаңа технология әкелуі өте сирек. Бұл жағдай Қазақстан өнер кәсібінің шикізаттық бағытын тереңдете түседі, салалық құрылымға онды өзгеріс әкелмейді. Шетел капиталын енгізу, оны тиімді пайдалану ісіне мемлекеттен қатал бақылау қойғаны дұрыс. Осы мәселе жөнінде академик А.Қошанов: "Шетелдік инвесторлар көп жағынан шикізат, жартылай өнімдер өткізіп экспорттауға мүдделі. Олардың мүдделері алатын жақтың жалпыұлттық мүдделерімен бірдей емес. Сондықтан шетел инвесторының жеке мүддесін реципиент — елдің жалпы-мемлекеттік, халықшаруашылықтық мақсаттарын шешуге сәйкестендіріп пайдалану қажет. Оларды келісу әруақытта шамалаумен жүріледі, оңайға соқпайды. Микродеңгейлік мүдделерді негізге ала отырып, жалпыұлттық бақылау қажет болатын салалар мен өндірістерді анықтау керек. Оларды шетел инвесторларының ену дәрежесі және компаниялардың ұстаптық капиталына кірісуі бойынша жіктеу керек" (22) деген пікір ұсынады.



Экономиканың жалпыға бірдей құрылымдық базасы бұрынғысынша өнеркәсіп болып қала береді. Бірақ экономиканың салалық құрылымының *әмбебаптығына* қарайтын *көзқарас*, *өдіс* өзгереді. Алғашқы индустриаландыруға тән экономиканың ауыр өнеркәсібі салалары, ең алдымен, қазып шығаратын және алғашқы өңдеу жасайтын салалардың дамығаны сияқты *әмбебаптықтың* мағынасы сақталынады. Бірақ (FTP) кеңінен өрістету кезеңі үшін бұл жеткіліксіз. FTP жетістіктері негізінде экономиканы дамыту, яғни реиндустриаландыру үшін *әмбебаптық* құрылымдық базасы рөлін экономиканың бірінші секторлық салалары атқара алмайды. Ол ролді ендігі жерде екінші сектор-өңдейтін өнеркәсіп, жасап шығаратын салалар, перспективтік бөлімшелері мен өндірістері атқаратын болады. Осы тенденциялар индустриалды дамыған елдерде экономиканың прогрессивтік салалық құрылымы туралы түсінікті қалыптастырды. Ондай құрылым тікелей машина жасау, химия, электр энергетикасының үлесімен оншалықты емес, олардың ішкі құрылымы, нақтылап алсақ - станок жасау, электротехникалық, электрондық өнеркәсіптер, малотоннаждық химия, микробиология салаларының үлесімен анықталады. Нақ осындай салалар қазіргі экономиканың *әмбебаптық* құрылымының негізі бола алады.

Өңдейтін өнеркәсіптің үлесін қосу бағытында металлургия, химия саласында соңғы өнімдер шығару, жоғары технологиялық элементтері бар металсыымды құрал жабдықтар өндіру, фармацевтика, жеңіл және тамақ өнеркәсібін дамытуға болады. Ғылыми сыйымды салаларды дамыту бағытында бастабында құрастыру өндірістерін, биотехнологияға негізделген өндірістерді, каталитикалық, лазерлік, радиациялық технологияларды дамытуға, металдық негізде жаңа материалдар шығаруға, болашақта ғарыштық технологиялар пайдалану жолымен жаңа материалдар өндіруге ерекше назар аударылатын болады.

Отын-энергетикалық және металлургиялық кешендер экспорттық саясаттың басты басымдықтары ретінде сақталынады. Сонымен қатар сыртқы экономикалық қызметтің ішкі және сыртқы жағдайларының өзгеруі бұл кешендерге кіретін салалар мен өндірістерге жаңаша қарауды талап етеді. Шикізаттардың бағасы еркін жіберілді. Бұл

өндіріс технологиясы деңгейі төмен, өндірістік шығындар шамадан тыс жоғары, еңбек өнімділігі төмен бүгінгі жағдайда көпшілік кәсіп орындарының жұмысы пайда бермеуіне әкеп соқты. Қазір республикада қорғасын, мырыш, титан, магни, электростали, темірқорытпалары сияқты көптеген өнімдер шығаратын өндірістер зиянды өндірістерге айналды. Энергетикалық отындардың бағасы өсуі, республиканың экспорттық кешеніне кіретін көптеген өндіріс орындарында өндірістік базаның артта қалуы, технологиялардың ескіруі ұзамай экспорттық өнімдер әлемдік рыноктағы бәсекеге қабілетсіз болуға айналатын қауіпі бар.

Осыған байланысты республиканың экспортқа бағытталған салаларының перспективтік дамуына экономикалық бағамдау жасау, олардың сыртқы рыноктардағы коммерциялық іс қызметінің тиімдігін жоғарлатуға бағытталған шаралар дайындау проблемасы көтеріліп отыр. Онсыз сыртқы саудалық жекелеген операциялардың тиімдігі төмен болатындықтан, сондай-ақ әлде қандай өндірістерді дамытуға негізсіз инвестиция жұмсайтыдықтан республикаға үлкен зиян келтіретін түрі бар.

Қазақстанның экспорттық потенциалын нығайту мақсаты шикізаттық өнімдердің өңдеу дәрежесін жоғарлатуды, әлемдік конъюнктураны оралымдырақ пайдалануымен үйлестіре отырып өнім сапасын жақсартуды талап етеді. Экспорттық құрылымға осылай қарау негізінде Қазақстандық мамандар жекелеген өнеркәсіптік кешендер бойынша кейбір экспорттық бағыттыарды анықтады (8):

- мұнайгаз өнеркәсібінде - мұнай және газдың бірталай бөлегін жергілікті жерде өңдеу, мұнайды терең өңдеп (70% - ке дейін) өнім жасап шығаратын минизауыттар салу арқылы мұнай және газ өнімдерін өндіріп экспортқа шығару; шағын газхимиялық өндірістерді іске қосу; қазіргі газ өңдейтін зауыттарды кешенді техникалық жарақтандыру қажетті компоненттер айырып алуды тереңдету;

- түсті және қара металлургияда - қазіргі кәсіп орындарын жарақтандыру, оларға жаңа технологиялар енгізу; үшінші және төртінші қайта балқытулар жасайтын құаттарды іске қосу, солардың ішінде қара металлургияда - иілген пішіндерден ақ қаңылтырмен қапталған прокаттар жасау жоғары рентабелді темір қорытпалар шығару; түсті

металлургияда - алюмин, қорғасын, мыс, титан прокаттары, металдық алтын т.б. өндіретін цехтер мен бірнеше мини-ауыттар ұйымдастыру;

- химия және мұнай химия өнеркәсібінде - пластмассалық бұйымдар, шыныпластиктер, олардан бұйымдар жасайтын бірнеше зауыттарды іске қосу, синтетикалық шайыр және пластмасса жасайтын қазіргі өндірістерді кеңейту, жарақтандыру. Бұларға қажетті шикізаттарды Теңіз және Қарашығанақ мұнаймен қанағаттандыруға болады.

Экспорттың тауарлық құрылымын диверсификациялау елдің сыртқы экономикалық қызметінің тиімділігін жоғарлатудың бір жағы ғана. Бұның екінші маңызды жағы халықаралық экономикалық ынтымақтастық бойынша *өріптестерді* орынды таңдау аса маңызды мақсат болып отыр. Онда мына бағыттарды ескерген жөн (8):

- Қазақстанның осы уақытқа дейін әлемдік шаруашылықпен тоқтатқан экономикалық байланыстары, соның ішінде таяу және алыс шетелдермен, ТМД елдерімен қалыптасқан ынтымақтастық жалғасып дами береді;

- Батыстың өнеркәсібі дамыған елдерімен жасайтын экономикалық байланыстардың маңыздылығы күмән тудырмайды. Дегенмен Қазақстанның әлемдік шаруашылықпен байланысының қазіргі географиялық бағыттарында экономикалық жағынан орындылығы жете бағаланбайтындығы байқалады.

Әлемдік даму стратегиясындағы қазіргі бір ерекшелік жөй — экономиканың басты бір бағыты Азияға, Оңтүстік Шығысқа, Азия-Тынық мұхит аймағына ауысып келе жатқандығы. Оңтүстік бағыттағы экономикасы озық дамып келе жатқан елдермен Қазақстан қазір, өкінішке орай, экспорттаушы ретінде де, импорттаушы ретінде де тең ерікті ынтымақтастық жасауға дайын емес болып отыр. "Үшінші әлем" елдерімен экономикалық қатынастар жөнінде мұндай проблема іс жүзінде әлі көтерілген жоқ.

Қазақстанның - әлемдік шаруашылықпен жасайтын экономикалық байланыстарының географиялық бағыттарына экспорттық құрылымының қазіргі ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, дамушы елдермен экономикалық қатынастарды дамыту негізінде кейбір өзгерістер енгізу жөн болады.

- \* Дамушы елдерде Қазақстан Экспорты өнімдерін алуға кең мүмкіншілік бар. Ол елдердің экономикасы көпшілік жағдайда материал және энергия сыйымды келеді, ондағы кен өнімдеріне сұраныс батыстық елдерден жылдам өсуде. Шикізат ресурстарын өңдеу, жасап шығару салаларының өнімдерін бұл елдерге кеңінен экспортқа шығаруға мүмкіндік бар, өйткені онда өндейтін, жасап шығаратын салалардың күш қуаты өте аз, кей елдерде тіпті болмайды.

- \* Бұл елдердің рыногында Қазақстанда өндіруге болатын ауыр өнеркәсіптің базалық салаларына арналған орташа технологиялық деңгейдегі ресурстар көп қажет ететін құрал жабдықтарға және ауыл шаруашылығы машина жасау саласының өнімдеріне сұраныс табуға болады. Дамушы елдер рыногының экспортын кеңейтудің бүгінгі жағдайына және болашағына үлкен мүмкіндік береді. Дәл осындай жағдаймен африкалық рынок Қазақстан үшін үлкен мүддеге ие. Онда станоктардан бастап қол еңбегінің қарапайым құралдарына дейінгі өнімнің көптеген түріне сұраныс табуға болады.

- \* Африка құрлығы мемлекеттерінің таукен өнеркәсібі өзара байланыс дамытудағы перспективтік сала болып табылады. Ондағы бірталай мемлекеттер геологиялық барлау жүргізу, шикізаттарға алғашқы өңдеу жасау бойынша құрал жабдықтар және даяшылық алуға мүдделі болып отыр. Олар шетел компанияларының қызметін ынтыландыру үшін аралас кәсіпкерлік ұйымдастыруға дайын көрінеді. Ұнтымақтастықтың осындай түрі Қазақстан жағынан ұзақ мерзімді негізінде қажетті құрал жабдықтар жеткізу, экономикалық қызмет көрсетудің үлкен болашағын ашар еді. Бұндай қарым - қатынастарды ауыл шаруашылығы саласында да дамытуға болады.

- \* Оңтүстік Африка Республикасымен жан-жақты экономикалық қарым-қатынастар дамытуға болады. Қазақстан өнеркәсібі үшін маңызды өткізу рыногы Азия Тынық- мұхит аймағы елдері, ең алдымен ЖИЕ болуға мүмкіндік бар. Онда мұнай химия, қара металлургия өнімдері, көмір, газға тұрақты сұраныс болжамдалып отыр. Өз кезегінде АТА елдерінен қазіргі кездегі өнеркәсіп құрал жабдықтары, тұтыну және азық-түлік тауарларын алуға болады. Таяу болашақта бұл аймақ кәсіпкерлік капиталының ірі экспорттаушысы ретіндегі өзінің маңызды

рөлін сақтайды, азиялық ЖИЕ-ден ең серпінді осудің болашағын күтуге болады.

#### 5.4. Құрылымдық-технологиялық өзгерістер басымдықтары.

*Реиндустрияландыру* - дегеніміз республиканың табиғи ресурстар потенциалын, ресурстарды аз жұмсайтын және ғылымды көп қажет ететін қазіргі заманғы технологияларды ең жарасымды үйлестіруге негізделген индустрияландыру процесіне өту болып отыр. Осы негізде елдің қазіргі ғылыми-техникалық потенциалын нығайту, оны шетелдік жаңа технологиялармен ұштастыру арқылы ауқымды *технологиялық өзгерістер* жасау мақсаты қойылды. Осыған байланысты өнеркәсіпті құрылымдық жағынан жаңарту бейімделген модернизацияның алдыңғы кезектегісі ретінде белгіленіп отыр. Осы жағдайды көрсете келіп академик А.Қошанов: “негізгі тау-кендік, металлургиялық, отын-энергетикалық, кешендер шетелдік компаниялардың басқаруына берілді. Осы кешендердің көпшілігі жекешелендірілді, оларға мақсатты бағытта құрылымдық модернизация жасау, қазіргі заманғы ғылыми-техникалық деңгейде өндірістік циклдерді аяқтау мүмкіндіктерінен айырып отыр. Осындай жағдайларда құрылымдық модернизация жасау мақсаттары анық емес. Республикада өзірде өнеркәсіптік және технологиялық саясаттың нақ концепциясы жоқ, біз елді халықаралық еңбек бөлінісінде қандай рөлге дайындайтынымыз, экономикалық өсудің көздері, факторлары және мақсаттары қандай болатындығы негізделген жоқ” деп белгілейді (22).

Қазақстан әлемдік өндіргіш күштердің даму динамикасынан қалмай ілесу мүмкіндігін жоғары дәрежеде пайдалануға тиісті. Қазір әлемдік экономиканың құрылымдық-технологиялық өзгерістерінің жаңа ұзынтолқындық циклімен бұл саланың болашағы айқын болып отыр. Елдің технологиялық даму стратегиясы осы бағытпен үйлесуі керек.

Республика экономикасының технологиялық көп укладтылығын есепке алғанда реиндустрияландыру стратегиясы біртұтас технологиялық жолға емес, алайда *технологиялық плюрализмге* негізделуі керек. Соның көмегімен дағдылы және жаңа салаларды дамытудағы өртүрлі мақсаттарға жетуді қанағаттандыруға болады.

Реиндустрияландыру стратегиясын жүзеге асыру процесінде бірнеше кезеңдер болуы мүмкін (8).

Бастапқы кезең дағдарыстан кейін экономиканы қалпына келтіру фазасымен тетелес келеді. Бұл кезеңде республика экономикасының технологиялық артта қалушылығын жөнге келтіру, шикізаттық салаларды модернизациялау, оларды стандарттық дағдылы жаңа енгізулер арқылы жанарту, машина жасау саласында- жоғары технология элементтері қондырылған дағдылы металсыйымды техникалар шығару жұмыстары басым болады. Сонымен қатар таяу уақыттан бастап конверсия, кіші бизнес және бірлескен кәсіпкерлік арқылы түрлі аспаптар, автоматтандыру, радиотехникалық құралдарының қазіргі ұяшықтарының базасы негізінде ғылыми сыйымды өндерістердің негізгі өзегін қалауға болады. Тұрмыс электроникасы өнімдері сияқты ғылыми сыйымды өнімдердің күрделі емес түрлеріне қатысты құрастыратын өнімдер үшін импорттық технология пайдаланған жөн. Радиациялық, лазердік, каталитикалық технологиялар және биотехнология салаларындағы ғылыми жұмыстардың нәтижелерін өнеркәсіпте қолдану жолдарын табу керек болады.

*Екінші кезеңі* экономиканың өрлеу фазасына келеді. Бұл кезең серпіндірек құрылымдық алға басулармен, қосымша шикізат ресурстарын пайдаланудан оларды интенсивті пайдалануға өтумен, ресурстарды ысыраптайтын технологияларды үнемді пайдаланатын технологиялармен ауыстырумен сипатталады. Экономиканың бір бірінен экономикалық даму серпінділігімен, техникалық прогрестің жылдамдығымен өзгеше екі секторға жіктелуі күшейе түседі. Еңбексыйымды құрастырушы ғылыми сыйымды өндірістермен қатар жоғары білікті интеллектуалдық еңбектің көп шығынымен байланысты жоғары технологиялар дами бастайды.

*Үшінші кезеңде*, дағдылы техникалық-технологиялық негіздегі осу резервтері таусылады, принципі мүлде жаңа технологиялардың қажеттігі пайда болады. Республика әлемдік рыноктардағы тар жаңа материалдар, ғарыштық технологиялар сияқты “технологиялық қуыстардан” ғана орын теуіп тұрақтай алатын болады. Өндіргіш күштері дамуының ғылыми-техникалық факторларының маңызы анықтаушыға айналады. Сөйтіп, нәтижесінде өндіргіш



күштердің жоғары индустриалдық жүйесі біртіндеп қалыптаса бастайды.

Қазіргі экономикалық дағдарыс жағдайы құрылымдық-технологиялық өзгерістер жасауға мүмкіндік бермейді, бүгін ондай өзгеріс жасайтын уақыт емес дейтін пікірлер орын алғандығы байқалады. Бірақ сол дағдарыстың тамырын көп жағдайда экономиканың ұдайы өндірістік, технологиялық, салалық құрылымдарынан іздеу дұрыс. Өндірістік негізгі қорлардың ескіріп тозығы жеткендігі технологиялық даму мүмкіндіктері не кері өсерін тигізіп отыр.

Өнеркәсіп салаларының тиімділігі және техникалық-технологиялық жағынан төмендеуіне машина, құрал жабдықтардың физикалық және моральдық жағынан ескіріп тозуы үлкен өсерін тигізуде. Оларды жаңарту деңгейі өте төмен болғандықтан технологияны жаңартудың, жаңадан қалыптаса бастаған рыноктың талабына сай келмей отыр. Өнеркәсіп саласында 1996 жылдың басындағы мәлімет бойынша 10-20 жылға дейін пайдаланған құрал, жабдықтардың үлесі 47,1% , соның ішінде қара металлургияда -63,9%, электроэнергетикада - 63,4%, химия, мұнай химия өнеркәсібінде - 54,4% , жеңіл өнеркәсіпте - 50,4%, түсті металлургияда -47,8% болыпты (8).

Осындай тозығы жеткен өндіріс орындарының болашақта жұмыс жасайтын мүмкіндігіне терең талдау жасалатаны анық. Онда ұстанатын стратегия, мақсат, міндет, әдіс амалдар айқын болуы керек. Ең алдымен өндірістің құлдырауын тоқтататын бірінші кезектегі шараларды дайындап, жүзеге асыру қажет; Екінші кезеңде өндірісті тұрақтандыру, өндірістік құрылымды қарқындырақ өзгерту шаралары қолданылады, бірақ олар кәсіпорындарының және мемлекеттің мүмкіндіктерімен үйлестірілуі керек; Үшінші кезеңдер инновациялық программалар, құрылымдық жаңартулар сияқты түбегейлі өзгерістер жасауға байланысты проблемаларды шешуге мүмкіндік туады. Бұнда әрбір сатыда көрсетілген басты мақсаттарға қол жеткізу үшін өкімет және кәсіпорындар арасындағы өзара қатынастарды үйлестіру механизмін өкімет тарапынан қарастырып отырса жаңа жағдайға сай келер еді. Әсіресе ұлттық өнеркәсіптің базалық салалары ерекше демеуді қажет етеді, олар үшін төтенше шаралар талданып жасалуы керек.

Өндірістік техникаларды жаңалап ауыстыру дерлік жасалмайтын болды. Қол еңбегінің үлесі арта түсуде. Өндірістік технологияның құлдырау үрдісі қайтымсыз процеске айналу қаупі бар. Бұндай техникалық-технологиялық құлдырау тереңдей берсе макроэкономикалық және әлеуметтік-экономикалық жағдайда үлкен өсерін тигізетіні белгілі. Сондықтан құрылымдық-технологиялық жаңартуды мақсаттың күрделілігіне қарамастан кейінге қалдыруға болмайтыны түсінікті. Белсенді құрылымдық саясат жаңа технологиялар жасау, оларды игеруде мемлекеттік демеу беру ісі дағдарысқа қарсы стратегияның негізіне айналуы керек.

Бұл мақсатты қазіргі жағдайда кең ауқымда барлық жағынан бірдей қозғалтуға мүмкіндік шектеулі. Сондықтан құрылымдық-инвестициялық және ғылыми-техникалық саясатта таңдаулар жасап, басымдықтарды айқындау қажет. Басымдықтарды таңдауда әлеуметтік жағынан қайта бағыт беру, ресурстар үнемдеу, жаңа технологиялық укладтар қалыптастыру бағыттары негізге алынады.

1. Экономикаға әлеуметтік жағынан қайта бағыт беру - тұтыну рыногына жоғары сапалы азық-түлік, өнеркәсіп тауарларын жеткізуге, ондай тауарлар мен өзінде қанағаттандыру дәрежесін жоғарлатуға қабілетті салаларға өндірістерге, кәсіп орындарға басымдық беруді талап етеді. Азық-түлік, киім-кешек сияқты халықтың күн сайынғы өмір тіршілігіне қажетті тауарларды импорт арқылы қамтамасыз ету мүмкін емес. Ондай тауарларды жаңа технологияға, тұтыну секторларын артық жылдамдықпен дамытуға сүйеніп іште қанағаттандыру мақсатын қойған жөн. Бұл секторды дамыту бастаулары мыналар: а) экологиялық таза азық -түлік өнімдерін өсіресе балалар тағамдарын шығаратын өндірістерді игеру; ө) жеңіл өнеркәсібіне жаңа серпін беру. Бұл сала техникалық жабдықталуы жағынан басқа салалармен салыстырғанда анағұрлым жоғары, бірақ материалдар, бояулар қосалқы бөлшектерді импортпен өкелу тоқталуына байланысты бұл сала күрт құлдырау үстінде; б) күрделі тұрмыстық техникалар өндіруді жедел жылдамдықпен дамыту.

2. Ресурстарды үнемдеу бағыты. Қазақстан үшін қазір де болашақта да экспорттық потенциалдың негізі болып отырған отын-шикізаттық сектордың бұл бағыттағы маңызы өте зор. Батыстың экономикасы жоғары дамыған елдері

соңғы 20 жылда энергетикалық және экологиялық қыспақтың әсерінен микропроцессорлық техника және қалдықсыз технологиялар қолдану негізінде ұдайы өндірістің ресурстар үнемдейтін типіне өтті. Ресурстар үнемдейтін технологияның негізгі бағыттары: минералдық және ауыл шаруашылық шикізаттарын өңдеу, жасап шығару процестерін тереңдету, металлургияда соңғы қайта бақылау технологиясын игеру, мұнай және газды өңдеп шығаруды тереңдету, қалдықтар мен екінші реткі шикізаттарды ұнтақтап пайдалану т.б. Ресурстар үнемдейтін технологияларды басымдық ретінде анықтаудың екінші бір маңызды жағы онсыз аса күрделі міндет болып отырған экологиялық жағдайды жақсарту мүмкін емес. Экологиялық қауіпсіздік проблемаларын шешудің негізгі жолы табиғи ресурстарға түсіретін жүктемені азайтуға мүмкіндік беретін жаңа технологиялар игеру болса, екінші бір жолы ресурстар үнемдеу және экологиялық қорғау процестерін қабат жүргізу амалына көшу болып табылды.

3. Ел экономикасын құрылымдық-технологиялық жағынан өзгертіп жаңарту процесі базалық салалар мен тұтыну секторының өндірістік аппаратын жаңалаумен шектелмейді. Болашақта Қазақстан әлемдік ғылыми-техникалық прогреске ілесіп дамуы керек пе? әлде оның шеткері аймақтарының бірі ретінде қалуы керек пе? Деген талап міне қазірдің өзінде қойылып отыр. Бұл көп жағдайда қазіргі заманғы технологиялық укладтың ғылыми-техникалық басымдықтары негізінде қойылатын талаптарға экономика қаншалықты бейімделіп шыдайтындығына байланысты. Мұнда айтылып отырған технологиялық уклад өнеркәсіп төңкерісінен бастағанда бесінші болып есептеледі. Оның өзегі информатика, микроэлектроника, биотехнология, жаңа материалдардан құралады. Экономикасы жоғары дамыған елдер бұл укладқа 70-жылдардан өте бастады, олардың жалпы өнімінде бұл укладтың үлесі 90- жылдарда 40-50% -ке жетті.

КСРО жаңа технологиялық укладқа қалыңқырап лесті, негізінен қорғаныс салалары және ғарыштық байланыс есебінен алғанда дағдарыс қарсаңында оның үлесі 10%- тен аспапты.

Қазақстан ғарыштық технологиялар пайдалануды қоса есептегенде биотехнология және жаңа материалдар шығару-осы екі бағытта артық табысқа жететін мүмкіндік бар. Бұл

бағыттарда басқалармен салыстырғанда өзіндік ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелері, материалдық ресурстармен қанағаттандыру мүмкіндігі, өндірістік базалары және олардың дағдылы салалармен байланыстылығы бар. Осы бағыттар бойынша әлемдік рынокта тауарлық құйыстар іздеуге ыңғайлы. Биотехнология, жаңа материалдар саласындағы базалық инновациялар көп салаларда қолданылатын технологиялардың жаңа бағыттары мен укладтарына жол ашады, технологиялық секірістер негізін салуға қабілетті келеді. Олардан келетін пайда салалық шеңберден асып түседі. Биотехнологияны ауыл шаруашылығы, ем өндіру, тамақ және химия өнеркәсібі, тау кен ісі, энергетика, жаңа материалдар жасау т.б. салаларда пайдалануға болады. Әрине, бесінші технологиялық уклад өнімдерін кең ауқымда игеру бүгінгі таңда мүмкін бола қоймас. Бұл жерде дамудың қандайда бір ірі көзіне айналатын кіші секторларды дұрыс табуға, "лазерлік сәуле стратегиясы" сияқты бағыттарды пайдалануға шектеулі қаражатты жұмылдыруға назар аударған жөн.

Жоғары технологияларға негізделген пәрменді экономика дамыған жағдайда табиғатты қорғауға, экологиялық күшті саясат жүргізуге мүмкіндік туады. Реиндустрияландырудың бүгінгі кезеңінде қоршаған ортаға апатты әсерін тигізетін "лас" индустрияландырудың ресурстық және энергиясығымды сатысын ең аз мөлшерге дейін қысқарту қажет.

### 5.5. Аймақтық дамудың индустриалдық негіздері

Қазақстан экономикасын реформалау механизмін нақтылау, аймақтық саясатты дифференциалы түрде жүзеге асыру үшін территориялық даму ерекшеліктерін еске ала отырып, барлық облыстарды төрт аймақтық топқа бөледі. Онда шаруашылық жүргізудің объективтік жағдайларының ресурстық - өндірістік потенциалдың, мамандандырылу бағытының, республика ішіндегі еңбек бөлінісінде атқаратын міндеттердің айырмашылықтары есепке алынады (ҚР ҒМ-ҒА Экономика институты жасаған, ҚР Өкіметінің 1996. IX.09 , N 1097 қаулысымен қабылдаған ҚР аймақтық саясат концепциясы).

Көрсетілген концепция бойынша топтастырылған Қазақстан аймақтарындағы техникалық-технологиялық даму басымдықтары өртүрлі.

Бірінші топтағы облыстар (Шығыс - Қазақстан, Павлодар, Қарағанды, Жезқазған, Қостанай, Солтүстік-Қазақстан облыстары) жоғары ғылыми-өндірістік потенциалымен, ауыр индустриялық салаларға мамандандырылғаны айқын көрінетіндігімен, жоғары технологиялық ғылыми сыймды өндірістер орнату үшін жеткілікті қолайлы экономикалық жағдайымен, қаржы ресурстарын негізінен өзін-өзі қанағаттандыратындығымен сипатталады. Бұл топтағы облыстарды республикадағы экономикалық тұрақтылыққа, техникалық-технологиялық ірі өзгерістер жасауға тіреу боларлықтай аймақ ретінде есептейді.

Бұнда техникалық - технологиялық деңгейде түпкілікті өзгерістер жасауға мүмкіндік бар. Қазіргі ірі өндірістік потенциалға тездетілген қайта жарактандыру жасау арқылы жоғары технологиялар негізінде ғылыми сыйымды өнімдер, қазіргі заманғы машина, құрал жабдықтар шығаратын өндірістер ұйымдастыруға болады. Мысалы, Павлодар, Қарағанды облыстарында-электрондандырудың және машина жасаудың құралдары өндірісін; Қарағанды, Шығыс-Қазақстан, Жезқазған облыстарында-композиттік, жоғары таза, жоғары өткізгіштік материалдар өндірісін; Солтүстік-Қазақстан облысы т.б. - лазерлік технология, өндіріс басқаруды автоматтандыруға арналған саймандар мен жүйелер өндірісін дамытуға болады. Тек осы бағыттағы өндірістерді оңды шешудің өзі техникалық-технологиялық жедел дамудың, ғылыми сыймды өнімдер өндірудің экспорттық потенциалын ұлғайтудың негізгі базасын құруға үлкен үлес қосар еді.

Екінші топтағы облыстар (Атырау, Ақтөбе, Манғыстау, Батыс-Қазақстан, Қызыл-Орданың бір бөлегі, Жамбыл) стратегиялық сипаттағы минералдық ресурстардың теңдесі жоқ қорына ие. Ғылыми-өндірістік потенциалды қарқынды дамытуға жеткілікті жоғары серпін беруге мүмкіндігі бар. Аймақтағы бұндай потенциал республика экономикасын өлемдік шаруашылыққа интеграциялау процесін тездетуге қабілетті деуге болады. Бірақ экономикасының салалық құрылымы өте жарамсыз, минералдық шикізатты қазып

шығару, жартылай өңдеу салалары абсолюттік басымдықта, ауыл мен селоның экономикалық және өлеуметтік жағдайы мүлдем артта қалған, экологиялық жағдайы тым ауыр. Аймақтың табиғи - ауа райының экстремалдық жағдайы, стратегиялық шикізаттардың бай кен орындарын игеру тек бастапқы сатыда ғана болуы осы облыстардың экономикасын сапалық жағынан өсіруге бағытталған проблемаларды бірінші кезекте шешуді талап етіп отыр.

Республиканың индустриялық дамуында Батыс-Қазақстанның рөлі өте жоғары. Мұнайдың жобалық қоры бойынша Теңіз мұнайгазы және Қарашығанақ мұнай конденсаты көмір сутектерінің аса ірі кен орындарының арқасында бұл аймақ бұрынғы Одақта Сибирден кейін екінші орында болды. Теңіз кенорны өзінің қоры бойынша өлемдік көмірсутектері кен орындарының ішінде аса ірі бестіктің қатарына шықты. Бұл аймақ ТМД көлемінде хром рудасының қоры (90%) және кен шығару бойынша ең ірісіне жатады. Бұнда қалий тұзы, индерлік рудасы, никель, кобальт т.б. ірі ресурстар бар. Аймақ экономикалық-географиялық жағынан тиімді орналасқан, Ресей, Орта Азияның өнеркәсібі дамыған орталықтарына жетуге мүмкіндігі бар, шетелдерге теңізбен шығады. Көмірсутекті шикізаттарды қазып шығаратын кешенді түрде өндейтін, жасап шығаратын жаңа технологиялар игеруді, осы мақсатқа талас негізінде шетелдік инвестицияларды кеңінен таратуды алдыңғы кезекте шешетін проблемалардың қатарына қойып отыр.

Бұл топтағы облыстардың өлемдік рынокқа шығуы, ірі инвестициясыз табысқа жетуі оңай болмайды. Өлемдік стандартқа сай, іскерлік климатты анықтайтын рыноктың жоғары дамыған инфрақұрылымы қажет, аймаққа инвесторлар келетін қызығарлық жағдай жасалуы керек. Ең алдымен халықаралық порттар, айлақтар, аэропорттар, автожолдар, теміржол транспорты тораптарын салу проблемалары өз шешімін күтуде. Қазіргі өндірістік және өлеуметтік инфрақұрылымдарды түбегейлі қайта жарактау, еркін кәсіпкерлік аймақтарын дамыту мақсаты тұр.

Үшінші топтағы облыстардың (Солтүстік-Қазақстан облысының АӨК, Ақмола, Қостанай, Жамбыл, Көкшетау, Оңтүстік-Қазақстан, Талдықорған, Батыс-Қазақстан, Алматы) агроөнеркәсіптік кешендері (АӨК) республиканың азық-түлік қорын қалыптастыруда жетекші рөл атқарады.



Бүгінгі өтпелі кезеңде бұл облыстар үшін туындап отырған негізгі проблемалар экономиканың басым бағыттағы салаларының бірі- АӨК дамытумен, осы аймақтың жерінде республиканың азық-түлік ресурстарының негізгі көлемін қалыптастырумен, аграрлық реформаны табысты жүргізумен, селодағы өндірістік қатынастарды реформалаумен, ауылды қайта көтерумен байланысты. Бұл топтағы облыстар үшін алдыңғы кезекте тұрған проблемаларға өндірістік процестерге жаңа техника, технология игеру мәселесін жатқызуға болады. Олардың кейбіреуін сырттан әкелуге тұра келеді, мұны меншіктің өртүрлі нысандарының дамуымен үйлестіру қажет.

Ауыл шаруашылығына мамандандырылған райондарда олардың ғылыми-техникалық потенциалын ескере отырып (Солтүстік-Қазақстан, Ақмола, Оңтүстік-Қазақстан, Жамбыл) биотехнология және гендік инженерия дамытуға жеткілікті мүмкіншілік бар. Республикада тұрақты азық-түлік кешенін қалыптастыру үшін ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін дайын өнімдер шығаратын шағын кәсіп орындарды кеңінен ұйымдастыру керек болады. Сонымен қатар бұл облыстарда ауыл шаруашылық шикізаттары және азық-түлік өнімдерін сақтайтын қазіргі заманғы индустрияларды дамыту қажет.

Төртінші топтағы облыстар (Торғай, Қызыл-Орда, Семипалатинск облыстары және Атырау, Манғыстау, Жезқазған, Оңтүстік-Қазақстан облыстарының селолық райондары) депрессияға ұшырған, жер қыртысы- климаттық, әлеуметтік- экономикалық, техникалық- технологиялық тұрғыдан экстремалдық жағдайда, экономикалық жұмылдыру мүмкіндіктері қатаң лимиттендірілген, экономиканың салалық құрылымы тым жарасымсыз және экологиялық дағдарыстағы аймақтарға жатқызылады. Бұнда қалыптасқан шаруашылық байланыстары бұзылғандықтан экономикалық және әлеуметтік дағдарыс ең төменгі деңгейге түскен.

Бұл аймақтарда мемлекеттен реттеудің үлкен шаралары қажет болып отыр. Мұнда халықшаруашылық кешенін түпкілікті қайта жарактандыруға, халқтың тіршілік деңгейін жоғары стандартта қанағаттандыруға қажетті материалдық негіз құруға назар аударылуы керек.

Қазіргі уақытта постсоциалистік кезең экономикасы үшін әлеуметтік- экономикалық дамудың басқаша

критерияларын қолданатын болды. Бұрын елдің экономикалық қуатын бағалайтын критерияларға өртүрлі металдар, машиналар, станоктар т.б. жалпы өндірілетін өндіріс көлемін, сонан кейін әлеуметтік даму деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерді жатқызатын. Қазір әлеуметтік - экономикалық жүйенің құндылығын бағалайтын критерияларды бері айтқанда үш топтағы көрсеткіштердің *комплексімен* алып қарау дұрыс деп көреді: 1. Халықтың өмір сапасын сипаттайтын; 2. Экономикадағы үдемелі дамудың потенциалы; 3. Елдің әлемдік қоғамдастықпен экономикалық интеграциялану деңгейі. Жеке аймақ, облыстар және республика бойынша әлеуметтік-экономикалық дамудың деңгейі және басымдықтарды анықтағанда осы критериялар басты бағамдау болуға тиісті (8).

Экономикадағы үдемелі дамудың потенциалы деген критерияның мәні ол жаңа техникалық-технологиялық негізде ұдайы өндіріс процесін жетілдірудегі өрбір аймақтың нақты материалдық базасын айқын көрсетеді. Бірақ Қазақстан экономикасы жалпы алғанда осы критерияны бұған дейін есепке алмай дамып келіпті. Осының салдарынан бұл критерия тіпті бірінші топтағы аймақтардың өзінде өте төменгі мөлшерде. Мысалы, Павлодар облысында көмір шығару, электр энергиясын, темір қорытпаларын, глинозем, тракторлар т.б. халық шаруашылығы үшін маңызды өнімдер өндіру бойынша ірі қуаттарға ие бола тұра аталған критерия өте төменгі деңгейде. Жалпы өнімдегі соңғы өнімнің үлесі 17,1%, ал ғылыми сыймдылықты өнімдердің үлесі 0,1% екен. Бұл Қазақстан бойынша даму деңгейі жағынан ең жоғары саналатын бірінші топтағы облыстардың өзінде техникалық - технологиялық тез көтерілудің тек алғышарты ғана екенін көрсетеді. Ондай тез көтерілудің өндірістік потенциалы, яғни оның материалдық-техникалық базасы өте әлсіз. Аймақтағы ең басты саланың бірі көмір өнеркәсібінде көмір байыту процесі, оны терең өңдеп сұйық көмір сутегіне айналдыратын технология, Экібастұз кен орынан шығарылатын бағалы минералдық компоненттерді бір-бірінен айырып өңдейтін технология игерілмеген. Облыстың түсті металлургиясы жартылай өнім- глинозема шығарады, онда соңғы өнім-аллюмини және одан өндіретін прокат, трубалар сияқты соңғы өнімдер шығарылмайды. ✓

## 5.6. Реиндустрияландырудың негізгі факторлары.

**Ресурстық - шикізаттық фактор.** Қазақстанның бай ресурстық-шикізаттық потенциалы индустриалдық дамудың негізі болып келеді. Минералдық - шикізаттық кешен қазіргі экспортта басты орында тұр. Ұзақ мерзімдік болашақта табиғи ресурстардың көмегімен ел экспортының қажеттілігін сенімді және тиімділікпен қанағаттандыруға бола ма?

*Біріншіден*, геологиялық барлауға жұмсалатын қаржы азаяды, энергетикалық отынның, тасымалдаудың құны өседі, пайдалы қазбаларды өндірісте пайдаланудың жағдайы нашарлайды. Осылардың салдарынан кен игеру, қазып шығару, өңдеу салаларындағы өндірістердің пайдалылығы уақыт өткен сайын төмендейді; *екіншіден*, шикізаттық ресурстарды дамытуды экономикалық өрлеудің кепілдігі ретіндегі бағыт ұстау экономикалық өсудің және ҒТП әлемдік тенденцияларын еске алмауға апарып соғады. ҒТП бастапқы кезеңінде индустриалдық дамыған елдер жоғары технологияларды дамыту негізінде алғашқы шикізаттық ресурстардың қажеттілігін азайта түседі. Ондай жағдайда шикізаттың әлемдік рыногында бағының онша көтеріле қойматыны, және дүбірлі жанданулар болмайтыны белгілі. Ал ҒТП озат-елдерінің халықаралық еңбек бөлінісінен табатын артықшылықтары одан өрі өсе береді.

Сондықтан, алғашқы шикізаттық өнімдерге экономикалық өсудің ұзақ мерзімдік тұрақты фактор ретінде басты сенім арту Республиканың шаруашылық өмірін түйыққа тіреуге аарады. Шикізаттық экспортты кеңейту көбінде тактикалық уақытша басымдық ретінде болуы керек. Осы арқылы тұтыну рыногын тұрақтандыру, өндіргіш күштерді реиндустрияландыруға жұмсалатын алғашқы көздерді беретін валюталық ресурстарды алуға мүмкіндік жасалады.

Қазақстанның бай ресурстық потенциалы оны жарасымды пайдаланғанда ғана, өндейтін өнеркәсіптің жоғарлатумен және экономиканың жалпы тиімдігін арттырумен үйлестіргенде ғана экономикалық өсу, өндірісті технологиялық қайта жанарту мүддесіне қызмет жасай алады.

**Ғылыми - техникалық фактор.** Стратегиялық ресурстар ретінде табиғи ресурстар потенциалының рөлі қазіргі әлемде ғылыми -техникалық прогреске өтуде. Осыған байланысты экономиканы реиндустрияландыру процесінің жетекші бағыттарының бірі ғылыми- техникалық факторды мемлекеттің экономикалық және саяси стратегиялық мақсаттарының құрамына енгізу жөн болады. Мұның мәні экономиканың құрылымын өзгертіп жаңалауға, қоғамның рухани және әлеуметтік прогресін қанағаттандыруға, елді әлемдік қоғамдастыққа интеграциялауға қабілетті ғылым мен техниканың даму деңгейіне жетуде. Ғылым мен техниканың ондай деңгейіне көтеріле алмаған жағдайда Республика әлемде шикізат көздерін, арзан жұмыс күшін дайындау рөлінде қала береді. Тек сондай қоғамға ғана ғылымының даяшылығы қажетсіз болмақ.

Кеңес дәуіріндегі Қазақстанның ғылыми-техникалық потенциалы одақ көлемінде интеграцияланған, орталықтан басқарылатын, Республикалық мүддеге толық сәйкеспейтін еді. Республика экономикасы ҒТП объектісі ретінде модернизациялау процесіне екінші, көп жағдайда тіпті үшінші кезекте кіретін. Базалық салалардағы технологиялар сырттан әкелінетін, олар өз параметрлері бойынша әлемдік жетістіктерден көп кейін қалатын. Ғылыми-техникалық потенциалдың технологиялық бағыттары өте әлсіз дамып келді. Ғылыми-техникалық факторлардың өрекеті жөнінде шешім қабылдағанда ғылыми зерттеу жұмысының бағасын нығайтумен қатар осы жұмысты экономиканың қажеттігіне қарай бағыттатып отыратын ұйымның рөлін ескеру қажет.

Бұл саладағы өзекті мақсат басымдықтарды дұрыс таңдау болып отыр. Ондағы басты *критерия*- экономикадағы құрылымдық-технологиялық өзгерістердің жалпы тенденциялары болып табылады. Ғылыми-техникалық басымдықтар, *бір жағынан*, озық технологиялар жасаудың стратегиялық мақсаттарына, *екінші жағынан*, өндірісті тұрақтандыру, дағдарыстан шығуға байланысты экономикалық саясаттың қысқа мерзімдік мақсаттарын ғылыми- техникалық тұрғыдан қанағаттандыруға нысаналануы керек (8):

\* Тез қайтарымды бағыттарға басымдық беру экономиканың технологиялық құрылымын өзгертуге, оның бәсекелік қабілетін күшейтуге арналған база құруға

мүмкіндік береді. Республикадағы ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне есеп жасағанда мысалы, көмірсүтекті шикізаттарды химиялық өңдеу саласында оларды іске қосу арқылы ғылыми сыйымды технологиялар және мұнай өңдеуден алатын малотоннаждық өнімдермен таяу және алыс шетелдерге шығуға, химиялық органикалық синтездің жаңа салаларының және пластмасс өндірісінің базасын құруға болады екен;

\* Таукен - металлургиялық кешеніндегі базалық жоғары тиімділікті экологиялық технологиялар экспорттық өнімдердің бірнеше түрін шығаруға қабілетті көрінеді. Солардың ішінде жер қойнауындағы сирек өнімдер (скандий, оксиды, иттрия, европия, неодима, газолиния), темір қорытпалары бар. Биотехнология саласында тек фармацевтика өнеркәсібінде антибиотиктер, аминокышқылдар, витаминдер, пантокрин сияқты өнімдер бойынша сыртқы рынокқа шығуға болады;

\* Мынадай бағыттарда перспективтік жарасымды технологиялар жасауға мүмкіндік бар: ауыл шаруашылық өнімдерін ұзақ мерзімге сақтауға арналған өңдеу әдістері, материалдардың қасиетін мақсатты бағытпен модификациялау, олардың ішінде жоғары температурадағы шамадан тыс өткізгіштер (сверхпроводники) көмірді газдандыру және брикеттеу, ядрлік энергияны мұнай өңдеуге пайдалану т.б.;

\* Жаңа технологиялар игеру бағытында биотехнологияға негізделген экологиялық таза азық-түлік және ем өнімдерін өндіруге тұрмыс электроникасын дамытуға, тұрғын үй құрылысында, мәдени және шаруашылыққа арналған тауар өндіруде жаңа технологиялар игеруге назар аударылады. Бұл мақсаттарды конверсия арқылы, біріккен кәсіпкерлік арқылы және ғылыми-техникалық зерттеулердің нәтижесін қолдану жолымен жүзеге асыруға болады.

**Сыртқы экономикалық фактор.** Реиндустрияландыру процесінің табысқа жетуі көп жағдайда Қазақстанның әлемдік шаруашылық жүйесімен қарым-қатынас жасау қарқынымен анықталады. Қазіргі уақытта сыртқы фактор экономикалық өсудің тездетушісі ролін атқаруына болады. Өйткені елдер экономикасының өзара байланыстылығы индустриялық даму және құрылымдық өзгертулер жасауда әлемдік заңдылыққа айналып отыр. Мұның мәні өндірістің

интернационал дануымен, жалпы әлемдік проблемалардың шиеленісуімен, индустриялық дамыған елдердің экономикасындағы құрылымдық өзгерістерге ФТТ жасайтын әрекетімен түсіндіріледі.

Әлемдік шаруашылықтың интернационалдануы аса күрделі және қарама - қайшылықты процес. Бұл процестің екі жағын байқауға болады. *Бір жағынан*, оның шеңберінде ФТТ жаңа кезеңіне бейімделу үшін нақты мүмкіндіктер ашылады, кейбір елдер ХЕБ жүйесіне енуіне жағдай туады. *Екінші жағынан*, кейбір елдер экономикасы жоғары дамыған озық-елдердің тәжірибесінен тікелей үлгі алып пайдаланады. Ал дамыған елдер, керісінше, әлемдік шаруашылықтың шеткері аймақтарынан келетін шикізатқа, энергетикалық отынға, еңбек сыйымды тауарларға тәуелділігін әлсіздендіре түседі. Сөйтіп, әлемдік шаруашылықтағы өзара байланыс және өзара тәуелділікте қандай тенденциялар басым болуына көп жағдайда Қазақстан үшін индустрияландырудың жаңа толқының болашағы байланысты болады.

Қазіргі құрылымы жағдайында өздігінен кеңейтілген ұдайы өндіріс жүргізуге мүмкіндігі болмайтын экономикаға реиндустрияландыру қажет болады. Сондықтан индустриялық дамуды күшейтуге бағытталған қандайда балама, ең болмағанда, бастапқы кезеңде, біршама дамыған елдің құрылымына байланыстырылуы керек, сөйтіп, экономиканың аграрлық-шикізаттық құрылымын толықтыруға мүмкіндік туады. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Ресеймен байланыс жасайтын болса, бұрыннан қалыптасқан тауар алмасу қалпында сақталады: қазып шығаратын шикізаттардың негізгі бөлегі Ресейге шығаралады, сапасы онша жоғары емес өртүрлі инвестициялық аралық және тұтыну тауарларын Қазақстанға әкеледі, экономиканың салалық құрылымында оншама өзгерістер болмайды.

Өнеркәсібі дамыған басқа елдермен өріптестікті алмастырған жағдайда: саудалық қатынаста өзгерістер болады: шектелуі топтағы шикізаттық ресурстар сыртқа шығарылады, капиталдар, біршама жетілдірілген технологиялар және тұтыну тауарлары әкелінеді. Салааралық ұдайы өндіріс механизмі тұрғысынан алғанда бірінші нұсқа артығырақ болар еді. Ал технологиялық артта қалушылықты жою үшін екінші балама артық болады. Екі жағдайда да



реиндустриализацияның сыртқы факторының әрекеті шектеулі, шикізаттық салалар салық құрылымдағы өзгерістерді шектеумен қалады. Сыртқы экономикалық салада индустриалдық дамыған елдерге қайта бағыт беру процесінде әлемдік рынокта өнімдеріне сұраныс жоқ шикізаттық өндірістерді қысқартуға тұра келеді. Сөйтіп жаңа сұраныстарға сәйкес экспорттық жаңа салалар мен өндірістерді дамытатын болады.

Орталық Азия елдерімен олардың аймақтық, ұлттық, діни және саяси салалардағы жақындығына байланысты субрегионалдық интеграция дамытуға болады. Ондай байланыс таяу болашақта ғылыми-техникалық прогреске онша әсерін тигізе қоймайтын қарапайым технологиялық емес нысанды дамытын болар.

*Әлеуметтік – мәдени фактор.* Ел болашағының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыруда әлеуметтік - мәдени фактордың орны бөлек. Барлық факторлардың іс әрекеті өндіргіш күштер дамуының адам потенциалымен толықтырылады. Адам мүмкіндіктерін іске асырудың маңызды бағыттары – еңбек оның мінез- құлықтық және кәсіпкерлік ресурстары. Рынок жағдайында кәсіпкерлік қызметке үлкен сенім артады. Әйтседе, тіпті ертеден дағдылы рынок жүйесінде дамыған елдердің өзінде халықтың 10-15% -і ғана кәсіпкерлікке қабілетті, ал іс жүзінде олар 4-5%-тен аспайды екен.

Еңбек факторына мәдени - тарихи ортаның әсер ету факторы жалғасып келеді. Жиынтық жұмыс күшінің мәдениеті, кеңірек айтқанда, ұлт мәдениеті өндірістік мүмкіндіктердің аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Технологиялық өзгерістер жасауға еңбек этикасы, құндылықтардың дағдылы жүйесі, салауатты өмір салты, халық көпшіліктің жаңа ағын, бағыт бағдарды қабылдау қабілеті, еңбекке құштарлығы, ынта жігері ең басты рөл атқарады.

Экономикалық модернизациялау ғылыми-технологиялық төңкерістің әлемдегі жетекші ошақтарынан таралып отырғаны түсінікті. Сондықтан ол өзін тұтызған батыстық әлемнің әлеуметтік- мәдениеттік сипаттарын өзімен бірге ала келетіні заңдылық нәрсес. Осыған сәйкес батыстық техникалық және әлеуметтік инновацияларға бейімділік көп жағынан адамдардың осы сипаттарды

менгере алатын қабілетіне, мәдени - тарихи ортаның "тұтқырлығына" байланысты болады. Дәл осындай себептен басым конфессионалдық құрылымы, орналасудың және шаруашылық жүргізудің дағдылы типі бойынша батыс әлеміне жақын тұратын елдерге реформа жасау оңайырақ болатыны әлемдік тәжірибеден белгілі.

Азиялық елдердің мәдени- тарихи дағдылары, дінді қоса алғанда, күш қолданумен емес оңтайлы кілттер арқылы пайдаланылады. Сонда бұл елдердегі тәжірибе басқаша. Сондықтан батыстың рыноктық стандарттарын жергілікті халықтың дағдыларына әдет - ғұрыпына, экономикалық және әлеуметтік нормаларға бейімдету міндетіне бірінші кезекте назар аударуды талап етеді. Бұл ең алдымен шаруашылық жүргізу және меншік нысандарын таңдау ісінде, әлеуметтік кепілдіктер деңгейін, еңбек қатынастары моделдерін, экономиканы мемлекеттік реттеу дәрежесін анықтағанда есепке алынуы керек.

## 6. СЕРПІНДІ ДАМУДЫҢ ФАКТОРЛАРЫ МЕН МЕХАНИЗМДЕРІ

### 6.1. Жапондық іскерлік: басқару ерекшеліктері

Жапонияда экономиканы мемлекеттен реттеу жүйесіне соғыстан кейінгі кезеңде өртүрлі дәрежеде модификациялау болғанымен оның принциптері негізінде қазірге дейін сақталыныпты. 80-жылдардың аяғындағы мәлімет бойынша мемлекеттік реттеуге 10 мыңнан астам позиция қамтылған, соның ішінде кәсіпкерлікке, бағаға, импортқа, рынокқа тауар жіберуге, негізгі капиталға бақылау жасайды.

Мемлекеттік реттеудің принциптері мен әдіс амалдарының шоғырландырылған бейнеленуі өнеркәсіп саясатында өзінің мән мағынасын табады. Жапондықтардың есептеуі бойынша бұл саясаттың негізгі принципі макроэкономикалық пропорцияға әсер ету, ал оның негізгі объектісі - салалық құрылымдар болады. Бұл жерде жапондықтардың "сала" деген атауы біртекті өнімдер шығаратын, өкімшілік жағынан бір министрлікке немесе ведомствға қарайтын фирмалардың ассоциациясы деген мағынада. Жапондық министрліктер индустриалдық ұйымдар құруға белсенді қатысады, онсыз мұндай жұмыстар жүргізуге рұқсат болмайды. Өндірісті *басқару, ұйымдастыру механизмдерінің* мынадай *ерекшеліктері* байқалады:

1. *Сыртқы сауда, өнеркәсіп министрлігі* экономикалық құрылымдарды жаңалап өзгертудің ұзақ мерзімдік программаларын жасайды, дамудың ең ықтимал тенденцияларын жобалайды, шаруашылықтардың осал бөліктерін анықтайды. Фирмалар мен мемлекеттік құрылымдардың өзара іс-қимылдарының нақты мәселелерін жасау, оларды шешуге 200-ден астам арнайы кеңестер көмек көрсетеді. Бұл кеңестердің құрамына мемлекеттік шенеуніктер, кәсіпкерлік ұйымдардың бастықтары, ғалымдар, баспасөз эксперттері кіреді. Өнеркәсіп саясатын жүргізуде парламент тарапынан белгілі рөл атқарады, онда арнайы құрылған "дзоку" деп аталатын топтар қандай бір министрліктердің мүддесін қорғайды.

Осылай *тік командалық* тізбек жүйесі қалыптасқан. Ол *бір жағынан* ойын тәртібін сақтаушылар үшін ең қолайлы жағдай жасайтын тәртіп орнатады; екінші жағынан оны

бұзушыларға шара қолданады. Ондай қысым жасауға банкілерді (несие бермеу), салық қызметін, полицияны, қысым көрсететін өнеркәсіп топтарын, баспа сөзді пайдаланады. Осындай өзара іс-қимылдар сипаты кең тараған *"темір үшбұрыш"* деп аталатын бейнелеу түсінігі бойынша жүзеге асырылады. Бұның төбесі пайдалы контрактылар алуға ұмтылатын фирмалар, бюрократтар және "дзоку" тобына кіретін парламент мүшелері болып келеді. Бұл үшбұрыш барлық жапондық шенеуніктердің қызмет негізін көрсетеді. Фирмалар саясаткерлерге сайлау кезінде қаржылай демеу көрсетеді, оның орнына тиімді контрактылар алады. Қажетті ақпарат, контрактылар, тапсырыстарды көтерілген бағамен кәсіпкерлер шенеуніктерден де алады, бірақ оларға қызметінен босағанда жеңіл жұмыс беруге кепілдік береді. Шенеуніктер өз кезегінде, саясаткерлерден өз құқын сақтау, бюджет бекітуде қолдау табады, оның орнына айтқанға көнетін, саясаткерлерге "жағымды" фирмаларға көмек көрсетеді, керісінше "жағымсыздарына" қысым жасайды.

2. Басқарудың жапондық жүйесі батыстық жүйемен салыстырғанда біршама *өзгешелеу*. Фирманың ішкі басқаруындағы негізгі мәселе - ұзақ мерзімді шаруашылық іс-қызметін бағамдау екені белгілі. Жапондық фирмаларда бірінші кезекке бәсекелік күрестегі позицияны нығайту міндетін қояды, осыдан өнім сапасы және оның өзіндік құнына ерекше мән береді. Ал АҚШ-та жылдық, тіпті тоқсан сайынғы қысқа мерзімде ең жоғары мөлшерде пайда табуды көздейді.

Жапондық кәсіпорындарда өнім сапасын жоғарылатуға барлық қызметкерлерді тартады, олардың әрқайсысын ынталандырады: жұмысшылар ақаусыз өнім шығарғаны үшін қосымша жалақы алады; мамандар ақаулар, жөндеуге келмейтін шығындарды азайтқаны үшін; кәсіпорын бастықтары тұтынушылар өнімді пайдалану барысында анықталған ақаулардың саны және сапасын қанағаттандыруға жұмсалған шығынға байланысты қосымша жалақы алады.

АҚШ-та қызметкерлер мен жұмысшылардың міндеттері катал тәртіпте белгіленеді, жапондық фирмаларда қызмет, лауазым бойынша нұсқалған міндет белгіленбейді. Әр қызметкердің міндеті белгілі уақытта шешетін тапсырмаға байланысты өзгеріп отырады. Төменгі орындағы қызметтегілер уақытша оны басқарушыдан жауаптырақ жұмыс орындауы мүмкін.

3. Жапондық өнеркәсіп жүйесінің артықшылығы көп жағдайда өндірісті ұйымдастырудағы мүлде басқаша *жарасымды өдіс* амалдарға байланысты сияқты. Өнеркәсіп саласындағы 800 мың компаниялардан қызметкерлер саны 300-ден жоғарғысын ірілердің қатарына жатқызады, олардың саны 3 мыңға жуық, жалпы өнеркәсіп өнімінің 50%-ін өндіреді. Шағын және орташа кәсіпорындарының 70%-ке жуығы ірі компаниялардың *субмердігерлері* ретінде жұмыс жасайды. Шағын орташа кәсіпорындарының көлемі кішілігіне қарамастан оларда елдегі барлық жұмысшылардың дерлік үштен бірі қызмет жасайды. Оларды көдімгі үй шаруашылығы жабдықтары, киім кешектен бастап автомобильдер мен күрделі электрондық техникаларға дейін өндіреді.

Өңдейтін өнеркәсіпте бірінші және екінші дәрежедегі деталдар шығаруға негізделген соңғы өнім өндіретін кәсіпорындардағы *еңбекті ұйымдастыру нысандарын жапондықтар кең іргелі пирамида* деп атайды. Егер осы пирамиданың іргесі бұзылса онда өңдейтін және құрайтын кәсіп орындарының әлемдік рыноктағы бәсекелік қабілеті төмендейді деп көреді.

4. Шағын және орташа кәсіпорындар құқықтық жағынан сенімді сақталынады. *Субмердігерлік* бойынша есеп-қисап жасауды кешіктірмеу туралы заң 1956 жылдан қатаң қолданылады. Өңдейтін өнеркәсіпті қамтитын бұл заңды әлемде теңдесі жоқ деп көреді. Онда материалдар өңдеу, құрастырылатын бөлшектер дайындау, құрал-жабдықтарды жөндеуден өткізу бойынша тапсырыстар орындайды. *Субмердігерлік* болу үшін шағын фирмалардың акционерлік капиталы тапсырушының капиталының 1/20-інен жоғары болмауы керек. Бұндай шектеулі ескертулер өте маңызды, өйткені жапондық өнеркәсіпте ірі фирмалармен тұрақты контракт негізінде қызмет жасайтын шағын және орташа кәсіпорындар аса көп. Заң бойынша тапсырушы өнімді немесе қызметті алғаннан кейін 60 күн ішінде тапсырысты төлеуге тиісті. Тапсырыс стандартқа сәйкестірілген, адал мәміле бойынша егжей-тегжейлі жасалған болуы керек. Құжат орындаушыға тапсырылғаннан кейін бағаны өзгертуге, қосымша шарт жасауға, тапсырысты күшсіз болдыруға тапсырушының құқы болмайды. Егер дайындалған өнім орындаушының кінәсіз шартқа сәйкестірілмесе оның бағасы төленуі керек.

5. Жапонияның барлық ірі кәсіпорындары көпсалалы өндірістік-жеткізетін кешендер түрінде ұйымдастырылады. Салалық тораптар мен тұрақты субмердігерліктер көптеген түрлі міндеттер атқарады: құрастырылатын бөлек бөлшектер тәжірибелік өнімдер мен аспаптарды дайындау; ғылыми-зерттеу, жобалық, конструкторлық, есептелінетін жұмыстары; монтаждау, жөндеу, даяшылық ету, құрал-жабдықтарды жалға беру; екінші реткі шикізатты құрастыру; баланстандырылған тасымалдау т.б. Жабдықтау және клиенттерге сатып алудан кейінгі фирмалық қызмет көрсетуді қамтитын өткізу тораптары да осы тәрізді қызмет атқарады. Салалық тораптар мен субмердігерліктер тек орталық кәсіпорындарының ғана қажеттігіне қызмет көрсетумен шектелмейді, олар жалпы кешендер бойынша сол сияқты басқа да тапсырушыларға қызмет көрсетеді. Топтар арасында бәсеке жүріледі, орталық кәсіпорындарда олардың ортақ өндірістік базасы болады.

6. Орташа және шағын бизнеске деген *қамқорлық* тек Жапонияға ғана тән ерекшелік емес. АҚШ-та кейінгі бірнеше онжылда Кіші бизнес өкімшілігі (КБӨ) жұмыс жасайды. Ол мемлекет тарапынан шағын кәсіпорындарға көрсететін көмекті үйлестіретін міндет атқарады. Бүгінгі таңда осы КБӨ-нің мәртебесі өсе түсуде, оның бастығы Ақ үйдің ұлттық экономикалық кеңесінде өте беделді орында, бұл кеңес бүкіл экономика саласындағы ел саясатын талдап жасаумен айналысатыны белгілі. Сонда, кіші бизнеске қатысты өкімет саясатын жүргізуге қаншалықты мән берілетіндігі түсінікті.

Осы сияқты кіші бизнеске ерекше назар аударатын практика басқа елдерде де аз емес. Солтүстік Италиядағы "Болонья" моделі деп аталатын аса ірі тораптық құрылымының, Сауд Аравиясындағы мұнай-химиялық алыптарға қызмет көрсететін кіші бизнестер жүйесінің іс-қызметтерінің өзіндік ерекшеліктері бар.

Ресейде кіші кәсіпорындарды демеу және дамыту бойынша мемлекеттік комитет, Москвада кіші кәсіпкерлікті демейтін департамент құрылғаны, Чуваш республикасында қолөнер және кішікәсіпорын министрлігі қызмет жасайтындығы сияқты мысалдар назар аударарлық бастама сияқты.

"Кіші бизнестің үлкен ролі" дейтін жұмыстың сыры оған осыншама назар аударудың арқасында ашылатын көрінеді.



7. Қазір өнімнің стандарттық түрлеріне деген сұраныс азаюы шындыққа айналды, тауарлардың өртүрлілігі өсуде. Осы жағдай өз кезегінде басқаруда, өндірістік құрылымда, оның технологиясында *іргелі өзгерістер* жасауды талап етеді. Дәл осыдан сатып алушылардың тапсырыстарына артық бейімдеуге қабілетті шағын кәсіпорындарға қажеттілік артып отыр. Осының нәтижесінде өндірушіге қарағанда *тұтынушының басымдығы* пайда болады, тауарға, оның сапасына, уақытында жеткізілуіне, нақты тұтынушының тапсыруына сәйкес тауарлар мен қызмет көрсетудің өртүрлілігіне қойылатын талап жоғарылайды. Бұндай өдіс технологияның *жаңа типіне* көшуді талап етіп қана қоймайды, оның жаңаруын тездетеді.

8. Жапондық жүйеде өнім сапасына қойылатын *бақылау* тұрақты, күн сайын, ауысым сайын сапаны жақсартуға талап қояды. Бұл сапаға тұрақты *акцентабельдік* тәртіп бойынша қарайтын батыстық концепциядан түбірімен басқаша. Дәл осындай сенім өнімді тұрақты жаңалау стратегиясындағы бастама - *модификациялау* екені белгілі. Сонымен қатар сапаның жапондық концепциясының *ерекше принциптері* бар. Мысалы, сапа үшін ТББ (ОТК) емес, менеджерлер жауапты; сапа деңгейі статикалық емес, тұрақты жоғарылауы керек; технологиялық процесті тұрақты қадағалау қажет, оның мақсаты - өнім сапасына кепілдік болатын нормадан ауытқуды анықтау; сандық көрсеткіштерге жетеуден өнім сапасы артық маңызды, сапа төмендейтін жағдайда әрбір жұмысшының өндірісті тоқтауға құқы бар.

9. Бүгінгі таңда өнеркәсіптегі *оралымды* кәсіпорнының тағдырын анықтайтын болды, басқалардан бұрын жаңа технологиялар жасалынбаса, сұранысқа сәйкес келетін өнімдер кезінде игерілмесе - күйреуге ұшырау алыста емес. Рыноктағы бәсекеліктің де негізгі сипаттары осылай - негізгі факторы барлығын уақытында іске асыру, басқалардан қалмау, жаңа атаулыны дамыту, тиімділікті төмендетпеу. Осыдан диверсификациялау - қазіргі заманғы өндірістің *жалпылық заңдылығына* айналды. Жапонияда бұл процесс корпорациялардың іс-қызметін жалғастырудың *нәрменді құралы* ретінде бағаланады. Жапондық практика бойынша фирманың гүлденуі орта есеппен 30 жылдан аспайды, сонан кейін фирманың жетілуі аяқтайды, кеусеп шөге бастайды, бюрократизм тамыр жаяды, өзгертіп жаңалауға дайын болу қабілеті анағұрлым өлсірейді. Күйреуге ұшырамау үшін

фирма өндірісті диверсификациялап өзінің ұйымдастырылу құрылымына жаңа тірлік беруі керек.

*Адамға бағытталған саясат.* Жапондық тәжірибенің ерекше назар аударарлық бір жағы - *адамға бағытталған саясат*. Бұл салада *"кадрлар дайындау"*, *"еңбек саяси экономиясы"* атауларының мақсат, мғынасы бұрыннан қалыптасып дағдылы іске айналған. Біл іс нарықты экономикаға өтуде табысқа жетудің міндетті шарты ретінде практикалық үлкен құндылыққа ие болған. Менеджменттің жапондық доктринасы басым көпшілігінде адамға бағытталады. Батыста жұмысшы кішкене станоктың қасында өмірінің ақырына дейін қалады. Ал Жапонияда өндіріс жұмысшысын төменнен ең жоғарғы жауапты орынға дейін өсіру ережеге айналған. Жапондық жұмысшылар қоғамда төменнен жоғары, жоғарыдан төмен *тік* бағыт бойынша қызмет атқарса, батыстық елдерде зауыттан зауытқа, өндірістен өндіріске *түзу* бойында қозғалады.

Қызмет нәтижесіне қарай белгілі уақытта қызметшілерді жаңалап топтау, орын ауыстыру жұмыстарын тұрақты жүргізеді. Бұндай тәртіп оларды басқару қызметіне дайындайды, компаниялардың өртүрлі бөлімшелермен, ұжымаралық қатынастармен таныстарды бүкіл компания атынан ойлауға, іс атқаруға мүмкіндік береді. Жан-жақты тәжірибелі, өз бетімен ойлап істеуге қабілетті, іскер орта және төменгі сатыдағы жұмысшыларды осындай аса *оралымды* кадрлар басқару жүйесінде дайындайды.

Басқарудың *жапондық стиліне* төн сипаттарға: ұйымдастырылған немесе тәртіпке келтірілген өдіс; кішігірім жағдайларға да мән беру; сапа басым бағытта болу; жауапкершілікте кінәмшілдікке дейін қатал сезімде болу сияқтыларды жатқызуға болады. Жапондық кәсіпкерлердің стилінде проблемаларды ашық келісу, ақпараттар алмасу үшін барлық құралдар мен жағдайларды пайдалануға тырысады. Жеке жобалық мақсаттарды орындауға кірісер алдында байланысты барлық проблемаларды қатысатын жақтармен ұқыптылықпен алып қарайды, сөйтіп кезігуге болатын қиындықтарды болдырмауға немесе оларды ең аз мөлшерге түсіруге жағдай жасайды.

Микроэлектрондық технология пайдалану көбейе түскен қазіргі жағдайда *интеллект экономикасына* артық назар аудара бастады. Онсыз адам капиталын тиімсіз шығаруға барар еді. Себебі, қазіргі заманғы корпорацияның негізгі

капиталы ондағы цехтар, ғимараттар, олардың ішіндегі алуан түрлі қондырғы құрал жабдықтар емес, алайда соларда қызмет жасайтын адамдардың білімі, іскерлік қабілеті, дәлірек айтсақ *интеллектуалдық капитал* болмақ. Ол әрбір адамның өзінің күш жігері арқасында пайда болады. Әрбір қызметкерлердің басындағы осындай баға жетпес капиталды олар өздері иелік жасап, өз игілігіне пайдалана алады. Бұл - дегеніміз ақыр соңында өз құрал жабдықтарын, өз еңбегінің өнімдерін жатсынып жатырқауға жететін классикалық маркстік пролетарияға қарама-қарсы келетіні анық.

Жапондықтардың *интеллектуалдық іскерлігі* ең құнды дәулет болып есептеледі. Осы факторды барлық жағынан дамыту, артық тиімділікпен пайдалануды олар бәсекелік қабілетті жоғарылатумен байланыстырады. Білім беру жүйесін реформалауды ең басты міндеттердің біріне көтеріп отыр. Жапония АҚШ-қа қарағанда университеттік деңгейдегі мамандарды аз дайындайды, ғылыми-зерттеуді барлық жағынан дамытуға байланысты мамандар дайындауға алдыңғы кезекте қарайды.

Жапондық "*кереметтің*" себебін *рухани* және *мәдени* бастаулардан да іздеу қажет. Бұл жөнінде "Жапония - өте қазіргі заманғы және өте ұлттық ел" деп бекер айтпайды. Бүгінде "жапондық өркениет" түсінігі азаматтық құқына ие, ол - дағдылы ұлттық және кірме батыстық элементтердің қорытпасы болып табылады. Оның алғашқы негізі тарихи қалыптасқан ұлттық мінездің сипаттарынан құралады: еңбек сүйгіштік, күшті дамыған эстетикалық сезім, табиғат сүйгіштік, сырттан алуға ыңғайлылық, этноцентризм, практицизм, дағдыны жалғастырушылық - осының бәрі прогрестің *пәрменді факторы* болды. Бұл қасиеттер сол сияқты топтық мінез-құлық сипаттары-тәртіптілік, бедел сүйгіштік, міндетке деген сезімділік және әдеттегі - өмір, тірлік сипаттары - кішіпейілділік, ұқыптылық, ұстамдылық, үнемділік, білуге құмарлық - осылармен бірдей мағына береді.

Дағдылы моральдық нормалар, мінез-құлық таразылық бастауы феодалдық дәуірді шалып өтіп, өзіндік ерекшеліктерімен рыноктық жағдайға сәйкестендіріліп келді. Таразы негізінде "сауда моралы" қалыптасыпты. *Жапондық* бизнесмендердің жазылмаған *канондарының* ішінде: "қандай да құралмен пайда қуу жақсы емес", "егер сенің өндіріс орның байып, ал өріптесіңдікі зиян шексе жақсы емес",

"өзара байланыстылық және бірлесіп гүлденіп, көркею ережесі бойынша іс жүргізу керек" дейтін талаптар көрсетіледі екен(9).

*Іскерлік этика* ықыластылықты көксейді, өріптестікке, ынтымақтастыққа шақырады, әртүрлі топтардың мүдделерін жақындастыруға көмектеседі. Адамшылдық этикалық нормалар "адам-кәсіпорын-мемлекет" тізбегіндегі қатынастарды да қамтуы керек. Жапондық жүйеде жұмысшы өндіріс орындарында тұрақты, ешнәрсеге көңіл бөлмей жұмыс жасауға тырысады, фирма да өз қызметін тұрақты атқаруы керек, заңдар да барлығына бірдей, осыған бағытталады. *Тұрақтылық* - экономиканың міндетті шарты деп көреді.

Американдық зерттеуші М.Портердің пікірі бойынша Жапония экономикасы - ұлттық бәсекеліктің артықшылықтары *жүйе ретінде* қандай рөл атқарса, соның ең айқын мысалы бола алады. Онда табысқа жеткен салалардағы артықшылықтар өруақытта бір орталық айналасында топтастырылады. Өндірістердің басым көпшілігі даму бастамасы, тегі жағынан өзара байланысты, демеуші салалардың арасынан өсіп шығады. Олардың барлығы елдегі белсенді бәсекеліктің, қызметшілерге деген қамқорлықтың инновациялық процестер мен жарасымды глобалдандыруға негізделген ұзақ мерзімді перспективалардың негізінде жүзеге асырылады (13).

## 6.2 Оңтүстік корейлік модель: жоспарлы реттеу

Оңтүстік корейлік "керемет" - тің де жұмбақтарын шешіп түсіну қиын. Бұл ел табиғи ресурстарға кедей, ішкі рыногы шағын, қорғаныс шығындары бірталай, халқы 50 млн., жер көлемі 99,6 мың шаршы км ғана. Ұзақ жылдар бойы Жапонияның колониасы болған, 1950-1953 жылдардағы соғыста халық шаруашылығы өбден қираған ел осыншама аз уақыттың ішінде өлемге әйгілі деңгейге көтеріліп ғажайып өркениетке жетуіне қандай факторлар негіз болды? Дамудың оңтүстік-корейлік моделі қандай? Ол қашан, қалай қалыптасты?

Корея банкісінің 1994 жылы дайындаған "Корея экономикасы" баяндамасында үш онжылдық бойы Корея "драмалы өзгерістерден өтті", өрлеу кезеңдері шаруашылық

қиындықтарымен ауысып отырды деп жазды. Оңтүстік корейлік экономикалық модель бірден қалыптаса қойған жоқ. Шындығында модель дегенді белгілі принциптер, нысандар, әдіс амалдардың өзгермейтін жиынтығы ретінде қарауға болмайды, ол әрдайым дамып, жаңартылып келді. Көпшілік елдердің өлеуметтік-экономикалық жүйесі табиғи-тарихи даму барысында қалыптасатыны белгілі. Ал Кореядағы даму процестерде мемлекет билігіндегілердің субъективтік факторы шешуші рөл атқарыпты. Дәл солар екінші дүниежүзілік соғыстан кейін белгілі болған екі баламаның бірін таңдапты. Олардың *бірі* - "үшінші әлем" елдерінің басым көпшілігі сияқты еңбек бөлінісінің неоколониалдық жүйесіне ену; *екіншісі*, "дамудың қуып жету" жолымен қозғалысты бастау. Бұның соңғысы бойынша экономиканы тез дамыту жобасын жасап, жүзеге асыру мақсатында табандылықпен күш жігер жұмсауды өкімет талап еткен көрінеді.

Бастабында *бірінші* баламаны қабылдапты. Соңынан индустрияландыруға бағытталған бұл балама елді біріктіру қажеттілігінен туындаған деп көріп *екінші* баламаға ауысыпты. Оңтүстік корейлік модель жапондық модельден біршама айырмашылықта. Жапония 50-60-шы жылдары дамуды *экспортқа бағытталған* индустрияландырудан бастады. Өйткені импортты алмастыратын салаларға ресурстарды жұмсауға мәжбүр болды. Соғыста қираған елде басқаша таңдау жасауға мүмкіндік жоқ еді. Бұндай бағыт өз міндетін атқарды, уақыт өте келе оның мүмкіндігі таусылды. Ендігі кезекте тоқыма, ағаш өңдейтін сияқты еңбекті көп қажет ететін экспорттық салаларды да дамытуға көшті. Бұл салалардың әлемдік рынокта бәсекелік қабілеті болды, себебі, оларда еңбек шығындарының құны төмен және адам ресурстарын өндіріске тартуға жол ашты.

Экономикалық дамудың өз қисыны бойынша импортты алмастыратын және экспортқа бағытталған индустрияландыру процестері көп жағдайда бір уақытта қатарынан дамыды. Мәселе олардың қайсысы басымдық деңгейде қарастырылуында. Екінші жағынан тоқыма және басқа салаларға қажетті машина жасау, металлургия, химия, энергетика, инфрақұрылымның басқа салаларын дамытуды қажет етеді. Бұл жұмыстар импортты алмастыратын индустрияландыру процесімен бірге басталды. Экспортқа бағытталған индустрияландыру негізінен еңбекінтенсивтік салалардан басталады. Бұл процес капитал көп қажет ететін

салаларда өндірілетін жартылай өнімдерді қажет етеді. Осыдан мемлекеттің протекционистік саясатына сүйенетін салалар тез көтеріледі. Сөйтіп *"екі жақты индустриалдық өсу"* эффектісі пайда болды. Осының нәтижесінде өнеркәсіп дамуы жоғары деңгейге көтерілді.

1966 жылы қабылдаған "Шетел капиталын ынталандыру туралы заң" бойынша шетел инвестицияларының ағылып келуіне арна ашылды, ол 80-ші жылдарға дейін қаржыландырудың негізгі көзіне айналды. 1985 жылдың аяғына қарай әлемдегі берешекті елдердің ішінде Оңтүстік Корея (46,8 млрд. дол.) төртінші орында болды. Ал 1989 жылдан ол несиелеуші елдердің қатарына шықты. Бұл ел 60-шы жылдардың аяғынан сыртқы берешектерге тұрақты қызмет көрсетуге болатын деңгейге дейін өз экспортын өсіріп шығады. Бұл істе мемлекет үлкен рөл атқарғандығы оңтүстік-корейлік моделдің басты сипаты деп көреді.

Қуып жету баламасы жағдайында "алғашқы қор жинаудан" бастап постиндустриалдық дәуірге дейінгі дамудың бірнеше фазасының мақсаттарын қатарынан шешуге тура келеді. Ондайда мемлекет тек бастамалық жасаумен ғана шектелмей, ірі экономикалық проблемаларды *тікелей шешуі* керек болады. Оңтүстік Корея мемлекеті мысалы, 60-70-ші жылдары мынадай экономикалық *басты міндеттерді* орындапты: экономикалық дамуды жоспарлы басқару; несиелік қаржылық монополия; сыртқы сауданы бақылау; жеке бизнестерді қалыптастыру; экономикалық дамудың сыртқы факторларын және қаржыландырылуын басқару. Бұлардың сыртында мемлекет ауқымды өлеуметтік мәселелерді шешуге қатысады. Бұндағы басқалардан ерекше айырмашылық басқару процестерін бір-бірімен өзара тығыз байланысты *тікелей үйлестірілген* түрде жүргізеді, әр бір жаңа кезеңнің ерекшеліктері мен қажеттіліктерін есепке алып жасампаздықпен дамытып отырады. Сондықтан да басқарудың бұл жүйесі дамуды күрт тездетудің қайнар көзіне айналған. Дәл осы жүйе жоспарлы және рыноктық бастаманың пәрменді жақтарымен үйлестірілген қазіргі заманғы *шаруашылық механизмі* болып табылады.

Дамудың бастапқы кезеңдерінде мемлекеттің басты міндеті орталықтандырылған жаспарлау болыпты. Оның бастамасы БҰҰ эксперттерінің қатысуымен 1954 жылы жасалған "Натан жоспары" болған. Келесі қадамда 60-шы жылдардың басында американдық Даму агенттігінің



мамандары ел экономикасын 20 жылға дамытудың ұзақ мерзімді программасын жасаған. Онда дамушы елдерде экономикалық өсудің жоғары жылдамдығына жету, экономиканың тиімділігін қанағаттандыру, экспорттық салаларды басымдық ретінде дамыту, әлемдік рынокты бағытқа ұстау жолымен мүмкін болады деген Халықаралық валюта қорының кеңестеріне сүйеніпті. Бұл программаны жасаушылардың ұстанған концепциясы бойынша мыналарды пайымдапты: өнеркәсібі дамыған жетекші елдердің рыноктарымен байланысты барлық жағынан нығайту негізінде *индустриалдық дамуды* басым бағыт болдыру; экономиканың экспорттық секторын ХЕБ енгізу; экономиканың бәсекелік қабілеті бар салаларын басымдық ретінде инвестициялау; ішкі тұтынуды ең аз деңгейде ұстау; өндірісті мемлекеттен бақылау. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін төрт реткі *бесжылдық* жоспарларды орындауды ұсыныпты. Қазір сегізінші *бесжылдық* жоспарды орындау үстінде көрінеді.

Экономикалық даму басқармасы алғаш 1963 жылы құрылыпты, оның атқаратын міндеті бұрынғы Кеңес Одағының жоспарлау жүйесіне ұқсас. Экономикалық жоспарлау басқармасының министрі премьер-министрдің орынбасары, министрліктер арасындағы экономика және қаржыға қатысты мәселелерді үйлестіруге міндетті т.б.

Жоспарлау органдарының іс-қызметіндегі бағытты-мақсаттылық жайында *бесжылдық* жоспарлардың мағынасы бойынша түсінуге болар еді. Мысалы, *бірінші бесжылдықтың* (1962-1966) негізгі бағыты капиталдарды жарасымды бөлу, өнеркәсіптік құрылымды жетілдіру негізінде индустриаландыру арқылы тәуелсіз экономика құруды жария етіпті. Онда мынадай мақсаттарды шешуді көздепті: ауыл шаруашылығы өнімділігін жоғарлату жолымен крестьяндардың кірісін көбейту; елді энергия көздерімен, соның ішінде электр энергиясымен, таскөмірмен қамтамасыз етудің дәрежесін жоғарлату; өнеркәсіптің және инфрақұрылымдардың өзекті салаларын және импортты алмастыратын өндірістерді дамыту; халықтың жұмыстылығын жоғарлату; табиғи ресурстарды игеруді және олардың сақталынуын қанағаттандыру; елдің төлем балансысының жағдайын, алдыңғы кезекте экспортты кеңейту арқылы жақсарту.

Бұдан соң екінші (1967-1971), үшінші (1972-1976), төртінші (1977-1981), бесінші (1982-1986), алтыншы (1987-1991), жетінші (1992-1996) *бесжылдық* жоспарларды орындады. Соңғы *бесжылдық*та негізгі басымдықтар ретінде ғылыми сипымды салаларды дамыту, экспорттық өнімдердің бәсекелік қабілетін жоғарлату, ұлттық экономиканың ашықтық дәрежесін жоғарлату мақсатын қойыпты. Жоспарға сәйкес жалпы ұлттық өнімнің өсу жылдамдығы 7,5% болуы жан басына келетін кірісті 6685 дол.-дан 10440 дол.-ға дейін қосуға мүмкіндік береді. Жалпы ішкі өнімнің құрылымы өзгереді. Ауыл шаруашылығы, орман тоғай шаруашылығы, балық аулау 8,9%-тен 6,4%-ке қысқарады, өңдейтін өнеркәсіптің үлесі 28,7%-тен 32%-ке көтеріледі. Экспорттың көлемі 81-135 млрд. дол., импорт 90,5-135 млрд. дол. болып өседі. Тұтынатын тауарлар мен қызмет көрсетудің бағасы өсуі негізінде анықталған инфляцияның жылдық орташа деңгейі 5-6% құрайды.

*Бесжылдық* жоспарлармен қатар экономиканың өзекті секторларын мысалы, аграрлық, энергетикалық т.б. дамыту жоспарларын жасайды. *Энергетиканы* озат дамыту міндеті қойылған, соңғы 30 жылда электр энергиясын өндіру 10 есе қосылыпты. Осы саланы 1991-2006 жылдары дамытудың ұзақмерзімді жоспарын жасапты. Ондағы негізгі мақсат-энергия беруші ретіндегі мұнайды көмір және атом энергиясымен ауыстыру. Бұның мәні - осыған дейін пайдаланылған барлық энергия ресурстарындағы мұнайдың үлесі 40%-тен артық болғаны ел экономикасына қатты ауыртпалық болыпты. Атом электр станцияларын салу, энергияның тұрақты көздерін пайдалану көзделіпті. Бұл саланы негізінен атом энергетикасына айналдыру мақсатын қойыпты.

Өкімет *ақпараттық индустрияны* барлық жағынан дамытуды жоспарлапты. Оны 2001 жылға қарай экономикасы дамыған елдердің қатарына шығарып, өнеркәсіптің барлық салаларын ақпараттық-басым бағытта болдыруға ұмтылып отыр. Осы мақсатпен ақпараттық құрал жабдықтарды өндіру, програмдық қанағаттандыруды және мәліметтерді беруді ұйымдастыру сияқты салаларды дамытудың негізгі стратегиялық жоспарларын жасап жүзеге асыруда. Ақпараттық өнімге ішкі сұранысты көбейту үшін отандық өндірістің компьютерлері мен программаларына мемлекеттік сатып алуы ұйымдастырады. Жас салалар - ақпараттық

мәліметтерді талдап жасау қызметімен айналысатын компанияларға қаржылай көмек көрсетеді, салықтық жеңілдіктер береді. Өкімет "ақпараттық іс-қызметке" қатысты негізгі заң дайындапты, онда қызметі жайында байланысты салаларды стандарттау, мемлекеттік инвестиция жасау, интеллектуалдық меншіктің құқығын қорғау т.б. қарастырылған. Сөйтіп, мемлекеттік жоспардың негізгі бағыттарының бірін түбегейлі іске асыруға арналған экономикалық және өкімшілік тұрғыдағы тетіктерді іске қосыпты. Осындай әдіс басқа да негізгі бағыттарда қолданылатын көрінеді.

Мамандардың пікірі бойынша Оңтүстік Кореядағы жоспарлау рыноктық экономика жағдайында серпінді дамудың *пәрменді құралы* және оның айырылмайтын құрамдас бөлегі ретінде бағаланады. Бұл жағдайда мемлекет пен жеке меншіктің құрылымдардың мүдделерін ұштастыратын негізгі құрал экономикалық ынталандыру болады. Онда жоспарлы тапсырмаларды орындаған нақты компанияларға орталықтандырылған және заемдық ресурстар беріледі. Мемлекеттік жоспарлар, программаларда аталған негізгі тапсырмаларды жүзеге асырмайынша, мемлекеттің көмегінсіз өндірушілер әлемдік рыноктарда өз "қуыстарын" кеңейтуі, сондай-ақ ішкі рынокта да табысқа жетуі мүмкін емес екендігін айқын сезінеді. Сонымен қатар несиелік ставкаларды өзгерту, салықтар мен баға жеңілдіктерін белгілеу, өнімге мемлекеттен тапсырыс беру т.б. жолдармен қаржылық реттеу шараларын қолданады.

Оңтүстік Кореяда, ЖИЕ-нің басқа елдерінде мемлекеттің жеке кәсіпкерлік құрылымдармен өзара қызмет жасаудың принциптерін, нысандарын, әдістерін дамыта түседі. Дәл осы жетістік бұнда қалыптасқан экономикалық өсу моделдерінің іргелі конструкцияларының бірі болып табылады. Мемлекеттік реттеудің көкейтесті мәселелерін еубастан макрореттеумен бірге экономиканың дамуын тездетуге, кәсіп орындарды мемлекеттен демеуге, экспортты кеңейтуге, халықаралық рыноктарды белсенді игеруге бағытталады. Бұл мақсаттарға мынадай экономикалық және өкімшілік *механизмдердің* көмегімен қол жеткізеді:

- реформаның әрбір кезеңінде өзіндік басымдықтарды анықтау;
- мемлекеттік ақша - несиелік саясатты дұрыс жүргізу, өндірушілердің экспортын демеу;

- монополияға қарсы саясат жүргізу, ішкі рынокты монополиялардан сақтау;
- шетел капиталдарын тарту;
- капитал жинақтау, қаржы-өнеркәсіптік топтар, экспорттық-өнеркәсіптік аймақтар құру тәжірибесі болу;
- ғылыми жетістіктер, жоғары технологиялар базасы негізінде технопарктер құру;
- рыноктық механизмдерді жүзеге асырудағы және экономиканы қаржыландырудағы өкіметтің тұрақты және дәйекті саясатын қанағаттандыру;
- қызметші мамандардың біліктілігін жоғарлату, білім берудің жоғары деңгейін қанағаттандыру;
- ресурстарды тиімді пайдалану;
- дамыған өндірістік инфрақұрылым құру т.б.

Сонымен Оңтүстік Корея және ЖИЕ-нің басқа мемлекеттері реттеудің механизмдерін тиімді пайдаланады. Оның аса маңызды элементі индикативтік жоспарлау. Қабылданатын жоспарлар директивтік сипатта болмайды. Оларды рыноктық экономика жағдайында еңбектік, материалдық, қаржылық ресурстарды баланслау, экономиканы дамытуға арналған қажетті инфрақұрылымдарды құру мақсатымен жасап жүзеге асырады. Жоспарларда негізгі көрсеткіштерді белгілейді, механизмдер мен реттеушілерді көрсетеді. Бұндай жоспарлау "рыноктан айырылмайды, оны толықтырмайды да, бірақ онымен бірігіп біте құрылады" деп көреді (9).

### 6.3 Қытайлық реформа: өмбебаптық механизм.

Қытайды қазір "үлкен айналар" дейтін болды. ҚХР жалпы ұлттық өнімі 1978-1995 жылдары жыл сайын 9,9% - ке, халықтың жылдық орташа кірісі 6,3% -ке өсіпті. Осы жылдары өнеркәсіп өнімдерінің өсу жылдамдығы жылына 19,9%, ауыл шаруашылық өнімдері-14,8%, бөлшек сауда айналысы 15,5% болыпты. Қазір Қытай болат, тас көмір, цемент, мақта матасы өнімдері, телевизерлер, велосипедтер өндіруден әлемде бірінші орында, химиялық талшықтар, электр энергиясын шығаруда екінші орында. Валюта қоры 1997 жылы 105,5 млрд. дол. болғаны Жапониядан (212,2

млрд.дол.) кейінгі екінші орынға шығыпты. Әлемдегі ең көп халықты бұл ел азық-түлікпен өзін-өзі қанағаттандыруы теңдесі жоқ табыс екеніне күмән жоқ.

Қытай реформасының *стратегиясы* мен *техникасы* бірден емес, даму барысында қалыптасты. Бірақ қайта жаңартудың басты идеясы, мұрат, мақсаттары бастабынан нақ тұжырымдалған. Қытай реформасының патриархы Дэн Сяопиннің сөзімен ол Қытайды *"қазіргі заманғы, жоғары өркениетті және жоғары демократиялы социалистік мемлекетке"* айналдыру болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін экономикалық тиімділікті дәйекті жоғарлату жолымен алдағы 20 жылда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жылдық өндірісін төрт есе өсіру міндетін алға қойды. Тек экономиканы ғана реформалау емес, барлық қоғамды, соның ішінде компартияның іс-қызметін де тереңінен жаңарту туралы мәселе көтерілді.

Реформаның бастапқы кезінде қытайлық *басшылар өз күшіне сүйеніп, өз жолымен* дамуды ерекше белгілейтін. Бірақ бұл даму концепциясын дайындау, оны жүзеге асыруда әлемдік тәжірибе ескерілмейді деген түсінік емес еді. Керісінше онда Батыс елдерінің, Жапонияның, Азия *"айдаһарлары"* мен *"жолбарыстарының"*, сондай-ақ бұрынғы социалистік елдерінің реформалау амалдарына ерекше назар аударған көрінеді. Жапония мен Оңтүстік Кореядағы шаруашылық жүргізудің жаңа амалдары 70-ші жылдардың аяғынан кімдерге де таңғаларлық үлгі боларлықтай бүркете қалуы Қытайда реформа жасаушылардың назарынан тыс қалды деу жаңылыс болар еді.

Реформаның алғашқы жылдарында шетелдерден интеллектуалдық ресурстар пайдалану, маңызды объектілер салуда шетел мамандарын шақыру, оларды техникалық жарақтандыруға қатыстыру сияқты елдің алдыңғы кезектегі қажеттіліктерін ескеріп келді. Тек кейіннен ғана шетел капиталын тарту саясатын ашық жариялаған. Сол сияқты рыноктық механизмді игеру идеясы біртіндеп қалыптасты. Реформаны *кезең кезеңге* бөліп, оларды *түбегейлі* жүзеге асырғандығы байқалады.

Реформа жасауда ұстаған жалпы беталысты ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті, қорғанысты, ғылым мен техниканы жанжақты модернизациялау немесе *"төрт модернизация"* деп атаған. Бұны үш кезеңге бөледі: *бірінші* кезеңде 2000 жылға қарай өнеркәсіп және ауыл

шаруашылығы өнімін 4 есе өсіру, халықтың тіршілік деңгейін *орта мөлшерге* жеткізу; *екінші* кезеңде 2021 жылға (ҚКП-тің 100 жылдығы) қарай Қытайды *орташа дамыған* елдің деңгейіне көтеру; *үшінші* кезеңде 2049 жылға (ҚХР-дың 100 жылдығы) қарай Қытайды қазіргі заманғы *жоғары дамыған* мемлекетке айналдыру мақсатын қойып отыр.

Қытай реформасындағы назар аударарлық бір жай реформаның ең басында *ауыл шаруашылығын* тездетіп дамыту мақсатын *бірінші кезекке* қойып, оны *"алдынала атқаратын жұмыс"* ретінде алып қарады, оның барлық салаларын дамытуға бағытталған *"ауыл шаруашылығы бойынша глобальдық жоспар"* жасау қажеттілігін көрсетті. Ауылдағы экономикалық реформа 70-ші жылдардың аяғынан басталды. Мұның қисыны былай еді: халықтың 80%-і ауылда тұрады, оның тұрақтығы болмайынша елдегі жалпы саяси жағдай тұрақты бола алмайды, ауыл адамдарының қажеттіліктері жеткіліксіз болса, халықтың басым көпшілігі сондай жағдайда болады.

Сырттай қарағанда ауылды өзгертіп жаңарту қарапайым: *"халық коммуналары"* таратылды, *"крестьяндардың өндірістік жауапкершілігі жүйесі"* игерілді, яғни *"отбасы мердігерлігі"* негізінде жерді өңдейтін болды. Ол әрбір үйдің жеке шаруашылық жүргізуіне негізделеді, крестьяндарға үй маңындағы учаскелер қайтарылып берілді, оларға көмекші кәсіпшілік дамыту, артық өнімдерін рынокта сату құқығын берді. Бұл жұмыс оңай біте қойған жоқ, көп уақыт, аса ірі күш жігер жұмсатуды талап етті, эксперименттер жүргізілді. Крестьяндарға өз бетімен шаруашылық жүргізетін дербестілік берілуі шешуші фактор болды, нені, қайда өсіру, жер учаскелерінде отбасы мердігерлігін кеңінен игеру олардың өз еркіне берілді. Жерді 70 жылға дейінгі мерзіммен арендаға береді, қазір осындай нысан бойынша крестьяндардың 90%-тен астамы жұмыс жасайды. Қытай ауылында жерді осылай арендаға беру оны жекеменшік ретінде иемденуге емес, тек пайдалану құқы екен.

Қытай ауылында жеке капиталистік уклад қалыптаса бастады, бай мен кедейге бөліну процесі тез жүрілді. Крестьяндық шаруашылықта жалдамалы жұмыс күшін пайдаланады, олардың саны сегізден аспауы керек, ондағы еңбек қатынастары заңмен анықталады. Реформаның арқасында өндірістің қарқынды өсуіне қол жеткізді, бірінші



кезеңнің (1978-1985) өзінде ауыл шаруашылық өнімі 67%-ке өсті. 1995 жылы 41 млн. тн. ет өндіргені өлемдік өндірістің бестен біріне тең екен. Қытай жан басына келетін ет өндіруден Ресейді басып озды. Қойдың саны 1995 жылы 123,6 млн. болса, 1996 жылы 141 млн.-ға жетіпті, бұл жағынан Австралиядан кейін өлемде екінші орында. Жүн өндіруден өлемде үшінші орынға шықса да бұрынғысынша рынокқа сатып алушы ретінде шығады. Астық өндіру мөлшері 1996 жылы 480 млн. тн. жетіп 2000 жылға жоспарлаған 500 млн. тн.-ға таяды.

Ауылды табысты реформалау арқасында салааралық *тепе-теңдікті* қанағаттандыруға жағдай жасалды. Аграрлық секторды реформалау барысында ауылдық жерлерде өнеркәсіп өнімдерін өндіру күрт өсті, оны ары қарай ұлғайту базасы құрылды. Халықты азық-түлік, өнеркәсіп, тауарларымен қанағаттандыру, экономикалық реформамен әлеуметтік демеу көрсету жақсара түсті. Ауылды қаржылай дотациялау қысқарып, басқа салаларды инвестициялауға қосымша мүмкіндік туды. Қазір реформаның өзегі *"қазіргі заман кәсіпорындарының жүйесін"* құруға бағытталып отыр. Осы мақсатты *бір жағынан* ең қуатты, перспективті кәсіпорындарды мемлекет есебінен, *екінші жағынан* қалғандарының бәрін рыноктың еркіне жіберу арқылы жүзеге асыру көзделіп отыр. Ең маңызды ірі 1000 кәсіпорындарына, ерекше назар аударылады, олардың 800 өнеркәсіп секторына қарасты. Олардың үлесіне мемлекеттік өнеркәсіп активтерінің үштен екісі, мемлекеттік кәсіпорындардан түсетін барлық кірістің 70%-тен астамы келеді. Қалған 13 мың ірі және орташа мөлшердегі, 86 мың шағын мемлекеттік кәсіпорындарды экономика үшін аса маңызды емес деп көреді, олар ары қарай даму жолын өздігінен шешеді. Кәсіпорындардың күйреуі туралы заң жасаушы белгілі Қытай экономисі Цао Сюаньның пікірінше мемлекеттік сектордың қазіргі деңгейі 40%-ке елдің шамасы келмейді. Мұның жарасымды деңгейі 20% болғаны дұрыс деп көреді (27).

Қытайдағы *жекешелендірудің* өзіндік ерекшелігі бар. Олар жаппай құлату жолынан бас тартты. Индустрияда орташа және шағын бір салалы кәсіпорындарды біріктіру жолымен *конгломераттар* құру, оларды ірілендіруге сенім артып отыр. Осының нәтижесінде құрылатын концерндер шаруашылық қызметте ең жоғарғы дербестікке ие. Акциялау мәселелері, салалық фирмалар сатып алу, сатуды өз бетімен

шешеді. Ірі және орташа кәсіпорындарды акциялауда мемлекет бақылау пакеті, сол арқылы жалпыхалықтық меншікті иеленудің *қасиетті міндетін* бұлжытпай сақтайды. Партия олардың алдына қазірде өлемдік рынокта үстемдік етіп отырған трансұлттық корпорациялармен айқасу, таяудағы бес жылда өлемдегі аса ірі 500 компаниялардың қатарына ену міндетін қойыпты.

Ең басты қорытынды реформа қаладағы экономикалық қатынастарды өзгертуге жағдай жасады, экономиканың басқа секторларын реформалаудың қажетті базасын төсеп салды, осы жұмысты асығып алға ұмтылмай, біртіндеп жүргізуге мүмкіндік берді. Сонымен ел алдына стратегиялық және ағымдағы кеңістікті ашып берді. Ауыл шаруашылығы өндірісі өнімдерінің өнімділігін арттыруға байланысты міндеттер қойылды. Бұрын маоистік басқарушылар "ревизионист" ретінде теріске шығарған экономикалық амалдарын, пайда, материалдық ынталандыру тетіктерін қайтадан кеңінен қолданатын болды. Елдің әлеуметтік-экономикалық даму қисыны бұрыннан жинақталып келген қиындықтардан шығару, рыноктық экономикаға өту, сыртқы экономикалық байланыстарды ең жоғары дамыту жолдарын анықтау мақсаттарын алға қойды.

Қытай экономикасын дамытудың аса қуатты қозғалтушы күшінің бірі *"ашықтық"* саясаты арқылы келетін шетел инвестициялары деп көреді. Реформа басталған 1978 жылы Жапония және Батыс елдерінің инвестициялары есебінде салынған бірде-бір кәсіпорын болмапты. Реформа жылдары ондай 174 мың кәсіпорын салу туралы келісім жасалынып, олардың жартысына жуығы пайдалануға беріліпті. Олардың үлесіне 1993 жылы барлық экспорттың 27,5%-ті, барлық импорттың 40%-ті тиіпті. Халықаралық даму банктің бағамдауы бойынша осы ғасырдың аяғына қарай дамушы елдердегі барлық шетел инвестицияларының жартысы Қытай жерінде орналасады, ал ол өз кезегінде барлық өлемде ондаған мың кәсіпорын құрады. 1994 жылы 120 елде қытайлық капиталмен 4,5 мың объект жұмыс жасапты (9).

Барлық шаруашылық механизмі сыртқы экономикалық жоғары нәтижеге жетуге нысаналанады. Ең алдымен сыртқы рынокты есепке алу негізінде өндірісті дамытады, технологияны жетілдіреді, тауарлар түрлерін көбейтеді. Жалпы сыртқы экономикалық қызметті көп жағынан өлемдік

рыноктағы позицияны нығайтуға бағындырады. Қытай елінің өлеуметтік-экономикалық өрлеуінде еркін экономикалық аймақтар ЕЭА құру аса ірі рөл атқарады. Бұл істе Қытай өлемдік бай тәжірибеге сүйеніп отыр. (ЕЭА) ең басты мақсаты елді ХЕБ тездетіп енгізу болып табылады. Экономикалық аймақтардың стратегиялық мақсаты-ел экономикасының технологиялық, техникалық даму деңгейін күрт жоғарлату деп көреді. Оны өлемдегі ең жаңа технология мен техниканы кең көлемде, тездетіп игеру, аймақтық шектеулі ғана кеңістікте басқарудың, шаруашылық жүргізудің озат әдіс амалдарын меңгеру арқылы іске асырады. Онда шетелдік тәжірибелерді іскерлікпен игеруді, шетел инвестицияларын кеңінен тартуды, елдің валюталық резервтерін толықтыруды т.б. негізге алады. Экономикалық аймақтар халықтың жұмыстылығын көтереді, жұмысшылар, мамандардың біліктілігін жоғарлатады, қысқаша айтқанда рыноктық экономиканың артықшылығын кеңінен игерудің қолайлы алаңы болады.

Қытайға шетел капиталдары мен технологиялар тартуда өлемнің әр түрлі бұрыштарында орналасқан көптеген Қытай диаспораларының өкілдері-хуацаолар ірі үлес қосады. Кейбір мәліметтер бойынша шетелден әкелінген күрделі қаржының дерлік 80%-ті осы жолмен келетін көрінеді. Қытай диаспораларының орналасқан негізгі аймақтары - Оңтүстік-Шығыс Азия және Солтүстік Америка. Олардың ең көбісі (13 млн.) АҚШ-та негізінен Тынық мұхит жағалауында тұрады. Индонезия, Тайландыда шамамен 6 млн., Малайзияда 5 млн., Сингапурде 2,5 млн. т.б. Бұлардың саны ҚХР халқының 5%-інен аспайды, бірақ олардың жалпы кірісі Қытайдікінің үштен екісіне тең. Шетел инвестициясын тарту сомасы бойынша Қытай өлемде АҚШ-тан кейін екінші орында екен. Қазір өлемдегі жетекші ірі мемлекеттер арасында да, "жаңа индустриалдық елдер" арасында да қытайлық рыноктағы инвестициялар үшін және ҚХР-мен бірлескен жобалар үшін бәсекелік күшейе түсуде. Осының бәрі бір жағынан жоғары технологияға ұмтылу қажеттігі болса, екінші жағынан Қытайдағы мол, әрі арзан жұмыс күшіне байланысты.

Қытайда реформа басталғанына 20 жылдан асты. Бұл мерзім қытайлық реформалаудың ерекшеліктерін, сонымен қатар өлемнің басқа аймақтарында, соның ішінде "жаңа индустриалдық елдерде" және "постсоветтік", "постсоциалистік" кеңістіктер елдерінде жүргізіліп жатқан

реформаларға ұқсас әмбебаптық жақтарын айқындауға мүмкіндік береді. Қытай басшылары елінде табысқа жетуде сүйеніп келген факторларды анықтағанда әдетте өлеуметтік тұрақтылық, даму және реформа - осы үш факторды дұрыс сәйкестендіру ең қажетті дегенді қайталап айтады екен. Ресейлік профессор Н.Симонияның түсіндіруі бойынша осы факторларды атау тәртібінің өзі маңызды: алдымен тұрақтылық - бұл табысқа жетудің маңызды алғы шарты; даму - табыстың негізі; реформа - алдыңғы екі фактормен анықталған табысты нәтиже. Осы үш факторды дұрыс үйлестіруде қытай тәжірибесінің әмбебаптық маңыздылығы, қандайда елдің дамуындағы өтпелі кезең жағдайындағы табысқа жетуінің кепілі бейнеленеді дегуге болады.

Қытай реформашылдарының еңбектерінде "реформа" және "ашықтық" атаулары бірге қолданылады. Сөйтіп, қазіргі жағдайда сыртқы факторларды пайдаланбайынша рынокқа өту мүмкін еместігін ерекше белгілейді. "Сыртқы фактор" ұғымы соңғы онжылдықтарда сапа жағынан байып кеңейе түсті. Шетел инвестициялары мен технологияларын тартудың, модернизациялау программасын жүзеге асырудың ең басты шарты ретінде басқа мемлекеттермен және қаржы-энергетикалық топтармен қарым-қатынасты ғана қаттандырудың нысаналы, ұзақ мерзімді саясаты бірінші кезекке қойылды. Бірақ бұл сыртқы сауданың ролін төмендетпейді, керісінше жоғарлатады.

Қытайтанушы мамандар "социалистік рыноктық экономика" құру жолында Қытайда тіпті былайғы өлемде солданылмайтын әлдеқандай ерекше әдістер пайдалана ма? - деген сұрақ қояды. Мұнда мынадай ерекшеліктерді атауға болады:

Қытай жайлап қана, түбегейлі, бір жағынан екінші жағына қарай бұрылмастан өнеркәсібі дамыған Азиялық елдердің (Жапония, Оңтүстік Корея) жолымен қозғалып барады. Бұл елдерде дағдылы шығыстық өзін-өзі ұйымдастыратын институттарға ресурстар мен қазіргі заманғы технологияларды бөлудің бүкіл өлем үшін әмбебаптық рыноктық механизмдері қондырылған. (9)

Бұларға постсоциалистік елдерде жүргізіліп жатқан реформалардың көптеген жақын келетін жақтары бар. Оған мысалы, кәсіпорындарының дербестігін қанағаттандыруды,

бағаны біртіндеп еркін жіберуді, банк жүйесін орталықтандырмауды, салық саясатын түбірімен өзгертуді т.б. жатқызуға болады. Қытай реформасындағы айырмашылық: өзгерістер кезең-кезеңімен біртіндеп жүргізілуі, дәйектілігі, өте-мөте абайлылығы, экономикалық проблемаларды әлеуметтік мәселелермен тығыз байланысты шешуге ұмтылуы, халықтың өл-ахуалын тұрақты ұстауы, өзгерістерді жүзеге асыруда күшті орталықтан іс-қимыл жасауы болып отыр. Ондағы реформаның маңызды ерекшелігі жоғарыдан басталғандығы, мемлекет басқарудағы орталықтың ролі барлық кезеңдерде сақталынады, рыноктық қатынастарды мемлекеттен реттеудің ауқымы оның сандық және сапалық жағынан түрлері ғана өзгеруі мүмкін.

- Қытай реформасындағы ерекше назар аударар басты тәжірибенің бірі — бұл реформалауға *жүйелі амал* қолдану қажеттілігі, яғни ойға алған қандайда идеяны алдымен аймақтық немесе салалық деңгейде эксперименттік таразылаудан өткізеді, тек содан кейін ғана мемлекеттік ауқымда жүзеге асыруға кіріседі.
- Қытайда соңғы жылдарда жүргізген реформалау практикасы тек оның маңызды шартты жағдайларын сақтағанда ғана оңды нәтижеге жетуге болатындығын көрсетті. Ондай шартты жағдайлар *біріншіден*, мемлекеттің реттеуші ролін сақтау; *екіншіден*, мемлекет макроэкономикалық өрекет құралдарының барлық арсеналын іскерлікпен пайдалану болып табылады. Бұл жерде, бір жағынан азаматтар мен шаруашылық бірліктері, екінші жағынан өкіметтің өзара қатынасына қатысты қазіргі заманғы қытайлық менталитеттің ерекшелігін ескеру дұрыс. Бұл *ерекшелік* : "Мемлекет ақша бермейді, бірақ жақсы саясат береді" мағынасында іске асырылады. Мемлекеттің ең басты еңбегі кәсіпкерлік іс-қызмет үшін қолайлы, тиімді жағдай жасау екендігі белгілі.
- Батысқа кеңінен таныс " егерде сіз өнеркәсіп және коммерция тиімді болсын десеңіз, онда мәдениет және білім беру — бұл ең маңызды нәрсе" дейтін афоризмнің мағынасын ертеғасырлық бұл ел жете ұғынса керек. Сондықтан да реформаның бастабынан-ақ білім беру,

ғылым және мәдениетті дамытудың ауқымды программаларын қамтитын "үлт сапасын" жоғарлатуға бағытталған шаралар қабылдап жүзеге асыруда. Онда ұлттың интеллектуальдық және моральдық ресурстарына ерекше назар аударады.

Мемлекеттің қолындағы ең пәрменді инструменттің бірі *жоспарлау*. Макроэкономикалық реттеу әдістерімен бірге орталықтандырылған, яғни директивтік жоспарлау әдістерін де қолданады. Әлеуметтік - экономикалық дамудың бесжылдық жоспарлары және перспективтік жоспар жасауға көп назар аударады. Қазір 2000-2010 жылдардың перспективтік жоспарын жасауда. Онда жоспарлайтын позициялар саны күрт қысқартылады, бірақ ең маңызды, базалық салаларды және инфрақұрылымдардың негізгі міндеттерін қамтиды. Бұған қарағанда жоспарлау әдістері елеулі орында екені белгілі.

Позицияларды қысқартудан жоспарлау басқаруға өте ыңғайлы, пәрменді болады, өкіметтің күшін магистралдық бағыттарға жұмсауға көмектеседі, жоспардың орындалуына қойылатын бақылауды едәуір жеңілдетеді, Сөйтіп, жоспарлау *сапалық жаңа деңгейге* көтеріледі, салааралық, аймақаралық пропорцияларды қанағаттандыруда оның ролін күшейтеді. Бұны қазір жүзеге асырылып жатқан тоғызыншы бесжылдық (1996-2000 ж.ж.) жоспардан көруге болады. Ондағы басымдықтардың бірі химия өнеркәсібін дамыту, оған шетел инвестициялары кеңінен тартылады. Жоспарлаған тапсырмалар нақтылығымен ерекшеленеді, мысалы 2000 жылға қарай Қытайда экспортқа бағытталған 100 химиялық өндіріс орындары салынады.

Қытай халықаралық қатынастарда ашық экономика саясатын жүргізу арқылы әлемдік озық технологияға қол жеткізді, халықаралық экономикалық интеграцияға белсенді кірісуде. Қытай экономикасы соңғы 10-15 жылда әлемдегі ең тұрақты және жоғары өсу деңгейіне көтерілді. 2010 жылға дейінгі перспективтік жоспар бойынша экономиканы интенсивтік жолмен дамыту көзделіп отыр. Жалпы халық шаруашылығының абсолюттік мөлшері бойынша Қытай әлемде жетінші орында. Жан басына келетін кіріс мөлшері бойынша кедей елдер қатарында. Бірақ халық санының аса ірі артықшылығының, шаруашылық жүргізу, оны басқару



іскерлігінің нәтижесінде өндірістің жылдам өсуі бұл елді қуатты экономикалық күшке айналдырады. Бір қатар аналитиктердің пайымдауынша Қытай көп ұзамай Жапонияны ығыстырып әлемдегі екінші алып елге айналуы мүмкін деп көреді.

#### 6.4. Қазақстандағы өнеркәсіп саясатының механизмдері

Бүгінгі "айдаһарлар" мен "жолбарыстар" дейтін елдердің серпінді даму процесіндегі ең басты екершелік сипаттардың бірі субъективтік фактордың рөлі жоғары болуында. Қазақстан постсоветтік басқа елдер сияқты "дамудың табиғи-тарихи типіне" қайта айналу бағытын ұстанып отырғаны белгілі. Бұл бағытта экономиканы тездетіп көтерудің әлемге әйгілі болған тиімді әдісін қолдану көзделіп отыр. Ол мемлекеттің экономикалық рөлі мен жеке кәсіпкерліктің белсенді өзара өрекетіне негізделеді. Осы мақсатта түбегейлі қолдануды талап ететін *программалық-мақсаттық жобалау* әдісі мемлекеттің пәрменді саясатын жеке бастамамен органикалық үйлестіруге мүмкіндік береді.

Нарықтық экономикаға өтудің алғашқы жылдарында "жоспар мен нарық сыйыспайды" дейтін ойланбаған ұрандар айтылды, ол қазір де ұмытылған жоқ. Осы ұранның орнына "дамыған әлеуметтік бағыттағы нарық - қоғамдағы тәртіпке бағынбай, бетімен кетушілікпен сыйыспайды" дейтін пікір айтушылармен (28) келісер едік.

Қазіргі серпінді даму үстіндегі елдерде мемлекеттік реттеудің маңызды бөлімі - жоспарлауды өте орынды қолданады. Мемлекеттік реттеудің басты құралы - индикативтік жоспарлау. Жоспарлаудың бұл жүйесі ұзақ мерзімдік стратегиялық, орта мерзімдік және ағымдағы жоспарлардан тұрады. Бүгінде жапондық реформаны Ф.Рузвельттің "Жаңа курсінің" өзіндік ерекшелігі бар баламасы деп көреді. 30-шы жылдардың басындағы құрылымдық дағдарыстан өткен әлеуметтік тәжірибені пайдаланып Жапония өндірістік технологияны тездетіп игерудің негізін қалапты. Сөйтіп американдық "Жаңа курсінің" әсері жапондық тәжірибені қолдану арқылы Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне, одан өрі "жаңа индустриялықтың" басқа елдері және аймақтарына жолғасып таралуда.

Бұл елдерде экономиканы мемлекеттен реттеу амалы негізгі екі бағытта жүзеге асырылады: *біріншіден*, индикативтік жоспарлау, одан өрі өкіметтік органдар арқылы экономиканы програмалау; *екіншіден*, ұлттық банк арқылы ақша - несиелік әдіс қолдану. Индикативтік жоспарлау бұл ең алдымен алдын-ала білу, жобалау, яғни прогноздау. Сондықтан да оны "индикативтік", яғни "көрсеткіштік" деп атайды. Ол директивтік сипатта болмайды, оның механизмі шектеулі мөлшердегі міндеттік тапсырмалардан құрылуы керек, және кеңес беру мағынасында болады. Сөйтіп ол мемлекеттік мекемелер мен өкіметтік емес ұйымдардың пікір таластарының жиынтығы ретінде болып келеді (9). "Айдаһарлар" мен "жолбарыстардың" тәжірибесіне қарағанда экономиканы мемлекеттен реттеу - ол елдердің тез гүлденіп даму процесінің қуатты факторына айналғанын айқын көруге болады.

БҰҰ сауда дамуы бойынша конференциясынан (ЮНКТАД) жыл сайын дайындайтын "сауда және даму" баяндамасында осы жағдайға ерекше назар аударыпты. Онда "азиялық экономикалық керемет" өзінің туғаны үшін тек рынокқа ғана емес, ондағы өкіметтердің терең ойлаған іс-өрекеттері алдында міндетті екенін белгілепті. Осы мәртебелі ұйым жағдайдың күрделі екенін ескере отырып, ірі өнеркәсібі дамыған мемлекеттер және халықаралық ұйымдар тарапынан жүргізіп отырған экономикалық саясатты *мемлекеттік реттеуді күшейту* жағына қарай қайта қарау қажеттігін көрсетті.

Шындығында рыноктық реттелінетін экономиканың қазіргі экономикалық моделі - бұл ескі дамыған елдерде "жана индустриялық елдерге" де тән модель. Оларды халықаралық тұрғыдан алғанда реттеудің тек дәрежесі мен нысанына қарай айырады.

Экономикасы жоғары дамыған елдерде көзделіп отырған қазіргі дамудың басты мақсаты өндірістің сандық өсімінде емес, оның тиімділігін арттыруда, алдымен ең көп мөлшердегі пайда табу жолын іздеуде. Бұл мемлекеттің экономикаға араласуы рынок қызметіне қолайлы жағдайлар туғызумен шектелуі керек дейтін көзқарастардың негізін ұсыныс теориясы құрайтын *жаңа классикалық теорияның* концепциясына сай келеді. Жаңа классиктердің теориялық концепциясы АҚШ-та "рейганомика", Ұлыбританияда "тэтчеризм" деген атпен мемлекеттік саясатта практикалық

шешім тапқаны белгілі. Мұндай саясаттың мәні: рыноктық тетіктерге сүйенеді, капитал мен жұмыс күшінің саларалық ауысуы белсендірек болады, экономиканы құрылымдық жағынан жарасымды бағытта өзгертеді, қоғамдық өндірісті интенсификациялау қамтамасыз етіледі.

Экономиканы құрылымдық жағынан жарасымды бағытта өзгерту жаңа инвестициялық саясатты талап етеді. Күрделі қаржының сапалық өзгерістеріне инвестицияның ұдайы өндірістік салалық және технологиялық құрылымдарына назар аударылады. Құрылымдық өзгерісте жаңа прогрессивтік техника, технологиялық жаңартулар енгізудің үлесін барынша жоғарылату, бұрынғы техникалық негізде ұлғайту инвестициясының үлесін кеміту көзделеді. Өндірістің құрылымын жарасымды болдыру ғылымды көп қажет ететін салаларды жедел дамыту арқылы мүмкін болады. Инвестицияның технологиялық құрылымындағы өзгерістерге негізгі капиталдың активті бөлігіне, яғни машиналар жабдықтарға жұмсалатын инвестиция үлесін арттыру арқылы жетуге болады. Дамыған елдерде 70-80-жылдары ішкі салалық құрылымдық өзгерістерде микроэкономикалық дәрежедегі өзгерістер ең алдымен өндіруші өнер кәсіптегі құрылымдық өзгерістерге ерекше мән берілді.

Бұл мақсаттарды жүзеге асыруда мемлекеттің экономикалық саясаты, ең алдымен инвестициялық саясаты негізгі болуы қажет. Инвестициялық саясат күрделі қаржыны қосу арқылы өндіріс көлемін ұлғайтуға бағытталады. Қазақстан экономикасының бүгінгі жағдайын, болашақ даму стратегиясын анықтайтын негізгі факторлардың бірі - айтарлықтай шетел инвестицияларын тартуға негізделіп отыр. Шетел капиталын ұлттық экономикаға тартудың қисыны өртүрлі елдерде жасалынған озық технологиялар керектену негізінде отандық өндірістер қуатын тиімді жаңарту болып табылады. Шетел инвестицияларын тарту, оларды тиімді пайдалану жолдарын анықтау, қосымша көздерін ашу бүгінгі таңдаған басты міндеттердің бірі. Қазір инвестициялық белсенділік қандайда елдің дамуындағы көтерілу немесе құлдырауының *индикаторына* айдалды.

Барлығын нарық өздігінен реттемейді. Экономиканы өсіру, оның тиімділігін арттыруда нарық *сенімді кепіл* болуы үшін қажетті алғы шарттар бар: а) мемлекеттік атқару жүйесін, өндірісті, еңбекті ұйымдастыруды, ғылым мен

техниканың жетістіктерін пайдалануды қайта құру; ө) бұларды экономикалық тетік арқылы ынталандыру; б) адамдардың экономикалық, әлеуметтік мүдделері, олардың ниетінің дамуын алдыңғы кезекке қою қажет. Осыларды қалыптастырған жағдайда экономиканы мемлекеттен реттеудің негізгі элементтерін іске қосуға мүмкін болады (28).

Жоспарлау мен мемлекеттік реттеу тұтастай жүйенің құрамдас бөлшектері болып келеді. Осы ретте олар бағыт беруші, болжаушы, үйлестіруші міндеттерін атқарады. Жаңа жағдайда мемлекеттік басқару, реттеу, жоспарлы үйлестіру мемлекеттің экономикалық саясатын жасаудың *ғылыми негізі* ретінде есептеседі. Қоғамдық мүдде тұрғысынан экономикалық секторларды дамытуда мемлекеттік реттеудің өртүрлі *әдістерін* - инвестиция, салықтар, несиелер, субвенциялар, түрлі жеңілдіктер пайдаланады.

Экономикасы жоғары дамыған елдердің қазіргі тәжірибесіне қарағанда халықты жалпыға ортақ іске жұмылдыру тек нарықтың ықпалымен жүзеге асуы мүмкін емес. Алманиялық ғажайыптың "атасы" атанған Л.Эрхардтың формуласы бойынша аралас экономикаға негізделіп, әлемдік тенденцияға айналған *"әлеуметтік нарықтық шаруашылық"* құру екенін еске алайық. Сонымен мемлекеттік реттеудің *жүйелі механизмдерін* іске қосу қажет екен.

Нарықтық экономикада мемлекеттік реттеудің жаңаша сипаты: *біріншіден*, экономикалық әдістердің басымдылығы және тиімділігі көзделеді, *екіншіден*, мемлекет тарапынан ұсынылатын шартпен бағдарламаны таңдауға мүмкіндік беріледі. Бұлар реттеудің *индикативтік* әдісіне көшуді жүзеге асыруға бағытталады; *үшіншіден*, шаруашылық субъектілерінің өзара келісімі негізінде шешім қабылдаудың демократиялық қағидаланына көшеді.

Мемлекеттік реттеу жүйесі *"үшбұрыш"* қағидасы бойынша жүзеге асырылады: түпкі негізде өндіруші мен тұтынушы, жоғарыда - мемлекет. *Өндірушінің* негізгі факторлары - жер, капитал, еңбек, кәсіпкерлік қабілет; *тұтынушы* үшін - тауарлар мен қызметтерді тұтыну қабілеті дамиды; *мемлекеттік міндеттер* - болжау, жоспарлау, бағыттау, бақылау, реттеу, ынталандыру, мәжбүр ету болып келеді. Экономиканы мемлекеттік реттеудің мұндай жүйесінде орталық және жергілікті органдардың өкілділігін өзара үйлестіруге бағытталған тәсіл қалыптасады.

Ел Президентінің отандық өндірістерді қолдау жөніндегі үндеуіне сәйкес бүгінде Қазақстан өнеркәсібінің жаңа саясатын талдап жасау, оны жүзеге асыру жұмысы жүрілуде. Ондай саясаттың мақсаты отандық өндірушілерге ішкі және сыртқы рынокта бәсекелік қабілетті өнімдер өндіруіне экономикалық қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Бүгінде Қазақстан өнеркәсіп саласындағы басқару аппаратындағыларды ортақ мақсат, мүдделі *екі жаққа* бөлуге болар еді: *бір жағында* мемлекеттік өкіл ретіндегі өкімет бюджет кірісін және жұмыстылықты өсіруге мүдделі; *екінші жағында* өндірістік сектор өзінің өнімін және кірісін қосуға мүдделі. *Өнеркәсіп саясаты* осы екі жақты жақындастыратын *көпір* рөлін атқаруға тиісті (26). Сонда халықты ортақ мақсатқа біріктіретін амал, идеология не болуы керек? Өнеркәсіптік жаңа саясатты жүзеге асыратын механизм *идеологиялық және жобалық* екі бағытты өзіне қамтиды.

*Идеологиялық бағыттың* мақсаты - кәсіпкерлердің, мемлекеттік қызметкерлердің, экономикалық белсенділерге жататын, нақты экономикаға тікелей және жанама түрде өрекет жасайтындардың негізгі бөлігін Қазақстан экономикасын өркендету идеясы айналасына *біріктіру* болмақ. *Жобалық бағыт* - дегеніміз өндірісті көтеру, оны ішкі және сыртқы рыноктағы бәсекелік орындарға шығарудағы жекелеген мақсаттарға жету үшін мемлекет пен жеке кәсіпкерлік топтардың бірлескен іс-қимылының мақсаттарын, міндеттері, амал құралдарын *келісу* болып табылады. Бұл жеке іс-қимылды Қазақстанды дағдарыстан шығаратын жалпылық стратегияның шеңберінде жүзеге асыру мемлекет *жауапкершілігіне* берілуі керек.

Осы мақсатты жүзеге асыруда бүгінгі таңда Қазақстан Үкіметінде мынадай *амал-құралдарды* пайдаланатын мүмкіндіктер бар:

\*экономиканы саяси түрде қаржыландыру - жылына 200-250 млн.АҚШ дол.;

\*үлттық акционерлік компаниялар мен ең ірі монополистік кәсіпорындардың бағалары мен тарифтерін реттеу арқылы экономикада баға мен тарифтердің өсуін тұрақты ұстау;

- бюджет төлемін бір жылға дейінгі уақытпен ұзарту түрінде салық жеңілдігін көрсету;
- жеке тауарлар енгізуге тиым салу немесе импортқа арнайы баждар, квоталар енгізу;

- баждар және акциздер ставкасы;
- валюталық бақылау;
- инфрақұрылымдық объектілерге сыртқы инвестициялар жіберу;
- мемлекеттік меншікті жекешелендіру саясаты;
- есепке алу саясаты;
- мемлекет тарапынан сатып алу және тапсырыс беру.

Қазірде жұмысқа пайдалануға қабілетті негізгі амал құралдар осылар. Ұлттық банкінің қайта қаржылау ставкасын реттеу және коммерциялық банкілердің қаржыларынан қор жинақтау бүгінде долларға қатысты теңгенің курсы үйлестіру мақсатында жүзеге асырылады. Сондықтан оларды өнеркәсіп саясатын жүргізуге пайдалануға мүмкіндік болмайды. Осыған байланысты инфляция деңгейі және теңгенің долларға курсы мемлекеттік құралдарға кірістірілмеген, олар Ұлттық банкінің резервті шегінде қолданылады.

Қазақстан Республикасында жаңа өнеркәсіп саясатын жүзеге асыруда мемлекет пен кәсіпкерлер арасында *міндеттер* қалай бөлінетіндігіне тоқталайық.

*Мемлекет* мыналарға жауап беруге *міндетті*:

- Кәсіпорынға қатысты сыртқы ортаға қолайлы жағдай жасау;
- қоғамдық-саяси ыңғайлы жағдай қалыптастыру;
- реформаны реттеп жүргізуде кешенді әдіс қолдануды қанағаттандыру;
- саяси және қаржылық сипаттағы өз міндеттерін орындау;
- төлемеушілік проблемаларын шешуде принципиалдық таңдау жасау;
- жеке кәсіпорындар өздері капитал қорын жинауды ынталандыру;
- ақпарат алмасуды, жалпы шешімдер қалыптастыруды демеу;
- бірлескен іс-қимыл үшін құқықтық база жасау;
- бәсекелік ортаны сақтау;
- "көлеңкелі" рынокқа қысым көрсету.

*Екінші жағында* кәсіпкерлер (немесе топтар, бірлестіктер) өз кезегінде инвестициялық, өндірістік, қаржылық сипаттағы өздерінің міндеттерін толық орындауды жауаптанады.



Жергілікті өкіметтік органдар өз ресурстарын пайдаланып өнеркәсіп саясатын жүзеге асырудың аумақтық программаларын жасауына, оны жалпы республикалық программаның құрамына енгізуіне де болады.

Жаңа өнеркәсіп саясатын жүзеге асыру программасының мақсаты елдегі экономикалық белсенділікті жандандыру, кәсіпорындарын ішкі және сыртқы рыноктарда бәсекелік қабілеттілікке жеткізу болып табылады. Мұндағы көздеген негізгі міндет қоғам ресурстарын мемлекеттің әсерімен қайта бөлу болып табылады. Бұл мақсатты орындауда кездесіп отырған негізгі проблема - саясаттың объектісін (салалар, секторлар, кәсіпорындар) және әрбір нақты объект үшін пайдаланатын жарасымды құралдарды таңдау болып отыр.

Өнеркәсіп саясатын жүзеге асыру үшін мемлекетте қолданатын амал құралдар жетіспейтіндігі қазірдің өзінде белгілі болды. Ең бері айтқанда мысалы, мыналарды қосымша келтіруге болады:

- салықтық несиелер;
- белгілі кезеңде салық салудың жекелеген ставкалары;
- программалар шеңберінде бөлінетін несиелерді мемлекеттен сақтау;
- экспортқа жәрдем ақша беру;
- кәсіпорындарының операциялары бойынша мемлекеттік кепілдеме.

Инвестицияларды ынталандыру үшін есеп беру саясатын, соның ішінде технологиялық құрал жабдықтарға белгіленген импорттық баждарды азайту, резервтік қорлар қалыптастыру, оларға жіберетін пайдаға жеңілдік беру т.б. көптеген өзгерістер жасау керек болады.

Бұл мақсатты жүзеге асыру барысында мемлекет нені күтуі керек? Ең алдымен қызмет тәжірибесі және капиталы бар, өндірісін кеңейтуге, пайда табуға мүдделі кәсіпкерлер өкіметтен ұсынып отырған демеуді пайдалана отырып мынадай міндеттер алуға тиісті:

- негізгі құрал жабдықтарға үлкен инвестиция бөледі;
- өндірісті қосып, ішкі рынокта отандық тауарлар сатуды молайтады;
- шетелдерге Қазақстандық өнімдерді экспортқа шығару көлемін кеңейтеді;
- өз кәсіпорындарында жұмыстылықты және еңбек ақыны қосады;

мемлекеттік бюджетке енгізетін төлемді көбейтеді.

Өнеркәсіптің жаңа саясатын жүзеге асыру механизмдерін жетілдіру негізінде мемлекет бұл саладағы өсу дамудың эффектісін молайтуды көксеп отыр. Өнеркәсіп өнімінің өсуі, оны жаңа сапаға көтеру бұл саланы қозғалтудағы шаруашылық механизмдерін жетілдіруге тікелей байланысты.

Өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі элементтері “Қазақстан-2030” стратегиясы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кезең-кезеңге арналған іс-қимыл жоспары шеңберінде жүзеге асырылатын экономиканы реформалаудың негізгі механизмдерімен тығыз ұштастырылады. Мысалы, Үкіметтің 1998-2000 жылдардағы жұмыс мақсатында экономиканың нақты секторын сауықтыру, өндірісті қалпына келтіру қарқынын жеделдету мәселесі елеулі орын алады (17). Онда отандық кәсіпорындарды қолдау мақсатында мынадай шаралар жүргізу механизмдерін әзірлеу көзделген:

- экономиканы өнеркәсіптік қайта құрылымдауға көмектесетін жоғары технологиялық инвестициятауарларын өкелуді ынталандыру;
- ішкі рынокта отандық тауар өндірушілер үшін тең бәсекелестік жағдайлар жасау;
- экспорттық-импорттық операцияларға салық салу жүйесін жетілдіру. Мақсатты ұлттық заңдарды халықаралық нормалармен және ережелермен жақындастыру;
- Сыртқы сауданы реттеудің тарифтік және тарифтік емес шараларын жетілдіру;
- Қазақстан рынона Қазақстандық тауар өндірушілерге залал келтіретін импорттың енуін болдырмауға жағдай жасау, антидемпингтік, өтемақылық және қорғау рәсімдерін жүргізу.

Үкіметтен импортты реттеудің нәтижесі - өнеркәсіптің тауарлық құрылымын оңтайландыру болуы тиіс. Ол өнеркәсіпті қайта құрылымдауды ынталандырады. Бұл ел экономикасы халықаралық еңбек бөлінісінің жүйесіне кіруіне көмектеседі, сыртқы тосын жағдайдан қорғауды қамтамасыз етеді.

Өнеркәсіп саясатын дамытуға бағытталған міндеттерді орындауда Үкімет отандық және шетелдік кәсіпкерлер үшін бірдей жағдайлар жасауды; басқару міндеттерінің коцессияға берудің, келісім-шарттардың, жер қойнауын пайдаланудағы

лицензиялардың жүзеге асырылуына бақылауды күшейтуді; шетел инвестициясын таратуда тиімділікті арттыруды көздеп отыр.

Ел басшысының “Қазақстан-2030” стратегиясы ұсынылған 1997 жылдан бастап Президенттің, Үкіметтің, Парламенттің және жергілікті өкіметтің қызметі стратегияны іске асыруға бағындырылуы елдің әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарын, соның ішінде өнеркәсіп саясатын жүзеге асырудың негізгі механизмі болып табылады. Стратегияда Қазақстан Үкіметінің әрбір министрі стратегиялық жұмыс жоспарының әрбір нақтылы тармақтарын орындау жөніндегі қызметі жайында тоқсан сайын есеп беріп отыруы белгіленген. Қолданылып жүрген нормативтік-құқықтық актілер, түрлі заңдардың орындалуы бұл істің үлкен бір бөлегі болып келеді.

Өнеркәсіпті дамыту саясатын жүзеге асыру, индустриалдық даму жолындағы әлем елдері мен олардың белгілі топтары арасындағы бәсекелік күрес әрқилы сипатта, шымшытырық оқиғаларға толы, қарама-қайшылықта болып келді. Осы процестің негізгі белестері жөнінде мынадай қорытындыға келуге болады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық майданда экономикасы дамыған елдердің ішінде ұлттық бәсекелік, индустриалдық даму жолымен өркеніетке ұмтылыс жасау моделдерінде үлкен айырмашылықтар байқалды.

Солардың ішінде мыналарды ерекше бөліп атауға болады :

- соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда жеңіске жеткендер: Американың үстемдігі; Швейцарияның тұрақтылығы; Швецияның таңдауы; Алмания серпінді дамуының қайта белең алуы;
- 70-80-жылдардан көтеріле бастаған елдер : Жапония, Италияның көтеріле бастауы; “Жаңа индустриалдық елдердің” күрт өрлеу жолын бастауы т.б.;
- ұлттық артықшылықтар біртіндеп басқа елдерге ауыса бастауы: Ұлыбритания бұрынғы позициясынан айырылуы; Американың дамуында түрлі дақтар байқалуы;
- 80-90-жылдардан кейбір елдер мен елдер тобының “ашық” экономикаға өту, ҒТІП жетістіктерін тиімді пайдалану жолындағы ұмтылыстары күшейе түсуі: Жапонияның және Азия “айдаһарлары” мен “жолбарыстары” дейтін елдердің “керемет” табысы, Қытай экономикасының серпінді дамуы т.б.

Ұлттық экономиканың гүлдене түсуі белгілі кезеңде ел таңдаған модельге ғана байланысты болып қоймайды. Ол көп жағдайда ел өнеркәсібінің уақыт өткен сайын дәйекті түрде жетіле беруіне, оның бәсекелік қабілетінің артуына тікелей байланысты. Экономиканың жетілдірілуі ең алдымен елдің индустриалдық даму деңгейімен, оның нақты нәтижелерімен көрінеді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі индустриаландыру процесінің тарихын - молшылықты пайдалану тарихы емес, алайда сол молшылықты жасау тарихы деп көреді. Сондықтан да бұл тарих халықаралық майданда ұлттық

артықшылықтарды пайдалану тарихы емес, алайда қолайсыз жағдайлармен күресу тарихы болды. Қолайсыз жағдаймен күрес қоғам өміріне оңды өзгерістер жасау үшін үлкен энергия, күш жігер беретіндігін өлем экономикасындағы индустриалдық дамудың тарихы айқын көрсетті. Қысым көрсету, жарысқа шақыру фирмалар мен елдердің гүлденуіне жол ашты, ал "жайбарақаттық өмір" мұның керісінше - кері кетірді.

Өзінде материалдық, энергетикалық ресурстары тым аз елдердің өзі ресурстарды дұрыс бағытқа жұмылдыра білгенде, шаруашылықты іскерлікпен ұйымдастыра білгенде аса қысқа мерзімде өлемдегі озат дамыған елдердің қатарына көтеріле алатындығын өлемдік тәжірибе көрсетті. Бүгінде экономикасы серпінді даму жолына түскен азиялық "жолбарыстар", "айдаһарлар" аталатын елдердің, Қытайдың, Жапонияның даму тәжірибесі осыған куә.

Бұл елдердің көбінде экономикалық даму моделінде экономиканы басқару, ұйымдастырудың қазіргі заманғы ең озат, қуатты әдіс амалдарын конфуциандық дағдымен синтездеген деуге болады. Ол дағды экономикадағы мемлекеттің міндетін белсенді уағыздайды, мемлекет пен азаматтың рөлін нақ айырады: мемлекет өлеуметтік адалдықты өзіне жүктейді, ал азаматтар еңбегіне қарай кіріс алуға тиісті. Мемлекет пен азаматтардың мақсаттары бір-бірімен толықтырылып отыратын бұл дағдының осы қыры халықтың әл-ауқаттылық принциптерінің негізін құрайды.

Латын Америкасы мен Африка-Азияның кейбір елдері өткен ғасырдан индустриалдық дамуға, өркениетке тартыла бастаған. Екінші дүниежүзілік соғыстан соң ғана жаңа даму жолына түскен Жапония, Азия "айдаһарлары", "жолбарыстары" делінетін елдер бөрінен де озып шықты. Осының басты себебі неде? Олар батыс еуропалық үлгілерді көзсіз көшірмеді, өз дәстүрлеріне, ерекшеліктеріне лайықтап төл мәдениеттері негізінде басқалардан кем түспейтін баламалар таба білді.

"Қазақстан-2030" стратегиясында "Біздің моделіміз басқа модельдердің элементтерін сабақтастыра отырып, бірақ негізінен, өзіміздің ерекшеліктерімізге, тарихымызға, жаңа азаматтығымызға және даму кезеңдерінің нақтылығын еске ала отырып, ұмтылыстарымызға сүйеніп, өзіміздің жеке даму жолымызды белгілейтін болады" - деген тұжырымдаманың тамыры тереңде жатса керек. Рухани жаңарудағы басты

мәселе бүгінгі мәдени-өлеуметтік мүмкіндіктерді қазіргі талаптар тұрғысынан зерделеп, қайта сараптауда көрінеді. Қазақстанның болашағын айқындаған Президент стратегиясында ең алдымен мақсат саралығы, бағыт айқындығы ерекше көзге түседі.

"Қазақстан-2030" ұзақ мерзімді даму стратегиясын жариялауы, ел орталығын аз-ақ уақыт ішінде Астанаға көшіруі - бұл оқиғалар елдің ішкі мүмкіндіктерін, болашақ ұлттық мүдделерін ғылыми таразылаудан туған көрегендік шешім екендігіне өлем жұртшылығының көзі жетті. Қазақстанда ұзақ мерзімді стратегияны жүзеге асыру мерзімі өлемдегі экономикасы жоғары дамыған елдер *индустриалдық* жүйеден адамзат өркениеті тарихында аса ірі кезең ретінде танылатын *постиндустриалдық* жүйеге өтуімен тұстас келеді. Стратегияның мұрат-мақсаттарын, оның ішінде ел экономикасын реиндустрияландырудың бағыт бағдарламаларын жүзеге асыру нәтижесінде Қазақстан адамзат өркениетінің алдыңғы легінен орын иеленіп, басқалармен терезесі тең бәсекелесе алатындай дамыған индустриалды елге айналуы күмәнсіз.



ӨДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә.Назарбаев. "Қазақстан-2030". Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Ә.К.Кекілбаев "Жабыла іске жұмылсақ, жағдай тез жақсарады". "Қазақ әдебиеті", N48, 2 желтоқсан, 1997 ж.
3. Ә.Нысанбаев. "Адам және ашық қоғам". "Егемен Қазақстан", 1998 ж. 14.02,17.02,18.02.
4. "Білім жүйесін ақпараттандыру - мемлекеттік бағдарламаның негізі". "Егемен Қазақстан", 09.04.1998 ж.
5. П.Самуэльсон. Экономикс. Вводный курс. М., Прогресс, 1964 г.
6. Кэмпбелл Р. Макконнелл, Стэнли Л.Брю. Экономикс. Т.2. М., 1992
7. Под ред. Е.Примакова и др. Перспективы развития освободившихся стран. Москва, 1985 г.
8. Под ред. М.Кенжегузина Реформирование экономики Казахстана: Проблемы и их решение. Алматы, 1997
9. С.Сатубалдин, "Драконы" и "Тигры Азии: сможет ли Казахстанский "Барс" пройти их тропами. Алматы, 1998
10. И.Кругман, М.Обстфельд. Международная экономика (теория и политика), Москва, 1997
11. В.Буглай, Н.Ливенцев. Международные экономические отношения. Москва, 1996
12. Б.Темиргалиев. Основы внешнеэкономической деятельности Казахстана. Алматы, 1995
13. М.Портер. Международная конкуренция. Москва, 1996
14. Е.Авдокушин. Международные экономические отношения. Москва, 1996
15. Р.Хасбулатов. Международные экономические отношения. Москва, 1991
16. Е.Фаминский. Основы внешнеэкономических знаний. Москва, 1990
17. ҚР Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-жұмыс бағдарламасы туралы баяндама. Саясат, 1998, N3
18. В.Андрьянов. Экономический потенциал России. Вопросы экономики, 1997, N3.
19. М.Байгісіев. Халықаралық экономикалық қатынастар, Алматы, 1998 ж., Известия. 1997. 04.03
20. К.Семенов. Международные экономические отношения, Москва, 1998
21. Я.Әубәкіров т.б. Экономикалық теория негіздері. Алматы, 1998
22. А.Қошанов. Проблемы "адаптивированный" модернизации и реформирование экономики Казахстана. Мысль. 1997 N9
23. П.Гуревич. Новая технократическая волна на Западе. Москва, 1986
24. Модернизация: Мировой опыт и современный Казахстан. Алматы, 1995
25. Роберт Маккен. Основы американской экономики. Москва, 1993.
26. М.Аблязов. Где найти механизм реализации НПП? Казахстанская правда, 13 апреля 1999
27. Деловой мир, 16.10.1996;
28. Қ.Құбаев т.б. Аграрлық сектор экономикасын мемлекеттік реттеу мәселелері, Алматы, 1997
29. Хусайн Х. Монғолиядағы индустрияландырудың кейбір мәселелері (монғол тілінде), 1986

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	5
1. Дамыған елдердегі өнеркәсіп саясаты	8
1.1. Өнеркәсіп саясаты жөніндегі жалпылық ой-пікірлер	8
1.2. Өнеркәсіп саясаты жөніндегі тереңдетілген дәлелдеулер	15 ✓
1.3. Кейбір елдердегі өнеркәсіп саясатының нақты жайы (Жапония, Франция, АҚШ)	20 ✓
2. Дамушы елдердегі өнеркәсіп саясаты	27
2.1. Өнеркәсіпті дамыту мақсатындағы сыртқы сауда саясаты	27 ✓
2.2. Дуалистік экономиканың проблемалары	30
3. Дамушы елдердегі индустрияландыру	35
3.1. Импортты алмастыратын индустрияландыру	36
3.2. Экспортқа бағытталған индустрияландыру: "жана индустриялық елдердің" тәжірибесі	46
3.3. Аймақтық ынтымақтастықтағы индустрияландыру	58
3.4. Трансұлттық корпорация: индустрияландыру процесі	67
3.5. Салыстырмалы артықшылық теориясы - дамушы елдердегі индустрияландырудың теориялық негізі ретінде	79
4. Индустрияландыру және ҒТП	91 ✓
4.1. Индустрияландыру процесі: эволюциясы, қазіргі ерекшеліктері	91
4.2. Информатика индустриясы - прогрестің катализаторы	97
4.3. Индустриялық жүйедегі секіріс: жапондық тәжірибе	102 ✓
5. Қазақстандағы реиндустрияландыру стратегиясы	108
5.1. "Қазақстан - 2030": индустриялық және ақпараттық дамудың өзекті мәселелері	108
5.2. Индустрияландырудың қазіргі деңгейі. Реиндустрияландырудың негізгі мақсаты.	116 ✓
5.3. Экономиканың бәсекелік қабілетін арттыру, экспорттық басымдықтар	121 ✓
5.4. Құрылымдық-технологиялық өзгерістер басымдықтары	130 ✓
5.5. Аймақтық дамудың индустриялық негіздері	135
5.6. Реиндустрияландырудың негізгі факторлары	140
6. Серпінді дамудың факторлары мен механизмдері	146
6.1. Жапондық іскерлік басқару ерекшеліктері	146
6.2. Оңтүстік корейлік модель: жоспарлы реттеу	153
6.3. Қытайлық реформа: өмбебаптық механизм	159
6.4. Қазақстандағы өнеркәсіп саясатының механизмдері	168
Қорытынды орында	177
Әдебиеттер	180

**ӘЛЕМДІК ӨНЕРКӘСІП САЯСАТЫ:  
Қазақстандағы реиндустрияландыру стратегиясы**

**Хұсаин Халқымаұлы**

**Көлемі 8,5 баспа табақ. Тапсырыс N 150. Таралымы – 500.**

**Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
баспа бөлімінде басылды.  
Түркістан қаласы, Есімхан алаңы, 2.**

**© Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**